Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ОӘЖ 378.015.3 (043.3) Қолжазба құқығында

АБДРАМАНОВА НУРСУЛУ ШЕРМАХАНБЕТОВНА

Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
педагогика
ғылымдарының
кандидаты, профессор
Н.С. Алгожаева

Шетелдік ғылыми кеңесші
доктор PhD, Эрзинджан
Биналы Йылдырым
университетінің профессоры
Hüseyın Hüsnü BAHAR
(Түркия, Эрзинджан)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 4
АНЫҚТАМАЛАР 5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 6
КІРІСПЕ..... 7
1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ІШКІ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 18
1.1 Білім беру сапасын ішкі бағалау мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерделенуі, мазмұны мен түсінігі 18
1.2 Шетелдік және отандық тәжірибеде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесі 37
1.3 ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық тұжырымдамалары..... 52
Бірінші бөлім бойынша тұжырым..... 70
2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ІШКІ БАҒАЛАУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 72
2.1 ПОҚ-тың даярлығы жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесінің маңызды шарты ретінде 72
2.2 Білім беру сапасын бағалаудың кейстік талдау әдістемесі 79
2.3 Жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын ішкі бағалаудың құрылымдық - мазмұндық моделі 101
Екінші бөлім бойынша тұжырым..... 116
3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫН ІШКІ БАҒАЛАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС БАРЫСЫ..... 118
3.1 ЖОО білім беру сапасын ішкі бағалау бойынша жүргізілетін тәжірибелік - эксперименттік жұмыстың айқындаушы кезеңі 118
3.2 ЖОО - да білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған мазмұн сипаттамасы 151
3.3 Тәжірибелік - эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері 165
Үшінші бөлім бойынша тұжырым 182
ҚОРЫТЫНДЫ..... 184
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 188
ҚОСЫМША А - Білім алушыларға және педагог кадрларға жүргізілген сауалнама..... 200
ҚОСЫМША Б - «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәніне енгізілген тақырыптардың мазмұны..... 201
ҚОСЫМША В - Д. Джуранның «Сапаны жоспарлаудың жол картасы» бойынша өзіндік тұрғыдан ішкі сапаны жақсартуға байланысты сапаны жоспарлаудың жол картасы..... 217
ҚОСЫМША Г - Оқытушылардың кәсіби дайындығы мен жеке тұлғалық сапаларын диагностикалау сауалнамасы..... 218

ҚОСЫМША Д - Оқытушының білім сапасын ішкі бағалауға практикалық дайындық деңгейін анықтауға арналған сауалнама..... 221
ҚОСЫМША Е - Оқытушы-профессорлар құрамына арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсының бағдарламасы..... 223
ҚОСЫМША Ж - Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері сыни тұрғыда ойлауын дамыту оқу құралы..... 228
ҚОСЫМША З - Эксперименттік жұмыстардың сипаттамасы..... 229

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық зерттеу жұмысында келесідей нормативтік құжаттарға сілтеме жасалынды:

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикасы - адал еңбек пен прогрестің кепілі» атты Қазақстан халқына Жолдауы - Астана, 2 қыркүйек, 2024ж.

ҚР Білім туралы Заңы: 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319 - III // ҚР Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: Юрист, 2008.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, № 248 бекітілген //https://adilet.zan.kz/kaz/docs/

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы - 2019 ж. 27 желтоқсан, № 293-VI ҚРЗ

Кәсіптік стандарт: «Кәсіптік стандарт: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін». Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы №591 бұйрығымен бекітілген

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС).

ESG – Еуропалық стандарттар мен нұсқаулықтар (Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area).

ИСО (ISO) 21001:2018 Білім беру ұйымдарына арналған сапа менеджменті жүйесі стандарты.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда мынадай терминдер сәйкес анықтамалармен қолданылады:

Жоғары білім– маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады, оның өзін-өзі жетілдіруіне түрткі бола отырып, өзіндік сананың ғылыми-әдіснамалық құрылымын қалыптастырады.

Сапа – болжанған және нақтыланған қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілеттеріне қатысты объект қасиеттерінің жиынтығы (ИСО 9000:2000 стандарты).

Сапа объектісі– іс-әрекет не үдеріс, өнім не қызмет көрсету (іс-әрекет не үдеріс нәтижесі алу).

Жоғары білім беру сапасы– жоғары білімнің (нәтиже, үдеріс, білім жүйесі ретінде) көпқырлы қажеттіліктер мен мақсаттарға, талаптар, нормаларға үйлесімді сәйкестілігі.

Жоғары білімді мамандарды дайындау сапасы –жоғары білімді мамандарды дайындаудың түрлі қажеттіліктер, мақсаттар, нормалар мен стандарттарға және талаптарға үйлесімділігі.

Жоғары білім беру сапасының өлшемдері –жоғары білім беру сапасының бекітілген талаптар мен нормаларға сәйкестілік деңгейінің сипаты.

Жоғары білім беру сапасын бағалау– өзіндік қасиет өлшемдерінің сапаның этолондық деңгейі, нормаларымен белгіленетін базаға сәйкестілігі ретінде көрінетін жоғары білім беру сапасының шамасы (сандық және семантикалық).

Жоғары білім беру сапасының мониторингі – жоғары білім беру сапасына қатысты бағалау мен болжауларға, оның жай күйі мен өзгерістеріне бақылау жасаудың кешенді жүйесі.

Жоғары білім беру сапасын басқару –жоғары білімнің барлық объектілері мен үдерістеріне қатысты сапаның болуы, қамтамасыз етілуі мен дамуына қолдау көрсетілу үдерістеріне басқару субъектілері тарапынан әсер ету, кері байланысты орнату.

Білім беру ұйымдарын аккредиттеу – білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны жетілдірудің тиімді тетіктерінің бар екенін растау мақсатында аккредиттеу органының олардың белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану рәсімі.

Білім беру сапасы дегеніміз – білім беруші мен білім алушының ортақ мақсатқа оң нәтижелерге қол жеткізуі, ұсыныс пен сұраныстың қанағаттандырылу деңгейі.

Білім беру сапасын ішкі бағалау – мекеменің стратегиясына сай бітіруші түлектердің құзыреттіліктерге ие болып, маман ретінде қалыптасу деңгейінің өсуі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ЖОО	– Қазақстан Республикасы жоғары оқу орны
ПОҚ	– профессор-оқытушылар құрамы
МЖМБС	– мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
СӨЖ	– студенттің өздік жұмысы
СОӨЖ	– студенттің оқытушымен өздік жұмысы
МАБ	– Мемлекеттік аралық бақылау
СМЖ	– сапа менеджменті жүйесі
ИСО (ISO)	– Дүние жүзілік сапа стандарттары
ҚазҰУ	– Қазақ ұлттық университеті
ҚазҰПУ	– Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ХҚТУ	– Халықаралық қазақ-түрік университеті
ЖОО	– жоғары оқу орны
ОЖСБ	– оқу жетістіктерін сырттай бағалау
БСБҰЖ	– білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі
YODEK	– Орталық үйлестіру агенттігінің (YODEK) қызметіндегі Ұлттық студенттер одағы
MUDAK	– Association for Evaluation and Accreditation of Engineering Programs (MÜDEK)
ENAEE	– Жоғары білім беру мекемелерінің еуропалық ассоциациясы
EUA	– Европалық Университеттер Ассоциациясы
ABET	– Accreditation Board for Engineering and Technology
ECTS	– European Credit Transfer and Accumulation System
PhD	– Philosophiæ Doctor
MSA	– Measurement System Analysis
OUVS	– Open University Validation Services
ESG	– Environmental, Social, Governance
EQAR	– European Quality Assurance Register
АРТА	– Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі
БСҚТА	– Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі
APQN	– Asia Pacific Quality Network
INQAAHE	– International Network for Quality Assurance Agencies in Higher Education
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
НЛБ	– Нейролингвистикалық бағдарламалау
QS	– World University Rankings
ОӘС	– оқу-әдістемелік секциясы
НААР	– АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
НКАОКО	– Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі
SWOT	– Strengths, Weaknesses, Opportunities,Threats.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

XXI ғасыр Қазақстанның заманауи білім беру саласында реформалардың енгізілуімен сипатталады. Әлемдік деңгейде орын алып отырған саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістер еліміздің білім беру жүйесінде де жаңа даму жолын айқындап отыр. Қазіргі таңда білімнің ерекше рөлі жалпы адамзат өркениетінің эволюциясымен дәлелденеді. Білім беру саласындағы ауқымды өзгерістер барысы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарында Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында айқын көрініс тауып отыр. Мәселен, Қ.Тоқаевтың 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында жоғары білім беру сапасын арттыру жаңа технологиялық дәуірдің, әсіресе жасанды интеллекттің қарқынды дамуына байланысты қарастырылады [1].

Сондықтан да, бүгінгі таңда білім беру сапасына, мазмұнына, оны бақылау мен бағалау механизмдеріне қойылатын жаңа талаптар білім мен оны жаһандандыру тиімділігіне бағытталып отыр. Қоғам мен білім беруді цифрландыру және жаһандану кезеңдерінде бұл мақсатты жүзеге асыру кәсіби қызметке әрі жылдам өзгеретін жағдайларда тұлғаның кәсіби өзін-өзі дамытуында білім сапасын арттыруға назар аударады. Білім сапасын ішкі бағалаудың қажеттілігі ҚР «Білім» туралы Заңында [2], «Педагог» кәсіптік стандартында [3], «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» [4], сондай-ақ, басқа да құқықтық нормативтік актілерде ерекше айқындалған. Білім беру жүйесіндегі заманауи талаптарға сай жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау педагогикалық менеджментті, сапалы білімнің оқу-тәрбие үдерісін дамытуда, болашақ маманды даярлауда берілетін білім сапасын ішкі бағалауды жүйелі жүзеге асыру стратегияларына сәйкес маман даярлауда өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы жоғары білім жүйесі заман талабына сай айтарлықтай сапалық өзгерістерге ұшырады. Бүгінгі таңда бәсекеге қабілеттілік тұрғысында жоғары мектептер әртүрлі деңгейде сапаны жетілдіруге мән берілуде. Олардың бірі «Университет-3.0» таңдаса, бірі «Университет 4.0» таңдауда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ отандық университет араларында 4.0 таңдап, сол бағытта жұмыс жасап жатқан университеттің алғашқысы болып табылады. Мұнда негізгі ауқымды төрт мәселе бар: білім беру, зерттеушілік, инновациялық-кәсіпкерлік және рухани-адамгершілікті дамыту [5].

Жалпы ішкі және сыртқы деңгей арқылы сапаны айқындау жүзеге асырылады. Ішкі бағалау жүйесіне:өзін-өзі бағалау немесе ішкі зерттеу; ішкі аудит; оқытушыны білім алушылар көзімен бағалау; аралық, қорытынды бағалау жатады.

Елімізде жоғары мектеп жүйесіндегі өзге де өзекті мәселелер сыртқы факторлар салдарынан да күрделене түсуде. Қазақстанның БСҰ-на

(Бүкіләлемдік сауда ұйымы) енуі мен жаһандану үдерістерімен байланысты жоғары білім дамуындағы беталыстары білімнің бәсекеге қабілеттілігі мен сапалы білім беру қызметтерін қамтамасыз ету жүйелеріне барабар қалыптастыруды болжап отыр.

Аталған мәселелерді шешу республиканың жоғары мектеп жүйесін реттестіру механизмдері мен тетіктерін терең талдауды қажет етеді және сонымен қатар түлектердің білімінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуді көздейді.

Бұл өз кезегінде ҚР жоғары оқу орындарын әлемдік стандарттар деңгейіндегі білім беру сапасы қызметтерімен қамтамасыз етуге, сәйкесінше, бағалау мен бақылау шараларының ұлттық білім беру кеңістігінде осы стандарттарға бейімдеуді қажет етеді. Қазіргі таңда республикадағы жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету жүйесін бақылау мен бағалау мекемелік бағыныштылығын, оның орталықтандырылған сипаты мен көпсатылылығын сипаттайды. ҚР жоғары мектеп жүйесіндегі кездесіп отырған мәселелерді шешуге айқын бағытталуы мен мазмұнын қайталауы олардың өздері басшылыққа алатын негізгі қызметімен байланысты, яғни жоғары оқу орындарын өздері жүзеге асырып отырған білім беру қызметтерінің сапасын жоғарылатуға ынталандыруды толығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Еліміздегі жоғары оқу орындарын әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау бағыттарын зерделеу, ұйымдастырушылық, мазмұндық қамсыздандыру сапасын реттестіру мен бағалаудың ұлттық жүйеге ендірілмегендігі зерттеу тақырыбын таңдау мен оның өзектілігін анықтайды.

Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау нәтижелерін кейстік талдау білім беру сапасына мемлекет тарапынан жүргізілетін жүйелі бақылаудың реттілігін күшейтеді. Білім беру жүйесін талдау ұйымға әсер ететін әртүрлі факторлардың динамикасын түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, білім беру жүйесіне сыни көзқарасты қалыптастырады.

Адамзат қоғамының дамуындағы білім беру рөлінің маңыздылығы мен оның сапасына қатысты мәселелердің өзектілігі, оған ғылыми ойдың жүйелі бағытталуын талап етеді. Зерттеу тарихи-педагогикалық, педагогика, дидактикалық зерттеулер, педагогикалық менеджмент, басқару психологиясы ғылымдарының негізгі теорияларына жүгінеді.

Қазақстанда білім беру сапасын өлшеу мен бағалау мәселелері бойынша отандық зерттеулерді Т.О. Балықбаев[6], А.К. Қусаинов[7], Г.С. Примбетова, К.О. Кунакова [8], М.К. Булақбаева [9], А.Н. Көшербаева[10], Х.Т. Масимова [11], Л.А. Алпысбай., Н.Г. Дементьева [12] еңбектерінен көруге болады.

Жоғары білім беру жүйесінде сапаны қамтамасыз ету мен басқаруды жетілдіру, сапа мониторингі мен бағалау құралдарын дамыту мәселелерін Ш. М. Каланова [13], Ш.К. Сүлейменова[14], С.К. Мусина, [15], С.М. Омирбаев [16] және т.б. ғалымдардың зерттеулері жан-жақты қарастырады.

Соңғы жылдары жоғары білім беру жүйесіндегі сапа менеджменті жүйесінің маңыздылығы мен оның тиімді жұмыс істеу тетіктері шетелдік ғалымдардың да назарын өзіне аударып отыр. Бұл бағыттағы зерттеулер

қатарында: W. Harlen [17], R. Kumar, [18], M. Firat пен A. Ozyurt [19], S. Gökçe, M. Yıldırım [20], және S. Johnson мен D. Lee[21], еңбектерінің ғылыми мәні ерекше атап өтіледі.

Сапа саласындағы маман Э. Деминг: «тұтынушы – өндірістік бағыттың ең маңызды буыны. Сапа қазіргі таңда да, болашақта да тұтынушылардың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталуы тиіс» деп жазады [22].

Келесі авторлар Planells-Aleixandre E., García-Aracil A., Isusi-Fagoaga R. өз зерттеулерінде испандық экономист әрі жоғары білім саласының белгілі зерттеушісі J. Mora еңбегін пайдалана отырып [23], жоғары оқу орындарын басқару механизмдеріндегі өзекті беталыстарды талдай отырып, мемлекет пен университет арасындағы қарым-қатынастың өзгерген сипатын көрсетеді: мемлекет жоғары оқу орындарына белгілі бір деңгейде дербестік бере отырып, сонымен бірге олардың қоғамдық мүдде алдындағы жауапкершілігі мен есептілігін күшейтуге бағытталған жаңа талаптарды енгізуде.

Людвиг фон Берталанфидің жүйелік тәсілінде [24], жоғары оқу орнын өзара байланысқан элементтерден тұратын ашық жүйе ретінде қарастырады, оған жалпы ортадағы өзгермелі жағдайларға шапшаң жауап қайтаруға және онымен өзара әрекеттесуге қабілетті адамдар, міндеттер, ресурстар, құрылымдар мен технологиялар жатқызылады.

M. Dragan, D. Ivana, R. Arba [25] СМЖ (сапа менеджменті жүйесі) стратегиясын іске асыру үдерісінде университеттегі білім беру сапасына түлектердің қанағаттанушылығы мен олардың қалауы сияқты факторлардың маңыздылығына айрықша назар аудару қажеттігін баса көрсетеді. P.Adina-Petruta, S.Roxana [26] бәсекеге қабілеттілік, жаңашылдық пен өнімділік сапа мен тұрақты жетілдірудің алғышарттары ретінде жоғары білім беру саласындағы шешуші факторлардың бірі болуы тиістігін атап өтеді.

Ресейлік зерттеушілер К.Б. Егоров, В.А. Захарова [27], Ю.И. Шмидт [28], Н.Н. Кислова., С.А. Леонов [29], Т.Б. Бутина [30], В.Б. Веретенникова [31], А.Г. Сергеев [32], З.С. Жиркова [33], жоғары оқу орнын басқару әдіснамалары мәселелері мен СМЖ тиімділігін қарастырады. Э.М. Коротков [34], сапа мазмұнын анықтаудағы қолданыстағы тәсілдерді талдай келе, білім беру қызметінің нәтижелерін ғана емес, оны қамтамасыз ететін басқарушылық, педагогикалық және психологиялық процестердің өзара байланысын ескеруге бағытталуы тиістігін көрсетеді.

Сапалы білім берудің әралуан аспектілері, оны бағалау мен басқарудағы тәсілдер М.М.Поташник [35], В.Ю.Огвоздин [36], Г.А. Бордовский [37] және т.б. көптеген ресейлік ғалымдармен қатар С.А. Абдыманапов [38], Т.М. Мендебаев [39], Ш.Т. Таубаева [40], Ғ.М.Мутанов [41], Г.А. Есенбаева [42], Н.С.Әлқожаева [43] және т.б. ғалымдар қарастырған.

Білім беру сапасын айқындаудағы сапа менеджмент жүйесін отандық зерттеушілер Г.С.Минажева [44], С.С. Алдабергенова [45], Ш.М. Шуиншина., Е.А. Альпеисов [46], Қ.Ш Молдасан., К.А. Есенова [47], С. Муканова., С. Абильдина., А. Мухатаев [48], т.б еңбектерін атауға болады.

Университет қабырғасында түлектердің алған білімі олардың еңбек жолындағы жетістігімен айқындалады. Ендеше, университет ортасында сапаны ішкі бағалау жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктерін айқындау қажет.

Еліміздегі жоғары оқу орындарында білімді бағалаудың түрлерін арттыру мәселесі әдіснамалық, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу, тиімді тәжірибелерді айқындауды, озық модельдерді зерттеуді қажет етеді. Сол себептен де, бүгінгі күн талабы тұрғысынан жан-жақты зерттеген ғылыми-педагогикалық еңбектердің жеткіліксіздігі мен білім беру сапасын ішкі бағалаудың теория мен тәжірибесі арасындағы бірнеше **қарама-қайшылықтарды** бөліп көрсетеміз:

- ЖОО-да білім сапасын ішкі бағалаудың ғылыми негізделген әдістерінің кешенінің болу қажеттілігі және жоғары білім сапасын ішкі бағалау жүйесін іске асыру бойынша университеттердің бірегей тәжірибелерін зерделеу бойынша зерттеулердің жеткіліксіздігі арасында;
- сапаны бағалаудың теориялық модельдері мен оқытушылардың білім беру процесінде білім беру бағдарламалары мен пәндерді енгізудегі нақты тәжірибе арасында;
- сыртқы факторлар мен талаптарға байланысты жоғары оқу орындарының білім беру процестерімен бағалауды қатаң стандарттауға ұмтылысы мен педагогикалық процестің негізгі субъектілерін (білім алушылар мен оқытушыларды) қолдаудың әзірленген психологиялық-педагогикалық құралдарының болмауы арасында.

Осыған байланысты зерттеудің **ғылыми проблемасы** былайша тұжырымдалды: студенттермен оқытушылармен кері байланыстың психологиялық-педагогикалық аспектілерін, білім беру сапасын жақсартуға бейімделуді, бірегейлікті сақтауды және жоғары оқу орындарындағы істердің нақты жай-күйін көрсетуді ескеретін сапаны ішкі бағалау үшін қандай тәсілдердің әзірлемелері мен негіздемелері қажет?

Білім беру сапасына ықпал ететін ішкі факторлар мен сұраныс, ұсыныс арасындағы қайшылықтарды шешу біздің зерттеу тақырыбымызды айқындай түсуге себеп болды және диссертациялық жұмыс тақырыбын «**Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: жоғары оқу орындарында сапаны ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін саралау, кейс-талдау арқылы білім беру сапасын ішкі бағалаудың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеру, әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

- ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау теориясы мен практикасының қазіргі жағдайын, мәні мен мазмұнын, әсер ететін факторларын анықтауда қазақстандық және шетел тәжірибелерін талдау;
- ЖОО-дағы білім сапасын ішкі бағалауда ПОҚ-тың даярлығының мазмұны мен критерийлік құралдарын және оның тиімділін арттырудың жетекші шарты ретінде айқындау;

- Бағалау жүйесіне кейстік талдау жасау арқылы ЖОО-дағы сапаны ішкі бағалаудың табысты тәжірибелерін анықтау;

- ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалауды психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету мақсатында оның құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру;

- ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған мазмұнды жобалау;

- ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалауды психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеру және ұсыныстар жасау.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын ішкі бағалау үдерісі.

Зерттеу пәні: жоғары оқу орындарындағы сапаны ішкі бағалау үдерісіне әсер ететін педагогикалық-психологиялық аспектілер.

Зерттеудің болжамы: Егер, жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялық алғы шарттары айқындалып, бағалау тәжірибесіне кейстік талдау жасалса және оның негізінде білімнің сапасын ішкі бағалаудың моделі құрастырылып, сапа бойынша мазмұн жобаланып сапаны бағалау жүйесіне ендірілсе, онда жоғары оқу орындарының білім беру сапасын бағалау жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік туындайды, өйткені білім берудің ішкі сапасын бағалау білім сапасын арттырудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Зерттеу әдістері: зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, педагогикалық, және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау; жүйелі және кейстік зерделеу барысында білім беру сапасын бағалау мәселелері бойынша қол жеткізген мәліметтерді топтастыру және жүйелеу; жоғары оқу орындары іс-тәжірибесін зерделеу және қорыту; кейстік талдау; әңгіме жүргізу, сауалнама алу; жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау мәліметтерін талдау, алынған нәтижелерді сұрыптау; рейтинг және өзін-өзі бағалау әдістері; педагогикалық консилиум; эксперттік бағалау әдісі; педагогикалық эксперимент; зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық тұрғыдан өңдеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің жетекші идеясы: жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау процесінің психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтау және сапаны бағалаудың табысты тәжірибелерін (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, білім алушылардың сауалнамасы, оқытушылардың, жұмыс берушілердің, сарапшылардың сауалнамалары) кейстік талдау оның объективтілігімен тиімділігін арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ, студенттердің уәждемесін және оқытушылар білім беру сапасын жоғарылатуға даярлығы артады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы «ішкі бағалау», «сапаны ішкі бағалау», «білім беру сапасын ішкі бағалау» ұғымдарына анықтама беру арқылы педагогикалық ғылымның ұғымдық аппаратын толықтырудан; ЖОО-да ОПҚ білім беру сапасын ішкі бағалауға даярлығының мазмұнын негіздеуден және

жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуден тұрады, бұл өз кезегінде педагогикалық-психологиялық зерттеулердің теориялық қоры мен ЖОО ортасының іс жүзіндегі қажеттіліктерін едәуір жоғарылатады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалауы бойынша ұсыныстарды әзірлеуден; кейс-талдау негізінде ішкі бағалау нәтижелерінің берілген өлшемдерге сәйкестігін анықтайтын бағалау шараларын нақтылаудан; білім беру сапасын ішкі бағалаудың кейс-талдауының параметрлерін анықтау арқылы ұсыныстарды даярлаудан, білім беру сапасын анықтау үшін іс жүзінде зерттеу нәтижелерін қолданудан, сондай-ақ ОПҚ-на арналған «ЖОО-да білім сапасын ішкі бағалау моделі» атты арнайы курсты; «Педагогика және психология» мамандығының білім беру бағдарламасы аясында «Мектептегі білім беру сапасы менеджменті» пәнінің жекелеген тақырыптарын, «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» элективті пәнін даярлаудан тұрады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері: әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық тұғырда адамның танымдық қызметінің мәні туралы іргелі қағидаларымен, құбылыстардың өзара байланыстарымен, сабақтастығының логикалық қағидаларымен, білім беру үдерістері мен жүйелерін басқару теориясы туралы ережелерімен, жоғары оқу орындарында білімді бағалаудың ішкі сапасы мәселелеріне арналған психологиялық-педагогикалық зерттеулермен байланысты болды.

Зерттеу барысында квалиметриялық, жүйелік-құрылымдық, гуманитарлық, кешендік негізгі әдіснамалық ұстанымдарға талдау жасалды. Бұл зерттеуге мазмұндық, логикалық, сапалық, мәндік қорытынды бағыт беріп отырды.

Зерттеу көздері: сапа, білім беру сапасын ішкі бағалау мәселелері қарастырылған философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми зерттеулер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Білім беру саласына қатысты қаулылары, жоғары білімді және ғылымды дамытудың тұжырымдамасы, мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік құжаттары; алыс және жақын шет елдік, қазақстандық психолог, педагог ғалымдардың ғылыми жетістіктеріне негізделген озық тәжірибелері; ғылыми- әдістемелік журналдар; түрлі ғылыми зерттеу жұмыстары; доктаранттардың ғылыми ізденушілік және практикалық тәжірибесі.

Зерттеу базасы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік педагогикалық университеті және Эрзинджан Биналы Йылдырым университеті «Білім беру» факультеті (Түркия).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалау мазмұны психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделіп, шетелдік және отандық тәжірибе талданды, зерттеудің негізгі категориялары: «ішкі бағалау», «сапаны ішкі бағалау», «білім беру сапасын ішкі бағалау» теориялық-әдіснамалық талдау барысында мәні айқындалды.

- ЖОО-дағы білім сапасын ішкі бағалауға ПОҚ-тың даярлығының мазмұны, атап айтқанда, ақпараттық-зерттеушілік, мотивациялық-аналитика-лық, әдістемелік, басқарушылық-рефлексивті компонентері, критерий, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды.

- Білім беру сапасын бағалау контекстінде кейстік талдау, тәжірибе жасауға құрал ретінде қолданылып, нақты тәжірибелердің, инновациялардың және процестердің тиімділігін ішкі бағалаудың табысты үлгілері анықталды.

- ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалауды психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету бойынша құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды.

- Білім беру сапасын ішкі бағалауды басқару шеңберінде оқытушылармен студенттердің білімі мен дағдыларын арттыруға ықпал ететін мазмұн жобаланды.

- Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы және кейстік талдау негізінде білім беру сапасын ішкі бағалауға тәжірибе жүргізіліп, әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялық негіздерін талдау барысында категориялық зерттеу аппаратын жүйелеу және нақтылау білім беру процесінің сапасын тиімді бақылау және басқару үшін қажетті жағдайлар болып табылатыны анықталды. Шетелдік және отандық тәжірибелер негізінде білім беру сапасын арттыруға әсер ететін ішкі факторларды зерттеу ішкі бағалауды оңтайландыру бойынша ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында сапалы білім беру ортасын құруға ықпал етеді. Білім беру сапасын бағалауға қатысты негізгі теорияларға педагогикалық өлшеу, білім беру үдерісінің сапасы, мониторингтік жүйе, педагогикалық сараптама және интегративтік теорияларды басшылыққа алуға болады. Білім беру сапасын бағалаудың психологиялық теориялары ретінде: мәдени-тарихи, бағдарламалап оқыту, нейролингвистикалық бағдарламалау, оқыту үдерісінде ақыл-ой әрекетін сатылы қалыптастыру және Маслоу бойынша қажеттілік теорияларды сипаттадық.

- Профессорлық оқытушылар құрамының ЖОО-дағы білім сапасын ішкі бағалауға даярлығының білім беру процесінің тиімділігін арттырудың негізгі шарты болып табылады. Оның мазмұны ақпараттық-зерттеушілік, мотивациялық-аналитикалық, әдістемелік, басқарушылық-рефлексивті компоненттер, соларға сәйкес критерий мен көрсеткіштер және шекті, жеткілікті, жоғары деңгейлер сипатталды. ПОҚ-ның ЖОО-дағы білім сапасын ішкі бағалауға даярлығын қалыптастыруда нақты сүйенетін әдіснамалық тұғырлар: жүйелілік-белсенділік, құзіреттілік, андрогогикалық квалимет-риялық тұғырларды басшылыққа алуға болады.

- Кейстік талдау білім беру процесінде білім беру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ықпал ететін негізгі факторларды анықтауға және жүйелеуге мүмкіндік беретін жоғары оқу орындарында сапаны ішкі бағалаудың табысты практикасын зерделеудің тиімді құралы болып табылады. Кейс

талдауды пайдалану әрбір практиканың мән мәтінімен ерекшелігін терең түсінуге ықпал етеді, сондай-ақ табысты тәсілдерді әртүрлі жоғары оқу орындарының бірегей жағдайларына бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде сапаны ішкі бағалау жүйесінің жалпы тиімділігін арттыруға алып келеді. ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалауды кейстік талдаудың бес өлшемі анықталды:

- тұтынушылардың қанағаттану деңгейі, білім алушылардың жеке оқу жетістіктері;
- шарттар сапасы, педагогтардың кәсіби даярлық деңгейі;
- білім беру үдерісін жүйелі ұйымдастыру сапасы;
- білім беру үдерісін басқару сапасы;
- нәтижелерді бағалау сапасы.

- Зерттеу аясында ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді, ол негізінен мазмұндық- ұйымдастырушылық және әдістемелік-рефлексивті блоктарды қамтыды, сонымен қатар негізгі нысандары ретінде: білім беру үдерісін, оқыту нәтижелері және білім беру үдерісіне қатысушылардың қанағаттануын қарастырдық. Модель білім беру сапасын бағалау әдістерін жүйелеуге және жақсартуға, сондай-ақ барлық мүдделі тараптар арасында тиімді кері байланысты қалыптастыруға бағытталған. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың үдерістік параметрлерін айқындау ішкі (аралық, қорытынды және т.б.) республикалық және халықаралық деңгей негізінде жүргізіледі. Жоғары мектептің білім беру сапасы келесі өлшемдер арқылы анықталады: білім деңгейі, ғылыми жұмыстар, тәрбиелік деңгейі, материалдық-техникалық базасы, әдістемелік қамтамасыз ету, түлектердің құзыреттіліктерге ие болуы, жұмыс берушілердің бағалауы, т.б. Сонымен қатар, сапа жоғары мектептің өзіндік бақылауы арқылы жүзеге асырылады, күнделікті, ағымдық, қорытынды. Осы модельді енгізу нәтижесінде білім беру қызметінің сапа деңгейін арттыру, академиялық ортаны жақсарту және білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі көзделеді.

- Зерттеу жұмысы аясында оқытушылармен студенттердің білімімен дағдыларын арттыруға ықпал ететін мазмұн жобаланды: 1) ПОҚ-қа арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курс; 2) «Педагогика және психология» мамандығының білім беру бағдарламасының мазмұнына «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәні бойынша жекелеген тақырыптар, «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» атты элективті пән бағдарламасы; «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» және «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» атты пәндерінен студенттің өзіндік жұмыстарын әзірленді. Бұл курстардың бағдарламалары «Педагогтың кәсіби стандартына» сүйене отырып, құрастырылды.

- Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалауды кейстік талдау барысында сауалнама, сұхбаттасу, сараптамалық сұхбат, авторлық

құрастырылған саулдар пайдаланылды. Кейсттік талдау ЖОО білім беру сапасын ішкі бағалауды формалды көрінісіне емес, оның ішкі мазмұнын анықтауға бағытталуы керек. Сонымен қатар, оның нәтижесін өлшем үшін қолданылған дұрыс, және оқытушы мен білім алушының жауапкершілігі бірдей деңгейде болғаны абзал. Мұнда жылдағы динамиканың болуы да маңызды емес, мұнда қателікпен жұмыс жасау технологиясы маңызға ие болуы керек деп есептейміз.

Зерттеу кезеңдері:

1- кезең (2016-2017 жж.) – зерттеу мәселесі анықталып, оның мақсаты мен міндеттері айқындалды, зерттеудің ғылыми аппараты дайындалды. Отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің әдіснамалық - теориялық негіздері анықталды. Тақырып бойынша материалдар сұрыпталып, жинақталды. Ғылыми мақалалар дайындалып, басылымдарда жарық көрді. Тәжірибелік алаңдар анықталып, анықтаушы эксперимент жүргізіліп зерттеу проблемасы нақтыланды, элективті курстың оқу бағдарламасы дайындалды.

2-кезең (2017-2018 жж.) – теориялық материалдарды жүйелеу жалғасын тапты, анықтау экспериментті барысында студенттердің тест, сауалнама арқылы алғашқы білім деңгейлері тексерілді, нәтижелері қорытындыланды, бақылау эксперименті жүргізіліп нәтижелер салыстырылды.

3-кезең (2018-2025 жж.) – білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін ғылыми-зерттеу жұмыстары қорытындыланды. Зерттеу материалдары құрылымы бойынша жүйеленді, нәтижелер нақтыланды, ұсыныстар әзірленді, пайдаланылған әдебиеттер тізімі реттелді, диссертацияны талаптарға сай рәсімдеу жұмыстары жүргізілді.

Жарық көрген ғылыми еңбектері: Диссертациялық жұмыстың мазмұны 12 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 4 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 Scopus базасында енген шетелдік басылымдарда, 5 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 оқу құралы жарияланды.

1. Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері сыни тұрғыдан ойлауын дамыту // Н.Ш. Абдраманова. Оқулық. Алматы. «Білімгер» баспасы, 2021.-192 б.

2. Формирование оценочной деятельности будущего учителя. Наука и жизнь Казахстана № 1 (43) 2017. 273-276 с.

3. Білім беру сапасын бағалаудағы өзекті ғылыми-практикалық мәселелер. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №3 (58) 2018. 147-152 б.

4. Жоғары білім беру жүйесіндегі «білім беру сапасы» ұғымының педагогикалық мәні мен маңыздылығы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршы № 3(59). 2018. 48-53 б.

5. Жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерінің сапасына сараптамалық талдау. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршы 2019.№3 (60).61-69б.

6. The modernization processes of the service quality of entrepreneurial education of Kazakhstan universities: Expert analysis. Journal of Entrepreneurship Education. – 2019. –Volume 22, Issue 3. p. 1528-2651-22-3-381

7. A Comparative Analysis of Academic Achievement and Life Satisfaction Levels of Teacher Candidates in Türkıye and KazakhstanMıllı Egıtım.-2023.-V.52.-Iss.237.-P.389-408.

8. «Оценивание качества исследовательского обучение в вузе» Материалы международный научно-практической конференции «WORD Science 2017». April 27, Dubai, UAE. С. 14-17.

9. Некоторые психолого-педагогические основы оценки качества образования в вузе. XIII международный научно-практической конференции-София - 2017», 15-22 май. 2017 г.

10. Модель системы внешней оценка качества ВУЗов Республики Казахстан. Международной научно-практической конференции «Научные перспективы XX века» Прага Чехия. 2018. С. 5-10.

11. Критериальные значения показателей качества образования. Международной научно-практической конференции Casablanca, Morocco, 2018. p. 328-333.

12. Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерін ұсыну сапасын жаңғыртудағы сараптамалық талдау. IV Международной научно-практической конференции «Европа и тюркский мир: наука, техника и технологии». Стамбул: 2019 г. С. 131-138.

Диссертацияның құрылымы: Диссертация кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыс жалпы 229 бетке компьютерде теріліп басылған, ол 54 кесте, 40 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 171 аталымнан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, зерттеудің көкейкестілігі, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, зерттеу әдістері, базасы, зерттеудің негізгі кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі, зерттеу нәтижелерінің апробациядан өтуі баяндалады.

«Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда жоғары оқу орындарында білім беру сапасының ғылыми әдебиеттерде зерделену жайы, мазмұны мен түсінігі және шетелдік және отандық тәжірибесінде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесі, ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық - педагогикалық тұжырымдамалары қарастырылды.

«Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың тұжырымдамалық негіздері» атты екінші тарауда ПОҚ-ның ЖОО-да білім сапасын арттыруға даярлығының маңыздылығы негізделіп, құрылымы мен көрсеткіштері анықталды, білім беру зерттеулеріндегі кейстік талдау әдістемесі

айқындалды, жоғары оқу орындарындағы сапаны ішкі бағалауды жүзеге асырудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды.

«Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысы» атты үшінші тарауда жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын ішкі бағалаудың сәтті тәжірибелерінен мысалдар келтіріліп, ЖОО білім беру сапасын ішкі бағалау бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңдері, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері және ішкі бағалау сапасын арттыруға арналған психологиялық-педагогикалық ұсыныстар әзірленді.

Қорытынды бөлімде қойылған міндеттерге сәйкес алынған нәтижелер сипатталып, ұсыныстар берілген.

1. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ІШКІ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Білім беру сапасын ішкі бағалау мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерделенуі, мазмұны мен түсінігі

Бұл параграфтағы біздің мақсатымыз – жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын бағалау мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерттелуі, білім беру сапасын ішкі бағалаудың мәні мен мазмұнын, жалпы түсініктерін анықтау. Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде білім сапасын қамтамасыз ету мәселесі стратегиялық маңызға сай жаңа бағытқа айналды. Білім беру сапасы тек оқу нәтижелерімен шектелмейді, университеттің білім беру қызметін кешенді бағалауда көпқырлы категория ретінде қарастырылады.

Ал, сапа категориясы оқу бағдарламаларының мазмұнына, оқыту процесінің ұйымдастырылуына, оқытушы кадрлардың кәсіби құзыреттілігіне, студенттердің оқу жетістіктері мен білім алушылардың қажеттіліктерін арттыру деңгейі арқылы айқындалады. Бүгінгі таңда сапаны басқарудың интегративті жүйесі, әсіресе, ішкі бағалау (internal quality assurance), университеттердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі ретінде танылады.

Сондықтан да, білім берудің барлық сатыларында білім беру сапасын бағалау өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі кезеңде университеттер жұмысының тиімділігін арттыру жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік стратегияның негізгі бағытына айналуда. Бұл ретте жоғары оқу орындарының арасында ресурстарды бөлудің бәсекелестік әдістерін күшейту үдеріс байқалады.

Университеттің білім беру бағдарламаларының сапасы білім беру бағдарламаларындағы оқыту мазмұны мен білім беру іс-әрекетінің нәтижелері арқылы айқындалады.

Университеттің білім беру үдерісін өз ішінде жүйелі бақылауға алу, жинақталған деректерге сүйене отырып, стратегиялық және тактикалық шешімдер қабылдау, академиялық бағдарламаларды дамыту бағыттарын айқындау мақсатында қолданылады. Бұл тәсіл университеттің ішкі басқару мәдениетін күшейтеді және сапаны үздіксіз жақсартуға жағдай жасайды. Сондықтан да, параграфтың мән-мазмұнын ашуда біріншіден, «білім беру сапасы», «білім беру сапасын бағалау» және «білім беру іс-әрекетінің сапасы» т.б, деген ұғымдарды сипаттау қарастырылды.

Өзгермелі әлеуметтік және білім беру ортасы жағдайында негізгі ұғымдардың теориялық аспектілерін анықтау олардың үздіксіз өзгеріске ұшырайтынын көрсетеді. Бұл талдау, білім беру қызметінің сапасы - білім беру сапасының ажырамас бөлігі екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Заманауи білім беру мазмұнына сай талдау бүгінгі таңда оқу үдерісінде білім алушының оқудағы жетістіктері мен білім, білік дағдысы, құзыреттілік деңгейімен анықталады.

Жалпы білім беру контекстінде жоғарыда белгіленген ұғымдарды салыстыру барысында пайдаланылатын «сапа» ұғымын қарастыру орынды.

Себебі, қазіргі таңда «Сапа» ұғымы жаппай қолданылады, ол білім беру қызметін реттестіретін заңдарда кездеседі, педагогикалық қауымдастықтағы кең ауқымды пікірталастар нысаны болды, сондай-ақ, көптеген ғалымдар мен тәжірибелі педагогтардың зерттеу объектісіне айналып отыр.

Сапа энциклопедиялық сөздікте сапа ұғымына мынандай анықтама берілген: «Сапа белгілі бір объектінің айқындығын көрсететін философиялық категория. Сапа объективті және объектінің барлығына ортақ мінездемесі олардың қасиеттеріне біріктірген. Өнім сапасы – өнімнің қасиеттері мен пайдасының қоғамдық және дербес қажеттіліктерді толықтай қанағаттандыруы» [49]. «Сапа» терминіне келесідей де анықтама берілген:

«Сапа – объектінің ішкі (өзіндік) сипаттамалар жиынтығының белгіленген талаптарды қанағаттандыру қабілеті ретінде айқындалады.» - деп, ҚР СТ ISO 9000:2007 *Негізгі ережелер және сөздігінде* де түсінік берілген. [50]. Бүгінгі қоғамдағы сапалы білім беру негізінен алғанда оқыту процесінің сапалы ұйымдастырылуы (материалдық-техникалық база, әдістемелік қамтамасыз ету) мен ғылыми-педагогикалық кадрлар сапасы бойынша анықталуда. *Яғни, сапалы білім алуды философиялық көзқарастар тұрғысынан қарастыратын болсақ, ол:*

- адамның сапасы;
- мазмұнның сапасы;
- білім беру технологияларының сапасы сынды компоненттерді қамтиды. Яғни, кез келген ұйым үшін сапа негізгі көрсеткіш болып табылады.

XIX ғасырда неміс философы Гегель сапаға мынандай анықтама береді: «Сапа алғашқы кезекте, тұрмыспен барабар ақиқат, ол өз қасиетін жойғанда, сапа ұғымынан ажырайды» және тек сапа арқылы ғана нысан өзінің айқындықты, тұрақтылықты иеленеді. Философиялық ғылымда «сапа» категориясы «қасиет» категориясы арқылы ашылатындығын байқау қиын емес. Философиялық категориядан «сапа» терминін пайдалану кейіннен барынша қолданбалы қызмет лексиконына көшті, дегенмен, мұнда философиялық мағына сақталады – сапа өнімді ары қарай жетілдірудің негізі болып табылады [51].

Психологияда «сапа» ұғымы адамның танымдық, эмоциялық, ерік-жігерлік, тұлғалық және іс-әрекеттік ерекшеліктерін сипаттайтын тұрақты психикалық қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл ұғым тұлғаның мінез-құлқында, ойлауында, қабылдауында, эмоциялық реакцияларында көрініс беретін индивидуалдық-психологиялық ерекшеліктердің мазмұнын анықтайды. Сонымен қатар, психологияда сапа адамның кәсіби немесе оқу іс-әрекетін жүзеге асыруда көрінетін дағдылардың, біліктердің, мотивациялық бағыттылықтың үйлесімділігімен өлшенеді. Мысалы, педагогтың кәсіби сапаларына эмпатия, коммуникативтік икем, рефлексия, стресске төзімділік жатады. Бұл – тұлғаның құндылықтық және мотивациялық құрылымын бейнелейтін сапалар. Жауапкершілік, адалдық, белсенділік, жетістікке ұмтылу мотиві, кәсіби қызығушылық – адамның ішкі бағыттылығы мен әрекет ету себептерін айқындайтын сапалар жатады.

Педагогикалық әдебиеттерге келсек, мұнда сапа ұғымы – білім үдерісінің әрбір субъектісі: педагог, білім алушы, ата-ана, қоғам білім сапасын қамтамасыз етуге мүдделі деп көрсетеді.

Білім сапасының ғылыми сипаты – жүйелі категория ретінде жеке құраушы бөліктерден тұрады:

- түлектер мен студенттер сапасы;
- білімдік бағдарламалар мен оқыту құралдарының сапасы;
- педагогикалық қызметкерлер сапасы;
- инфрақұрылым сапасы;
- адами-психологиялық ахуал сапасы;
- сыртқы әлеуметтік ортамен қарым-қатынас сапасы;
- тұтас және жеке бірлік ретінде ЖОО басқару сапасы.

Халықаралық стандарт бойынша сапа объектісі-әрекет не үдеріс, өнім не қызмет көрсету (іс-әрекет не үдеріс нәтижесі) болуы мүмкін.

Жалпы айқанда, *сапа* – бұл субъективті ұғым болып келеді. Ал, білім беру сапасын бағалау – көп деңгейлі жүйе болып табылады. Зерттеудің маңыздылығы – ішкі сапаны бағалауда білім алушылардың жеке нәтижелерін өлшеу мәселесінің күрделілігі. Білім сапасы – жүйелік категория болып табылады. Оның мәні бірнеше бөліктерден құралатын тұтастықты көрсетеді.

Атап айтсақ, талапкерлер мен студенттердің сапасы, білім бағдарламаларының және оқу құралдарының сапасы, инфрақұрылымның сапасы, адамгершілік-психологиялық сапа, әлеуметтік ортамен қатынас сапалары, ЖОО тұтастай және оның бөліктерінің басқарылуының сапасы, педагогикалық қызметкерлер сапасы және т.б. [50].

В. Лапидус жіктеуі бойынша сапа – мазмұны жағынан күрделі ұғым және ол бірнеше деңгейлі анықтамалар арқылы сипатталады:

- сапа-стандарттарға сәйкестілік;
- сапа-стандарттарға сәйкестілік және үдерістердің тұрақтылығы;
- өнім, үдеріс және іс-әрекеттерге сапасы-нарық талаптарына сәйкестік;
- сапа- барлық тараптардың талаптарын орындау және олардың қажеттіліктеріне жауап беру қабілеті [52].

Ал білім саласында, яғни ЖОО қызметінің маңызды өлшемі шығарылатын өнімнің бітірушінің, болашақ маманның білім сапасы болып табылады.

Сапаны жоспарлау және сапаны басқару жүйелерінің эволюциясы TQM қағидаларынан стратегиялық менеджментке дейінгі даму үдерісінде қалыптасқан. Бұл эволюция сапаның бес негізгі жүйесінің мазмұнының өзгеруін сипаттайтын төрт тарихи кезең арқылы айқындалады. Мазмұн ерекшелігіне қарамастан, барлық бес жүйе сапа элементтерінің бірдей жиынтығына ие, бұны дәстүрлі түрде «сапа дөңгелегі» түрінде бейнелеуге тырыстық. Оны келесі суреттен көруге болады.



1-сурет. Сапа дөңгелегі

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, сапа дөңгелегінің компоненттері бір-бірімен өзара тығыз байланысты болатынын және оларды үнемі жақсарту үдерісіне ықпалын тигізетіндігін байқауға болады.

Сапаны басқару жүйелерінің даму тарихын жүйелеп, келесі 1-кесте арқылы көрсетуді дұрыс санадық.

1-кесте. Сапаны басқару жүйелерінің даму тарихы

Даму кезеңдері, атауы	Кезең өкілдері	Қысқаша мазмұны
Бірінші кезең, анықтау мен бақылау кезеңі	Ф.Тейлор және т.б.	Орта ғасырда қолөнер ошақтарында тауар-ларды тексеріп, сапасын қала таңбасы пішініндегі белгімен куәландыру жүргізілді. Сапаны басқарудың алғашқы жүйелерінің бірі – ақауларды табу мен жоюға бағытталған. Ф.Тейлор жүйесінің кемшілігі – сапаны басқару оны тек соңғы кезекте бақылауға жұмылдырылып, бұрыннан бар, айқындалған ақауларды жоятындығында еді.
Екінші кезең, сапаны статистикалық бақылау кезеңі	В.Шухарт, Э.Деминг, М.Вебер	Эдвардс Деминг сапаны басқару жүйелерін тұрақты түрде жоғарылату кезеңінің бастауын қалады.
Үшінші кезең, үдерістік тәсілді дамыту кезеңі	Каоро Исикава, Дж. Харрингтон, Ф. Кросби және Г.Тагути	Жұмыскерлердің сапаны басқаруға жұмыла қатысуы, сапа жүйесінің қызмет етуіне тұрақты ішкі тексерістерді енгізу, мамандарды үздіксіз оқыту, өндірісте сапаны жоғарылата отырып, шығындарды төмендету мүмкіндігі артты.

1 – кесте жалғасы

Төртінші кезең, сапаны жоспарлау бойынша кәсіпорындардың мақсатқа сай қызметімен сипатталуы	В.Лапидус	Халықаралық қадағалау стандарттарында жүйеленді.
Бесінші кезең, XXI ғасырдағы сапа менеджменті: цифрландыру және білім беру жүйесі	Джон Шук Дэниел Табер Майкл Гарри	Жаһандану, цифрландыру, экономиканың күрделенуі, ұйымдар арасындағы бәсекелестің өсуі, білім беру саласының жедел дамуы әсер етті. Қазіргі заман талаптары сапа менеджментін тек өндірістік жүйе ретінде емес, ұйымның стратегиялық басқару моделі ретінде қарастыруға әкелді.

Сапаны басқару жүйелерінің тарихи дамуы оның мазмұнының уақыт өте келе түбегейлі өзгергенін көрсетеді. Алғашқы кезеңде сапа тек дайын өнімді тексерумен шектеліп, ақауларды анықтау мен жоюға бағытталса, кейінгі кезеңдерде процесті өлшеу, статистикалық бақылау және басқарудың ғылыми әдістері енгізіле бастады. Шухарт пен Деминг еңбектері сапаны тұрақты жақсартуға бағытталған жүйелі тәсілдің қалыптасуына негіз болды. Үдерістік тәсілдің дамуы сапаны басқаруды бүкіл ұйым қызметінің құрамдас бөлігіне айналдырып, қызметкерлердің қатысуы, ішкі аудит, үздіксіз оқыту сияқты элементтердің маңызын арттырды. Кейінгі кезеңде сапаны жоспарлау, стратегиялық мақсат қою, стандарттау және халықаралық нормаларға сәйкестендіру ұйымдардың басты міндетіне айналды. Осылайша, сапаны басқару қарапайым бақылау әрекетінен бастап, ұйымның барлық деңгейін қамтитын, процестерді оңтайландыруға және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған кешенді басқару философиясына айналды. Бұл эволюция қазіргі заманғы сапа менеджменті жүйелерінің ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастырды.

XXI ғасырда сапа менеджменті жаһандану, цифрландыру және білім беру саласының қарқынды дамуы нәтижесінде жаңа мазмұнға ие болды. Джон Шук, Дэниел Табер және Майкл Гарри еңбектерінде көрсетілгендей, сапа тек өндірістік бақылау емес, ұйымның стратегиялық басқару моделі ретінде қарастырылады. Қазіргі талаптар сапаны үздіксіз жетілдіру, инновацияларды енгізу және мүдделі тараптардың қажеттіліктерін жылдам қанағаттандыруға бағытталған кешенді жүйе ретінде түсіндіруге алып келді. Білім беру сапасының әр түрлі кезеңдеріне, әсіресе, осы кезеңдегі көптеген зерттеулерде назар аударылады.

Білім беру сапасын анықтауда А.И. Субеттоның ғылыми-педагогикалық көзқарасы ерекше маңызға ие. Ғалым сапаны көп өлшемді, күрделі және құрылымдық-функционалдық категория ретінде қарастырады. Оның пікірінше,

білім сапасын тек нәтиже немесе оқыту үдерісінің формалды көрсеткіштері арқылы түсіндіру жеткіліксіз; ол бірнеше өзара байланысты элементтердің жинақталған жүйесі ретінде қарастырылуы тиіс»-деген пікірін білдіреді [53].

Ал, А.А. Реанның пікірінше, білім сапасы былайша анықталады: белгілі бір білім беру жүйесі деңгейінде және белгілі бір оқу орны деңгейінде білім берудің мақсаттары мен нәтижелеріне сәйкестік дәрежесі; адамның өз білімі мен дағдысын үнемі жаңартып отыру қажеттілігінің дамуымен теориялық білім мен дағдының олардың өмірде және кәсіби қызметте практикалық қолданылуына сәйкестік дәрежесі [54].

В.П. Панасюк білім сапасын оның білім, тәрбие, әлеуметтік, психикалық және физикалық қасиеттерінің ауырлығы тұрғысынан тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың әлеуметтік мақсаттарын жүзеге асыруға бейімділігін анықтайтын қасиеттерінің жиынтығы ретінде анықтаса,[55] ал, Шадриков В.Д және т. б. «Білім сапасы – бұл күрделі сипаттама, мұнда негізгі көрсеткіш – жеке және тәуелсіз параметрлер жиынтығымен анықталатын білім сапасы» - деген анықтама береді [56].

Ал, Н.А.Селезневаның көзқарасы бойынша, білім сапасы ғылыми зерттеудің көп құрылымды объектісі болып табылады. Ол, мысалы, тәрбие сапасы мен оқытудың сапасын қамтиды [57, 55б].

Ең алдымен, бізді нарықтық экономиканың әр алуан қажеттіліктері бойынша тұлғаның санаткерлік, мәдениетті, адами дамуы мен өзін-өзі көрсетуі, сондай-ақ, жекелеген кәсіпорындардың, мекемелердің және жалпы қоғамның жоғары білікті жұмыс күшіне, ғылыми техникалық және мәдени әлеуетін арттыру және пайдалану қажеттіліктері қызықтырады. Алайда, елімізде жоғары білім беру сапасын арттыру мәселелеріне баса назар аударылуда. Экономикалық және әлеуметтік даму факторы ғана емес, сонымен қатар мемлекетіміздің саяси, экономикалық дербестігінің, өмір сүруінің маңызды күші- жоғары білім беру сапасымен анықталатын қоғамның интеллектуалдық әлеуеті болып отыр.

Білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық негіздерін қарастыратын болсақ, тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілдің психологиялық аспектілерін анықтаған ғалым-психологтар: Н.Қ. Тоқсанбаева [58], В.А. Грибанова [59], В.А. Сластенин [60], Е.В. Бондаревская [61], М.В. Крылова [62], В.А. Беликов [63], С.Л. Рубинштейн [64] және т.б., зерттесе,

- тұлғалық тәсіл адамның барлық психикалық қасиеттері, іс-әрекеті және жеке-психологиялық ерекшеліктері тұлғаның өзінде қалыптасатын ішкі құрылымдар ретінде қарастырылатынын көрсетеді. Мұндай тұжырымды Т. Тәжібаев [65], Д.М. Масалимова [66], И.М. Пучкова [67] және басқа да ғалымдар еңбектерінде негіздейді.
- білім беру сапасын бағалау іс-әрекетінің психологиялық мазмұнын Wiliam D., Thompson M. [68], Я.В. Мочалова [69], Н.С.Жумашева [70], Ю.П.Зинченко [71] және басқа зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

- білім беру сапасын бағалау үдерісін субъектінің интеллектуалдық, ой-еңбектік дамудың өлшемдері ретінде қарастырған И.А. Ширшова[72], Дубцова [73] және т.б, болды.

- білім беру сапасын бағалау жүйесінде білім алушылардың тұлғалық дамуын, қарым-қатынас ерекшеліктерін, әлеуметтендіру үдерісі мәселесін қарастырған А.Х. Рамазанова., А.Х. Құдайбергенова[74]А. Айканыш., А.Алимбеков [75], Н.А. Рысбаев [76], П. Гуревич [77], И.С. Самыгин [78] және т.б.,

- білім беру сапасын бағалау жүйесіндегі мотивация мәселесінің күрделігі мен көп аспектілігінің мәнін, табиғатын, құрылымын жан-жақты зерттеген. В. И. Абрамов Н.А [79], Бакшаева., А. А. Вербицкий [80], П. Б. Дауткалиева., И. К. Аманова [81], Heritage M. [82], Д.К. Садирбекова [83], К.С. Игембаева [84], А. Аренова [85], К.К. Шалгынбаева А.А., Алимбекова [86], В.А. Зобков [87] және т.б.,

Білім беру сапасын бағалау үдерісіндегі танымдық, іс-әрекеттік, оқу-танымдық және т.б. оқу нәтижелерін бағалау мәселесін зерттеген Б. А. Урмашев [88], Tuna Salykh, G.T. Mussabekova [89]және т.б., болды.

Университеттік білімнің сапасы С.А. Абдыманаповтың пікірінше, талапкердің оқуға түскендегі білімдерімен емес, олардың ЖОО қабырғасында алған білімдері мен дағдыларының жиынтығы және келешектегі еңбек өміріне кіріскендегі олардың қандай біліммен, дағдылармен бетбұруларынан көрінеді. Сонымен бірге, тек қана ішкі бағалауға ғана жүгіну жеткіліксіз, университет бағдарламалары халықаралық деңгейде аккредиттелінуі тиіс екендігін және университет бағдарламалары халықаралық аккредиттеу рәсімдері арқылы дүниежүзілік білім бірлестігінде мойындалуы керектігін айтады [38, с. 27].

Бітірушінің, болашақ маманның білім сапасы-жоғары оқу орындары қызметінің маңызды өлшемі болып есептеледі. Мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық мақсат және нарықтық қатынас жағдайында жоғары оқу орындарындағы білім беру қызметінің сапасын арттыру ЖОО-ның дамуы мен одан әрі жетілуін қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады. «Білім беру сапасы» туралы отандық және шетел ғалымдарының көзқарастары мен тұжырымдары төмендегі кестеден көруге болады (кесте 2).

2-кесте. Отандық және шетел ғалымдарының «Білім беру сапасы» туралы көзқарастары мен тұжырымдары

Автор	**«Білім беру сапасы» туралы көзқарастары мен тұжырымдары**
Отандық	
С.А. Абдыманапов	Университеттердегі білім беру сапасы талапкерлердің білімдеріне ғана емес, сонымен қатар, ЖОО қабырғасында игерілетін білімдерге, еңбекке қатысты білім мен дағдыларға әлемдік дәрежеде аккредитация қолдану қажет.
Т. М. Мендебаев	Сапалы білім алу үшін білім алушылардың білімі мен іскерлігін объективті бақылау қажет.

2 – кесте жалғасы

Г. М. Мутанов	Білім беру бағдарламаларының бағалау нәтижелері жоғары оқу орны ішіндегі зерттеулер мен оң өзгерістер үшін деректерді ұсынуға мүмкіндік береді. Бірақ бұл жағдайда бағалаудың барлық нәтижелерін стандарттаудың қажеттілігі туындамайды. Өйткені, жоғары оқу орнына бағалау нәтижелері оқу процесін жетілдіру үшін пайдаланатындығын атап өту қажет.
А.Қ. Құсайынов	Білім беру сапасы әр түрлі пәндерді оқыту сапасының деңгейімен шектелмеу қажет. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында сапа студенттердің болашақ кәсіби қызметіне баулу дәрежесімен анықталуы тиіс.
Шетелдік	
Ю. Т. Шмидт	Білім беру сапасы әлеуметтік, психикалық және дене дамуы қасиеттерінің көрінуі, тәрбиеленуі, білімділігі тұрғысынан тұлғаның қалыптасуы мен дамуына қатысты қоғам міндеттерінің орындалу ерекшеліктерімен негізделетін сипаттамаларының жиынтығы.
Т. Д. Бутина	Білім беру сапасы білім беру үдерісіне қатысушылардың білім мекемелерінің ұсынатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі немесе білім беру мақсаттары мен міндеттеріне жету деңгейі.
М.М.Поташник	Білім беру сапасы мақсаттар мен нәтижелердің сәйкестілігі, мақсаттарға жету өлшемдері ретінде
В.Н.Касаткина	Білім беру сапасы білім алушылардың денсаулығы, білімдік орта жағдайлары, педагогтар тұлғасы мен педагогикалық технологиялар көрсеткіштерімен байланыстырылады.
А.И. Субетто	Білім беру сапасының көрсеткіштерінің көпшілігі сандық көрсеткіштерге ие бола бермейді, сапа көрсеткіштерінің бөліктері және бағалауды жалпылау бойынша тек қана квалиметрияның көмегіне жүгіну қажет деп көрсетеді.
Л.Я.Гуревич	Білім беру кеңістігіне жоғары білімнің жаңа үш деңгейлі моделін енгізумен интеграциялануы – білімді бағалау жүйесіндегі жаңашылдық білім беру қызметінің тұтынушылары – студенттерге, білім беру үдерісінің субъектілері – оқытушыларға жоғары талаптар қоятын процесс болып табылады.

Білім беру сапасы – бұл тек білім алушылардың оқу нәтижелерінен немесе пәндерді меңгеру деңгейінен ғана емес, білім беру процесінің барлық компоненттерінің: білім беру ортасының, оқытушылардың кәсіби құзыреттерінің, қолданылатын педагогикалық технологиялардың, білім алушылардың тұлғалық дамуы мен олардың кәсіби қалыптасуға дайындығының үйлесімді жұмысы нәтижесінде қалыптасатын көпқырлы құбылыс.

Қазақстанда білім беру сапасын арттыру және білім беру үдерістерін реттеу мақсатында 2012 жылы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен олардың білім беру бағдарламаларын тәуелсіз аккредиттеу енгізілді. [90] 2017 жылғы 23 маусымда Астанада өткен Еуропалық Одақ елдері мен Орталық Азия мемлекеттерінің Білім министрлерінің екінші кездесуі барысында қабылданған Астана декларациясында аймақтағы барлық елдерде жоғары білім және кәсіптік оқыту сапасын арттыру жөніндегі шаралардың қабылданғаны атап

өтілді. [91] Жоғары оқу орындарында сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі он стандарт негізінде ұйымдастырылады. Бұл стандарттар Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық нұсқауларға (ENQA, 2015) сәйкес әзірленген. [92] Академиялық саясат пен ғылыми зерттеулердің негізгі қағидаты – академиялық адалдықты сақтау болып табылады. Жоғары білім сапасын бағалаудың маңызды құралдарының бірі – жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктермен бірлесіп жүзеге асырылатын ЖОО-ның тәуелсіз ұлттық рейтингі. Сонымен қатар, халықаралық аккредиттеу білім беру бағдарламаларының сапасын тәуелсіз бағалауды қамтамасыз ететін негізгі тетік болып қала береді. Жоғары білім сапасы профессор-оқытушылар құрамының біліктілігі мен мотивациясына тікелей байланысты. Сондықтан жоғары білім сапасын арттыру контексінде ПОҚ-ның кәсіби мәртебесіне ерекше назар аудару қажет[93].

2023 жылы бірқатар қазақстандық жоғары оқу орындары QS World University Rankings (QS-WUR) әлемдік рейтингіне еніп, әлемнің үздік 700 университетінің қатарынан орын алды. Бұл университеттердің QS әдіснамасының негізгі индикаторлары бойынша жоғары әлеуетке ие екенін көрсетеді. Атап айтқанда, академиялық бедел, жұмыс берушілер арасындағы бедел, студенттер мен оқытушылар құрамының арақатынасы, бір зерттеушіге шаққандағы ғылыми жарияланымдардың дәйексөзділігі, шетелдік оқытушылардың үлесі және шетелдік студенттердің үлесі бойынша оң нәтижелер байқалды [94].

2018–2025 жылдар аралығында Қазақстанда білім сапасын қамтамасыз ету бағытында жүйелі, кезең-кезеңімен жүргізілген реформалар 2-суретте байқалады.



2–сурет. Білім сапасын қамтамасыз ету барысындағы заңнамалық негіздер (автормен құрастырылған)

Бұл реформалар білім беруді халықаралық талаптарға сәйкестендіруге, сапаны бағалаудың тәуелсіз жүйесін дамытуға және оқу орындарының жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Білім сапасын қамтамасыз ету бір реттік шара емес, жыл сайын жаңартылып, жетілдіріліп отыратын ұлттық стратегиялық бағытқа айналғандығын байқауға болады.

«Білім беру сапасы» деп, – бұл «білім беру мекемесі білім алушылар жоспарланған оқыту мен тәрбиелеу мақсаттары негізінде қол жеткізген білімдері мен дағдыларының, ақыл-ой, дене және мінез-құлық дамуының белгілі бір деңгейі» ретінде Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңдарында тұжырымдалады. Мұнда сапа – жоспарланған мақсаттармен байланысты болып табылады. Бұл анықтама – оң көзқарасты көрсетеді.

«Білім беру сапасы» ұғымын Э. М. Коротков және басқа да зерттеушілер жиынтық категория ретінде қарастырып, оны өнімді педагогикалық әрекеттің нәтижесі ретінде сипаттайды. Э. М. Коротковтың пікірінше, білім беру сапасы – бұл маманның заманауи экономикалық даму талаптарына сәйкес кәсіби қызметті табысты жүзеге асыру қабілеттілігін айқындайтын кәсіби санасы мен құзыреттіліктерінің жиынтығы, сондай-ақ кәсіби тиімділік пен табыстылықтың белгілі бір деңгейіне қол жеткізу үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезінуі [34, 151б]**.** Зерттеушілердің осы көзқарасына сүйене отырып, білім беру сапасын тек іс-әрекет нәтижесі ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесінің ішкі әлеуеті мен оны іске асыруға мүмкіндік беретін сыртқы жағдайлардың жиынтық көрсеткіші ретінде түсіндіруге болады.

Білім беру сапасын сипаттайтын негізгі аспектілерді Т.М. Мендебаев., А.З. Габдуллина**.,** және басқа да авторлар өзара байланысқан үш топқа біріктіре қарастырады. Бірінші топқа білім беру жүйесінің материалдық, кадрлық және ақпараттық ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсететін ресурстық көрсеткіш-тер жатады, олар білім беру ұйымының инфрақұрылымдық әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. Екінші топ – педагогикалық технологиялардың тиімділігі мен оқу үдерісінің ұйымдастырылу деңгейін сипаттайтын үдеріс көрсеткіштері**,** бұл білім беру қызметінің сапасын анықтайтын маңызды индикаторлар болып табылады. Үшінші топқа білім алушылардың кәсіби құзыреттілігі, құндылық бағдарлары, оқу мотивтері және түлектердің еңбек нарығына табысты орналасуы сияқты нәтижелерді қамтитын оқыту нәтижелерінің көрсеткіштері кіреді [39].

Білім беру сапасы – қоғамдағы тұлғаның азаматтық, тұрмыстық және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мен қалыптастырудағы білім беру процесінің жай-күйі мен нәтижелілігін, оның қоғам (әралуан әлеуметтік топтардың) мұқтаждықтары мен тілектеріне сәйкестігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру қызметінің әртүрлі аспектілерін сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығымен анықталады. Сонымен бірге, білім беру сапасы – білім беру үдерісінің әралуан қатысушыларының берілген білім беру қызметіндегі тілек-қалауларының қанағаттанушылық дәрежесі, білім берудегі қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу дәрежесі.

Алайда, бұл жерде сапаның қасиеттері, яғни білім беру қасиеттері жөнінде айта келіп, автор білім беру дегенде жүйені, процесті, нәтижені немесе олардың

барлығын тұтастықта ұғыну қажеттігін айқындамайды. Айта кететін жайт, жоғарыда келтірілген анықтамаларда да білім сапасы қажеттіліктерді қанағаттандырумен тікелей байланысты екендігін нақтылай түседі.

Сапа ұғымын «жүйелік-құрылымдық және құндылық-прагматикалық аспектілердің тұтастығын бейнелейтін философиялық, жүйелік, экономикалық және әлеуметтік категория ретінде ғалым-зерттеушілер қарастырады. Мұнда «... сапа категориясының мазмұны сапа теориясында объектінің немесе үдерістің өмірлік циклындағы, өмірлік цикл тізбегіндегі («сапа түйіні») сапаны қалыптастыру, жүзеге асыру мен дамытудың негізгі қағидалары арқылы тұжырымдайды.

Кең мағынасындағы білім беру сапасының анықтамасы:

1. Білім берудің (білім беру жүйесі ретінде, үдеріс ретінде, нәтиже ретінде) түрлі қажеттіліктерге, мақсаттарға, талаптарға, нормаларға (стандарттарға) сәйкес үйлесімді болуын *білім беру сапасы дейміз*;

2. Білім берудің (білім беру жүйесі ретінде, үдеріс ретінде, нәтиже ретінде) жүйелі ұйымдастырылған, әлеуметтік мәнді қасиеттерінің (сипаттамаларының, параметрлерінің) жүйелі жиынтығын б*ілім беру сапасы деп атаймыз*. Жоғары оқу орындарында сапаны ішкі бағалау жүйесі бірнеше негізгі бағытты қамтиды. Олардың қатарына білім беру бағдарламаларының тиімділігін талдау, білім алушылардың оқу жетістіктерін анықтау, оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін бағалау, оқу процесінің ресурстық қамтамасыз етілуін сараптау және академиялық ортадағы сапа мәдениетін қалыптастыру кіреді. Зерттеуші ғалымдардың Егоров К. Б., Захарова В. А. [27] өз зерттеуінде ішкі бағалау жүйесі туралы: «Ішкі бағалау жүйесі дәстүрлі бақылау мен есеп беру формаларын ғана емес, оқу бағдарламаларының өзектілігін, білім алушылардың қажеттіліктерін, еңбек нарығының өзгерістерін ескеретін диагностикалық, мониторингтік және аналитикалық құралдар кешенін қолданады.

Бұл кешен мыналарды қамтиды:

– тестілеу;

– аралық және қорытынды бақылау;

– сауалнама жүргізу;

– тәуелсіз сараптау;

– білім беру бағдарламаларын ішкі аудиттен өткізу;

– электрондық бағалау жүйелері;

–learning analytics арқылы деректерді талдау», десе, ал, В.Б. Веретенникованың зерттеуі [31] білім беру сапасын бағалаудың мазмұны, құрылымы мен әдістерін жүйелі талдауы арқылы құнды ғылыми-теориялық материал болып табылады.Автордың пікірінше, жоғары білім беру сапасын бағалау жеке пәндердің немесе оқытушының жұмысын бақылау шеңберімен шектелмейді; ол университеттің мақсаттары, стратегиясы, ресурстары, оқу бағдарламалары және білім алушылардың нәтижелері арасындағы үйлесімділікке негізделетін кешенді процесс болып табылады. В.Б. Веретенникова сапаны бағалау жүйесін басқарудың жалпы циклімен (жоспарлау – жүзеге асыру – бақылау – талдау – жақсарту) тығыз байланыс-

тырады, бұл қазіргі сапа менеджментінің логикасына толық сәйкес келеді. Ал, қазіргі уақытта *М. Х. Байбаеваның* [95] *көзқарасы бойынша* білім беру квалиметриясы бойынша мәтіндердегі кеңінен таралған қателік – айқын араласу, білім беру мен оқытуда айырмашылықтың болмауы. Мысалы, «білім беру сапасы», «оқыту сапасы», «даярлау сапасы», «білім сапасы» және т.б. ұғымдарының бір-біріне өзара араласып кетуіне алып келеді. Оқытушы оқу ақпараты жайлы ұғымдарды меңгереді және білім алушыларға беріп отырады, осындай оқу ақпараты білім алушылардың «өнімі» жеке білімі болып табылады. Білім сапасы «әлеуетті сапа» болып, үшінші сала іс-әрекет ретінде, яғни іс-әрекет сапасымен өзекті бола түседі. Өз кезегінде іс-әрекет білім сапасын әлеуетті жағдайдан көкейкесті жағдайға ауыстырып отырады. Бітіруші түлектердің белгілі бір жұмыс берушілердің әлеуметтік және кәсіби рөлін орындай алуы қоғамдағы мамандардың қанағаттанушылық деңгейін анықтайды әрі білім беру сапасы – білім беру мекемесінің еңбек нарығына сай келетін білім алушылардың әлеуметтілік қажеттіліктерін қанағаттандыруды анықтап береді.Тағы да ескеретін мәселе, білім беру қызметінің өзгешеліктерін толықтай «жасырын ұстау» мүмкін емес. Себебі, дәстүрлі педагогикалық парадигма мен сапаның жаңа философиясының сәйкес болмауы анық байқалады. Сол себептен бірқатар зерттеушілер осы екі әдіснамалық негіздемелерді интеграциялаудың мүмкін еместігін түсіндіре отырып, білім беруді ізгілендіруші, тұлғалық бағдарланған парадигмаға сүйенеді. (Сурет 3) Қарастырылып отырған тұжырымдардан, білім сапасын пирамида түрінде көрсетуге, қарастыруға және зерттеуге мүмкіндік беретіндігін атап өту керек. Сол себептен де, біз білім сапасын төменде пирамида ретінде ұсынып отырмыз.




3-сурет. Білім сапасының пирамидасы

Білім беру процесінің негізі оқытушы болып табылады. Оқытушы міндеті – білім алушыларға тек білім беруші ғана емес, олардың өмірлік тәжірибесін, ұстанымдарын және дағдыларын қалыптастырушы.

Келтірілген түсініктерді негізге ала отырып, біз білім беру сапасының белгілі бір нақтыланған білім беру қызметтерінің атрибуты ретінде емес, білім

беру жүйесінің өзінің мағыналық сипаттамасы, оның процессуалдық және нәтижелік аспектілерін бейнелейтін сипаттама ретінде айқындаймыз. (Сурет 4)



4-сурет. А.Г.Бермус бойынша сапа феноменің сипаттамасы

Сонымен қатар бірқатар ғылыми әдебиеттерді талдау жасау негізінде, біз білім беру сапасына әсер ететін факторларды анықтадық.

Зерттеулер жүргізілген теориялық талдауларға сүйене отырып білім сапасына әсер етуші факторларды бірнеше топқа жіктеп қарастырдық: сапаға тікелей әсер етуші, объективті, субъективті, ынталандырушы және сапаның сақталуын қамтамасыз етуші факторлар деп 5-сурет арқылы көрсетуді дұрыс санадық.



5-сурет. Білім беру сапасына әсер етуші факторлар

Жалпы айтқанда, білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін мынандай талаптар қойылады:

- Материалдық-техникалық база білім беру сапасын арттыру үшін аса қажет болып табылады, олар: құрал-жабдықтар, ғимараттар, құрылыстар, техникалық құралдар және т.б.;

- Адами ресурстар білім беру сапасын арттыруға септігін тигізуші бірден бір ресурс: білікті кадрлар;

- белгілі бір нақты көрсеткіштердің, яғни, стратегиялық саясат, мақсат, жоспарлар да білім беру сапасын арттыру мақсатында орын алуы тиіс.

Сапаға әсер етуші факторлар мен сапаны қамтамасыз ететін талаптар сапаны басқару мәселесінің мәнін түсіну үшін әдіснамалық тұрғыдан ажырату керек. Факторлардың сапаны жақсартуға әсер ету мүмкіндігі нақтылы дәрежеде сапаны қамтамасыз ету жағдайларына тәуелді болады. ЖОО қызметін бағалау тәжірибесінде бұл тәуелділіктің бар болуы көп жағдайда есепке алынбайды. Сол себептен де бұл проблема ылғи да жақсартуды қажет етеді.

Жағымды және жағымсыз факторлар *білім беру сапасын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға әсер* етуі мүмкін. Яғни, бұл кезең сапаның нашарлауы немесе сапаның белгілі бір деңгейге көтерілуімен сипатталады.

ЖОО тұтастай қызметінің білім беру сапасына әсер етуші бүкіл факторларды анықтап, оларға талдау жасайтын болсақ, онда іс - жүзінде тікелей немесе жанама түрде сапаны қалыптастыруға әсер етуге мүмкіндік береді.

Джулиан Ле Гранд сипаттаған тәсілдерді білім беру қызметінің сапасын өлшеу үшін пайдалануға болады:

- тиімді - әрекетте;
- тиімді - салдарына қарай;
- ресурстық;
- операциялық.

Бастапқы екі тәсіл емтихан тапсырған студенттердің санын немесе студенттердің қандай да бір дағдыларды меңгеруін ескере отырып, іс-әрекеттің нәтижелерін жақсы көрсетеді [96].

Маркетингтің мынандай түрткі факторлары білім беру қызметінің сапасына елеулі ықпал жасайды: түлектердің болашағы, бейіндік оқыту, білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оқыту сапасы және т.б., жұмыс беруші үшін бітіруші аяқтаған ЖОО-ның имиджі. Жаңашылдық, жарнама, өнімнің сапасын арттыруды емес, өнімнің рентабельділігін арттыруды институт имиджі анықтайды. Бірнеше талаптарды орындау кезінде білім беру қызметінің сапасы қамтамасыз етілуі мүмкін, олардың ішінде: білім беруде пайдалану және әлеуметтік-гуманитарлық, мәдениеттану, психологиялық-педагогикалық және пәндік-арнайы дайындықтың өзара байланысы мен бірлігін қамтамасыз ететін жүйелі антропологиялық білім болып табылатын мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз арттыру.

Білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігі мен жоғары оқу орындары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі түсінігі, нарықтық қатынастар форматында білім беру қызметін ұсынуға сөзсіз әкеледі. ЖОО-ның имиджіне байланысты

білім беру ұйымының бәсекеге қабілеттілігі нарықта фактор ретінде қарастырылады, ол келесі көрсеткіштерді айқындайды:

- тұтынушылардың (талапкерлер мен жұмыс берушілердің) сұраныстарын өзгертуге ден қою жылдамдығы);
- инновациялық потенциал және оны жүзеге асыру;
- жалпы танымалдық пен бедел;
- мамандықтардың беделі, жарнама саясаты, шетел байланыстарының деңгейі, қаржылық қамтамасыз етілуі (тұрақтылық);
- бәсекелестік мәртебесі.

Түлектердің бәсекеге қабілеттілігі арқылы бүгінгі еңбек нарығында білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігінің критерийлерін қарастыра отырып, *төрт позицияны атап өту қажет*: 1) бітірушілердің біліктілігі, кәсіби құзыреттілігі, алған білім деңгейі; 2) бітірушілердің уәждемесі; 3) бітірушілердің мәдениеті (құндылықтар мен даму деңгейі); 4) мінез-құлық сипаттамалары (еңбек нарығындағы мінез-құлық), өмірлік бағдар (өмір және мансап жоспарының болуы, өмірлік мақсаттар мен жұмысқа орналаса алу мақсаттарын анықтау).

Бүгінгі таңдағы білім беру феноменің өзектілігін - *сапа, білім беру қызметінің сапасы* - деген түсініктер тереңдете түседі. Елімізде ұсынылатын қызметтердің жіктелуі әр алуан және бүкіл жүйелер өзара тығыз байланысты, сабақтас. Әр жүйенің өз өзгешеліктеріне қарай білім сапасы бойынша арнайы талаптары бар. Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты жоғары мектеп жүйесіндегі білім беру сапасы болғандықтан бұл мәселені бөлім көлемінде арнайы қарастырғанды дұрыс санадық.

Жалпы айтқанда, әрбір білім алушының білім жетістіктері мен білімдендіру үдерісінің тиімділігін айқындау - жоғары оқу орны жүйесінің білім сапасы деп аталады. Осыған орай, біз зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес, «Білім беру сапасын ішкі бағалау» мәселелерін қарастыруды дұрыс санадық. Алдымен бағалау жүйесін атқаратын қызметін айқындайтын болсақ:

- білім беру сапасын анықтау үшін мәліметтер жинақтау;
- білім беру сапасының динамикасын және динамикаға әсер ететін факторларды анықтау;
- білім беру сапасына қатысты алынған мәліметтерді ретке келтіру;
- білім беру сапасын айқындауға қатысатын субъектілердің іс-әрекетін координациялау.

Бағалау жүйесінің атқаратын қызметі:

- білім беру сапасының динамикасын және динамикаға ықпал етуші факторларды анықтау;
- білім беру сапасына қатысты алынған мәліметтерді ретке келтіру;
- білім беру сапасын айқындауға қатысатын субъектілердің іс-әрекетін координациялау.

Қазақстан Білім сапасын бағалаудың халықаралық қауымдастығына 2007 жылы мүше болғанын айрықша айып кеткен жөн. Бұл ұйым жұмысының басты мақсаты – білімді академиялық бағалаумен айналысатын ұйымдар арасындағы

қарым-қатынасты жақсарту, сондай-ақ, бағалау технологияларын жетілдіру және оны қатысушы елдердің білім беру құрылымдарында енгізу бойынша іс-шараларға қатысу.

Әрбір білім алушының білім жетістіктері мен білімдендіру үдерісінің ұтымдылығы жоғары оқу орнының білім беру сапасын айқындайды.

Жоғары оқу орнының әкімшілігі, педагогтар, білім алушылар тарапынан *ішкі бағалау (өзіндік бағалау)* жүзеге асырылады. Білім беру сапасын ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырушылық және қызметтік құрылымына білім сапасын сараптаушы, ішкі бағалауымен айналысушылар, алынған нәтижені баяндаушылар, ұйымдастырушылық құрылым әкімшілігі, Ғылыми кеңес, әдістемелік кеңес, ғылым, оқу-тәрбие бөлімдерінің құрамы жатады.

Жоғары оқу орнына қатысты сырттан келетін білім саласындағы қызметкерлердің, әкімшіліктің, арнайы комиссияның қатысуымен іске асырылуы; (мемлекеттік қорытынды аттестация нәтижелері, аумақтық, республикалық, халықаралық мониторингтік зерттеулер) - бағалау болып табылады.

Білім беруші мекеменің маман даярлауға қойылатын талаптарға жауап беретіндігін анықтауға бағытталған сыртқы тексерістің тұтас жүйесі - *білім беру сапасын* сыртқы *бағалау деп аталды*. Сырттай бақылауда Қазақстан жағдайында «ОЖСБ-ның оқу жетістіктерін сырттай бақылау» жүйесі орын алған. Сондай-ақ сырттай бақылау аттестация, аккредитация сипатын да береді.

Бағалау объектісіне қатысты тәуелсіз ұйымдар мен жеке тұлғалар іске асыратын бағалау рәсімдерінің жүйесін - *білім сапасын сырттай бағалау* дейміз. Білім сапасын бағалау объектілері білім берудің бүкіл деңгейлеріндегі үш басты элементермен ұсынылған:

- білім беру бағдарламалары (оның ішінде мемлекеттік білім беру стандарттары қарастырылмаған білім беру бағдарламалары). Сай және ұтымды білім беру бағдарламасын таңдау тұтынушыны ғана емес, сондай-ақ білім беру ұйымын (мекемесін) де қызықтырады, себебі ол білім беру ұйымының бәсекеге қабілеттілігіне ықпал жасайтын білім берудің бірнеше секторларында жоғары сапалы бағдарлама болып табылады. Яғни, білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау және сертификаттау сапаны бағалау жүйесінің үлкен сұранысқа ие функциясына айналуда, бұл бағдарламаларды бағалаудың басты объектілерінің қатарына қосуға жағдай жасайды;

- ведомстволық бағынысты ұйымдар мен қызметтер, сондай-ақ, оқу-тәрбие процесі мен басқару үдерісін қамтамасыз ететін білім беру органдарының бұйрықтары бойынша нақты функцияларды іске асыратын дербес құрылымдар кіреді), білім беру ұйымдары (мекемелері) және олардың жүйелері (бұған басқару органдары, ауқымды іске асыру білім беру бағдарламаларының барлық түрлері, соның ішінде кәсіпорындардың оқу бөлімшелері;

- оқушылардың жеке оқу жетістіктері бағалаудың ең маңызды объектісі болып табылады.

Жүйелі жетекші оқытушылардың, кафедраның, деканаттың білім сапасын бақылау, негізгі даму туралы объективті ақпарат алу мақсатында әкімшілік білім

беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББББ) немесе жеке пәндерді пайдалана отырып, жетекші педагогтар әзірлеген бағалау құралдары- білім сапасын ішкі тәуелсіз бағалау болып саналады.

Білім берудің шарттары (факторлары) ішкі бағалау барысында, жоспарланған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін процесс, яғни процестің өзі болып табылады.

Кәсіби дайындық деңгейін және біліктілік деңгейін растау, бұл – сапаны тәуелсіз бағалау (СТБ). Тәуелсіз сарапшылар жүргізетін жұмыс берушілер қатарынан кәсіпке қол жеткізу мақсатында тиісті құзыреттердің сапасын бағалау проблемасын шешетін бұл процедура соңғы алты жылда техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінде көп тарады. Бұл жұмысқа СТБ құрылған алғашқы жылдары мемлекет тарапынан институционалдық, әдістемелік және қаржылық қолдау көрсетілді, осы мақсатта тиісті орталық құрылды.

Білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесінің басты қағидалары:

- білім беру сапасын бақылау процедурасының ашықтығы, анықтығы;
- жалпы қазақстандық жүйеге білім беру сапасын бағалаудың кіріктірілуі, білім беру саясатымен сабақтастығы;
- білім беру сапасы туралы ақпаратың объективтілігі, шынайылығы, толықтығы және жүйелілігі;
- білімгерлердің нәтижелерін бағалауда жеке ерекшеліктерін есепке алу, сапа көрсеткіштерінің талапқа сай болуы;
- тұтынушылар үшін түрлі топтағы білім беру сапасының жағдайы туралы ақпараттың қолжетімділігі;
- әрбір педагогтың ішкі, өзіндік бағалау потенциалын жетілдіру және т.б.,

Білім беру ортасы: білім алушылар контингенті; тұтас білім беру процесін педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету.

Білім алушылар: студенттердің қалалық ортаға бейімделуі; ЖОО, білім алушылардың білім көрсеткіші (бүкіл пәндер бойынша); ЖОО бітірушілердің маман ретіндегі білім сапасы мен білім беру бағдарламаларының сапасы; білім алушылардың білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі; білім алушылар және олардың ата-аналары, жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейі және т.б.,

Педагогикалық қызметкерлер: кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейі; педагогикалық іс-әрекеттің сапасы мен нәтижелілігі; инновациялық әрекеттің деңгейі; өзін-өзі білімдендіру әрекетінің сапасы.

Білімдендіру процесі: білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін алғашқы, аралық және қорытынды бақылауды талдау; оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жағдайын талдау.

Оқу-тәрбие процесіне әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету: топтың әлеуметтік паспорты; психологиялық диагностика; профилактикалық жұмыс; коррекциялық жұмыс; білім алушыға жеке тұрғыдан келу.

Білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны жетілдірудің тиімді тетіктерінің бар екенін растау мақсатында аккредиттеу

органының олардың белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану рәсімін- б*ілім беру ұйымдарын аккредиттеу* дейміз.

Білім беру ұйымы жүзеге асыратын жекелеген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауды - *мамандандырылған аккредиттеу* дейміз.

ЖОО-нан жоғары білім берудің орнықты сапасын қамтамасыз етуді мемлекет талап етеді, бұл білімді басқарудың ұлттық ұйымдарын аккредитациялау жүйесіне ЖОО қызметін реттестірудің жан-жақты механизмі ретінде қатысуын туындатады.

Сапаны жоғарылатуға мүдделі бүкіл білім саласындағы тараптардың мүдделерін ескеруге мүмкіндік беретін білім сапасын бақылау жүйесін а*ккредиттеу дейміз*. Ол өз кезегінде бақылаудың қоғамдық және мемлекеттік формаларын үйлестіреді.

Төменде аккредиттеудің басты мақсаттары көрсетілген:

- Үздіксіз өзін-өзі саралау мен жоспарлау жолымен білім бағдарламаларын жетілдіру және білім беру мекемелерін дамытуды ынталандыру;
- Білім беретін орын немесе нақты білім бағдарламасы дұрыс тұжырымдалған мақсаттарға және сол мақсаттарға қол жеткізу жағдайларына ие екендігіне қоғам алдында кепілдік беру;
- Білім беру тиімділігін бағалау өлшемдері мен қағидаларын даярлау есебінен жоғары білім берудегі ілгерілеушілікті қамтамасыз ету;
- ЖОО қалыптасуы мен дамуында және білім бағдарламаларын жүзеге асыруынды қамтамасыз ету;
- Оқу орындарын олардың білім беру қызметіне басқа ұйымдардың араласуынан және олардың академиялық еркіндігін шектеуден және мерзімдік қорғау [97].

Білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін бақылауды іске асыру мақсатында б*ілім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау* өткізіледі.

Берілген өтінішіне сай, сараптау өткізу мен білім мекемесіне, білім беру ісін жүзеге асыруға лицезния беру жайлы шешім қабылдау ісін *білім беру мекемесін лицензиялау дейміз*.

Білім беру саласын басқару органдары немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары білім саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу мақсатында және білім үдерісін іске асыру жайын реттеу үшін, сонымен қатар азаматтардың білім алу құқығын қорғау, әртүрлі құқықтық-ұйымдастыру формаларындағы білім беру мекемелерінің еркін қызмет етуі мен дамуы мақсатында құқықтық кепілдік жасау үшін өткізеді.

ЖОО-ның білім сапасын анықтау мақсатында мамандарды даярлаудың нақты бағыты және іс-әрекетінің нәтижесі мен әлеуетін бағалауды *ЖОО рейтингісі* дейміз. ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін анықтау мақсатында ЖОО рейтингілеу жүргізіледі.

Ішкі бағалауға жататындар:өзін-өзі бағалау немесе ішкі зерттеу; ішкі аудит; оқытушыны студенттер көзімен бағалау; өзін-өзі зерттеу және т.б.

Білім беру мекемесін жан-жақты зерттеу- *өзін-өзі бағалау немесе ішкі зерттеу* деп аталады. Мұнда жүйелік жинаққа сүйене отырып, мәліметтерден қорытынды жасалды. Сонымен қатар, білім беру мекемесіндегі негізгі жұмыс үдерісін дамыту және реттеу, ұйымдастырудың ұтымдылығы және нәтижелілігі жөнінде талқылау немесе талдау осы мекемедегі тұлғалардың ой-пікірлерімен келісе отырып, қорытынды жасалады. Білім беру мекемесі жетекшілерінің тікелей қатысуымен өзін-өзі бағалау жүргізіледі. Мұндағы мақсат өзін-өзі зерттеуге есепті дайындаумен қорытындыланады және оның іс-әрекетін жақсарту мақсатында ресурстарды қолдану аумағына қатысты мәліметтер, фактілерге сүйене отырып, ұсыныстарды ұйымдарға тапсырады. Өзінің іс-әрекетін өзін-өзі бағалау басқа да білім беру мекемелерінің белгілі бір жетістіктерімен және осы аумақтағы әлемдік деңгей көрсеткіштерімен салыстыру үшін жүргізіледі. Сонымен қатар, қайталап бағалауда осы мақсаттың жетістікке жету дәрежесін алғашқы қойылған мақсатпен салыстыру пайдалы болуы ықтимал.

Бұл тексеруді білім беру мекемесінің өзі жүргізеді немесе оның атынан ішкі мақсаттарды іске асыру үшін білім беру стандарттарына сай келетін, декларацияның негіздемесіне қызмет етуі ықтимал.

Оқытушыларды білім алушылар көзімен бағалау – оқытушының білім алушыларға деген қатынасын көрсететін білім алушылардан алынған мәліметтерді қолдану болып табылады. Аталған бақылау сарапшыларға белгілі бір оқытушылық іс-әрекеттің деңгейін білім алушылардың бағалау дәрежесіне сай келуін анықтауға мүмкіндік береді.

Оқытушыға деген білім алушылардың қатынасы жайлы (түсінікті, қызық, шығармашылық, шыдамды және т.б.) ақпараттарды алуға және оның педагогикалық шеберлігін бағалауға мүмкіндік береді (өзінің пәнін түсіндіре алуы, білім алушылар мотивациясын тудыру және қолдау, оқытуда студенттерге жәрдем беру, ынтымақтастық формасында кемшіліктерін түзету, ақпараттарды тиімді түсіну және т.б.).

Білім беру бағдарламасының бүкіл бағыты бойынша ақпараттарды талдау мен жинақтау, жоғары оқу орнының ішкі әрекеттерін өз бетінше (тәуелсіз аудиторларды тарту) зерттеу жүргізуді- *өзін-өзі зерттеу* деп атаймыз. Өзін-өзі зерттеу нәтижелерді белгілеуге бағытталмайды, келешектегі іс-әрекетінің бағытын анықтайды. Өзін-өзі зерттеудің құрылымын білім беру мекемесі өз бетінше анықтайды.

Жалпы айтқанда, жоғарыдағы талдауларды негізге ала отырып, білім сапасының ішкі бағалауына өзіндік тұрғыдан анықтама беруге тырыстық.Сонымен біз «Сапа», «Білім сапасы» анықтамаларын талдай отырып, осы ұғымдарға ғылыми тұрғыда өзіндік анықтама беріп өтуді жөн санадық.

Сапа дегеніміз- қоғамның бүкіл талаптарына сай бола алатын өнім.

Білім беруші мен білім алушының ортақ мақсатқа оң нәтижелерге қол жеткізуі, ұсыныс пен сұраныстың қанағаттандырылу деңгейін - *білім беру сапасы дейміз*.

Мекеменің стратегиясына сәйкес бітіруші түлектердің құзыреттіліктерге ие болып, маман ретінде қалыптасу деңгейінің өсуін - *білім беру сапасын ішкі бағалау* дейміз. Ішкі бағалау процедурасына мыналар жатады:өзін-өзі бағалау немесе ішкі зерттеу; ішкі аудит; оқытушыны студенттер көзімен бағалау; өзін-өзі зерттеу және т.б.,

Қорыта айтқанда зерттеу барысында сапа, сапалы білім беру, білім беру сапасын ішкі бағалау туралы анықтамаларды нақтылап, бұл мәселеде салыстырмалы көзқарастың психологиялық-педагогикалық тұрғыда керек екендігін дәлелдей түстік.

1.2 Шетелдік және отандық тәжірибеде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесі

Бірнеше шетелдік және отандық тәжірибедегі жоғары білім беру жүйесін айқындау үшін жоғары білім беру сапасын ішкі бағалауды қарастыруды жөн көрдік.

Қоғамның, мемлекеттің және тұлғаның өзекті мақсаттары мен қажеттіліктеріне сәйкес білім беру нәтижелеріне, әзірлеу үдерістеріне және институционалдық жүйелердің сәйкестігін қамтитын, жоғары білім берудің көп өлшемді сипаттамасын қарастыру жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын дамытуды көздейді. Жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын бағалау ғылыми-практикалық мәселе ретінде барлық уақытта бағалау қызметімен тікелей байланыста дамиды және білім беру жүйесі үшін барынша өзекті болып табылады.

Зерттеуіміздің осы тұсында, шетелдік жоғары оқу орындарының ішіндегі Түркияның (Эрзинджан Биналы университеті) жоғары оқу орнының дамуындағы стратегиялық бағыты жеке мемлекеттік ынтымақтастықтың жаңа моделіне көшуімен байланысты екенін білдік. Онда бірқатар ерекшеліктерді байқауға болады. Бүгінгі таңда ол Түркияның жоғары оқу орындарында қалыптасқан дәстүрлер мен оның еуропалық білім беру кеңістігіне кірігуі тұрғысынан жаңа белестер арасындағы оңтайлы сәйкестікті іздеумен сипатталады және олардың өзара іс-қимылы жүйені жаңарту жолдарын анықтайды [98].

Аталған жай еңбек ресурстарын дайындау деңгейін арттыруға өз әсерін тигізеді.Түркиядағы жоғары оқу орындарын реформалаудың өзгешелігі Болон декларациясының ережелерін жүйелі түрде жүзеге асыру мен олармен өзара тығыз байланыста дамуын көрсетеді (көп деңгейлі білімді, академиялық тану процедураларын жетілдіру, оқу кезеңдерін, академиялық ұтқырлықты және бірлескен бағдарламаларды дамыту).

Түркияның жоғары оқу орындарының даму тарихында жүргізіліп жатқан реформалардың жүйе құраушы аспектілерінің бірі ретінде білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселесі сапаны қамтамасыз етудің ұлттық моделін құру жолымен шешілді. Оның мазмұнын жетілдіру мәселелерінде Түркияның жоғары оқу орындарын барынша дамытуға қол жеткізді. 1960 жылдан бастап, бұл елде екі деңгейлі модельді жүзеге асыру негізделген.

Бакалавриат Түркияда көптеген сұранысқа ие жоғары білім берудің базалық түрі мен деңгейі болып саналады. Бұл өз кезегінде университеттердің оқуға және оқытудың дәстүрлі әдістеріне бағдарланады. G.A. Baskan өз еңбектерінде шетелдік ЖОО-да «семестр» схемасы бойынша академиялық ұтқырлығы арқылы докторанттардың озық деңгейдегі білім алуға сұранысын ынталандыру стратегиясы жүзеге асырылып жатқандығы туралы баяндап өтеді[99].

Еуропалық білім беру кеңістігіне интеграцияны күшейту жағдайында Түркияның жоғары оқу орнының даму стратегиясында келесі құрамдас бөліктерді атап өтуге болады:

а) мекемелердің сапа мәдениетін қалыптастыру (жоғары оқу орнының ішкі жүйесін қамтамасыз ету және сапаны бағалау жүйесін жетілдіру);

б) реформалардың негізгі бағыттары бойынша өзара тиімді халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

в) инновацияларды дамыту үшін ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру;

г) Түркияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырудағы университеттердің рөлін арттыру (жүйені жетілдіру).

Түркияның жоғары оқу орнын басқару жүйесінің даму динамикасын зерттеу барысында G.A.Baskan еңбектерінен басқарудың даму кезеңінде жаңа моделді өз кезеңімен енгізілетіндігін және білім берудің модернизациясын байқадық. Сонымен бірге, әр алуан оқу орындарының (француз, неміс, американ) қызметіне академиялық тәсілдер, стильдер, ұйымдастыру принциптері енгізіледі және оның қазіргі кезде Түркияның жоғары оқу орындарының дамуына орасан зор әсер ететіндігіне көз жеткіздік[99, 23 б.].

Бүгінгі күні Түркияда :

- университет ректорын лауазымға бекітудің әр түрлі механизмдерін енгізу: тағайындау (басқарудың ағылшын-американдық түрі) және таңдау (алқалық принципін ұстану дәстүрі);
- жоғары оқу орнының бірыңғай түрін орнату (университет);
- жоғары білімді басқарудың ұлттық органына қамқоршылар мүшелерін енгізу – басқарудың ағылшын-саксон моделіне көшуді білдіретін жоғары білім кеңесі;
- әр түрлі ұйымдық-құқықтық формалар негізінде (мемлекеттік және жеке) жоғары оқу орнын диферсификациялау, іс-әрекет қағидасын мақсатты бағдарлау және университеттік басқарудың ағылшын-американдық модельдерін енгізудің нәтижесі ретінде;
- студенттерді оқытудың бірінші циклына орталықтандырылған қабылдау және оларды ЖОО-ға бөлу;
- университет мақсаттарының және мемлекеттік қаржының өзара байланысына негізделген қаржыландыру моделін енгізу;
- бір жағынан, ғылымның, білімнің және өндірістің өзара іс-қимылы негізінде басқару; жоғары оқу орны модельдерін диверсификациялау; институ-

ционалдық автономияға ұмтылу; еуропалық білім беру кеңістігіне ықпалдасу үдерісімен бастамашылық ететін басқарудың қазіргі заманғы құралдарын пайдалану (мақсатты қаржыландыру, стратегиялық жоспарлау, студенттік кеңестерді құру);

- екінші жағынан, түрік қоғамының дәстүрлі тәсілдері мен құндылықтарын көрсететін жоғары оқу орындарының академиялық бостандықтарын шектеу [100].

Білім беру сапасын қамтамасыз ету және бағалау жүйесін құру Түркияда кезеңдік дамуымен сипатталады.

Түркияда білім беру сапасын қамтамасыз етудің Берлин коммюникесіне сәйкес қазіргі ұлттық жүйесі (2003) бағалау жүйесінің бес негізгі компоненттеріне негізделген.

Білім беру сапасын бағалау және қамтамасыз етудің Түркиядағы ұлттық жүйесінің компоненттері: сыртқы және ішкі деп білуге болады. Бізді қызықтыратыны ішкі бағалау болғандықтан, тек осы аспектіге тоқталайық.

Жалпы, Түркияда сапаны бағалауды тәуелсіз ұлттық агенттіктер аккредиттеуді тікелей жүзеге асырады. Сонымен бірге, түрік университеттерінің өзін-өзі бағалауы халықаралық сарапшылар тарапынан бағалау мақсатын іске асырады [101, 54б].

Бағалау жүйесіндегі университеттердің маңызды рөлі мен орнын, стратегиялық жоспардың басым аспектілері олардың мүдделі тараптарға (мемлекетке, жұмыс берушілерге, студенттерге) қатысты жауапкершілігін растайтын тәуелсіз бағалаудың ұсынысы ретінде тұжырымдалады. Студенттер өкілдерінің қатысуы, білім беру қызметін тұтынушылар мен білім беру сапасын басқару мәселелерінде жоғары оқу орнының диалогына Түркияның барлық аккредиттеу органдарының қызметіне әсер етуі қарастырылады. Бұл еуропалық кеңістіктегі ғылыми-білім беру жүйелерін, мазмұнын, оқыту технологияларын және студенттердің білімін бағалауды жақындастыруға және салыстыруға мүмкіндік береді.

2005-2006 оқу жылынан бастап, Еуропалық тану құралдарын жаппай қолдана отырып, іске асырыла бастады. Бұл елдегі институционалдық/бағдарламалық аккредиттеуге халықаралық сенімді арттыруға ықпал етеді[102].

Бір ЖОО-да және басқа оқу орындарында (Трансфер функциясы) оқыған курстарды есепке алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ECTS жүйесі қолданылады. Осы курстың соңында білім беру сатысының үш деңгейіне де дипломға қосымшалар беріледі. Біліктілікті арттыру тәжірибесінде Түркияда бірлескен білім беру бағдарламалары ерекше орын алады. Олар университеттердің ғылыми-білім беру процесіндегі тығыз өзара іс-әрекет негізінде Еңбек ресурстарын дайындау деңгейін арттыруға мүмкіндік береді және екі мәдениет негізінде білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін дамытуға әсерін тигізеді.

Жоғары оқу орнының академиялық ресурсының сапасымен білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша стратегиялық міндеттері тығыз байланысты болып келеді.

Оқытушылардың көпшілігінде оқыту, академиялық біліктілігін арттыруға ынталандырудың болмауы, пәндік саладағы ғылыми қызметтің басымдығы, өзге тілді білуге кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейі, педагогикалық білім беру сапасына бірыңғай талаптардың сақталмауы, педагогикалық іс-әрекетте кепілдендірілген жұмыстың болуы ғылыми-педагогикалық мамандардың құзыреттілігімен байланысты мәселелердің негізіне жатады.

Түркияда білім беру сапасын арттыру стратегиясы шеңберінде оқытушылар құрамының кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінің сапасын арттыруға байланысты негізгі мәселелер зерттеуіміз көрсеткендей, төрт бағыт бойынша жүзеге асырылады екен.

Енді біз Түркиядағы жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби-педагогикалық қызметінің сапасын арттыру бағыттарына тоқталайық:

1. Ғылыми біліктілікті арттыру:

- Тәлімгерлік («Шебер – оқушы» моделін іске асыру»);

2. Өз бетінше білім алу.

3. Оқытушыларды аттестаттау шарттарын өзгерту:

- ең төменгі талаптарды ізденушілерге академиялық лауазымға енгізу (философия докторы (PhD);

- пән саласындағы зерттеу қызметіне көбірек көңіл бөлу;

4. Оқытушылардың шет тілдік құзыреттілігін дамыту:

- Жоғары талаптарды тілді меңгеру деңгейіне енгізу, яғни (шет тілінде сабақтар, біліктілік емтихандарын даярлау және жүргізу керектігі) құзыреттілігін дамытумен шектеліп отыр [103].

Айтылған мәселелер өз кезегінде оқытушылық іс-әрекеттегі педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау және сапа мәдениетін қалыптастыру негізінде іс-әрекеттің барлық аспектілерін білім беру сапасын жүйелі түрде жақсартуды көздейді.

Түркияда көріп отырғанымыздай, ғылыми-зерттеу әлеуетті күшейтуде ғылым мен білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту үшін оқытушылардың кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінің сапасын арттыру стратегиясы басты бағытқа қойылғандығын аңғаруға болады [104].

Америка Құрама Штаттары. Білім беру сапасын бағалау жүйесін қалыптастыру мен дамыту тәжірибесі АҚШ -та 100 жылдан аса уақытты қамтиды. АҚШ-та білім бағдарламаларының біртұтас үлгісі жоқ. Себебі, білім жөніндегі мәселе АҚШ Конституциясында қарастырылмаған. АҚШ-тағы аккредиттеу – бұл білім сапасын бақылаудың өзгеше жүйесі. Бұл білімді дамытушы бүкіл мүдделі тараптардың қызығушылықтарын ескереді және бақылаудың қоғамдық және мемлекеттік формаларын сәйкесінше үйлестіреді.

Негізінен, мұнда жоғары білім беру сапасына ішкі өзін-өзі бағалауға басымырақ көңіл бөлуімен ерекше сипатқа ие. АҚШ-та жоғары білім беру сапасын бағалаудың американдық моделі көп жылдар бойы қалыптасты. Ол өзіндік өзгешеліктері бар британдық және континенттік тәсілдерден түбегейлі өзгешеленеді[105,б.12-28]. АҚШ–тағы «ЖОО-мемлекет (штат)» қатынастарының үш моделі қалыптасқандығына және оларды негізге ала

отырып, осы мемлекеттің жоғары білім беру сапасын бағалау және басқару жүйесі қалыптасуы мұндағы бірінші өзгешелік болып табылады. Аталған қатынастар университеттің «Мемлекеттің үнемі ЖОО-нын қолдауы» және « ЖОО-ның мемлекет бақылап отырушы» ретіндегі жайын айқындаудан бастап, біршама проблемаларды шешуге құқығы бар қоғамдық бірлестік ретіндегі ЖОО-на дейін болуы ықтимал. Орын алып отырған жағдай білім беру қызметтері нарығында хаос тудыруы қажет болатын. Алайда, АҚШ-та қалыптасқан аккредиттеу жүйесі нарықтың өзі әзірлеген білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету тетігі ретінде «Төменнен аккредиттеудің» жарқын мысалы болып табылады. Екінші бір өзгешелігі, мұнда білім беру сапасын айқындайтын үш фактор бар: ашық бәсекелестік; білім беру жүйесін заңдар арқылы реттеу; аккредиттеу жүйесі. Осы аталған процестердің ішінен аккредиттеу өзінің назарын оқу бағдарламаларын интеграциялауға, жалпы бірыңғай сапа стандартын белгілеуге аударады. АҚШ-та аккредиттеудің үш түрі бар: бүкіл оқу орнын аккредиттеу; оқу бағдарламаларын аккредиттеу; аймақтық аккредиттеу[105, б.120-133].

Жоғары оқу орындарын жалпы аккредиттеуді қазіргі таңда АҚШ -тағы оқу орындарының өңірлік қауымдастықтарының агенттіктері жүргізеді. Бірінші түрі барлық оқу орнының жұмысын бағалайды. Жеке бағдарламаларды мамандандырылған немесе кәсіби деп те аталатын аккредиттеудің екінші түрі бағалайды. Өңірлік қауымдастықтар өңірлік аккредиттеумен айналысады, олар білім беру сапасының өңірлік талаптарына сай екендігін бағалайды.

Америка Құрама Штатының аймақтық аккредиттеу агенттіктерінің әрбірі талқыланатын, ылғи қайта қаралатын және сонымен қатар университеттердің назарына ұсынылатын өз критерийлерін даярлайды. Бұл негізінен, біртұтас қабылданған тоғыз критерийді құрайды, олар: мақсаттар, жоспарлау және тиімділік; басқару және әкімшілік; білім беру бағдарламалары; университеттің тұтастығы; студенттерге қызмет көрсету және білім беру жағдайларын қамтамасыз ету; материалдық ресурстар, профессорлық-оқытушылық құрам және қызмет көрсету персоналы; кітапхана, компьютерлер және басқа ақпарат көздері; жабдықтар; қаржы. Соңғы, үшінші өзгешелігі – АҚШ-тың жоғары оқу орындарын аккредиттеу тәжірибесінің көрінісі болып аккредиттеудің екі негізгі түрі-институционалды және мамандандырылған болып табылады.

Мұнда «оқыту сапасын жақсарту түйінінің» сызбасы MSA материал-дарында келтірілген. Сонымен қатар бұл жерде «білім беру – бағалау – жақсарту – білім беру» қағидасы жүйелі түрде іске асады. Бұл өз кезегінде жоғары білім сапасын жақсарту процесіндегі бағалаудың рөлін көрсетеді. Комиссия бағалаудың барлық нәтижелерін стандарттауды жоғары оқу орны бойынша іске асырмайды және білім беру мен оқытуды жетілдіруде механикалық әдістерді пайдалануға ұмтылмайды. Бірақ та, тұрақты өзін-өзі жетілдірудің негізі ретінде ЖОО-на бағалау нәтижелері қолданылатындығын көрсетеді.

ЖОО қызметін бағалау кезінде сараптама назары негізінен осы оқу орнының білім беру үдерісінің сапасын бақылаудың қамтамасыз етілуіне басты көңілдерін бөлуі -*Американдық аккредиттеу жүйесінің ерекше белгісі болып*

табылады. АҚШ-тағы аккредиттеу үлгісі – тарихи жағынан дербес бағалау, яғни, басқа бағдарламаларды, мекемелерді, тұлғаларды бағалау нәтижелеріне қатыссыз сәйкестікте, тұрақтылық пен дамуға білім беру феноменінің, бағдарламасының, мекеменің, тұлғаның қабілеттілігін бағалау ретінде қалыптасқан [104].

Ұлыбритания. Бұл елдің американдықтардан негізгі айырмашылығы, Еуропалық жоғары білім беруді бағалау жүйелерінің үкіметтік бағалаудың түпкі мақсаттарын тұжырымдау, негізгі сатыларды анықтау, сондай-ақ, бағалау нәтижелерін қолданғаннан кейін білім беру процесін ұйымдастырудағы өкілеттіктеріне негізделуі болып табылады. Ұлыбританияда бірыңғай «жоғары білім туралы заң» жоқ және ресми түрде Британдық университеттер тәуелсіз, өзін-өзі реттейтін ұйымдар болып табылады. Олардың көпшілігі қаржыландырудың бір бөлігін мемлекеттік бюджеттен алады: үкімет қаражатты ұлттық жоғары білім беруді қаржыландыру комитеттері мен ғылыми кеңестер арқылы салады. Студенттердің оқу ақысы және ғылыми-зерттеу келісімшарт-тары- Британдық университеттердің басқа кіріс көздері болып саналады.

Жоғары оқу орындары Ұлыбританияда мемлекет тарапынан танылғанымен, алайда, оның меншігі болып табылмайды. Олар өздерінің дәрежелері мен басқа да біліктіліктерін беру үшін танылғаннан кейін шексіз өкілеттіктерге ие. Тағы да айта кететін жайт, QAA (жоғары білім сапасына кепілдік беру агенттігі) емес, жоғары оқу орындарының өздері білім беру бағдарламаларын аккредиттейді. Сонымен бірге, заңнама талаптарына сай қаржы комитеттері өздері қаржыландыратын институттардың сапасын да, білім беру институттарында іске асырылатын институттардың сапасын да бағалауға міндетті. QAA ұйымдастыратын институционалдық аудиттер мемлекеттік қаржыландырудың керекті шарты болып табылады.

Сапа кепілдігі жүйесі бойынша Ұлыбританияда келесі мақсаттарды алға қояды:

- білім беру және кәсіби тәжірибе алу мақсатында студенттердің мүмкіндіктерін жетілдіру;
- жоғары оқу орындарының есептілігін мемлекеттік инвестицияларға қатысты қамтамасыз ету;
- жоғары оқу орындарының академиялық біліктілік стандарттарын сақталуын қамтамасыз ету;
- білім беру қызметтерінің сапасына кепілдік беру;
- білім сапасы мен стандарттары туралы немесе оны қажет ететіндерге сенімді ақпарат беру.

Негізгі ұғымдарды анықтаудың мәні - кез – келген сапа кепілдігі жүйесінің тиімділігін анықтайтын тағы бір маңызды мәселе болып табылады. «Академиялық стандарттар» және «академиялық сапа» QAA үшін ең бірінші мәселе.

Мұнда академиялық стандарттар дегеніміз - белгілі бір біліктілікке ие болу мақсатында білімгер оқу нәтижелерінің алдын ала белгіленген, нақты анықталған деңгейлеріне қол жеткізуі қажет. Ал, академиялық сапа дегеніміз-

білімгерлерді белгіленген оқу нәтижелері мен академиялық дәреже стандарттарына сай болу үшін максималды мүмкіндіктермен қамтамасыз ету мақсатында жасалған немесе ұсынылған барлық нәрселердің (білім беру мүмкіндіктері) тиімділігін сипаттау әдісі.

Білім беру сапасын бағалаудың ағылшындық моделі бүгінгі күні сапаны кәсіби сараптамалық бағалау түрін ұсынады. Академиялық қауымдастық мүшелерінің өздері жақсы сапаға қатысты шешімді қабылдап отырады. жоғары Білімді бағалау үдерісі Англияда бірте-бірте үкімет қаржыландыратын ұйымнан өзін-өзі бағалау тарапына ауысып келеді. Алайда, бұл оқу орнының жұмысын жақсарту үшін әдейі жүргізетін процесс емес. Дегенмен, өзін-өзі бағалау, мүдделі тұлғалардың білім берудің жоғары сапасына ие болады.

Қазіргі уақытта Ұлыбританияда университеттер мен білім бағдарламаларын аккредиттеудің көпсатылы жүйесі жұмыс жасап отыр. Quality Assurance Agency (QAA) үкіметтік ұйымы бұл жерде басты рөлді атқарады. Келісілген өлшемдер негізінде бірнеше британдық ЖОО QAA ұйымымен басқа оқу орындарының білім бағдарламаларын бағалауды жүргізеді. Ол өз кезегінде білім бағдарламаларын іске асырумен және білім беру мекемелерін аккредиттеумен айналысады. Айта кететіні аталған жай Ұлыбритания шекарасынан тыс жерлерде іске асырылады.

OUVS (Open University Validation Services)*бағалаудың келесі түрлерін жүргізеді:*

- *Диагностикалық* – білім бағдарламаларын іске асыруға қабілеттілігі мен әзірлігін анықтайды. Сонымен қатар, оқытудағы ықтимал проблемаларды анықтайды (сұхбат, тест);
- *Қалыптастырушы* – білім беру процесінің ажырамас бөлігі ретіндегі кері байланыс элементтерін қарастырады;
- *Қорытынды* – білім берудің нәтижелеріне байланыстыолқылықтарды немесе жетістіктерді бағалайды.
- *білім беру сапасын бағалаудың негізгі қағидалары OUVS болып табылады:*
- бағалау ашық, әділ, негіздемелі және шынайы болуы тиіс;
- бағалау оқыту нәтижелеріне қатынасы бойынша бағыттала жасалуы тиіс;
- бағалау жүргізілетін өлшемдер барлығы үшін анық болуы тиіс;
- бағалау, мүмкіндігінше, ұжымдық сипатта болуы тиіс;
- нәтижелер бағалануы тиіс ұйымнан басқа жерде талқылау нысаны болып табылмайды;
- нәтижелер тұрақты түрде қайта бағалауға ұшырап отырады.

Американдық аккредиттеу жүйесінен Ұлыбританиядағы білім беру сапасын бағалаудың негізгі айырмашылықтары:

- сараптама назары ЖОО қызметін бағалау барысында негізінен мамандарды әзірлеу сапасына және білім бағдарламаларының сапасына аударылады;

- сараптамалық метабағалау, яғни білім беру, оқыту, басқару- сапаны бағалау жүйесінің негізінде ЖОО тәжірибесінде өз жұмысында даярланып, пайдаланылатын қызметтер сапасын анықтау әдістерін бағалау жатады;

- қоғамда кең ауқымда бағалау нәтижесі ретінде ақпараттандыру орын алады (қоғамдық пікір негізгі басқару тетігі ретінде көрінетіндігіне айрықша назар аудару керек).

- *білім беру сапасын бағалау - Ұлыбританиядағы білім беру процесінің сапасын бағалаудағы іс-шаралардың маңызды бөлігі. Оның барысында келесі ұсыныстар ескеріледі:*

- *бағалау* – бұл жекелеген іс-әрекеттер жиынтығы емес, әрбір педагогқа оның кәсіби дамуы мен қызметте алға жылжуға көмектесуден пайда болатын тұрақты жүйелі процесс;

- *бағалау – тек* педагогтарға емес, сонымен бірге білім берудегі басқарушы мамандарға да жүргізіледі;

- бағалау жүйесін құру процесінде педагогтың кәсіби дамуына бағытталуы, педагогтың кәсіби потенциалын айқындауы, педагогқа қиындықтарды жеңуде жәрдем беру үшін сол қиындықтарды анықтау мәселесі қарастырылуы қажет;

- академиялық қауымдастықты бағалау мазмұны мен өлшемдерін даярлауға міндетті түрде қатысуы қажет.

Жалпы алғанда, сапаны қамтамасыз етудің алты аспектісін анықтайтын бірнеше көрсеткіштерді қолдануды ұсынады:

- Білім беру, оқыту, кері байланыс;
- Оқудағы табыстар мен жетістіктер, оқу ресурстары, студенттерді қолдау;
- Білім бағдарламалары, олардың құрылымы мен тиімділігі;
- Сапа кепілдемесі және оны жоғарылату шаралары.

Өзін-өзі қарастыруды жүргізу және келесі сараптамалық бағалау үшін бұл көрсеткіштер негіздеме болып табылады.

Франция. Мұнда халыққа білім беру, ғылыми зерттеулер мен технологиялар Министрлігі білім саласындағы саясатқа жауап береді. Жоғары білім беру жөніндегі заң бойынша құрылған және 1984 жылдан бастап әрекет етіп келе жатқан Ұлттық сараптамалық комитет жоғары оқу орындарының қызметін бағалайды. Жоғары білім беруді бақылау мен бағалаудың бұл ұлттық органы тек президентке бағынады және ешқандай басқарушылық құрылымға тәуелді емес. ЖОО қызметі жөніндегі ақпаратты сараптамалық комитет тұрақты түрде жинақтап, әр жыл сайын Президентке өз жұмысы бойынша және жоғары мектеп саласындағы жұмыс бойынша есепті жіберіп отырады.

Францияда білім беруді бағалау нәтижелері университеттерде мол ауқымда жарияланып, мемлекетке ғана емес, сонымен қатар қоғамға білім беру сапасын талқылауға жағдай жасайды. Аталған механизм жоғары білім берудің орталықтандырылған және тарихи түрде қалыптасқан жүйесін көрсетеді.

Айталық, Швецияда сәйкесінше инфрақұрылымды әзірлеуде оқу орындарына жәрдем беруге, ал Норвегияда білім беру процесінің өзі мен білім бағдарламаларын бағалауға айрықша көңіл бөлінеді. Бағалау процесін үкімет

тарапынан қаржылық қолдау көрсетілетін ұйымдардың оқу орны өзін-өзі бағалауды жүргізу шартты түрде маңызды болып саналады.

Финляндияда оқу орнының өзін-өзі бағалауы мен сырттай бағалау үйлестіріледі. Жекелеген құрылымдарды таңдай отырып, сарапшылар тарапынан, тексеру қолданылады. Мұнда 1996 жылы жоғары білім беру сапасын бақылау комитеті құрылған. Оның негізгі міндеті – бағалау жүйелерін дамытуда жоғары оқу орындарына әсерін тигізу болып табылады.

*Дания*да үкімет қаржыландыратын ұйымдар білім беру сапасын бағалауды іске асырады. Мұнда жоғары оқу орындарының өзін-өзі бағалауы оқу орнының өзі емес, сарапшылардан алынатын ақпараттарға негізделеді.

Іске асырылатын бағалау үдерісі тұтас оқу жылы бойында екі кезеңнен тұрады:

1 кезең – комитет жұмысының нәтижелерін талдай отырып, білім беру үдерісінің сапасын бағалау бойынша жиналыс өткізу.

2 кезең – комитеттің оқу жылы бойында атқарған жұмыстары бойынша есеп беретін қорытынды конференция [37, б. 70-71].

Жоғары білім сапасын бағалаудың Европалық елдердегі қалыптасқан жүйесінің американдық жүйеден негізгі айырмашылығы:

Біріншіден, білім сапасын бағалаудағы функционалдық тәсілдерді пайдаланады.

Екіншіден, АҚШ-та тұжырымдалған айырмашылығында, метабағалау-ды пайдалану, яғни белгілі мәртебеге қол жеткізу емес, іс-әрекетті жетілдіруге мүмкіндік беретін күшті және әлсіз жақтарын белгілеу.

Үшіншіден, ЖОО арасында сапа көрсеткіштерін салыстырмалы талдауды жүргізу, бұл сараптамалық комиссия білімнің белгілі бір саласындағы барлық бағдарламаларды бүкіл ел бойынша, сондай-ақ, елдер арасында сараптайтындығымен түсіндіріледі (Нидерландының сараптау комиссиясында әдетте жұмыс жасауға бір шет елдік маман тартылады, Францияның сараптамалық комиссиясында шет елдік мамандар 5%-ды құрайды).

Төртіншіден, басқа ЖОО көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізу (бенчмаркингтік тәсіл) нақты мақсаттарға мекеме қызметінің сәйкестігін бағалауды жүргізеді.

Бұл бағалаудың американдық жаңа формаларын ұсынады:

- институтты, жекелеген білім бағдарламаларын бағалаумен қатар, тұтастай бағалау (Франция);
- құрылымдық бірліктердің өзін-өзі қарастыруы (Франция, Нидерланды);
- бағалаудың білім беруді басқару ұйымдарымен тікелей байланыспайтын, арнайы ұйымдастырылған құрылымдары;
- сараптамалық комиссия есебін білім сапасын бағалау нәтижесі ретінде кең көлемде жариялау (Франция, Нидерланды) [37, б. 71-72].

Сапаны бағалау жүйесін әлемде шартты түрде екі негізгі модельге бөлуге болады.Жоғары білім сапасын бағалау жүйесінің екінші моделі – «ағылшындық» бағалау жүйесі. Осыны негізге ала отырып, жоғары оқу орнының академиялық

қауымдастығының ішкі өзіндік бағасын есепке алады. Ол Ұлыбританияда, Германияда, АҚШ-та, Латын Америкасы елдерінде қолданылады.

Ішкі бағалау рәсімдері бұл ретте аталған елдердің әрқайсысында іске асырылады. Айырмашылығы – осы процедуралардың басымдылығы саласында көрініс береді.

Құқықтық қамтамасыз ету, білім сапасын басқару, стандарттау, бақылау жүргізу, білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу арқылы іске асырылады (ҚР «Білім туралы» Заңының 54-бабы).

Жоғары білім берудің сапасын қамтамасыз ету жүйесі Қазақстанда қалыптастырудың бірнеше кезеңінен өтті:

- 2001-2005 жылдар – мемлекеттік аккредиттеу процедурасын енгізу;
- 2006-2012 жылдар – сапаны бақылаудан сапаны қамтамасыз етуге өте бастау, мемлекеттік аккредиттеу функцияларын тәуелсіз бәсекелес ортаға беру;
- 2010 жыл – Болон декларациясына қол қою және ESG ұстанатындығын растау;
- 2013-2017 жылдар – екі ұлттық агенттіктің ENQA еуропалық желісіне және EQAR тізіліміне енуі, ұлттық аккредиттеу органдарының стандарттарын ESG 2015 талаптарына сәйкес қайта қарастыру, Қазақстанның үкіметтік мүше ретінде EQAR Ассамблеясына қатысуы, қазақстандық ЖОО-ның халықаралық рейтингтердегі жайғасымы. Аккредиттеу процесіне әртүрлі стейкхолдерлер кеңінен тартыла бастады, азаматтық ЖОО-ы үшін аттестаттау процедурасынан толық бас тартады;
- 2018 жыл – ЖОО-ның қызметін реттейтін заңнамалық актілер мен нормативтік-құқықтық құжаттарға өзгертулер енгізу.

Сапаны қамтамасыз етудің қазақстандық жүйесінің ілгерілеуі екі қазақстандық агенттіктің – АРТА және БСҚТА (бұрын БСҚҚТА) агенттігінің халықаралық деңгейде танылуын ерекше атап көрсетеді. 2016 жылы АРТА және 2017 жылы БСҚҚТА ENQA-ның толық мүшесі болып, EQAR-ге ойдағыдай кірді.

Агенттіктің еуропалық және халықаралық деңгейде ресми танылуы НААР үшін негізгі стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады. Халықаралық желілерге кіру жұмыстары сапаны қамтамасыз ету бойынша құрылған сәттен бастап, жүргізілді. Жалпы айтқанда, НААР 2011 жылдан бастап, INQAAHE, CHEA, IREG толық мүшесі, APQN аралық мүшесі болып табылады. 2015 жылдан бастап, CEENQA-орталық және Шығыс Еуропа елдерінің жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің желісі сияқты беделді еуропалық желінің толыққанды мүшелерінің қатарын толықтырды. Халықаралық еуропалық желілерге толыққанды мүшелікке өту арқылы НААР аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары халықаралық аккредиттеуден өту мәртебесіне ие болып отыр. Халықаралық аккредитация алуға жоғары оқу орындарының барлығы міндетті, себебі мемлекеттік үлгідегі дипломдар беру және кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс алу құқығы осыған байланысты. Осы тұста, жоғары оқу орындарын аккредиттеуден өтуге мемлекеттік ынталандырудың маңызы жатыр. 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап, ҚР "Білім туралы" Заңына сәйкес мемлекеттік үлгідегі

дипломдар беру және білім беру гранты негізінде жоғары білімі бар кадрларды даярлауға қаржыландыру халықаралық аккредиттеуден өткен ұйымдарда ғана іске асырылып келеді. Сонымен бірге, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап, бұл ынталандыру тетіктері кәсіптік білім беру жүйесіне де тартылып отыр.

Қазақстандық жоғары оқу орындарына халықаралық аккредиттеу өзін бәсекелестік алаңда көрсетуге, өзінің жоғары мәртебесін растауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл біріншіден, ЖОО туралы қоғамдық пікірді жақсартуға, ұсынылатын білім сапасына жауапты болуға, оқуға түсу үшін талантты жастарды тартуға мүмкіндік берсе, екіншіден, бұл ұлттық аккредиттеу органының беделінің өсуінің және аккредиттеу қызметтеріне сұраныстың артуын дәлелдейді.

НААР ENQA-ның толыққанды мүшесі ретінде ұйымның саясаты мен стратегиялық міндеттерін ұлттық деңгейде ілгері дамытуға, сапаны қамтамасыз ету саласындағы еуропалық ынтымақтастыққа көмектесуге, жоғары білімнің Еуропалық кеңістігін үйлестіруге өз үлесін қосып келеді. Сөз болып отырған жоғары мәртебе Агенттікке Болон декларациясына қол қойған елдерде, сонымен қатар Орталық Азия аймағында халықаралық аккредитация жүргізуге мүмкіндік береді. Олардың қызметін сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша агенттік жоғары сенім дәрежесін алған аккредиттеу агенттіктерінің Еуропалық тізілімі – EQAR-ға кіру үшін стратегиялық міндетті жүзеге асыру мақсатында одан әрі іс-қимылдар жасайды. Бұл біріншіден, EQAR-ға қосу туралы шешім ESQA бағалауының сәтті өту нәтижелеріне және ESG еуропалық стандарттарына сай болуына байланысты.

ENQA сарапшылары аудит қорытындысы бойынша стандарттарында ұлттық жоғары білім беру жүйесінің интеграциясы контексіндегі жаңа сын – тегеуріндерге жауап беретін сапаны қамтамасыз ету жүйесіне ESG-2015 ұсынымдары, объективтілік, ашықтық, тәуелсіздік, ақпараттандыру және қолжетімділік құралдары көрініс тапқанын атап көрсетті.

Агенттіктердің қызметіне ESG стандарттары стейкхолдерлерді кеңінен тартуды, халықаралық сарапшылар комиссиясының құрамына қатысуды көздейді, сапаны бағалаудың ашықтығы осылайша қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта жоғары, медициналық, техникалық және кәсіптік білім беру бойынша сараптамалық кеңестер, сондай-ақ, апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссия құрылды. Мұнда апелляция тетігі аккредиттеу рәсімдерінің тиімділігіне елеулі ықпал жасап, сапаны бағалау процесіне тартылғандардың бәрінің жауапкершілігін арттырады.

Бүгінгі таңда агенттік қауымдастықтармен және кәсіби бірлестіктермен, оның ішінде «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен (ҰКП), ҚР Ұлттық медициналық қауымдастығымен және басқалармен әлеуметтік әріптестікті белсенді дамытып отыр. Сонымен қатар қажетті меморандумдарға, әсіресе, аккредиттеу стандарттарын дамытуға, олардың жұмыс берушілердің білікті кадрларды әзірлеу талаптарына барынша сай болуын белгілеуге, содан кейін, білікті сарапшылармен деректер базасын толықтыруға, сараптамалық топтар мен кеңестердің жұмысына қатысуға белсенді тартылатын әлеуметтік

әріптестермен қол қойылды. Кәсіби бірлестіктер ұсынған сарапшылар курстан өтеді, оның барысында олар аудит жүргізу құзыреті мен тәуелсіз мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады. Мысалы, 2015 жылдан бері «Атамекен» ҰКП-мен меморандум аясында өңірлік палаталар ұсынған жұмыс берушілерді оқытып келеді.

ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы, 2018 жылдан бастап, қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына тәуелсіз бағалау жүргізіп келеді.

Мұнда 17 критерий бойынша рейтинг өткізіледі, соның ішінде: жұмысқа орналастырылған бітірген түлектердің пайызы және олардың орташа жалақысы, бітіргеннен кейінгі жұмысқа тұру ұзақтығы, сонымен қатар бағдарламалардың өзектілігін бағалау сияқтылар. «Атамекен» ҰКП рейтингін тек қана ЖОО емес, білімгерлер оқитын әрбір білім беру бағдарламасы жеке бағалайды. Рейтинг құрастырушылар жоғары оқу орындары бойынша арнайы жалпыланған баға қалыптастырмайтынын атап көрсетті. Мұнда басты нәрсе жұмысқа орналасуға аударылатындығын ескере отырып, мәселен, жоғары оқу орындарының студенттерінің көрсеткіштерін қаржылық мамандықтарға көп көңіл бөліп, техникалық мамандарды әзірлеуге бағытталған көрсеткіштермен салыстыру қиындықтарға әкеледі. Бүкіл критерийлер үш блокқа бөлінеді: бұл бітірген түлектердің мансаптық перспективалары, білім беру бағдарламаларының сапасы және білім алушылардың жетістіктері. Бұлардың барлығы өз кезегінде нақты бір білім беру бағдарламасын бағалаудың 100% береді.

ҚР «Білім туралы» Заңында «білім беру саласындағы уәкілетті орган қалыптастырған, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастықтарына кірген ұлттық және шетелдік аккредиттеу органдарының тізбесі» ретінде анықтады.

Сапаны басқару саласындағы Болон үдерісімен байланысты тәсілдемелер негізгі тренд болып табылады. Арнайы стандарттар, ESG аналогы сапаны басқару саласында әлі әзірленген жоқ. Дегенмен, 2017 жылы 13 желтоқсанда Еуразиялық экономикалық комиссия ЭЫДҰ ең үздік тәжірибелерін пайдалану жөнінде ұсыныстар дайындайды (реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің әсерін бағалау, ЭЫДҰ-ның статистика, соның ішінде білім беру саласындағы тәжірибесін пайдалану. Осы стратегия аясында әзірленген тәжірибені енгізу, ғылым, технологиялар мен инновациялар саласында бірыңғай ақпараттық-талдамалық ресурсты дамыту жөнінде қызметті жүзеге асырған кезде ЭЫДҰ-ның Инновациялық саясат тұғырнамасын, корпорациялық басқару, жеке деректерді өңдеу және қорғау және ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын қолдану).

А.А. Вербицкий жоғары білім беру психологиясы мәселелерінің жетекші зерттеушілерінің бірі, ол білім беруде төмендегідей тенденцияларды ажыратады:

Бірінші тенденция – үздіксіз халықтық білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде білім берудің әрбір деңгейін ұғыну.

Екінші тенденция – оқытуды индустрализациялау, яғни оны компьютерлендіру және онымен бірге жүретін оқытуды технологизациялау, ол қазіргі замандағы қоғамның интеллектуалдық әрекетін іс- жүзінде күшейтуге мүмкіндік береді [106].

Л.П. Безуглова осындай принциптердің жүйесіне дамудың шығармашылық сипатын, дамудың әлеуметтік мәдени контексінің жетекші рөлін; дамудың сензитивтік кезеңдерін; бірлесіп әрекеттесу және қарым-қатынас жасауды кіріктерген [107].

Сапаны ішкі қамтамасыз ету саласында ESG 10 стандарты мен ұсынысы анықталды.

Сонымен бірге, халықаралық стандарттардың негізгі тезистерінің бірі *ЖОО-да сапаны қамтамасыз ету жөніндегі саясатты бекіту* болып табылады. ESG стандарттарына сай келетін сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйелерін даярлау бойынша талаптар ЖОО қызметінің үлгілік қағидаларында белгіленген. Халықаралық деңгейде танылған ұлттық аккредиттеу органдары әзірлеген институционалды және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарында да бұл талаптар қарастырылып, қамтылған[92].

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес қазақстандық ЖОО-да сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін дамытудың негізгі тенденциялары кестеде көрсетілген (кесте 4).

4-кесте. Қазақстандық ЖОО-ның сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тенденцияларына қысқаша шолу

Стандарт	Сәйкестікті сипаттау
1	2
Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат	ЖОО-лар жұртшылық үшін қолжетімді және олардың стратегиялық менеджментінің бір бөлігі болып табылатын сапаны қамтамасыз ету жөнінде әзірленген саясатты жүзеге асырып жатыр. Барлық қазақстандық ЖОО-ларда сапаны арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтитын даму стратегиялары қалыптастырылып жатыр. ҚР БҒМ нормативтік-құқықтықактілері мен ұсынымдары негізінде ЖОО-ы стратегияларды әзірлейді
Бағдарламаларды әзірлеу және Бекіту	Өздерінің бағдарламаларын әзірлеу және бекіту үшін ЖОО-да процедуралар жұмыс жасайды. Бағдарламалар оқытудың күтілетін нәтижелерін қосқанда, қойылған мақсаттарға сәйкес әзірленеді.
Студенттерге дәлденген (студенттерге бағытталған) оқыту, сабақ беру және бағалау	Қазіргі уақытта ЖОО оқу процесіне студенттерге бағытталған оқыту қағидаларын белсенді енгізіп жатыр. Студенттер білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады, оқытудың жеке-дара траекториясын қалыптастырады, студенттердің өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру арқылы сапаны қамтамасыз ету жүйесіне тартылады, алқалық басқару органдарына қатысады. Оқыту үдерісінде студенттердің белсенді рөлін дамытуға бағытталған студенттерге дәлденген оқытуды енгізу, білім беру бағдарламаларының мазмұнын нәтижелік-бағытталған бағытқа ауыстыру академиялық дербестікті ұлғайтумен байланысты негізгі инновация болып табылады.

4 – кестенің жалғасы

Студенттерді қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау	ЖОО-да қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау кіретін студенттік «өмірлік циклдің» барлық кезеңдерін қамтитын ережелер әзірленген және анықталған.
Оқытушылар құрамы	Оқытушылар құрамының сапасы лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және лауазымдардың біліктілік сипаттамалары негізінде қамтамасыз етіледі. Оқытушы конкурстан өту арқылы жұмысқа қабылданады.
Білім беру ресурстары және студенттерге қолдау көрсету	Қазір негізі ресурспен қамтамасыз етуден білім беру ортасын және студенттерге қолдау көрсету жүйесін құруға аударылып отыр.
Ақпаратты басқару	Әр түрлі механизмдердің көмегімен білім алушылардың және нарық сұраныстарының қанағаттанушылығы жыл сайын зерделенеді: барлық мүдделі тұлғалардың арасында сауалнама жүргізіледі.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің нормативтерін реттейтін жұмыстарды жүйелеуде мониторинг нәтижелері қиындықтар бар екенін көрсетті. Аталған мәселе бірнеше ЖОО-да ИСО 9001 талаптарына сүйене оырып, әзірленген сапа менеджменті жүйесімен шектеледі. Сапаны қамтамасыз ету ережелері, құжатталған процедуралар, сапа саясаты, білім беру сапасының нұсқаулығы, ЖОО-ның жарғысы және ЖОО ішіндегі басқа да құжаттар сапаны қамтамасыз ету механизмдері мен құралдарын қолдану тәртібін реттейтін ішкі құжаттар ретінде көрсетілді[108, 48 б.].

Көбінесе ЖОО-ның педагогикалық ұжымында тұтас жүйе болмайды – білім беру бағдарламалары ҰБШ, БСШ-ға, кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленуі, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілуі тиіс. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібінің, сондай-ақ, дамытуды жоспарлаудың жүйелі түсінігі жоқ. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және қайта қарау процедурасы ғылыми-педагогикалық ұжыммен келісілуі және ЖОО-ның ішкі құжаттарымен реттелуі қажет. Сонымен бірге ескеретін жайт, білім беру бағдарламаларын әзірлеуде жоғары оқу орындары бекітілген кәсіби стандарттардың жеткіліксіздігін және жұмыс берушілер белсенділігінің төмендігін көрсетіп отыр.

Жалпы айтқанда, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін нығайту үшін *қазақстандық ЖОО академиялық қызметтер мен құрылымдық бөлімшелердің сапалы құрамын күшейтуге кеңес беріледі*. Университеттің ішкі құжаттары мен ережелерін, яғни академиялық және ғылыми саясаты мәселелерін реттеуді түбегейлі қайта қарастыру керек. Ескеретін нәрсе, аталған жұмыс қазақстандық ЖОО-ның институционалды, академиялық және басқарушылық дербестігі аясында жаңа нормативтік құқықтық база шеңберінде іске асырылуы керек.

Сапаны анықтаудың шетелдік, отандық тәжірибелерін сараптай келе өзіндік өлшемдеріне тоқталайық:

- педагогикалық үдеріс барысы;
- білім алушылар мен оқытушылардың ғылыми әрекеті;

- мекеменің ішкі және сыртқы имиджі;
- оқытушы мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасы;
- жалпы педагогикалық-психологиялық ахуал;
- құжаттардың реттілігі мен сай келуі;
- оқытушылар мен білім алушылардың қызығушылығы мен ынтасы;
- олардың әлеуметтік жай-күйі (жатын орны, тамақтануы, денсаулығының қадағалануы, төлем ақының еңбекке сай болуы т.б.).

Біз шетелдік және отандық тәжірибедегі жоғарыда қарастырылған білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық мазмұны мен жүйесінің маңызын анықтау мақсатында оларға қысқаша сипаттама беріп өтуді дұрыс санадық. Мәселен, *педагогикалық мазмұнының маңызы* – білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және білім беру үдерісі. *Психологиялық мазмұнының маңызы* – білім беру бағдарламаларына сай, оқу-тәрбие, білім беру үдерісінің білім алушыларға әсері.

Біз параграфтың мақсатына байланысты, жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мазмұны мен жүйесін шетелдік және отандық тәжірибе негізінде келесі 5-кестеде жүйеледік.

5-кесте. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мазмұны мен жүйесі

Педагогикалық мазмұны мен жүйесі	Психологиялық мазмұны мен жүйесі
Түркия	
- Инновациялық іс-әрекетке теориялық және практикалық дайындығы; - Білім беру және ғылыми қызметтің бірлігі; - Оқытуды ұйымдастыру және өткізу;	- Инновацияларды дамыту үшін ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру; - Мекемелердің сапа мәдениетін қалыптастыру; - Өзара тиімді халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
- Оқу курстарын әзірлеу мен өткізудегі пәнаралық және халықаралық ынтымақтастық.	- Қоғамның қажеттіліктерін қанағаттан-дырудағы университеттердің рөлін арттыру
АҚШ	
- Оқытушылар құрамының сапалық сипаттамасы; - Білім беру үдерісін ұйымдастыру; - Білім алушыларды қалыптастыру, сақтау және оларға әлеуметтік қолдау көрсету механизмдері; - Білім беру қызметтерінің мазмұны мен даярлау құрылымы.	- Білім беру мекемесінің әлеуеттін арттыру; - Бағалау нәтижелерін талдау мен зерттеу; - Білім алушылардың бәсекеге қабілетті маман болуына мотивациялық жағдай туындату; -Білім беру мекемесінің стратегиялық жоспарының айқын болуы мен нәтижелілік көрсеткіштерге ие болуы.
Ұлыбритания	
- Білім беру бағдарламаларын іске асырудағы тәуелсіздік; - Академиялық белсенділікті тиімді ұйымдастыру;	- Білім беру бағдарламасының мақсат-міндеттеріне сәйкес, аймақтық және ұлттық ерекшеліктерге айрықша көңіл бөлу;

5-кестенің жалғасы

- Интеллектуалды меншіктің болуы.	- Отандық және шетелдік жетекші оқу орындарындағы озық тәжірибелерді меңгеру; - Білім беру мекемесіндегі адами ресурстардың интеллектуалдық әлеуетін күшейту.
Қазақстан	
- Білім алушыларға бағытталған оқыту, сабақ беру және бағалау; - Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі және сертификаттау; - Оқытушылар құрамы; - Ақпаратты басқару.	- Оқытудың жеке-дара траекториясын қалыптастырады, академиялық дербестікті ұлғайту; - Білім алушылардың «Өмірлік циклін» жақсартуға жағдайлар туғызу; - Оқытушыларды жұмысқа конкурс арқылы қабылдау және олардың базалық білімі мен ғылыми дәрежесін есепке алу. - Нарықтық сұранысқа сай білім үдерісіне қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, жыл сайынғы даму динамикасын мониторинг арқылы бақылау жүргізу және талдау.

Шетелдік және отандық жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың жоғарыдағы кестеден көргеніміздей, өзіндік педагогикалық және психологиялық ерекшеліктерін және өзара байланысының анықталғандығын көруге болады.

Қорыта келгенде, шетелдік және отандық тәжірибедегі жоғары білім беру сапасын ішкі бағалауын қарастыру, Халықаралық деңгейде танылған ұлттық аккредиттеу органдары әзірлеген институционалды және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын зерделеу мәселесінің өзектілігін нақтылай түсті.

1.3 ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық тұжырымдамалары

Ақпараттың қарыштап өсуі жоғары білім беру үдерісі білім беру жүйесіндегі өзгерістерді ынталандыратын объективті факторлардың бірі болып табылады. Бүгінгі постиндустриалды қоғам ылғи өзгеріп отыратын өмір жағдайларына тез бейімделе алатын маманға қызығушылық танытады. Бұл жағдайда білім беру жастарды өмір бойы оқуға үйретуге және оларға кез келген салада білім алу әдістемесін беруге бағытталуы керек. Бұл ретте жоғары оқу орындары қызметінде байқалатын өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын, оқыту әдістемелерін, ұйымды техникалық қамтамасыз ету құралдарын, оқу процесін басқаруды және оған қызмет көрсетуді қоса алғанда, көп жоспарлы көрініс табуы мүмкін, бұл жоғары оқу орнын басқару жүйесінен жоғары икемділік пен ұтқырлықты талап етеді.

Білім беру сапасын бағалаудың бүгінгі таңда көптеген елдерде ұлттық жүйелері мақсаттары, міндеттері, өлшем шарттары мен рәсімдері, осы процеске мемлекеттік және қоғамдық және кәсіптік органдар мен мекемелердің тартылу дәрежесі бойынша өзгешеленуі ықтимал, алайда, бүкіл жағдайларда білім беру сапасын бағалау екі: ішкі (өзін-өзі бағалау) құрауыштарға негізделуі қажет, бұл

ретте осы құрауыштарды анықтаудың нақты белгілі тетіктері өте ерекше болуы мүмкін деп танылады [109].

Білім беруді басқарудың да, білім беру бағдарламаларының да сапасы, жалпы айтқанда мекемелер өздерінің қызметін құруға тиіс қажетті заңнамалық-нормативтік негізді, базаны, платформаны құрайды. Бұл білім беру мекемелері, олар қолданыстағы жүйенің сапасын объективті бағалай алатын білім беру қызметтерінің тұтынушыларымен өзара бір-бірімен тікелей әрекетке түседі. Сонда ғана, бұл білім беру мекемелерінің сапа деңгейі, дәлірек айтқанда, олар көрсететін білім беру қызметтерінің сапа деңгейі- жалпы білім беру жүйесінің сапасын анықтайтын фактор жүзеге асады.

Білім беру сапасын бағалауды жүзеге асыруға субъектінің қатысуы екі басты фактормен іске асырылады: бірінші бағалау объектісіне зерттеу қызығушылығының болуымен анықталса, екіншісі, оны іске асыру үшін мүмкіндіктер мен шектеулердің болуымен түсіндіріледі. Сапаны бағалауға қатысу жөнінде өз еркімен шешім қабылдау барысында бағалаудың уәждемелік компоненті барынша жоғары деңгейде болатынын айта кеткен дұрыс. Бұл бағалау қызметін ұйымдастыру мен компонент бағалау процесін іске асыруда маңызды болып табылады [110.].

Біз білім беру сапасын бағалаудың негізгі теорияларына талдау жасау зерттеу бағытымыздың міндеті болғандықан, бұл мәселеге де тоқтауды жөн көрдік.

Іс-әрекет нәтижелерінің көрсеткіші бойынша Ральф Тайлер ұсынған тәсілмен білім беру бағдарламасының жетістік дәрежесін анықтауымен байланысты болады.

Оқытушылар, білім алушылар және қоғамның қызығушылығын есепке ала отырып, білім беру мақсаттарын қалыптастыруға бағытталған тұғыр арқылы тұжырымдалады- бұл *Ральф Тайлердің негізгі идеясы* болатын. Білім беру сапасын объективті бағалауды көрсету, яғни зерттеуде қол жеткізілген нәтижелерге қанағаттанушылық және пайдалылығы, нәтиже көрсеткіштерінің нақты, айқын құрастырылуын талап етуі- бұл моделдің бастапқы алғышарты еді [111].

Мысалы шет елдердегі мұғалімдерді бағалаудың мазмұны пәнді немесе жалпы құзыреттерді білу емес, оның кәсіби қызметінің аспектілері болып табылады. Мұғалімдерді тестілеу тәжірибеден өтетін елдерде әдетте мұғалімнің мамандыққа келуімен, сынақ мерзімінің аяқталуымен немесе мұғалімнің лицензиялануымен байланысты. Ұлыбританияда барлық стажер-мұғалімдер білікті мұғалім мәртебесіне (QTS) ұсынбас бұрын санау және сауаттылық құзыреттілік сынақтарынан өтуі керек. АҚШ-тың бірқатар штаттары тәжірибелі мұғалімдерді кәсіби дамыту, сақтау және тануға арналған мұғалімдерге ерікті тестілеуді ұйымдастырады. Мұғалімдерді бағалаудың негізі және эталоны ретінде кәсіби оқыту стандарттарына сүйену мұғалімдерді бағалау жүйесінің әділдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін үнемі маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта шетелдік білім беру қауымдастығы іс-әрекет әдістерін анықтауға негізделген кәсіби стандарттарды құру үшін бағалау үлгілерін кеңінен қолданады, олардың дамуы мұғалімге кәсіби міндеттерді тиімді жүзеге асыруға

мүмкіндік береді. Ең танымалдары Дэниэлсонның (C. Danielson) және Марзаноның (Р. Дж. Марзано) «Моделі», Стронгтың мақсаттар мен рөлдердің моделі (Дж. Стронг), Дарлингтің нақты іс-әрекет тәсілдерінің тізімдері. Хаммонд және т.б. (Л. Дарлинг-Хеммонд, Дж. Брансфорд) және Вестбрук т.б. (Дж. Вестбрук, Н. Дуррани, Р. Браун, Д. Орр, Дж. Прайор, Дж. Бодди, Ф. Сальви) 13 Дэниэлсон әзірлеген мұғалімнің кәсіби қызметін жетілдіру және бағалау моделі аясында (C. Danielson) , кәсіби педагогикалық қызметтің 4 бағыты бөлінеді: 1) жоспарлау және дайындық; 2) оқу ортасы; 3) әдістемелер мен оқыту әдістері; 4) кәсіби міндеттер. Бұл аймақтар 22 құрамдас бөлікке және 76 элементке бөлінген. 76 элементтің әрқайсысы бойынша біліктілік төрт деңгейде бағаланады: нашар, негізгі, кәсіби және ерекше. Марзано (R. J. Marzano өзінің моделін мұғалімге 10 сұрақ түрінде ресімдейді. Онда анықталған сұрақтардың көпшілігі (онның тоғызы) «Сыныптағы стратегиялар мен мінез-құлық» тарауында берілген, олар оқу-тәрбие процесінің 41 элементі арқылы егжей-тегжейлі баяндалған, анық және бір мағыналы тұжырымдалған және үш сабақ сегментіне бөлінген. мұғалімнің бақылауын оңтайландыру және нәтижелерді бекітуді жеңілдету. Соңғы сұрақ үш топқа біріктірілген 19 элементті пайдалана отырып егжей-тегжейлі қарастырылған: «Жоспарлау және дайындық», «Сыныптағы жұмыс нәтижелерін және өзінің кәсіби өсуін көрсету», «Ұжымдық және кәсібилік». 60 элементтің әрқайсысын бағалау шкалаларды қолдану арқылы жүзеге асырылады, мұнда оның орындалу дәлелі 5 деңгей бойынша бағаланады: 1) көрінбейді; 2) бастапқы; 3) дамуда; 4) кәсіби; 5) инновациялық. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің сапасын бағалау үшін бұл негізді қолдануды мұғалімдер де, білім беру әкімшілері де мақұлдайды, өйткені оларға сабақ барысында олардың сәйкестігін көрсету және бағалау кезінде егжей-тегжейлі және нақты тұжырымдалған критерийлер берілген. Сонымен қатар, бұл модельдер мұғалімнің өзін-өзі дамыту перспективаларын, кәсіби тапшылықты жою бойынша оның жұмысының бағытын айқын көрсетеді. Кейде бұл бағалау үлгілері тәрбиешінің әдеттегі мәселелерін шешу үшін әзірленеді. Бұл Дж.Стронг әзірлеген «Мақсаттар мен рөлдер» моделіне қатысты). Бұл модель мақсат қою мен жоспарлаудың маңыздылығына баса назар аударады және оқу нәтижелерін әзірлеуге арналған нұсқауларды қамтиды. Модель табысы төмен Латын Америкасы елдерінде пайдалануға арналған, оны Оңтүстік Американың Америка мектептері қауымдастығы (AASSA) пайдаланады және табыстың алты стандартынан (жалпы санаттары) және мысал бола алатын табыс көрсеткіштерінің икемді жиынтығынан тұрады. Мұғалімнің жетістігі туралы деректер әртүрлі құралдар арқылы жинақталады және мұғалімге мазмұнды кері байланыс береді деп саналады. Бұл құралдар мұғалімнің тұжырымдаған білім беру нәтижелерін олардың шынайылығы мен оқушылардың үлгеріміне пайдалылығы тұрғысынан талдау, сабақтағы бақылаулар, мұғалімнің құжаттамаларын талдау, оқушылармен әңгімелесу болып табылады. Мұғалімнің нәтижелері төрт деңгейде тіркеледі: қолайсыз, жетілдіруді қажет ететін, шебер және үлгілі. Білім берудегі бағалау саласының мамандары, әсіресе, экономикасы дамымаған елдерге келгенде, бір елде қабылданған мұғалімдерді бағалау

тәжірибесін екінші елдің топырағына көшіруге көп көңіл бөледі. Мысалы, әдетте, үлкен сынып бөлмелері және шектеулі ресурстары бар оңтүстік Африка елдерінде Батыс тәжірибесін қолдану қолайсыз болып табылады және сондықтан мұғалімдерді бағалаудың әртүрлі тәсілдерін нақты елдің жағдайларының басымдықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеуге шұғыл түрде назар аудару қажет. Мұғалімдер қызметінің көрсетілген ерекшелігі осы елдер үшін әзірленген кәсіби стандарттардың мазмұнында көрінеді. Жоғарыда талқыланған бағалау үлгілері, атап айтқанда, Дэниэлсон (C. Danielson) әзірлеген бағалау жүйесі мұғалімді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдау үшін де қолданылады, өйткені сарапшылардың пікірінше, бұл мұғалімнің әлеуетті жетістігін бағалауға мүмкіндік береді. Ханушектің (Е.А. Ханушек) пікірінше, мұғалімнің жетістігін «болжау» қабілеті өте маңызды. Бірқатар зерттеулерінде ол мұғалімнің сабақта нәтижелі бола алмауының әсерін зерттеп, мұғалімнің сәтсіздігі оқушының табысына ұзақ мерзімді теріс әсер етуі мүмкін деген қорытындыға келді. Сондықтан дұрыс зерттеулерге негізделген бағалау моделі жұмысқа қабылдау процесіне бағыт-бағдар бере алады, жақсы кәсіби тәжірибені құрайтын нәрсені түсіну және тұжырымдау үшін негізді қамтамасыз ете алады және процеске қатысатын адамдарға деректерді жинау және түсіндіру туралы шешім қабылдағанда ортақ тілді қолдануға мүмкіндік береді- дейді Дж.Стронг .

Сапаны ішкі бағалау бойынша зерттеуде көптеген шетелдік, отандық теориялар талданды. Атап айтсақ: педагогикалық өлшем теориясы Б.П. Битинас, И. Пфанцаль, В.М.Полонский, В.И. Михеев отандық зерттеушілерден, С.М. Құдайқұлов, Т.О. Балықбаев, Ш.Т. Таубаева, Г.С. Примбетова, Г.С Минажева.

Шетелдік: Н.А. Селезнева, В.И. Загвязинский, В.П. Панасюк, В.Г. Казаков, Б.К. Коломиец, ал отандық ғалымдар: А.Қ. Құсайынов, Б. Дамитов т.б., педагогикалық білім беру сапасын бағалау теорияларын қарастырған.

Бүгінгі таңда шетелдерде де, біздің республикада да білім беруді жетілдірудің жетекші бағыттары қағида ретінде тұжырымдалған:

- білім берудегі ықпалдастықты арттыру (білімдегі интеграция);
- білім берудегі демократизация;
- білім беруді ізгілендіру;
- білімнің іргелі болуын қамтамасыз ету;
- білімнің үздіксіздігі;
- білім берудегі диверсификация – оқу орындарының, оқу бағдарламаларының және оны басқару орындарының түрліше болуы;
- білімнің ғылым мен өндіріске кіріктірілуі;
- білім берудегі компьютеризация.

Аталған қағидалар жоғары оқу орындарында білім берудің қазіргі кездегі негізгі тенденцияларын айқындайды. Қазақстанда қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында білім беруді ізгілендіру мен іргелендіру білім беру тенденцияларының күре жолын танытатын негізгі әдіснамалық қағидалар болып саналады.

Жоғары оқу орындарында кәсіби дайындаудың гуманистік парадигмаға бағдарлануы Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып құрылған уақыттан бастап, білім берудің жетекші стратегиясына айналды. Гуманистік тұрғыны білім беру жүйесіндегі ең асыл құндылық ретінде айқындайды. Сол себептен, білім беру субъектілерінің өзін барынша таныта алуына, әрбір адамның толық жетілуіне психологиялық-педагогикалық мүмкіндік жасау гуманизм идеясының басты мақсаты болып табылады.

Сапаны қамтамасыз етуге байланысты тәжірибелер, сапаны басқару өндіріс саласындағы жүйелерінің дамуымен, дәстүрлі түрде ассоциацияланған өнімдер, қызметтермен күрделі байланысты екенін «Сапа» ұғымының дамуымен тығыз екендігін анық көрсетеді.

Болон үдерісіне интеграциялау, Қазақстандық ЖОО-ның сапаға мақсаттардың сай келу тұрғысынан тән болып табылатын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарынан айқын тұжырымдалған міндеттің болуын, ЖОО корпоративті болжамының болуын талап етеді [112].

Көрнекті американдық маман Дж.Харрингтон сапаны басқару мәселелері жөнінде ол тұтынушылар талаптарын қолжетімді бағада және олар осы бұйымды немесе қызметті (біздің жағдайда қызмет) пайдалану кезінде қанағаттануы, деп анықтайды.

Педагогикалық өлшеу теориясы- маңызды теория (Н.В. Кузьмина, Н.М. Розенберг, С.И. Архангельский, Б.П. Битинас, М.В. Михеев және т.б.).

Берілген нысанның қасиетін анықтауға бағытталған білім беруді ұйымдастырудың ғылыми формасы, сонымен қатар сол қасиеттердің әдістері мен ережелерінің сандық көрсеткіштермен сәйкестендірілуі - өлшеу теориясы болып табылады.

Кәсіби білім беру мен оқу-кәсіби іс-әрекетті ұйымдастырып, жетілдіру арқылы жоғары мектепте болашақ мамандардың тұлғалық болмысында жаңа психологиялық қасиеттер, яғни, жаңа психологиялық құрылымдар түзіледі.

Болашақ мамандарда жоғары білім беру арқылы пайда болатын жаңа құрылымдарды Б.Г. Ананьев, Е.И. Степанова, Ю.П. Поваренков және т.б. зерттеулерінде тағайындаған болатын.

Шетелдік сарапшылардың соңғы онжылдықтардағы зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мұғалімдерді бағалау жүйесі аумақтың ерекшеліктерін, оқу процесін ұйымдастырудың жергілікті ерекшеліктерін ескеріп, негізгі талаптарды бейімдеу керек деген қорытындыға келуі маңызды. Бұл бір елде қолданылатын мұғалімдерді бағалау әдістерін екінші елдің жағдайына тікелей көшіру мүмкін еместігін, сондай-ақ, педагог қызметін бағалаудың ұлттық жүйесін құру кезінде аймақтық ерекшеліктерді, жекелеген білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескерудің мақсатқа сай екендігін білдіреді. Шет елдерде қазір мұғалімдерді бағалаудың интеграцияланған үлгілеріне негізделген тәсілдер басым. Оларды ұстану жауапкершілікті күшейтуге де, мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдауға да мүмкіндік береді деп саналады. Мұндай модельдерге бірнеше көрсеткіштерді пайдалану, жұмыс орнында міндетті бағалау, бағалаудың нәтижелік кері байланыспен үйлесімі және кәсіптік оқыту мүмкіндіктері кіреді. Шетелдік

теория мен тәжірибеде мұғалімдердің кәсібилігін бағалаудың жалпыға бірдей мойындалғаны тексеру құралдарына қойылатын талаптар болып табылады: олар келісілген критерийлерге сәйкестігіне педагог қызметін объективті, негізді және сенімді бағалауға мүмкіндік беруі және жарияланған білім беру саясатына тиімді әсер етуі керек. Прудникова В.А. Соңында, мұғалімдердің біліктілігін тәуелсіз бағалау тәртібін әзірлеушілер бағалаудың мақсаттары мен бағалау тәртібі туралы субъектілерді алдын ала хабардар ету талаптарын, бағалауды жүргізу үшін сарапшыларды арнайы даярлау қажеттілігін ескермей тұра алмайды. Бағалау процедурасы және оның нәтижелерін қорытындылау, сондай-ақ, барлық мүдделі тараптардың бағалау рәсімін қабылдауын қамтамасыз етуге бағытталған арнайы іс-шараларды өткізудің орындылығы болып саналады[113].

Білім алушылардың кәсіби және тұлғалық дамуында оқу-кәсіби іс-әрекет негізінде пайда болатын психологиялық жаңа құрылымдардың бастылары мыналар:

- танымдық және кәсіби іс- әрекеттің жалпыланған тәсілдері;
- әлеуметтік-кәсіби құзіреттілік;
- дербестік;
- әлеуметтік кемелдену;
- кәсіби маңызды қасиеттердің дамуы;
- кәсіби сәйкестік (идентификация).

Кәсіби білім беру нәтижесінде білім алушылар жоғары оқу орындарында белгілі бір мамандық иесі болады. Бүгінгі таңда 40-мыңға жуық мамандықтардың түрлері бар. Еліміздегі жоғары оқу орындарының ішінде өзгелерін есепке алмағанда, 30-ға жақын педагогикалық мамандық түрлері бойынша кәсіби білім беріледі.

Нақты бір кәсіби іс- әрекетті, мамандық бойынша кәсіби білім беру, дайындау арқылы жүзеге асыруға қажетті арнайы білім, икемділік және дағды кешенін меңгеру нәтижесі болып табылады. Осыларға байланысты маман дайындаудың үлгісі жасалады.

Сол себепті, маман үлгісі еңбек психологиясында анықталып, ғылыми тұрғыда негізделеді.

Зерттеушілердің ғылыми ұстанымдарына байланысты маман үлгісі негізінен екі нұсқада қарастырылады.

- *Маманның кәсіби іс-әрекет үлгісі.* Кәсіби іс-әрекет түрлерінің; кәсіби іс-әрекет салаларының; кәсіби іс-әрекет құрылымының; кәсіби іс-әрекет жағдаяттардың сипаттамалары осы үлгіге кіреді. Сонымен бірге, кәсіби іс-әрекеттің типтік міндеттері мен оларды шешу тәсілдері; кәсіби қиыншылықтар маманың кәсіби іс- әрекет үлгісі ретінде қарастырылады.

- *Маман тұлғасының үлгісі.* Кәсіби іс-әрекетті ұйымдастыруға, жүзеге асыруға және жетілдіруге қажетті тұлғалық сапалар мен психологиялық қасиеттер осы аталған үлгіде бейнеленеді. Жалпы айтқанда, маман тұлғасының үлгісі дегеніміз – маманнның кәсіби міндеттерінің дұрыс орындалуын және өзін-өзі дамыту процесін қамтамасыз етуші сапалардың жиынтығы болып табылады.

Педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі білім беру жүйесінің барлық буынында оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттесуі мен өзара қатынас жасау деңгейлерімен айқындалады. Сол себепті, жоғары оқу орындарындағы оқытушының қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыра алуы оқу-тәрбие іс-әрекетін жасампаздықпен жетілдіруге керекті шарт деп қарастырған ғалым-педагогтар мен психологтар Б.Г. Ананьев, С.М. Жақыпов, И.А. Зимняя, В.А. Кан-Калик, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Х.Т. Шерьязданова және т.б.

Эксперименттік зерттеуді бірінші рет 1938 жылы психологиядағы басқару стильдерін неміс психологі К. Левин жасаған. К. Левиннің зерттеу нәтижелері арқылы осы уақытқа дейінгі қолданылатын басқару мәнерлерінің жіктемесі жасалды. Жіктеме басы үш түрлі стильдерден тұрады: өктем стилі; демократиялық стиль; енжар стиль.

Ал, Э.Торндайк «Байқау және қателесу» теориясының негізінде үйренудің негізгі заңдарын қорытты:

- жаттығу заңы;
- әсер (эффект) заңы;
- даярлық заңы.

Осы заңдар бойынша Э. Торндайк үйрену қисығын құрды және жетістікті анықтау тесін жасады.

Жалпы, оның жұмыстары ассоциациялық теорияларға негізделеді. Ал, Э. Торндайктың тұжырымдамаларды іске асыру әдістері бихевиоризмге алғышарт болып табылады. Сол себептен де, кейінірек үйрену тұжырымдамасы оқытудың психологиялық теориялардың дамуына үлкен үлесін қосты [114].

Оқыту үдерісінде білім мен дағдыны меңгеру теориясы. Әңгіме етіп отырған теорияны басқаша оқытудың бихевиористік және необихевиористік теориясы деп те атауымызға әбден болады. Бихевиоризм (Дж. Уотсон) және необихевиоризм (Э. Толмен, К. Халл, А. Газри және Б. Скиннер) бағыттарының XX ғасырдың бас кезінде дамуы біртұтас үйрену теориясын жасауға мүмкіндік берді. Аталған теория үйренудің факторларын, заңдылықтарын және тетіктерін айқындайды.

Оқытудың бихевиористік теориясы – Э. Торндайктің үйрену сипаты туралы, Г. Эббингауздың вербальды есте сақтау туралы ілімдерін негізге алады. Сонымен бірге, шартты рефлекс туралы И.П. Павловтың еңбектеріне бихевиористер, оның ішінде әсіресе, необихевиористер сүйенді.

Мәдени-тарихи теория. Л.С. Выготский – бүгінгі уақыттағы оқыту тұжырымдамаларының пайда болып, жетілуінде ерекше орны бар теорияның авторы. Ол психиканың жоғары қызметінің, ойлаудың және тілдің дамуы; оқыту мен дамудың арасындағы байланыс жайлы іргелі ілімдерге қазіргі оқыту теориясы мен практикасы сүйенеді деп қорытындылады.

Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасына сай, дамудың жақын арада даму аймағы теориясы психикалық процестердің дамуына түрткі және негіз болады.

Оқытудың кибернетикалық тұжырымдамасы. (Г.У. Нейсер, М. Бродбент, Д. Норман, Дж. Брунер, және т.б.) бұл тұжырымдама когнитивті психологияның дамуымен байланысты. Бұл жерде ерекше назар білімге; ақпаратты қабылдауға; семантикалық есті ұйымдастыруға; ақпаратты болжауға және өңдеуге; түсіну процестеріне және когнитивті стильдерге аударылады.

Б. Скиннердің *Бағдарламалап оқыту теориясы.* Бағдарламалап оқыту білім берудің бүкіл салаларында дерлік қолдану тәжірибесі жинақталған. Бағдарламалап оқыту кибернетикалық тұрғыға негізделінеді. 1954 жылы бағдарламалап оқыту идеясын ұсынған. Ал, Л.Н. Ланда 1960 жылдары оқытуды алгоритмдеу (алгоритмизациялау) теориясын құрды.

Оқыту үдерісінде ақыл-ой әрекетін сатылы қалыптастыру теориясы. П.Я. Гальпериннің, Н.Ф. Талызинаның және олардың шәкірттерінің еңбектерінде бұл теория тұжырымдалады. А. Валлон, Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштей, А.Н. Леонтьев аталмыш теорияға психология ғылымында қорытқан қағидалардың әдіснамалық негізі ретінде алынған [116]:

- психика (сана) және іс-әрекет бірдей маңызға ие, өзара байланысты, бірақ, олар ешқашан бір-бірін алмастыра алмайды;
- тепе-тең бола алмайды; психикалық құбылыс іс-әрекет арқылы қалыптасады, іс-әрекет психикалық қызментпен (бейнемен, оймен, жоспармен) реттеледі (С.Л. Рубинштейн);
- кез келген ішкі психикалық құбылыс өзгерген, интериоризацияланған сыртқы ықпал болады; алғашында психикалық функция интерпсихикалық болғанмен, одан кейін интрапсихикалық түрге айналады (Л.С. Выготский);
- психикалық, яғни, ішкі әрекеттің құрылымы сыртқы, заттық іс-әрекеттің құрылымы сияқты болады (А.Н. Леонтьев, Н.Ф. Талызина);
- психикалық даму әлеуметтік негізде болады; индивидтің дамуы өндіріс құралдарында, тілде бекіген қоғамдық тәжірбені меңгеру арқылы жүзеге асырылады (А.Н. Леонтьев);
- психикалық құбылыстың, бейненің іс-әрекеттік негізі іс-әрекеттің бірлігі ретінде әрекетті қарастыруға мүмкіндік береді.

Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконинніңдамыта оқыту тұжырымдамасы. Оқытудың бұл тұжырымдамасы жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулерінен бастау алған. Тұжырымдама теориялық ойлау мен ғылыми ұғымдарды меңгеру арқылы білім алуды негіздейді. Дамыта оқыту білім алушылардың ойлау әрекеті бір-бірімен байланысты екі бағытта болуын көздейді. Нақтылап айтқанда, оқыту барысында «абстракциядан нақтыға» және «нақтыдан абстракцияға» сияқты ойлау әрекетінің типтері ғана білім алушыларда теориялық ойлаудың дамуын қамтамасыз етеді. В.В. Давыдов соның өзінде, абстракциядан нақтыға бағытталатын ойлау типі приоритетті болу қажет деп санаған.

Нейролингвистикалық бағдарламалау теориясы (НЛБ). 1980 жылдары нейролингвистикалық бағдарламалауды американдық психологтер Джон Гриндер мен Ричард Бендлер жасаған болатын. Теория авторларының пікірі бойынша, НЛБ – білім беру технологиясы; оқыту мен осы оқыту үдерісін басқару

әдісі. НЛБ қандай болмасын оқыту үдерісіндегі субъективті тәжірибені зерттеумен айналысады.

Ақпаратты қабылдау мен өңдеу үшін оқыту үдерісінде субъективті тәжірибені ұйымдастыру керек. НЛБ-да осыған байланысты арнайы техникалар жасалған. Қажетті оқу ақпаратын осы техникалар арқылы тұлғаның мәнді және эмоциялық жағынан тартымды белгілермен, факторлармен, сөздермен ассоциациялық байланыстыратын бірізділік нейрон деңгейінде қалыптастыруға болады. Нейро-лингвистикалық құрылым осының нәтижесінде пайда болады. Айтылған құрылымдар модальдігі бойынша визуальды, аудиальды және кинестетикалық бейнелер бола алады.

П.Ф. Каптерев, С.Т. Шацкий, К.Д. Ушинский, П.П. Нечаев, М.Я. Басов, П.П. Блонский, Л.С. Выготский және т.б. оқу әрекетінің мазмұнын, психологиялық сипатын тұжырымдаған ғалымдар.

В.В. Давыдов, М.И. Махмутов, Д.Б. Эльконин, И. Лингарт, И. Ломпшер, И.И. Ильясов сияқты ғалымдардың зерттеулері мен тұжырымдамалары бүгінгі күні білім беру жүйесінің түрлі буындарында оқу әрекетін ұйымдастыруға және жетілдіруге, сипаттап, талдауға арқау болады.

Алғашқылардың бірі болып Д.Б. Эльконин оқу әрекетінің психологиялық теориясын тұжырымдаған.

Іс-әрекеттің жалпы психологиялық теориясына сай, А.Н. Леонтьев дәйектеген оқу әрекетінің құрылымын төмендегідей айқындауға болады [115].

Өзін және басқаларды ұйымның мақсатына жетуге ояту және ынталандыру үдерісін- *мотивация* дейміз.

Үш негізгі ғылыми теория бойынша мотивацияның мазмұнды теориясын бөліп көрсетейік:

- Макклелланд теориясы;
- Маслоу бойынша қажеттілік теориясы;
- Герцбергтің екі факторлы теориясы.

Макклелланд теориясы үш негізгі қажеттіліктерді айқындап көрсеткен:

- *Билікке деген қажеттілік* – адамдар әрекетіне әсер ету ниеті.
- *Табысқа қажеттілік* – белгілі бір деңгейде тәуекелге бара отырып, табысқа жету ниеті.
- *Қатынасу қажеттілігі*–қатынас жасау, сөйлесу және тағы басқа ниет ету.

Маслоу бойынша, қажеттілік теориясын адамдарға байланысты қажеттіліктің 5 негізгі деңгейін айқындап көрсетті.

- *Ең төменгі деңгей* – физиологиялық қажеттіліктер.
- Қауіпсіздікке деген қажеттілік.
- Қарым-қатынасқа немесе әлеуметтік қажеттіліктер.
- Қоршаған ортаның тұлғаны сыйлауды деген қажеттіліктер.
- Алға қойған мақсатқа жетуде өзін-өзі толығымен қолдана алу қажеттілігі.

Герцбергтің екі факторлы теориясы бар. Герцберг қажеттіліктерді екіге бөледі: Гигиеналық фактор. Мотивация.

Гигиеналық факторларға – фирма саясаты, жұмыс жағдайы, еңбек ақы, жеке тұлға арасындағы қатынас бақылау дәрежесі жатады.

Мотивация – табыс, қызмет бойынша жоғарылау, жауапкершілік шешімдерді қолдау, іскерлік және шығармашылық өсу.

И.Р. Алтунина [116], Н. В. Маркина [117], А. Маслоу [118], Х. Хекхаузен [119], және т.б тұлға мотивациясын қарастырған ғалымдар.

Н. В. Маркинаның кәсіби дамуға ынталандырудың негізгі ұғымдары, оны басқарудың психологиялық қырлары және мотивацияны анықтау мен арттыруға арналған әдістер қарастырған [117].

Мақсатқа жету үшін Х. Хекхаузен, мотивация арқылы марапаттау әдісін қолданады.

М. Е. Советханова өз еңбегінде А. Маслоу бойынша мінез-құлықтың қозғаушы күштері ретінде негізгі қажеттіліктерді атап көрсетті [120].

Ол жалпы мотивацияның құрылымына мыналарды жатқызады:

- аффилияцияға қажеттілік;
- басымдық танытуға қажеттілік;
- достық қарым-қатынасқа қажеттілік;
- әлеуметтік ықпалдасу;
- жетекшілік етуге, тәуелділікке қажеттілік;
- агрессияға қажеттілік;
- адамгершілік қасиетке қажеттілік.

Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың өмірі үшін кәсібіне маңызды қатынасының қалыптасуын, С.И. Самыгинның пікірінше, қажетті білімді меңгеруіне аса маңызды міндеттерді шешеді [78]. Аталған мотивацияның үрдіске, нәтижеге бағыттылық компоненттері бір-бірімен тығыз байланыста болып ЖОО-ның түріне, типінен тәуелсіз қалыптасады.

Білім алушының жеке қажеттіліктерін, сонымен бірге, оқуға деген қызығушылықтарын, мотивтерін айқындап, әлеуметтік белсенділігін арттырады.

Жоғарғы оқу орнына түсудің негізгі мотивтерін зерттеуші Е.П. Ильин [121] пікірінше: бітіруші түлектің, білім алушылар ортасында болуды қалауы; қоғамға қажетті маман болғысы келуі; кәсіп немесе талапкер таңдаған мамандықтың оның жеке қызығушылықтарына сәйкес келуі жатады.

Алдын ала болжанған тапсырмалардың параметрлерін және сапаны сан арқылы анықта бұл педагогикалық өлшемнің мақсаты болып табылады. В. Аванесов бұл мәселеде, педагогикалық өлшем жеке адамның қызығушылығының сапасын, деңгейін сан арқылы бейнелеу процесі, деп анықтайды. Ендеше, педагогикалық өлшем – педагогика, психология, статистика, математика, логика және философия ғылымдарының бірлескен әрекеттерінің негізінде қалыптасқан ғылым деп айтуымызға болады. Білім беру қызметінде ғылым ретінде, тиімділік көрсеткіштерін анықтайтын әдістер мен тест тапсырмаларын құрастыруға болады.

Сапалы тест құрастыруда білім саласындағы барлық ғылыми әдістемелерді соның ішінде шкалалау, рейтинг, мониторингілеу және сапаны анықтау мақсатында, педагогикалық өлшем жүйесі үлкен қолданысқа ие. Педагогикалық

өлшеу жүйесі бақылау арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық құбылыстар мен деректердің сандық және де сапалық сипаты мен сол өлшемінің тәртібі, бақылаудың негізін құрайды.

Нақтылы бір қызметтерді педагогикалық өлшем атқарып отырады. Мәселен: оқыту процесін жетілдіру; сабақ оқуға көмек көрсету; кеңес беру және білім беру жүйесіндегі алатын орынын айқындау.

Педагогикалық диагностика туралы теория, яғни бұл ұғымды Карлхайнц Ингеканмптың есімімен байланыстырамыз, ол 1968 жылы оны ғылыми айналымға ендірген болатын. Өзінің «Педагогическая диагностика» (1985) еңбегінде К. Ингенкамп педагогикалық диагностикаға төмендегідей анықтама береді:

Жеке оқыту үдерісін оптимизациялауды, қоғам талабына сай оқытуда дұрыс нәтиже шығаруды қамтамасыз етуді және құрастырылған критерийлерді басшылыққа ала отырып, білім алушылардың бір деңгейден екінші деңгейге, бір курстан екінші курсқа ауысу кезінде педагогикалық диагностика минимум қателіктерге алып келуді бағыттайды.

В.И. Дальдің сөздігінде [122], диагностика – (гректің, распознание, распознаванье, яғни танып білу) деген сөздерінен шыққан, белгілі бір құбылыстың, өзгерістің болу себептерін айқындау, дегенді білдіреді. Демек, мәселені танып білу үдерісі және оның қолданысы, яғни зерттеу кезінде дұрыс емес жағдайдың себебін айқындауды көздейді. В.П. Беспалько, Ю.К. Бабанский, А.С. Белкин, А.И. Кочетов, Н.К. Голубев, Л.И. Катаева, В.Г.Максимов және т.б. педагогикалық диагностика мәселесімен айналысқан ғалымдар оның орын атқаратын қызметіне байланысты анықтаған. Яғни, педагогикалық үдеріске қатынасушылар туралы ақпарат алу, білім алушының деңгейін анықтау, анықтаушы-ақпараттық қызметі, педагогикалық іс-әрекет жағдайы мен білім берушінің сапалық қасиетінің даму деңгейін, педагогикалық қарым-қатынас деңгейін анықтауды іске асырады. Екінші қызметіне болжауды жатқызады, педагогикалық үдеріс субъектілерінің даму мүмкіндіктерін айқындайды. Үшінші қызметіне бағалауды жатқызады, мұнда педагогикалық қарым-қатынас нәтижесі туралы мәлімет алынады және қолданылған құралдардың тиімділігі анықталады. Келесі, кері байланыс қызметі білім беруші тұлғаны қалыптастыру үдерісін басқара отырып, өзінің іс-әрекетін бақылайды. Одан ары, өзін-өзі дамыту қызметі, оған түрліше диагностика әдістерін қолдану арқылы баланың дамуын жетілдіруге мүмкіндіктер алады. Келесі, яғни тұлғаның сапалық қасиеттерін дамыту үшін дамытушылық қызметінде барлық жағдай жасалады. Сонымен бірге, конструктивтік-педагогикалық үдерісті жетілдіруге бағытталған және коммуникативтік қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған қызметтер атқаратындығын атап өтеді.

Бақылау біздің зерттеуге негіз болатын келесі теория. Сапаны анықтаудың құралы ретінде бақылаудың өзіндік орны бар. С.И. Ожеговтың сөздігінде бақылау француздың contrôle сөзінен аударылғанда, бұл тұрғыда тексеру дегенді білдіреді, яғни тексеру үшін бақылау деп түсіндіреді. Әдістемелік ұғымдар және түсініктер сөздігінде, бақылау меңгерілген білімнің стандарттар мен оқу

бағдарламасына сәйкестігін, білім, білік, дағдының қалыптасуын айқындайтын құрал, деп қарастырады [123].

В.И.Звонников, М.Б. Челышкова осы теорияны жетілдіруге үлес қосып жүрген ғалымдар және олар педагогикалық бақылауды келесідей негіздейді: мектеп оқушылары мен студенттердің оқу әрекетінің нәтижесін бағалауды білдіреді; тексеру әрекетінің дидактикалық және әдістемелік жүйенің тұтастығын сипаттайды; бақылау оқытушы мен білім алушының кері байланысын қамтамасыз етеді және білімді меңгеруге көмектеседі-деген тұжырым жасайды[124].

В. П. Беспалько бақылау мәселесі бойынша былай дейді: «ауқымды дидактикалық кешен» ол, білім алушының үлгерімін есепке алады, тексереді және бағалайды, деген қорытынды жасайды [125].

Білім беру сапасы мен оны тиімді басқару мәселесі тұр, бұл біздің заманымызда адамзат бастан кешіріп жатқан барлық өзгерістердің табиғатымен байланысты. Жиырма бірінші ғасырда адам сапасы мен білім беру жүйесінің сапасының озық дамуы негізінде адамзат өркениетінің тұрақты дамуының тетіктерін іздестіру жүріп жатыр. Заманауи білімге бүкіл адамзаттың дамуын қамтамасыз етудің ерекше миссиясы жүктелді, оның негізгі міндеті білім мазмұнының заманауи сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Білім сапасы – бұл жалпы құрылым, оған мыналар кіреді: нәтиженің сапасы, процестің сапасы, жағдайдың сапасы. Нәтиженің сапасын бағалау кезінде жағдайдың сапасының өзгеруі және процестің сапасы ескеріледі, бұл әрбір құрамдас бөліктің бір-біріне әсерін және құрылым сапасының өсуін көрсетеді. Жағдайлардың сапасы, біздің ойымызша, келесі элементтерден тұрады: - білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасының жағдайы мен қолжетімділігі; - мұғалімдердің кәсібилігі; - білім беру мекемесін басқару органдарының тиімділігі; - білім беру мекемесінің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету деңгейі. Процестің сапасы, біздің ойымызша, келесі элементтерден тұрады: - білім беру бағдарламаларының мазмұнының сапасы; - оқу процесін басқарудың сапа жүйесі; - оқу, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету сапасы; - оқу үдерісінің технологияларының түрлерін; - мұғалімдерді дайындау сапасы. - студенттерді дайындау сапасы. Нәтиже сапасы келесі элементтерден тұрады: - студенттердің білім сапасы; - студенттің оқу-танымдық іс-әрекетінің сапасы; - студент тұлғасын дамыту; - бітірушінің дайындық деңгейі мен құзыреттілігі; - түлек тұлғасын дамыту. Жоғарыда аталған элементтердің өзара байланысы білім сапасының құрамдас бөліктері арасындағы өзара байланыс сипатына байланысты, құрылым элементтері басқаларға әсер етіп, осы элементтердің сапасының қалыптасуына ықпал етеді[126].

«Заманауи мектептегі білім сапасын басқару» тақырыбындағы отандық бір топ авторлардың әдістемелік құралында білім беру сапасын жан-жақты талқылаған. Мұнда «білім сапасы» түсінігін күрделі және көпмағыналы деген пікірге келісе отырып, оны анықтаудың ішкі өзгешеліктеріне мән береді, яғни білім берудің ішкі өзгешеліктеріне, алдымен білім беру процесінің басты жағдайларының сапасын жатқызды [127].

Жалпы айқанда, айтылған пікірлерді негізге ала отырып, білім беру сапасының көп өлшемді түсінік екендігін, яғни меңгерілген білімді мақсатты түрде тәжірибеде қолданып, өмір сүру сапасын арттыру үшін қолдануымыз қажет, деген ойды қорытындылаймыз. Әлеуметтік тапсырыс берушілер, білім алушы, ата-ана, қоғам, мемлекет талаптарын қанағаттандыруы негізінде, білім беру сапасының сапалық деңгейі көтеріледі. «Білім беру сапасы» түсінігінің мәні педагогикалық тұрғыдан, білім беру сапасын басқарудың алғышарттық ұстанымдары бойынша, ұтымдылығы, сенімділігі, оңтайлылығы, тұрақтылығы, әділдігі, жүйелілігі, саралау мен прогрессивтілігі, белсенділігі, демократиялылығымен анықталады.

Педагогикалық талаптардың сапасы, білім беру процесінің сапасы, білім берудің сапасы- барлығы соңғы нәтижелер сапасы ретінде де айқындалады.

Көпжақты сапа тұжырымдамасы тұрғысынан есептеу формулалары жүйесінің жәрдемімен ЖОО сапасы деңгейін өлшеуді В.Н. Нуждин, Г.Г. Кадамцева, Е.Р. Пантелеев, А.И. Тихонов (сәйкесінше, бағалауды) ұсынады.

Кімді болса да сапаны жетілдіру проблемасы ойландырады, өйткені ғылымның, қоғамның, болашақтың жетістігі - білім беру сапасының жетістігі болып табылады. Э. Деминг өз кезегінде сапаны жоғарлатуға басшыларға 14 ұсыныс берген екен, олар:

- жаңа философияға ауысу (ескіліктен арылу заманауи сұраныс қандай соған сәйкес жаңаша ойлау, бұл ескіні жоққа шығару емес оны дамыту);
- тексеруге тәуелді болмау (тексерушілер үшін емес, мекеме, өзіңіз, кадлар, өнім үшін жұмыс жасау);
- негізгі мақсат қою (нақты алдыңызда тұрған мәселе қандай, оны шешу үшін не керек);
- персоналды даярлау (жұмыс жасауға персоналға көмек беру, қызықтыру, ынталандыру);
- ұтымды басқару (уақыт, әрекет, нәтиже бір-біріне сай болу);
- арзан ол сапалы деген сөз емес (көпшілік жағдайда арзан нәрсеге қол жетімді, сіз қымбат нәрсе шығарыңыз және қымбат нәрсені таңдаңыз);
- жетістікке жеткен жерде тоқтап қалмау (тоқтап қалмау, әрқашан да алға жылжу);
- қорқыныштан құтылу (тәуекелге бару, талдау);
- функциональды жұмыс жасау ұстанымына «жоқ» деу (менің атқаратын жұмысым осы деп түсінбеу, шығармашылыққа негізделу);
- жетістікті ынталандырыңыз (кез келген кіші, үлкен жетістік рухани, материалдық тұрғыдан марапатталуы тиіс);
- қызметкерлерді бос лозунг, насихаттардан босатыңыз (сөзбен істің бірлігі);
- еркіндік беріңіз (талап қоюмен қатар, жұмыс жасауда өзінің ойын, пікірін, ұсынысын еркін айтуы);
- ең бастысы өзгеруге дайын болу (біреудің өзгергенін емес алдымен өзіңіз өзгеріңіз).

Бұл ұсыныстарға әрине сүйенуге болады, алайда Э. Деминг мұны өзі өмір сүрген кезеңімен байланыстырған оның жаңа философияға ауысу деп отырғаны қай кезеңге болмасын нақты айтылған.

Д. Джуран [128] Демингтің бұл ұсыныстарына сай өзіндік тұрғыдан сапаны жетілдіруге 8 принцип ұсынады:

1. Сапаға 1-басшының жауапкершілігі.
2. Нақты сұранысқа бағытталу.
3. Өнім шығарушы орындаушылық сипатта болуы.
4. Барлығы бір тілде сөйлеу- сапаға жету тілі.
5. Барлық технологиялық тізбекке сай өнім шығарушы мен қабылдаушының қарым-қатынаста болуы.
6. Мекеменің стратегиясы - сапаға күш жұмсау.
7. Статистикалық әдістерді қолдану.
8. Жыл сайын сапаны жоспарлау.

Сапаны жоспарлауға Джуран аса мән береді және оның жол картасын ұсынады:

«Сапаны жоспарлаудың жол картасы»

I. Олардың сұрансын өзіңіздің тіліңізге аударыңыз.
II. Оларды қанағаттандыратын өнім, қызметті жасап шығарыңыз.
III. Шығарылған өнімнің, қызметтің олардың сұранысына жауап беретіндігіне көз жеткізіңіз.
IV. Өнімнің сапасы сіздің, тұтынушының ойынан шығатындай болсын.
V. Өзіңіздің тұтынушыларыңызды анықтаңыз.
VI. Тұтынушылардың сұранысын айқындаңыз.
VII. Өнімді сапалы шығару процесін құрастырыңыз.
VIII. Ол процесті оптимизациялаңыз.
IX. Процестің дұрыстығына көз жеткізіңіз.
X. Процесті операцияға ауыстырыңыз.

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, Д. Джуранның ұсыныстарын басшылыққа алсақ, негізгі төрт мәселе орын алады:

- мақсатқа байланысты жоспар құрастыру;
- мақсатқа жетуге жауаптылар тағайындау;
- қол жеткізуге бағытталған нақта мақсат қою;
- нәтижеге қол жеткізгендерлі марапаттау.

Енді біз бұдан А. Фейгенбаумның принциптері:

- қызметкерге негізгі назарды аудару;
- қызметкерлерді сапа арқылы бағалау;
- менеджмент стратегиясы сапаға жауапты;
- еңбек сапасы жұмсалған күшпен айқындалады;
- сапаны айқындауда статистикалық әдіс қолданылады, деген ой қорытындылауға болады.

Бүгінгі қолданыста жүрген сапа менеджмент жүйесінің теориялары негізінен 8 принципке жоғарыда аталған зерттеуші-ғалымдардың теорияларына сүйенеді.

Э. Деминг, Дж. Джуран, Ф. Кросби және А. Фейгенбаумның концепцияларына байланысты біз салыстырмалы талдау жасадық (кесте 6).

6-кесте. Шетелдік ғалымдардың білім беру сапасы туралы концепцияларына салыстырмалы талдау

Негізгі факторлар	Негізгі сипаттама	Белгі	Эдвард Деминг	Джозеф Джуран	Филипп Кросби	Арманд Фейгенбаум
А. Жалпы сипаты	Сапаның аталымы	А1	Сапа-тұтынушылардың талаптарына жауап беру	Сапа – қолданыс бағытына сәйкес келу	Сапа – барлық талапқа сай болу	Сапа – өнімнің тотальдық тұрғыдан қолданысқа ие болу
Сапаның бағыттылығы	А	А2	Сапа тұтынушы арқылы анықталады	Сапаны анықтайтын тұтынушы	Сапа шығарушы арқылы анықталады	Тұтынушы арқылы анықталады
Негізгі мәні	А	А3	Негізгінен процеске мән беру керек	Негізінен персоналға мән беру керек	Талап пен әрекеттің сәйкестігіне мән берілу керек	Процеске мән берілу керек
Бастап қы фактор	А	А4	Вариациялар арқылы басқару	Мақсатқа сәйкес келу	«Дефекті болдырмау» (Zero Defects * ZD)	TQC приниптері әдіснама ретінде
Қолдану масштабы	А	А5	Әрекетті жан-жақты басқару	Өнімнің толық өмірлік циклін жан-жақты жоспарлау	Функциональды әдістемелердің аумағы	Өнімнің жан-жақты кіріктірілген қасиеті
Қолданыс аумағы	А	А6	Өнім шығаратын сала	Өнім шығаратын және қызмет көрсету саласы	Негізінен өнім шығаратын аумақ	Өнім шығаратын және жекелеген қызмет аумағы
Б. Сыртқы бағыттылығы	Тұтынушыны қанағаттандыруға бағытталу	Б1	Тұтынушының тамсануы, қызығуы, тұтынушыға қажетті болу	Сапаның кіріктірілген бағасы	Өнім тұтынушының талабына сай өндірілген	Тұтынушы ең соңғы сапаны анықтаушы
Нарықты кеңейту	Б	Б2	Сапа биснес құру үшін қажетті	Өнімнің ерекшелігі байқалмайды	Байланысты емес	Сапа бәсекелестік кепілі
Сұраныспен ұсыныс қатынасы	Б	Б3	Кіріктілірлен бірлестік; са тушыға қойылатын талап	Көптеген тқтынушылар идеясы	Оларға байланысты емес	Сапаны қамтамасыз етуге байланысты тығыз байланыс

6-кесте жалғасы

В. Ұйым дастыру шылық	Жалпы көзқарас	В1	Негізгі роль-жоғары басшы	Менеджмент ке байланысты	Жоғары менеджерге беріледі	Жоғары менеджерге беріледі
Жоғары менеджер дің ролі	В	В2	Өндіру, сапаны жетілдіруге басшылық жасау	Білімдендіру, қолдау көрсету, бос лозунгтардан бас тарту	Сапаға кететін қаржыны талдау, «Дефектісіз» өнім шығару	Жобалаушы, сапа бағдарламасын құрастырушы
Басқару стилі	В	В3	Қатысушылық	Қатысуға мүмкіншілік	Алға жылжу, инструкция лық	Қатысушылық
Ұйымдас тыру мә дениеті	В	В4	Сапа ұйымның мәдениеті ретінде	Іс-әрекетті кіріктіру	Сапа- ұымдас тырушылық мәдениет ретінде	Жоғары сапа қалыптастыру (quality mindedness)

Бұдан шығатыны, сапа теориясының авторлары бір өлшем бойынша бірегей көзқараста болса, бір өлшем бойынша қайшылыққа келеді. Дегенмен де, көпшілік өлшемде бірдей тұжырымға келеді (кесте 7).

7-кесте. Білім беру сапасын бағалаудың өлшемдері мен көрсеткіштері

Бағалау Объектілері	Бағалау өлшемдері	Бағалау көрсеткіштері
Білім берудің нәтижелері	Білімнің игерілгендігі	- Пәндер бойынша білімдердің жинақталған қоры; - Пәндік ептіліктердің қалыптасқандығы; - Оқу ептілігінің қалыптасқандығы.
	Оқуға қабілеттілігі	- Білімді меңгерудегі алға жылжу қарқыны және ептілікті қалыптастыру; - Материалды игеру жеңілдігі (кернеудің, шаршаудың болмауы, жұмыстан қанағаттану) - Жаңа әдістер мен жұмыс тәсілдерін ауыстыру икемділігі; - Игерілген материалды сақтау беріктігі.
	Шығарма шылық жетістіктер	- Олимпиада, іс-шараларда қатысу нәтижелері; - Сертификаттар (пәндер бойынша білім беру тесттері, қосымша білім беру, конкурстар мен іс-шаралар және т.б.)

Бағаланушылардың өздерін бағалау іс-шараларының мазмұнын, тәсілдерін даярлауға, мүмкіндігінше, кең көлемде тартылуы, сондай-ақ, ең болмағанда, екі-үш бағаланушының біреуінің нормативті құжаттарда таңдау мүмкіндігіне ие болуы жайындағы ұсыныстар кездеседі. Міне осылай, демократиялық сипат пен бағалау процесіндегі қоғам мүддесін ескеру жүзеге асырылады.

Дәл осы жерде, білім беру сапасын айқындау және дамыту Қазақстанда өзіндік тұрғыдан 3 кезеңнен тұратынын атап кеткен дұрыс (кесте 8):

8-кесте. Қазақстанда білім беру сапасын айқындау және дамыту кезеңдері

Кезеңі	Мазмұны	Нәтижесі
1	2	3
1991-1998	Білім беру сапасын айқындауға бағытталған нормативтік-құқықтық базаның қалыптасуы. Алғашқы реформалардың орын алуы. Мемлекеттік аттестацияны жүргізу	«Білім туралы» заң; Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық концепцияларының алғышарты; білім беру стандарттарын жаңарту т.б.
1998-2010	Жоғары мектептерге құрылымдық өзгерістер ендіру; Бағалау үдерістерін жетілдіру (МАБ жоғары мектепте мемлекеттік аралық бақылауды жүргізу (2, 3 курс студенттері); Оқыту процесіне инновациялық технология ларды кеңінен қолдану; Жоғары мектептерде халықаралық ынтымақ тастықты кеңейту т.б.	Жоғары мектепті басқару құрылымының өзгерісі; Жоғары мектептер арасында бәсекелестіктің туындауы; МАБ жүргізілді; Болон үдерісіне сай кредиттік технологияның орын алуы;
2010-қазіргі дейінгі кезең	Білім саласын қаржыландыру; Кадрлар, оқулықтар даярлау сапасын жетілдіру, әдістемелік қамтамасыз ету, білім беру бағдарламалының халықаралық аккредитациялануы; ОЖСБ жүйесінің орын алуы, ашық жүйе құру; сапаның халықаралық деңгейге көтерілуі; т.б.	Арнайы қаржының бөлінуі; Ғылыми фундаментальды жобалар жүзеге асырылды; Кадрлардың біліктілігі жоспарлы түрде жолға қойылды; Жаңа оқулықтар жолға қойылды (100 кітап бағдарламасы); ОЖСБ – 4 ші курстарда жүзеге асырылды; Бағдарламалар халықаралық аккредитациядан өтті; ЖОО QS рейтингісіне қатысып, 500,300 құрамына енді
2010-2015	Білім саласын қаржыландыру; Кадрлар, оқулықтар даярлау сапасын жетілдіру, әдістемелік қамтамасыз ету, білім беру бағдарламалының халықаралық аккредитациялануы; ОЖСБ жүйесінің орын алуы, ашық жүйе құру; сапаның халықаралық деңгейге көтерілуі; т.б.	Арнайы қаржының бөлінуі; Ғылыми фундаментальды жобалар жүзеге асырылды; Кадрлардың біліктілігі жоспарлы түрде жолға қойылды; Жаңа оқулықтар жолға қойылды (100 кітап бағдарламасы); ОЖСБ – 4 ші курстарда жүзеге асырылды; Бағдарламалар халықаралық аккредитациядан өтті; ЖОО QS рейтингісіне қатысып, 500,300 құрамына енді
2016–2020	ЖОО-ларға оқу бағдарламаларын өздері әзірлеу еркіндігі; басқару дербестігін кеңейту; learning outcomes арқылы сапаны мониторингтеу.	Университеттердің сапаға жауапкершілігі артты; білім сапасы нәтижеге және ішкі сапа жүйесіне негізделді.
2021–қазіргі уақыт	learning analytics арқылы сапаны бақылау; халықаралық аккредиттеу аясын кеңейту; ESG 2015 толық енгізілуі.	Сапаны қамтамасыз етудің цифрлық, аналитикалық моделі қалыптасты; ЖОО-лардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігі артты

Бағалау нысаны ретінде мемлекеттік нормативтік құжаттарда білім беру мекемесінің тұтас персоналы, яғни әкімшілік, педагогтар, қосалқы бөлім

қызметкерлері, әртүрлі қызмет көрсету бөлімдері көрсетіледі. Сапаны бағалау іс-шаралар үш сатылы және мекеме ішіндегі сапаны – «сапаны бақылауды» анықтау әдістерін қарастырудан басталады.

Аталған Кеңес тұтастай алғанда, сапаны қамтамасыз етудің алты аспектісін анықтайтын бірнеше көрсеткіштерді пайдалануды ұсынады:

- білім беру, оқыту, кері байланыс;
- оқудағы табыстар мен жетістіктер, оқу ресурстары, студенттерді қолдау;
- білім бағдарламалары, олардың құрылымы мен тиімділігі;
- сапа кепілдемесі және оны жоғарылату шаралары.

Аталмыш көрсеткіштер өзін-өзі қарастыруды жүргізу және оны одан ары қарай сарапшылық бағалау үшін негіздеме болып табылады.

Комиссия сапаны бағалау нәтижелері бойынша, әрине екі есеп әзірлейді: біреуі (құпия) – сараптамадан өткен ЖОО үшін және қаржыландыру бойынша Кеңес үшін, ал екіншісі жариялануы қажет. Сараптамадан өткен мекеме үшін егер де Кеңес «үздік» қаржылық бағалауды және қанағаттанарлықсыз бағалау кезіндегі ізденуді қарастырса, бұл іс-шаралар қызметті ынталандыру үшін елеусіз, қаржыландырудың жалпы көлемінің 5%-дан аспайды. Барынша ықпалды стимул есепті жариялау болып табылады. Кеңес пікірі бойынша, есеп беру білім беру сапасын жоғарылатуға, кемшіліктерді шапшаң түзету мен озық жұмыс тәжірибесін таратуға жағдай жасайды.

Білім беру сапасын бағалаудың британдық жүйесі жеткілікті тұрақты және өткір өзгерістерге ұшырамайды. Бағалау шараларына өзгерістер енгізу керек болған жағдайда көлемді академиялық қауымдастық талқылауға қатысты-рылады.

Сапа арқылы бәсекеге қабілетті бола алатын болғандықтан, кез келген мемлекет сапаға ұмтылатындығы анық. Дей тұрғанмен, сапаны анықтау құжаттардың рәсімделуі көп жағдайда, ұсынылған ақпараттар арқылы айқындалады, әрине, оны жоққа шығара алмаймыз, онымен қоса белгілі бір практикалық тұрғыдан сапаны анықтау керек деп ойлаймыз, яғни сабаққа қатысу, оқытушылардың қолданатын әдіс-тәсілдері және т.б. айқын көрінісін талдау. Тест арқылы ғана білімді тексеру және соған сүйене отырып білім беру сапасын бағалау, қорытынды шығару қаншалықты шынайы деген сұрақ туады. Ал Түркияда бірінші әңгімелесу логикаға негізделген сұрақтарға жауап алынады, содан соң, нақты мамандығы бойынша кешенді тапсырмалар орындайды, соның негізінде олардың мамандыққа жарамдылығын анықтайды. Жоғары оқу орнына оқуға түсу тест тапсыру арқылы шешіледі. Бұл жерде олар алдымен тест тапсырып, содан жинаған балл негізінде бірнеше оқу орындарына жіберіледі. Жалпы айтқанда, мемлекеттік грантқа ие болу мүмкіндіктері жоғары болады.

Қорыта айтқанда оқыту, тәрбиелеу, ғылыми іс-әрекет, әдістемелік қамтамасыз ету, оқытушы-профессор құрамы, көмекші персоналдар құрамы, материалдық-техникалық база, түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету - білім беру сапасының компоненттеріне жатады. Демек, сапа осы көрсетілген бағыттардың жоғарғы деңгейге жетілдірілуі негізінде ғана жақсарады. ЖОО білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық мәселелерін зерттеп

қарастырылып отырған проблеманың салыстырмалы көрсеткіштерін айқындау қажеттігін тұжырымдадық.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Ғылыми әдебиеттер мен жоғары оқу орындарының білім беру сапасын бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін талдауда диссертациялық зерттеу барысында зерделенгендей келесідей тұжырымдар нақтыланды:

- білім беру сапасын бағалау зерттеу жұмысымызда көрсетілген функцияларына сай (гностикалық, нормативті, ұйымдастырушылық, интегративті) жүзеге асыруды қамтамасыз ету негізінде, жоғары оқу орындарының тәжірибесінде бағалау үлгісін құрастыруға, бағалау қызметін іске асыру әдістеріне, ұйымдастыру формалары мен құралдарына қойылатын негізгі әдіснамалық ұстанымдар белгіленді.

Ғылыми әдебиеттерде жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын бағалау мәселесінің зерттелуінің жай-күйін талдау негізінде анықталғандай, білім беру сапасы – кейбір әдебиеттерде оқыту сапасы арқылы түсіндірілсе, екіншісінде, тұлғаның даму деңгейімен және бітіруші түлектің еңбекпен қамтылу пайызымен өлшенетін кең мағыналы ұғым екендігі анықталды.

Еліміздегі жоғары оқу орындарының сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тенденцияларына қысқаша шолу жасалды. Нәтижесінде анықталғандай, қазақстандық жоғары оқу орындарында сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің нормативтерін реттейтін жұмыстарды жүйелеуде қиындықтар бар екендігін көрсетті. Тұтастай алғанда, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін нығайту мақсатында отандық жоғары оқу орындарында академиялық қызметтер мен құрылымдық бөлімшелердің сапалы құрамын нығайтуға кеңес беріледі.

Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың түрлері мен ерекшеліктері нақтыланып, оның мақсаты мен міндеттері, бағалау жүйесінің объектілері, процедуралары анықталды.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерді талдауларды негізге ала отырып, білім сапасының ішкі бағалауына өзіндік тұрғыдан анықтама берілді.

- отандық және шетелдік ғалым зерттеушілердің сапа, білім беру сапасы ұғымдарына, оның өлшемдері мен компоненттеріне, аспектілері мен құндылықтарына берілген анықтамалары мен ой-түйіндері жүйеленді;
- зерттеу жұмысы үшін білім беру сапасын анықтау үшін қолданылатын жеті тәсілдің көкейкестілігі дәйектелді. Білім беру сапасының тұжырымдарына сүйене отырып, келесідей реттегі пирамида құрастырылды: білім беру нәтижелерінің сапасы, білім беру үдерістерінің сапасы, білім беруді басқару сапасы, білім беру жүйелерінің сапасы.
- жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудағы шетелдік және отандық тәжірибесінде маңызды іс-шаралар, бағалау аспектілері, қағидалары, яғни, мазмұны мен жүйесі сараланып, талданды;

Айта кетерлік жайт, біз жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың тарихы мен тәжірибесі тарауымызда Қазақстандық ЖОО-ның сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тенденцияларына қысқаша шолу жасай

келе, шетелдік және отандық жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың мазмұны мен жүйесін педагогикалық және психологиялық тұрғыдан бөліп қарастырдық.

- Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалауды теориялық талдау барысында шетелдік және отандық тәжірибелер салыстырылды. Айта кетсек, Түркия, АҚШ, Ұлыритания және отандық тәжірибедегі білім беру сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мазмұны мен жүйесіне талдау жасалды. Зерттеуде көрсетілгендей, шетелдік және отандық жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың өзіндік педагогикалық және психологиялық ерекшеліктері және өзара байланысы анықталды.

Білім беру үдерісіндегі оқытушы мен білім алушының белгілі бір ортақ мақсатқа қол жеткізуі және қоғамның сұраныстарын қанағаттандыру деңгейі ретінде *білім беру сапасын* анықтай отырып, білім беру сапасын басқарумен байланысты зерттеудің көкейкестілігі мен мәселелері теориялық тұрғыда қарастырылды.

2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ІШКІ БАҒАЛАУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 ПОҚ-тың даярлығы жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесінің маңызды шарты ретінде

Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесі көпкомпонентті құрылым болып табылады және оның тиімділігі ең алдымен профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) кәсіби даярлық деңгейіне тікелей байланысты. Денені іс-әрекетке жұмылдыратын белгілі бір ішкі күйдің болуы кез келген адамның белсенділігінің көзі екені белгілі. Ал іс-әрекетке дайындық – еңбек, оқу, кәсіби және т.б. – адамды ежелден қызықтырды. Алайда, дайындық процесінің алдындағы қандай да бір нәтиже ретінде «іс-әрекетке даярлық»ұғымы ғылыми білім беру жүйесінде салыстырмалы түрде кейінірек пайда болды. Қазіргі уақытта оқытушылардың кәсібиіс-әрекеті жоғары білім беруді дамытудың халықаралық тенденцияларға сай бағдарланып жүзеге асырылуы тиіс. Бұл үрдіс оқытушылардың студенттерді оқыту сапасын арттыруға және басқаруға дайындық мәселесін өзектендіреді. 1.1,1.2-параграфтардың теориялық негіздерінде жүргізілген шолулар ЖОО-дағы білім беру сапасын бағалау жүйесінің табыстылығымен тиімділігі бірінші кезекте ПОҚ даярлығына байланысты екенін көрсетеді. Кәсіби даярлық адамның іс-әрекетінде маңызды рөл атқарады және оның жетекші құрамдас бөлігі болып табылады. «Кәсіби даярлық» ұғымы белгілі бір іс-әрекет түріне қатысты қарастырылуы керек. Жоғары оқу орнында бұл білім беру іс-әрекеттерінің сапасын ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге байланысты қызмет.

«Даярлық» категориясы ұғымында бірқатар семантикалық мағыналарды ажыратуға болады: 1)субъектінің іс-әрекетті сәтті орындауы үшін қажетті білімінің, дағдыларының болуы және қызметтің сәттілігі [129]; 2)шартты сигналдың пайда болуына жауап ретінде қолда бар іс-қимыл бағдарламасын экстремалды іске асыруға дайындығы; 3)кәсіпке оң көзқарас және кәсіби маңызды мінез-құлық белгілері, қабілеттер [130]. Семантикалық өрнектегі даярлық – бұл белгілі бір мінез-құлыққа, белгілі бір міндеттерді орындау үшін күштерді (жігерлерді) өздігінен немесе мақсатты жұмылдыруға негізделген белсенді-тиімді жеке күй. Іс-әрекетке дайын болу үшін ішкі (психологиялық) көңіл-күй және жоспарланған әрекеттерді орындауға деген шешім қажет. Жалпы мағынада, бұл мәселе – бірқатар компоненттері бар және олардың өзара тәуелділігін білдіретін бір нәрсеге дайын болу жағдайы. Бұл әрекетке психофизиологиялық дайындықтың жағдайы. Бұл, ең алдымен, алдағы іс-әрекетке деген көзқараспен жұмылдыру.

Қазақстандық педагогикалық ғылымда болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісін дамыту, өзгерту бірқатар зерттеушілер ғылыми-тарихи, тарихи-педагогикалық әдістемелік және іс-тәжірибелік білімдердің өзара байланысын зерттеген Т.С.Садықов [131], А. П. Сейтешев [132], Н.Н.Хан [133], Г.К.Ахметова [134] және басқалар; тұтас педагогикалық процесс теориясы төңірегінде

мамандарды даярлау мазмұның, Н.Д.Хмель [135], А.Д.Қайдарова [136] және т.б., ашып көрсеткен; мұғалімдердің даярлығы жөніндегі мәселелер педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру және қайта даярлау жүйесіндегі зерттеулер Б.А.Тұрғынбаева [137], Ж.Ж.Айтпаева [138], М.С.Молдабекова [139], Қ.Г.Құдайбергенова [140], А.С. Мағауова [141] және т.б. еңбектерінде объект ретінде алынған.

А.Д.Қайдарова бойынша, қазіргі әлеуметтік мәдени қоғамда әртүрлі педагогикалық ағымдар, тұжырымдамалар, нұсқаулар бар. Болашақ мамандар педагогикалық іс-әрекетке қажетті адамгершілік және кәсіби құндылықтарды айқындауда қиналады. Бұл жерде тарихи- педагогикалық білім студенттерге әр кезеңдегі педагогтар мен ғалымдардың қандай идеяларды басшылыққа алу керектігін, мәдени білімдік, адамгершілік құндылықтарға бағытталу керектігін нұсқайды [136, б.49].

«Даярлық» ұғымын психологиялық тұрғыдан қарастырайық. Әлеуметтік-психологиялық ғылымның корифейлері даярлықты келесідей анықтайды:

В.А. Ядов даярлықты құндылық бағдарларының белгілі бір деңгейі ретінде түсінеді [142], М.А. Кизилова - іс-әрекетке деген көзқарас ретінде [143], Д.Н.Узнадзе іс- жүзінде тіректер (установка) мен психологиялық даярлық ұғымдарын теңестіреді, реакцияның белгілі бір түрі ретінде даярлықты түсінеді.Д. Н.Узнадзенің айтуы бойынша, тірек – бұл белгілі бір әрекеттен бұрын болатын және оның орындалуын анықтайтын бейсаналық күй [144].

Жалпы, белгілі бір іс-әрекетке психологиялық даярлық екі негізгі аспектінің өзара әрекеттесуі арқылы қалыптасатыны белгілі, яғни ол сезімдер, ойлар,сенімдер мен әрекеттер (дағдылармен әдеттегі реакциялар түрінде) үйлесімді жұмыс істеген кезде көрінеді. Р.Д. Санжаеваның пікірінше, «психологиялық даярлық бірнеше өзара байланысты элементтерден тұрады: мотивация, жағдайды түсіну, қажетті дағдыларды меңгеру, нәтижелерді бағалау және өзін-өзі реттеу қабілеттері» [145].

Әрине, бұл элементтердің құрамы мен маңыздылығы даярлық дәрежесіне, іс-әрекет түріне және басқа факторларға байланысты өзгеруі мүмкін. Іс-әрекетке даярлықтың қазіргі түсінігі үш негізгі аспектіні қамтиды: моральдық, интеллектуалдық және психофизиологиялық даярлық. Маңызды ерекшелігі – бұл аспектілерге қалыптасқан мәдени және психологиялық дәстүрлер әсер етеді. К.К. Платонов кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлық туралы айта отырып, оның үш негізгі құрамдас бөлігін қарастырады:1)кәсіби даярлық жеке тұлғаның белгілі бір кәсіби іс-әрекетті орындау қабілетімен ұмтылысының субъективті күйі ретінде; 2)кәсіби даярлық жеке тұлғаны кәсіби даярлаумен оқытудың оңтайлы нәтижесі ретінде; 3)жұмысқа даярлық [146].В.Д. Шадриков сонымен қатар кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлықты «жұмысқа көшу кезінде немесе оның шарттары өзгерген кезде іс-әрекеттің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ететін ерекше интегралды жұмыс алдындағы жағдай» деп түсінеді [147]. Е.А. Климов еңбекке даярлықты, ең алдымен, адамның еңбекке бағытталу қарқындылығымен, еңбек мотивациясымен, еңбек мақсаттарымен, еңбектің субъективті құндылығымен, еңбек әдетімен және жұмыс жағдайының

игерілуімен сипатталады деп санайды [148]. К.К. Платонов даярлық құрылымында өзара байланысты үш тарапты ажыратады: моральдық даярлықты анықтайтын қасиеттер автордың жеке тұлғаның әлеуметтік-шартты жағына; психологиялық-психикалық процестердің жеке ерекшеліктерін біріктіретін жағына; кәсіби- жеке тұлғаның тәжірибесіне жатады [146, 100 б.]

Сонымен, студенттердің білім беру сапасына арналған ғылыми зерттеулерді талдау оқытушының сапаны бағалауға даярлығы-бұл процесс пен нәтиженің интегралды сипаттамасы, оны педагогикалық процесс субъектілерінің қажеттіліктерімен үміттеріне, студенттердің шығармашылық іс-әрекетін және кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру деңгейіне, жалпы мәдениетті меңгеру деңгейіне сәйкес екі позициядан (оқыту сапасы мен жағдайлардың сапасы)қарастыру қажет екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Тарихи тұрғыдан алғанда, адамның іс-әрекеті өзінің даралығын өмірдің әртүрлі формаларында, яғни қажеттіліктерде, қабілеттерде, ойлауда, мінезде және жеке тұлғаның басқа аспектілерінде көрсетеді және дамытады.

Еңбек процесі бірқатар компоненттерден тұрады:1)қойылған міндет туралы хабардар болу (мотивациялық); 2) алдағы әрекеттер жоспарын әзірлеу (болжамды); 3) іс-әрекеттің құралдарымен тәсілдерін қолдану); 4)қойылған мақсатқа сәйкес әрекеттерді реттеу (реттеуші); 5)алынған нәтижелерді бастапқы шарттармен салыстыру (рефлексивті).

Тиісінше, әр кезеңде адамның жұмысқа дайын болу жағдайы әр түрлі болады. Осылайша, іс-әрекетке даярлық жағдайы жеке тұлғаның тұтастығының күрделі, мақсатты көрінісі ретінде түсініледі. Ол функциональды түрде өзара байланысты бірқатар компоненттерді қамтитын динамикалық құрылымға ие. Өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін адам ішкі белсенділік (биологиялық, физиологиялық және психикалық) негізінде әрекет етеді.

Оқытушының студенттердің оқу сапасын бағалаудың ішкі жүйесін жүргізуге даярлығының құрылымы интегративті жеке білім болып табылады, оның түрлері жүйе құрушы, ал көрсеткіштері оқытушылардың біліктілігін арттыру процесінде арнайы мазмұн есебінен дамиды. Білім беру нәтижесіне оқытудың интерактивті және тәжірибеге бағытталған әдістерінің кешенін қолдану арқылы қол жеткізіледі және ақпараттық-зерттеу, аналитикалық, әдістемелік, басқарушылық-рефлексивті даярлықпен көрсетіледі.

Ақпараттық-зерттеу даярлығы – оқытушының өзінің практикалық іс-әрекетінде білім беру іс-әрекетінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы ЖОО-ның мақсаттарымен міндеттерін өзектендіруі, ЖОО-ның білім беру сапасын сараптауға даярлау стратегиясын пайымдау және түсіну, білім беру сапасын басқару жүйесін қамтамасыз ету, кәсіби іс-әрекетті орындауға жоғары уәждемемен өз іс-әрекетін жоспарлау, тез өзгеретін жағдайларда бағдарлау.

Мотивациялық-аналитикалық даярлық – кәсіби және ғылыми ақпаратты жүйелеу және бағалауға түрткісінің болуы, сеніп тапсырылған құрылымдық бөлімшенің құжаттамасын талдау, ЖОО-ның/ жұмыс бөлігінің ішкі аудитін жүргізу рәсімдерін түсіну, ЖОО-дағы білім беру (ғылыми-зерттеу және т.б.)іс-әрекетін процестерін басқару үшін талдамалық материалдарды дайындау,

кафедра қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау және кемшіліктерді жою жөнінде жедел шешім қабылдау.

Әдістемелік даярлық - іс-әрекетте жоғары мектеп бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттаманы қолдану, ЖОО-да білім беру процесін ұйымдастыру үшін құжаттаманы әзірлеу, іс-әрекет нәтижелері бойынша есептерді(нысандарды) ресімдеу және құжаттау, кафедраның қызметін бағалауға критериалды көрсеткіштерді қолдану.

Басқарушылық-рефлексивті даярлық – нормативтік құжаттаманы білу және теориялық білімді өз іс-әрекетінің тәжірибесінде қолдана білу; ЖОО-да оқытудың ұйымдастырушылық, практикалық, әдістемелік құрамдас бөлігін бағалау, есепті құжаттаманы талдау технологиясын қолдану, орындалатын процестердің сапасын өлшеу құралдарын пайдалану, түзету әрекеттерін жүргізу. Осы құрылымға сәкес (Кесте 9). ПОҚ-тың білім беру сапасын бағалауға даярлығының критерийлері мен көрсеткіштері төмендегі кестеде сипатталды.

9-кесте. ПОҚ-тың білім беру сапасын бағалауға даярлығының қалыптасу сипаттамасы

Компоненттер	Критерий	Көрсеткіштер
Ақпараттық-зерттеушілік	Оқытушының практикалық дағдыларының дамуының көрінісі, сапа стандарттарын талдау және университет саясатына сәйкес оқу процесін ұйымдастыру.	• Жүргізілетін бағалау іс-әрекетінің нормативтік, психологиялық, педагогикалық және ақпараттық аспектілерін түсіну; • Оқу пәні бойынша зерттеу және тиімді білім беру ортасын құру қабілеті; • Білім сапасын бағалауда өнімді іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін жаңа ақпараттық технологияларды игеруге деген түрткінің болуы;
Мотивациялық-аналитикалық	Тәжірибенің сапалық өзгерістерін талдауға және кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті жетілдіруге тұрақты бағдар мен мотивацияның көрінісі, білім сапасын қамтамасыз ету үшін тиісті білім, білік және дағдыларды жұмылдыра білу.	• Оқу пәні бойынша оқыту сапасы туралы сенімді мәліметтер алу қажеттілігі; • Оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етудің мақсаттарын, міндеттерін және әдістерін түсінуге ынталандыру; • Оқу іс-әрекеті мен оқыту тәсілдерінің тиімділігін талдау дағдылары; • Студенттердің мета-пәндік және жеке нәтижелерін жобалау және оларды университеттік білім берудің әртүрлі кезеңдерінде анықтау мүмкіндігі;
Әдістемелік	ПОҚ-пен білім беру үдерісінің сапасына қойылатын талаптарын түсіну, білім алушыларды бағалаудың әртүрлі процедураларын құрастыра	• Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын және университеттің ішкі сапа саясатын әдістемелік тұрғыдан дұрыс орындау; •

9-кесте жалғасы

	білу, сапалы мазмұнды құру, оқу үдерісінің субъектілерімен тиімді өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.	• Құзіреттілікке бағытталған парадигмаға сәйкес академиялық пәннің мазмұнын және БАӨЖ құрастыра білу; • Студенттердің оқу-танымдық жұмысын басқарудың, университетте ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың инновациялық педагогикалық технологияларын меңгеру; • Білім алушылардың даму деңгейі мен динамикасының көрсеткіштерін диагностикалау және бағалау құралдары мен әдістерін қолдану;
Басқарушылық-рефлексивті	Білім беру процесін басқару процесінде бағалау процедураларын жүргізу кезінде технологиялар мен технологиялық шешімдерді қолдану дағдыларын дамыту, өз іс-әрекетінің үдерісі мен нәтижелерін түсіне білу	• Білім беру процесінің нақты жағдайында студенттердің тұлғалық және белсенділік дамуын басқара білу; • Студенттермен жеке және топтық жұмыстың сапасын және орындалатын процестерді өлшеу құралдарын пайдалану, түзету әрекеттерін жүргізу; • Өзінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетін талдау және студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру тәжірибесі, кәсіби коммуникация жасай алуы.

Жоғары оқу орнының кадрлық құрамының білім сапасын бағалауға даярлығын қалыптастыру процесі төрт кезеңнен тұрады:

1. Дайындық – жоғары мектеп құжаттамасын, сонын ішінде нормативтік құқықтық актілерді зерттеуді қамтиды, ЖОО-да сапаны қамтамасыз ету стандарттарымен саясатын зерделеу, оқу-әдістемелік құжаттаманы дайындау жөніндегі құжаттаманы зерделеу және т. б.

2. Ақпараттық-теориялық - ЖОО-да сапаны бағалау бойынша ақпаратты зерделеу және іздеу белсенділігін дамыту.

3. Практикалық – жұмыста нормативтік құжаттарды қолдану, аккредиттеуге дайындық кезеңдерін қадағалау, есептіліктің тиісті лауазымын толтыру дағдыларын дамытуды қамтиды.

4. Қорытынды – білімді бағалау дағдыларының болуын растайды сапа, яғни білім сапасын бағалауға кәсіби дайындықтың қалыптасуы.

Әр кезең сапаны бағалауға кәсіби даярлық деңгейлері бойынша бағаланады.

Шекті деңгей қызметкердің сапаны бағалау кезеңдерін білетіндігін көрсетеді; даярлық үшін қажетті әдістемелік нұсқауларға сәйкес сапаны бағалауға бағытталған материалдарды дайындай алады; білім беру сапасын қамтамасыз ету кезінде өз қызметін ұйымдастыра алады.

Жетілдірілген деңгей білім беру сапасын бағалауға даярлық бойынша іс-әрекетті ұйымдастыру тәжірибесінің болуымен, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын талдау және оларды тиімділік көрсеткіштерімен

байланыстыру қабілетімен; білім беру сапасын бағалауға байланысты жұмыста анықталған кемшіліктерді уақтылы жою қабілетімен; стандартты міндеттерді шешу қабілетімен сипатталады.

Жоғары деңгей – қызметкер білім сапасын бағалауға даярлық жоспарын әзірлейді; қорытындыларды тұжырымдайды, қорытындылардың алынған мәліметтерге сәйкестігін бағалайды. Өз жоспарының теориялық және практикалық маңыздылығын бағалайды. Жоғары деңгейде атқаратын лауазымына сәйкес білім беру сапасын бағалау барысында есептер, нысандар, құжаттар, материалдар дайындайды.

Әдебиеттерде айтылғандарды ескере отырып және ғылыми еңбектермен білім беру практикасын талдау негізінде біз педагог қызметкерлердің ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалауды жобалауға даярлығын дамыту үшін қажетті келесі ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды анықтадық:

- бағалау рәсімдері, зерттеу әдіснамасы, бағалау рәсімдерінің нәтижелері және т. б. туралы білімді өзектендіру;

-оқыту сапасын бағалау жүйесін жобалауға мотивациялық-құндылық қатынасын қалыптастыру (нығайту, дамыту);

-бағалау құзыретін дамытуға бағытталған педагогтің жеке бағытын қалыптастыру;

-желілік сарапшылар қауымдастығын қалыптастыру;

-цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеу қабілетін дамыту, яғни қолда бар ақпараттық ресурстармен, дерекқорлармен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.

Қосымша білім беру шеңберінде осындай даярлықты жүзеге асыру тұрғысынан біліктілікті ресми және бейресми арттыру құралдарын пайдалануға көңіл бөлу қажет болды.Ол үшін диссертацияда ЖОО оқытушыларының білім сапасын ішкі бағалауға даярлығын қалыптастырудың тұтас стратегиясы ұсынылған. Оның құрамдас бөліктері әдіснамалық негіздер, түрлендірулердің құрылымдық-мазмұндық моделі (диссертацияның 2.2 тарауында), оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары болып табылады.

Біз ұсынатын стратегияның әдіснамалық негіздері (кесте 10) жүйелік-белсенділік, құзыреттілік, андрагогикалық және квалиметриялық тәсілдердің ережелерімен қалыптасады. Олардың бірлігінде олар біліктілікті арттыру процесін білім алушылардың белсенді, мағыналы, тәжірибеге бағдарланған білім беру іс-әрекетінің түрлерінің жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді; біліктілікті арттыру бағдарламасының мазмұндық элементтерін айқындау; жеке білім беру қажеттіліктерін айқындау кезінде педагогтердің субъектілік тәжірибесін ескеру, осыған байланысты біліктілікті арттыру бойынша формальды және бейресми іс-шаралар жүйесін жоспарлау; сандық бағалау әдістерін пайдалана отырып, ЖОО-да білім сапасын бағалауға дайындық өлшемдеріне сәйкес алынған нәтижені өлшеуді жүргізу.

10-кесте. Білім беру сапасын өлшеуге ПОҚ-тың даярлығын қалыптастырудың әдіснамалық принциптері

Тұғырлардың атауы	Тұғырлар туралы зерттеулердегі ұғымдар	Әдіснамалық принциптер
Жүйелік-белсенділік	Э.Г.Юдин: «жүйелі зерттеуде бір мезгілде әртүрлі сипаттармен, параметрлермен,функциялармен, тіпті, түрлі құрылым ұстанымдарында да қабілетті сипатқа ие болады, өйткені, оның бір көрінісі жүйелердің иеархиялық құрылымынан айқын көрінеді. Жүйелілік нысанның түрлі деңгейлерінің өзара байланысын жүзеге асыру формасының бірі басқару болып табылады» [149];	• жоғары білім беру сапасын арттыруға бағдарлану принципі; • басқарушылық көмек пен қолдау көрсету принципі; алқалылық принципі, субъективтілік пен біржақтылықты жоюға бағыт-талған бағалауға мемлекет пен қоғамның қатысуын біріктіру;
Құзыреттілік	С.Г. Осипов: «құзыреттілік-бұл тек білімді меңгеру ғана емес, оларды жаңарту мен нақты жағдайларда пайдалануға үнемі ұмтылу, яғни жедел және ұтқыр білімді меңгеру; бұл ең оңтайлы және тиімді шешімдерді таңдау және жалған шешімдерді қабылдамау қабілетін білдіретін ойлаудың икемділігі мен сындарлығы» [150].	• ПОҚ-тың кәсібилігі мен дербестігі принципі; • Оқытушылардың біліктілік деңгейін саралау принципі; Оқытудың тұлғалық мәнін ашу принципі;
Андрогогикалық	Кукуев А.А.: «Оқытушы негізделген педагогикалық мақсат қоюды, білім беру мазмұнын таңдауды, білім беруді жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін таңдауды жүзеге асырады және үлкендермен білім беру іс-әрекетті жүргізеді және білім беру үдерісіне әрбір қатысу-шының өзара құрметіне, ынтымақтастығына және жауапкершілігіне негізделеді». [151]	• Білім беру мазмұнының студенттердің жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне бейімделу принципі; • Андрагогтың ойлау әрекетінің құралы ретіндегі андрагогикалық көзқарастың түйінді, негізгі және туынды ұғымдарының жиынтығын өз іс-әрекетінде жүзеге асыруға саналы бағдарлану принципі; • Іс-әрекетке негізделген принципі;
Квалиматериялық	Субетто А.И.: «Педагогикалық квалиметрия әдістерін болашақ кәсіби іс-әрекеттің міндеттерін шешуге құзыреттілік пен дайындық деңгейін объективті және негізделген бағалау үшін қолдану» [152]	• Критерийлердің анықтығы принципі; • Университеттің оқу үдерісінде сараптамалық бағалау мен өзін-өзі бағалауды біріктіру принципі; • Кәсіби салада қолданбалы аналитикалық және бағалау (квалиметриялық) технологияларды жан-жақты қолданудың теориялық және басқарушылық дайындығы мен практикалық қабілетінің бірлігі принципі.

Біліктілікті арттырудың дербестендірілген бағдарламаларын іске асыру өзекті кәсіби тапшылықтарды еңсеруге және білім беру сапасын бағалауға, бағалау рәсімдерінің нәтижелерін талдауға және осы ақпаратты кәсіби іс-әрекетте пайдалануға байланысты кәсіби құзыреттерді жүйелі түрде жетілдіруге бағытталған. Дербестендірілген бағдарламалардың дараланған, атаулы сипаты педагогтердің біліктілігін ресми және бейресми арттырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұндық желілерін, нысандарын, әдістерімен құралдарын анықтауда көрініс табады. Педагогтердің бағалау іс-әрекетіне қатысуын ынталандыру оларға әр түрлі бағалау рәсімдерінде сарапшы ретінде әрекет етуге мүмкіндік беру болып табылады: олимпиадалық тапсырмаларды тексеру; педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау; білім беру сапасына халықаралық зерттеулер жүргізу және т.б., бұл оқытушыларға икемді құзыреттерді неғұрлым белсенді игеруге және өздерінің күнделікті педагогикалық іс-әрекетіне үздік тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік береді. ПОҚ-ты бағалау ортасына кіріктіру оларға бағалау-критерийлік іс-әрекеттің құнды тәжірибесін алуға көмектеседі. Оқытушылардың цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру бағалау және сараптамалық іс-әрекеттің цифрлық құралдарын таратумен, «үлкен деректермен» өзара әрекеттесу қажеттілігімен, оларды алу, түрлендіру және пайдалану қабілетімен байланысты. Атап айтқанда, студенттердің үлгерімі туралы цифрлық деректерді цифрлық жүйелерге енгізу, осы деректерді түрлендіру, көрнекі түрде ұсыну және пайдалану, оның ішінде білім алушылармен, жұмыс берушілермен және өзге де мүдделі тұлғалармен педагогикалық коммуникацияда дағдыларды дамыту көзделеді. Желілік педагогикалық қауымдастықтарда және білім беру порталдары базасында коммуникация дағдыларын игеру ПОҚ біліктілігін бейресми арттыру әдістерімен құралдарын іске асыру үшін мүмкіндіктер ашады.

2.2 Білім беру сапасын бағалаудың кейстік талдау әдістемесі

Кейстік талдау сапалы зерттеулер әдістемелер жиынтығына кіреді. Ал, сапалы зерттеу интерпретациялық, натуралистік көзқарасты қабылдайтын көп мақсатты зерттеу болып келеді. Сапаны бағалау контекстінде ол белгілі бір жорамалдармен тәжірибе жасауға көмектеседі және бағалау мағынасында нақты тәжірибелердің, инновациялардың және процестердің тиімділігін бағалау құралын қамтамасыз етуге көмектеседі. Corrine Glesne, Alan Peshkin сапалық зерттеу қызмет ететін келесі мақсаттарды анықтайды: Сипаттама, интерпретация, тексеру және бағалау. Олар сипаттамалық мағынада сапалы зерттеу жағдайдың немесе процестің сипатын ашады деп дәлелдейді; интерпретациялық мағынада ол жаңа түсініктерді, тұжырымдамаларды алуға және белгілі бір жағдайда бар проблемаларды анықтауға көмектеседі [153]. Жоғарыда аталған төрт мақсат контекстіндегі сапалы зерттеу парадигмасы, әрине, осы зерттеуде сапаны қамтамасыз ету жүйелерінің өмір сүрген тәжірибесін ашуға ұмтылатын феноменді зерттей алатын тұтас зерттеу әдісі.

Кейс талдаудың негізгі ерекшелігі – зерттеу тәсілдерінің икемділігі, бұл зерттеуші жаңа эмпирикалық мәліметтер, әріптестермен пікірталастар, гипотезалардың өзгеруі кезінде көптеген шешімдер қабылдайтындығынан көрінеді. Зерттелетін объектінің ерекшелігін алдын ала білу мүмкін емес, сондықтан зерттеу дизайны әрқашан икемді және болжау мүмкін емес [154,61-66 бб.].Зерттеуші гипотезаның өзгеруіне, зерттеу жағдайына байланысты деректерді жинаудың бір әдісінен екіншісіне еркін ауысады; өзгерістерге және олардың зерттелетін құбылыспен қарым-қатынасына, қатынас тактикасына оңай ұшырайды. Осылайша, зерттеуші басым парадигмадан босатылады және мультипарадигмалық режимде жұмыс істейді. Соңғысы алдын ала жасалған нақты теориялық шеңбердің, тәсілдің, аналитикалық стратегияның жоқтығымен көрінеді. Олар алдын ала жасалуы мүмкін, сондықтан зерттеу дамыған сайын өзгертілуі мүмкін.

Осыдан мульти әдістемелік принцип пайда болады – зерттеу әдістерімен ақпарат көздерінің кең жиынтығы қолданылады (құжаттарды талдау, сұхбат, бақылау және басқалары). Сенімді дәстүрге таныс «деректер» термині «эмпирикалық материалдар» терминімен ауыстырылады. Соңғысы үшін фрагментациямен әртүрлілік маңызды болады. Мульти әдістемелік объектіні кешенді талдауға мүмкіндік береді. Осы принциптің нәтижесінде холизм пайда болады – зерттелетін бүтіннің оның бөліктеріне азаюын баса көрсететін теориялық негіздеме тәсілі. Интерпретациялық парадигмада холизм позитивті мағынада түсініледі, бұл күрделі әлеуметтік құбылыстарға қатысты позитивистік өлшеу мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін және оларды жан-жақтылық тұрғысынан және контексті ескере отырып, зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Контекстуалдылық принципі алынған мәліметтер қандай жағдайда, қандай әлеуметтік «фонда» алынғанымен барынша байланысты болуы керек деп болжайды[155,10б.].

Сонымен, кейстік талдау әдісі қашан қолданылады? Yin (2003) бойынша, кейс талдау дизайнын мына жағдайларда қарастыру керек: (a) зерттеудің мақсаты «қалай» және «неге» сұрақтарына жауап беру болса; (b) зерттеуге қатысқандардың мінез-құлқын басқара алмайтын болсақ; (c) контекстік шарттарды түсіргіңіз келсе, себебі олар зерттелетін құбылысқа қатысты зерттеу нәтижелері көрсетеді; (d) құбылыс пен контекст арасындағы шекаралар анық емес болғанда [156].

Кейстік талдау барысында маңыздысы талдау бірлігін анықтауда біз өзіміздің зерттеу сұрағымыздың қандай болатынын қарастыра отырып, кейстің не екенін де ескеруіміз керек. Бұл қарапайым болып көрінуі мүмкін, бірақ талдау бірлігінің (жағдайдың) қандай екенін анықтау жаңадан бастаған және тәжірибелі зерттеушілер үшін қиын болуы мүмкін. Creswell бойынша істі байланыстыруда ұсыныстар мыналарды қамтиды: (a) уақыт пен орын бойынша [157]; (b) уақыты мен қызметі бойынша (Үлес); және Майлз және Хуберман қосады (c) анықтамасы және контекст бойынша [158].

Yin және Kohl кейс зерттеулерінің әртүрлі түрлерін сипаттау үшін әртүрлі терминдерді пайдаланады. Yin жағдайлық зерттеулерді түсіндірме, зерттеу

немесе сипаттама ретінде жіктейді. Ол сондай-ақ, біртұтас жағдайлық зерттеулер мен бірнеше жағдайлық зерттеулерді ажыратады. Kohl жағдайлық зерттеулерді ішкі, аспаптық немесе қатысу ретінде анықтайды [159]. Жағдайлық есептердің осы түрлерінің анықтамалары мен жарияланған мысалдары 11-кестеде келтірілген.

11-кесте. Кейс зерттеулердің түрлері мен сипаттамалары

Кейс зерттеу-лерінің түрі	**Сипаттамалар (Yin бойынша)**
Түсіндірме	Сауалнама немесе эксперименттік стратегиялар үшін тым күрделі нақты әлемдегі араласулардағы болжамды себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіруге тырысатын жағдайлық зерттеу. Бағалау тілінде түсіндірмелерде бағдарламаны іске асыруды бағдарламаның әсерлерімен байланыстырады.
Зерттеушілік	Бағаланатын араласу нақты, біртұтас нәтижелер жинағы болмайтын жағдайларды зерттеу үшін қолданылады.
Сипаттамалық	Араласуды немесе құбылысты және ол орын алған нақты өмір контекстін сипаттау үшін қолданылады.
Бірнеше жағдайлық зерттеулер	Жағдайлардың ішіндегі және арасындағы айырмашылықтарды қарастырады. Салыстыру жүргізілетіндіктен, зерттеуші жағдайлар бойынша ұқсас нәтижелерді болжай алатындай немесе теорияға негізделген қарама-қарсы нәтижелерді болжай алатындай жағдайлар мұқият таңдалуы маңызды.
Ішкі қатысу	Бұл әдіс жағдайды жақсырақ түсіну мақсаты болған кезде қолданылады. Бұл, ең алдымен, іс басқа жағдайларды ұсынатындықтан немесе ол белгілі бір сипат немесе проблеманы бейнелейтіндіктен емес, оның барлық ерекшелігі мен қарапайымдылығымен істің өзі қызығушылық тудыратындықтан қабылданады.
Аспаптық	Белгілі бір жағдайды түсінуден басқа нәрсеге қолжеткізу үшін қолданылады. Ол мәселе туралы түсінік береді немесе теорияны түсіндіруге көмектеседі. Іс екінші дәрежелі қызығушылық тудырады; ол бізге басқа нәрсені түсінуге көмектесетін қосалқы рөл атқарады. Іс көбінесе терең қарастырылады, оның контексттері мұқият зерттеледі, оның жұмыс тәртібі егжей-тегжейлі сипатталады, сондықтан зерттеушіге сыртқы қызығушылықты жүзеге асыруға көмектеседі.
Ұжымдық	Табиғаты мен сипаттамасы бойынша бірнеше жағдайлық зерттеулерге ұқсас.

Кейс анықталғаннан кейін және кейстің шекаралары белгіленгеннен кейін, нақты жағдайды зерттеуді әзірлеу және енгізу үшін қажетті қосымша құрамдастарды қарастыру маңызды. Оларға мыналар жатады: (a) ұсыныстар (олар болуы немесе болмауы мүмкін); (b) тұжырымдамалық негізді қолдану; (c) зерттеу сұрақтарын әзірлеу (әдетте «қалай» және/немесе «неге» сұрақтары); (d) деректерді ұсыныстармен байланыстыратын логика; және (e) нәтижелерді интерпретациялау критерийлері.

Кез келген басқа сапалы зерттеулер сияқты, деректерді жинау және талдау бір уақытта жүреді. Жүргізілген талдау түрі кейс-талдау түріне байланысты болады.Yin талдаудың бес әдісін қысқаша сипаттайды:үлгіні сәйкестендіру, деректерді сөйлемдермен байланыстыру, түсініктемелер құру, уақыт қатарын талдау, логикалық модельдер және кросс-синтез. Керісінше, Kohl категориялық агрегацияны және тікелей түсіндіруді талдау түрлері ретінде сипаттайды.

Yin кез келген зерттеу кейс талдау кезеңіндегі маңызды тәжірибелердің бірі – ұсыныстарға оралу (егер олар қолданылса); мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұл тәжірибе зерттеу сұрақтарынан тыс деректерді талдау барысында мақсатты талдауға әкеледі. Екіншіден, бәсекелес ережелерді зерттеу-бұл құбылысқа балама түсініктеме ұсынуға тырысу. Үшіншіден, осы қайталанатын процеске қатысу арқылы көптеген ұсыныстармен бәсекелес ұсыныстарды қарастыру және қабылдау немесе қабылдамау кезінде нәтижелерге деген сенімділік артады. Талдау кезеңімен байланысты қауіптердің бірі – әрбір деректер көзі дербес өңделеді және нәтижелер бөлек хабарланады. Бұл жағдайды, зерттеуші істің әртүрлі бөліктерін немесе жағдайға әсер ететін ықпал етуші факторларды емес, істі тұтастай түсіну үшін деректердің біріктірілгеніне көз жеткізуі керек. Онда, бастапқы жағдайға адал болуды қамтамасыз ететін стратегиялардың бірі - зерттеу тобының басқа мүшелерін талдау кезеңіне тарту және зерттеу сұрақтарына жауап беру үшін деректер көздерін біріктіру қабілеті туралы кері байланыс беру [160].

Зерттеуші зерттеу жүргізу үшін бір объектіні немесе талдау бірлігін таңдай алады, бұл жағдайда бір сәттік дизайнды қолданған жөн. Elizabeth Depoy and Laura N. бойынша, егер зерттеуші зерттеуді кеңейтсе, оның ішінде бірінші жағдайдың бөлігі ретінде қарастырылмайтын бірнеше бөлек жұмыс орталары болса, бұл көп сәттік дизайн болып саналады [161].Зерттеудің мақсаты істерді бір және бірнеше рет зерттеу арасындағы таңдауға әсер ететінін атап көрсетеді. Жағдайларды бірнеше рет зерттеу кезінде құбылыс репликацияға ұқсас әртүрлі жағдайларда қарастырылады. Бұл тәсіл зерттеуші теорияны растауға немесе белгілі бір зерттеудің нәтижелерін басқа мысалдармен тексеруге ниет білдірген кезде орынды болады. Алайда, егер мақсат теориялық базаны құру, құбылысты түсіндіру немесе адамның уақыт өте келе дамуын сипаттау болса, онда бір зерттеуді қолданған жөн.

Әлеуметтану саласында кейстік талдауда кеңістіктік-уақыттық шекаралар мәселесі қызықтырады. Жоғарыда айтылғандай, олар: «нәтижелерді басқа зерттеулермен салыстыруға болатындай етіп материалдың мазмұнын қалай стандарттауға болады?» деген сұрақты жиі қояды. О.С. Березкина осыған орай, зерттеу пәнімізге сәйкес бірнеше эмпирикалық нысандар үшін қолдануға болатын бірыңғай тәсілді (құралдар жинағы және т.б.), кейстерді әзірлеу туралы сұрақ туындайды «...бастапқыда бір ел үшін әзірленді, содан кейін көптеген салыстырмалы зерттеулерде қолданылды»[162]. Бұл тәсілдің икемділігімен ішінара бейресми болуынан тұратын кейстік талдау ерекшелігіне сай зерттеу өте қиын міндет. Салыстырмалы бағыттың өкілдері салыстырмалы case-study-дегі макро объектілердің маңыздылығын көрсетеді: «әдіске назар аудара отырып,

жеке жағдайды зерттеу», біз өз табиғаты бойынша салыстыру әдетте объектілерді қарама-қарсы қоюды қамтитынын ұмытпадық. Минимум, бұл екі ел болуы керек, ал максимуим-бұл олардың тарихи дамуында қарастырылған Жер шарының барлық мемлекеттері болады». Эмпирикалық объектілердің ауқымы туралы мәселе пікірталас тудырады. Мәселен, мысалы, компаративистік бағыттың өкілі Ragin «салыстырмалы зерттеудің шекараларын оның авторы белгілейді, олар қоғамдардың, тарихи кезеңдердің немесе оқиғалардың ерікті түрде анықталған (немесе мүлдем анықталмаған) жиынтықтарының шекараларына сәйкес келеді. Ақырында, салыстырмалы әдіс зерттеушіні оның жұмысына қатысты барлық жағдайлармен егжей-тегжейлі танысуға мәжбүр етеді. Когнитивті құндылығы бар жағдайларды белгілі біртұтастық ретінде салыстыру үшін олардың әрқайсысын тікелей зерттеп, содан кейін басқалармен салыстыру қажет»[163]. Салыстырушылар зерттеу объектісінің бірнеше деңгейлерін бөліп көрсететініне назар аударыңыз: бақылау бірліктері (деректерді жинау және талдау—эмпирикалық мәліметтер және теориялық категориялар) және түсіндіру бірліктері (нәтижелердегі заңдылықтарды анықтау). Толығырақ түсіну үшін Charles Ragin дәйек сөзін келтірейік: «компаративистикадағы талдау бірлігі туралы мәселені нақтылау үшін бақылау мен түсіндіру бірліктерін ажырату қажет. Мұндай айырмашылық талдау бірлігінің екі мәнінің болуынан тікелей деректер категориясы және теориялық категория ретінде туындайды. Бақылау бірлігі деректерді жинау және талдау кезінде қолданылады; алынған нәтижелердегі заңдылықтарды анықтау үшін түсініктеме бірлігі қолданылады»[163,1-18Б.].

Әдісті дамытудың перспективалық бағыттарының бірі бірнеше жағдайларды, соның ішінде еларалық аспектіні салыстыру болып табылады. Француз әлеуметтануында мұндай зерттеулер ерекше орын алады. Салыстырмалы зерттеулер маңызды нәтижелермен негізделген қорытындыларды алу үшін байыпты әдіснамалық тәсілді қажет етеді. Қазіргі әдебиетте жалпы түрде салыстырмалы зерттеулерде талдаудың екі негізгі тәсілін ажыратуға болады, олар әмбебаптылық және мәдениеттілік ретінде белгіленеді[164]. Бірінші тәсіл-әмбебаптылық-құбылыстың жұмыс істеуінің жалпы заңдылықтарын анықтауға бағытталған, екіншісі-d Iribarne ұлттық ерекшелікті құрайтын мәдениеттегі орнын анықтай отырып, әлеуметтік құбылыстың басталуына ерекше назар аударады[165].

Әдіснамалық позицияны таңдағанда, зерттеу мақсатына және зерттеушінің дүниетанымына сәйкес келетін дизайнды анықтау үшін кейстік талдау зерттеуі әртүрлі тәсілдерін мұқият қарастыруды қажет етеді. Мұндай үйлестірудің мақсаты- зерттеушінің философиялық ұстанымы, оның зерттеу мәселесі, зерттеуде қолданылатын дизайнмен әдістер арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ету. Осыны ескере отырып, біз кейстік талдауда падаланылатын тәсілдерге төмендегі кестеде сипаттама бердік. (Кесте 12)

12-кесте. Кейс-талдау тәсілдерінің сипаттамасы (Harrison, Helena; Birks, Melanie; Franklin, Richard & Mills, Jane бойынша[166)

	Реалиск-постпозитивистік бағыт	Прагматикалық конструктивизм бағыты	Релятивистік-конструктивизм/интерпретациялық бағыт
Филосо-фиялық ұстаным	кейс-стадиді әлеуметтік ғылымның бір түрі ретінде тұжырымдайды және әдіснамалық жобалау процестерінде объективтілікті сақтауға бағытталған.	Нақты жағдайларды зерттеуге конструктивистік көзқарасты ұстанады, оған сәйкес зерттеуші шындық әлеуметтік және эмпирикалық түрде дамыған мағыналармен түсініктер арқылы субъективті түрде құрылады деп болжайды.	Шындықты мағыналармен түсініктерге негізделген көпше және субъективті деп санайды.
Зерттеу сұрағы	Барлық өлшемдердің жетілмегендігін түсіну кезінде шындықтың табиғатын түсіну.	Құбылысты түсінуді нақтылайтынбай, тұтас сипаттама беріледі.	Зерттеу барысында алынған білім зерттеудің уақытымен контекстіне байланысты болады.
Дизайн және әдістер	Дизайн:қарама-қайшы түсініктемелерді іздеу және гипотезаларды бұрмалау, бірнеше жағдайлық зерттеулерді қолдана отырып, көбейту мүмкіндігі, жалпылауға ұмтылу (қажет болған жағдайда), субъективтілік деңгейін азайту және көптеген сапалық талдау әдістерін қолдану, сандық деректерді жинау және талдау. Қателіктерді айналып өту және" шындыққа" мүмкіндігінше жақын не болып жатқанын түсіну үшін бірнеше триангуляция әдістерін қолдануға баса назар аударылады.	Жағдайлық зерттеулерді мұқият жоспарлау, әзірлеу және жүргізуді жақтай отырып, жағдайлық зерттеулерді басқаруды, мұқият болуды, сенімділікті және қолдануды қамтамасыз ететін прагматикалық құрылымдарды талқылайды.Сипатта малық, тақырыптық және мазмұнды талдау, сондай-ақтриангуляция сияқты процестер зерттеу сапасын қамтамасыз етуде маңызды рөлатқарады, сондықтан деректерді жинау және талдау әдістері егжей-тегжейлі дәлелдемелер тізбегін қолдана отырып, ұйымдастырылуы керек.	Іс өздігінен қызықты болғандықтан немесе басқа нәрсені түсінуге ықпал етуі мүмкін болғандықтан таңдалады; бұл мәселені жақсы түсінуге көмектеседі. Мысалы, деректерді жинаумен талдаудың көптеген көздері мен әдістерін қолдануға болады, бірақ деректерді жинаудың таңдаулы және басым әдісі сұхбатпен бақылау болып табылады.

Кейстік талдау жүргізу барысында келесі ұстанымдарды алға тартқан жөн деп есептейміз. Біріншіден, жағдайларды таңдау зерттеу мақсатына негізделген және қызығушылық тақырыбы бойынша теориялық ережелермен байланысты. Екіншіден. қызығушылық тудыратын мәселелерге нақты сәйкестікті қамтамасыз ету үшін кейстерді таңдау кезінде мұқият тексеруді және ойнату логикасын

қолдану қажет. Үшіншіден дәлдік, технологиялық және практикалық - бұл нақты жағдайларды зерттеуге арналған негізгі сипаттамалар. Дизайн ерекшеліктері дәйекті түрде құрылымдалған және эмпирикалық қолдану арқылы ынталандырылады. Төртіншіден, интеллектуалды адалдықты сақтау, біржақтылықпен күресу және шектеулерді мойындау, деректерді мұқият жинау және нақты есеп берумен бірге зерттеу жүргізудің маңызды элементтері болып табылады. Бесіншіден, ақпарат көп болған кезде және тұжырымдамалар дерексіз болған кезде, ақпаратты түсіндіруге, сұрыптауға және басқаруға көмектесетін процестерді қолдану, сондай-ақ, алынған нәтижелерді нәтижелерге түсінікті және қолдануға болатындай етіп бейімдеу қажет.

Жоғарыдағыларды ескере отырып, біз білім беру сапасын ішкі бағалауды кейстік талдаудағы негізгі логикамызды кестелеп түсіндіруге тырыстық (Кесте 13).

13-кесте. Білім беру сапасын ішкі бағалауды кейстік талдаудағы негізгі логикасы

Элемент	Сипаттама	Зерттеу пәнін проекциялау
Іс	Қызығушылық объектісі немесе талдау бірлігі ретінде анықталған кейс-стади объектісі Бағдарлама, жеке тұлға, топ, әлеуметтік жағдай, ұйым, оқиға, құбылыс немесе процесс.	Кейстік талдаудың негізгі объектісі университеттегі білім беру сапасын ішкі бағалау үдерістері. Құрамдас бөліктері: бағдарламалар, оқу құралдар, ПОҚ кәсіби даярлығы және біліктілігі, студенттердің үлгерімі, элеуметтік жұмыс, ҒЗЖ, басқару жүйесі, материалды-техникалық база
Шектеулі жүйе	Уақыт,кеңістік және қызметпен шектелген байланыс жүйесін қамтиды. Шектеу контекстік айнымалыларды басқару үшін негіздерді қолданады.	ЖОО-ның стратегиялық мақсаттарымен, жоспарларымен шектеледі. Уақыт мерзімі: докторлық диссертацияны орындау мерзімімен байланысты.
Контексте зерттелінеді	Нақты жағдайларда немесе табиғи ортада зерттеледі.. Жағдайды түсіну үшін контекст маңызды. Контекстік айнымалыларға саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, тарихи және/немесе ренанизациялық факторлар жатады.	Сыртқы бағалау жүйесімен тығыз байланыста зерттеу. QS, NAAR рейтингілерін есепке алу.
Терең зерттеу	Мәселені қарқынды талдау үшін таңдалған далалық жұмыс зерттеу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Субъективтілік тұрақты компонент болып табылады. Зерттеудің философиялық бағытына, мақсаты мен әдістеріне байланысты өзгереді. Рефлексивті әдістер сенімділік пен зерттеу процесі үшін өте маңызды.	Оқу үлгерімін талдау, білім алушылар сауалнамасы, сарапшылар мен ПОҚ сауалнамасы, оқу нәтижелерін бағалау, Білім беру бағдарламасын зерттеу.

13 кесте жалғасы

Істі таңдау	Зерттеудің мақсаты мен шарттарына байланысты адамдар, жағдай, оқиғалар, құбылыстар, әлеуметтік процестер туралы шешім қабылдау кіреді. Қамту: бір жағдайды іріктеу, белгілі бір жағдайда және бірнеше жағдайда кең: әдеттегі, ерекше, әр түрлі және/немесе қол жетімді аспектілерді қамтиды әдістер: нақты критерийлер, әдістемелік және мақсатты; репликация логикасы: теориялық немесе сөзбе-сөз репликация.	ЖОО-ғы өзгерістер,Сапаны бағалау қызметі (басшылар, сарапшылар), Оқытушылар мен студенттер, Оқытушылардың даярлығының көрсеткіштері мен деңгейлері.
Көптеген дәлелдер көздері	Жан-жақты және терең зерттеу үшін көптеген деректер көздерінің болуы. Деректерді жинау әдістері: сұхбат, бақылау, фокус-топтар, артефакті-лермен құжаттарды талдау, сауал-нама және/немесе сауалнама парақ-тары. Талдау әдістері: деректерді жинау әдістерімен нақты жағдайларға байланысты әр түрлі; жүйелі және мұқият болу керек. Триангуляция жоғары бағаланады және кеңінен қолданылады.	Сұхбаттасу нәтижелері, айқын-даушы және қалыптастырушы кезеңдегі бақылау нәтижелері, сараптамалық саул барысы, студенттер мен ПОҚ арналған сауалнама нәтижелері, ақтал-маған сөйлемдер әдісі, арнайы әдістер.
Дизайн кейс зерттеу	Сипаттамалық, зерттеу, түсіндіру, иллюстрациялық, бағалау. Бір немесе бірнеше жағдайлар. Кешенді немесе тұтас.	Сипаттамалық, түсіндіруге бағытталған зерттеу.

Бұл әдісті қолдану бір немесе бірнеше жағдайларды талдауға негізделуі мүмкін (жүйенің ерекшеліктерінің табиғи көрінісі ретінде), бір немесе бірнеше зерттеу процедураларын қолдану. Сонымен, көбінесе зерттеушілер бір объектіге қолданылатын дәстүрлі социологиялық әдістермен толықтырылған бақылау оқиғаларын жазып, сипаттау әдісін қолданады: құжаттарды талдау, қызметкерлердің сауалнамасы, сұхбаттар және т.б. осы мақаланың мәтінінде кейстер, ең алдымен, нақты фактілердің иллюстрациясы ретінде қолданылады. Сонымен қатар, біз Статистика, халық сауалнамасы және сарапшылардың сұхбаттары сияқты басқа әдістермен алынған ақпаратты жинаймыз. Мұндай дискурста кейс нақты қызмет көрсету фактісі емес, тұтастай алғанда жүйе болады.

ЖОО-на MSA жоғары мектебі бойынша комитет келесі негізгі бағалау қағидаларын ұсынады.

- Бағалау көп деңгейлі болуы керек, ал оның негізгі компоненті студенттің дамуы мен білім деңгейі болуы тиіс. Бұл қағида білім беру сапасын бағалаудың әр түрлі әдістерін пайдалануды білдіреді.

- Бағдарламалар бағалау нәтижелерін талдау мен зерттеуден тұруы тиіс. Бағалау нәтижелері талдануы, қорытылуы және сақталуы қажет. Аталған жағдайда уақыт бойынша бағалау болашақта түрлі бағалау нәтижелері салыстырылған кезде пайдалы болып табылады.

- Бағдарламалар бағалау бойынша шынайы болуы қажет. Бағалау мақсаттары оның ресурстық қамсыздандырылуына сәйкес болуы тиіс.

- Алдыңғы зерттеу кезінде алынған мәліметтер бағалауда максималды пайдаланылуы керек. Бірқатар ЖОО жиналған пайдалы ақпараттарды талдай отырып, жылдан-жылға ақпарат жинақтауды тұрақты түрде ұлғайтып, бағалау бойынша жемісті бағдарламаларды іске асыра бастады.

- Бағалау жүргізуге кеткен шығындарды бағалау нәтижелері ақтайтындай нәтиже әкелуі керек. Бағалау нәтижелері арқылы пайда болаын басты нәтиже білім беру сапасын бағалаудағы негіздемелі шешімдерді қабылдау үшін тиісті ақпаратты ұсынатындығынан тұрады.

Көптеген уақыт бойына Европа елдерінде білім беру сапасын бақылаудың дәстүрлі мемлекеттік формасы жұмыс жасады, ол төмендегілермен байланысты болатын:

- Білім беру жүйесінің біркелкілігі;
- Жоғары білімнің элиталы сипаты;
- Тілдік және аумақтық қиындықтар кезіндегі миграцияның болмауы.

Мемлекеттік органдар тарапынан Европалық аймақтағы елдерде білім беру сапасын бақылаудың мынандай басты іс-шараларын көрсетуге болады: лицензиялау, аттестаттау, аккредитациялау. Бұл айтылғандар Ресейдегі қабылданған бағалаудың іс-шараларымен түгелдей үйлеседі.


Енді, өзін-өзі бағалау шараларында білім беру сапасын бағалау өлшемдерінің шетелдік және отандық жоғары оқу орындарын бойынша келтірейік (сурет 6).



6-сурет. Сапаны шешуге арналған өлшемдер

Сапаны анықтау материалдарында «оқыту сапасын жақсарту түйінінің» суреті келтірілген:

«Білім беру –>бағалау –> жақсарту –> білім беру» қағидасы жүйелі жүзеге асырылатындығы баяндалған (сурет 7)



7-сурет. Оқыту сапасын жақсарту түйінінің суреті

Демек, жоғары білім беру сапасын жақсарту процесіндегі бағалаудың орны осылай белгіленген. Жоғары мектеп бойынша да, дүние жүзіндегі тәжірибелерге сүйенсек те, комиссия бағалаудың бүкіл нәтижелерін стандарттауды іске асырмайтындығы және білім беру мен оқытуды дамытуда механикалық тәсілді пайдалануға ұмтылмайтындығы көпшіліктің қызығушылығын тудырады. Алайда, бағалау нәтижелері ЖОО-да тұрақты өзін-өзі дамыту үшін негіз ретінде көрсеткіштерді қолдануын талап етеді, оның бір түрі – бағалау параметрлері. Біз бағалау қызметінің жалпыланған параметрлерін төмендегі 14-кестеде көрсеттік.

14-кесте. ЖОО-да білім беру сапасын бағалаудың жалпылама параметрлері

Бағалау бағыт-тары	Зерттеу объектісі	Бағалау дың мақсаты	Мақсатты топ	Бағалау әдістері, құралдары	Бағалаудың уақытша регламенті
Білім беру процесі субъектілерінің жай-күйі	ОЖСБ нәтижелері туралы деректер	Оқуға Дайындық деңгейі.	1 курс студенттері	ОЖСБ нәтижелері туралы мәлімет-терді талдау.	Қыркүйек
	ЖОО-да оқу мотивациясы	ЖОО-да оқуға қатысы.	1-4 курс студенттері	Рефлексивті сұрау.	1-4 курстар
	Өзін-өзі бағалауға орнату	Өзін-өзі бағалауға қатынасы.	1-4 курс студенттері	3-4. Бақылау, сауалнама, рефлексивті сұрау	Жылына 2 рет
	Білім беру сапасын арттыруға субъективті дайындық	Білім сапасын арттыруға қатысуға дайындық деңгейі.	1-4 курс студенттері	Эмпирикалық талдау, матема тикалық әдістер, жеке білім жетістіктерінің мониторингі	Қыркүйек 1-4 курстар

14 кесте жалғасы

Білім беру процесі субъектілерінің жай-күйі	Негізгі және кәсіби құзыреттер. Қорытынды аттестаттау көрсеткіштерінің динамикасы.	Мамандар ды даярлау сапасы.	1-4 курс студенттері	Мониторинг, портфолио.	Маусым, 1-4 курстар. Жыл ішінде, оқу жылының нәтижесінде
	Студенттердің ағымдағы және қорытынды үлгерімі.	Оқыту сапасы.	1-4 курс студенттері		Реглемент тен тыс, мақ сатты ауди торияның қажеттілігі бойынша
	Білім беру мазмұны. Білім беру мазмұнын әдістемелік қамтамасыз ету	Білім беру мазмұны ның сапасы.	Пәндік комис сиялар. Оқытушыл ар.	Сараптау.	Қыркүйек, маусым. Регламенттен тыс - мақсатты аудитория ның қажеттілігі бойынша.
	Оқу сабағының әртүрлі кезеңдерінде оқытудың технологиялары мен әдістері. Педагогикалық қарым-қатынас	Сапасы оқыту техноло гиялары мен әдістерін. Педагогикал ық өзара іс-қимылдың сапасы.	Оқытушыл ар.	Сараптау. Өзін-өзі бақылау.	Ай сайын. Регламенттен тыс - мақсатты аудитория ның қажеттілігі бойынша.
ЖОО ерекшеліг ін ескере отырып, оқу бағдарлам аларын бағалау	Білім беру сапасын арттыру жөніндегі қызметке оқытушының объективті және субъективті дайындығы. Инновациялық қызмет. Білім беру процесін ұйымдастыру. ЖОО-да мәдениетаралық қарым-қатынас ортасы. Еңбек нарығының талаптары.	Оқытушыла р құрамының сапасы. ЖОО-да білім беру үдерісін ұйымдастыр удың сапасы. Еңбек нарығының талапта рына сәйкестігі.	Оқытушыл ар, әкімшілік, жұмыс берушілер, студенттер, әлеуметтік серіктестер .	Сараптау. Рейтинг. Сауалнама.	Регламент – жылына 1 реттен аз емес. Регламенттен тыс - мақсатты аудитория ның қажеттілігі бойынша.

Бағалау әдістерін таңдау мен тәсілдерде мүмкіндігінше әртүрлілік байқалады.

Енді кейс-талдау ретінде алынған ЖОО сапа саясатын реттестіретін негізгі құжаттарды талдауға көшейік.

Білім беру сапасы саласындағы ҚазҰПУ міндеттері, мақсаттары мен миссиясы білімді, ғылым мен инновацияны интеграциялауға, Қазақстан Республикасының стратегиялық міндеттеріне сай келетін жаңа тұрпатты маман даярлауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесі ISO 9001:2015 халықаралық стандарттарына сай келеді. Университеттегі білім беру сапасын кепілдендіру жүйесі ENQA стандарттары мен директивтеріне негізделген және сапаны басқарудың құжаттамаланған іс-шараларынан тұрады. Білім беру бағдарламаларының сапасын ішкі бағалау келесі құрылымдық бөлімшелер арқылы жүзеге асырылады: Аккредиттеу және институционалды зерттеулер Орталығы, факультеттердің академиялық комитеттері.

Білім беру сапасын ішкі бағалау аспаптары ретінде UNIVER жүйесі арқылы «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы; білім беру бағдарламаларын, бағалау әдістерін, оқыту ортасын кафедра, Академиялық комитеттер мәжілістерінде қайта қарастыру және жаңарту; жеке кабинеттері арқылы білім алушыларды бағалау критерийлері, шаралары, рубрикалары жөнінде ақпараттандыру қолданылады.

Университет білім беру рейтингтері мен сырттай бағалауларға қатысады (мысалы, IQAA). IQAA Ranking нұсқасы бойынша 2025 жылы ҚазҰПУ Қазақстанның көпбейінді ЖОО арасында 1-орынды иеленді. Quacquarelli Symonds (QS) халықаралық рейтингінде университет 2025 жылы 166-орынды иемденді. QS Asia University Ranking мәліметтері бойынша 2025 жылы 29-орынды иеленді.

Абай атындағы ҚазҰПУ ұлттық мұралар мен әлемдік тәсілдердің озық әдістері негізінде заманауи білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратын педагогтар даярлауға бағытталған 2017-2025 жж. мерзімге арналған «Сапа саласындағы саясатты» бекітті.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етуге арналған нұсқаулықтар мен еуропалық стандарттарға сүйене отырып құрастырылған (ESG). Бұл жүйеде нормативті құжаттардың деңгейлері айқындалған: саясат, стандарттар, ішкі нормативті құжаттар, бөлімшелер мен лауазымдық нұсқаулықтар туралы ережелер.

Білім беру сапасын ішкі бағалау келесі бөлімшелер арқылы жүзеге асырылады: факультет деңгейінде академиялық сапа бойынша кеңестер жұмыс жасайды; сапа бойынша Комитет, стратегиялық даму және сапаны талдау департаменттері де бар.

Университетте SWOT-талдау жүргізілетін, тәуекелдер айқындалып, оларды басқару бойынша іс-шаралар жүргізілетін білім беру бағдарламаларын іске асыруды бақылау мен талдау жүргізіледі.

«Педагогика және психология» мамандығы бойынша РОӘК жұмыс жасайды. Сапаны қамтамасыз етуге барлық мүдделі тұлғалар қатысады: студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер. Оқытушыларды бағалау әдістемелері мен біліктілікті жоғарылату бағдарламалары, студенттердің қанағаттануының көрсеткіштері бар.

QS World University Ranking by Subject рейтингі бойынша «Білім беру және оқыту» пәндік саласы бойынша топ-100 құрамына енді. QS Asia University Ranking рейтингі бойынша 2025 жылы 131-орын иеленді.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде (Ө.Жәнібеков атындағы ОҚМПУ) «2023-2029 жылдарға арналған даму Бағдарламасы» әзірленген, онда міндеттер, сыртқы ортаны талдау, ресурстар және т.б., сипатталған.

ЖОО негізгі міндеті ретінде білім берудегі үздік тәжірибелер негізінде адам капиталы сапасын жоғарылату көзделген. Білім беру бағдарламалары біліктілік шеңберлерін (Еуропалық, Ұлттық біліктілік шеңберлері, Дублиндік дескрипторлар) ескере отырып, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілерге бағыттала отырып әзірленген.

Университет институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден (23 мамандық бойынша) IQAA арқылы (Білім берудегі сапаны қамсыздандыру бойынша Тәуелсіз агенттік) 2020 жылдың сәуірінде өтті. Білім беру бағдарламалары мемлекеттік стандарттарға, халықаралық және аймақтық талаптарға сай келеді.

Бағдарламаларды тұрақты түрде бақылау және қайта қарастыру жүргізіп отырады. Дегенмен, нақты іс-шаралар (аудит секілді, оқытушыларды бағалау секілді, студенттердің, жұмыс берушілердің кері байланысын жинақтау секілді) көпшілік материалдарда толық шамада сипатталмаған. ЖОО Қазақстандағы педагогикалық оқу орындарының ұлттық рейтингінде 5-орын иеленеді.

Регламенттеуші құжаттарды талдау мазмұнына сүйене отырып біз келесі тұжырымдарды жасадық.

Біріншіден, айқын саясат пен сапа жүйесінің болуы жағынан барлық үш жоғары оқу орны регламенттеуші құжаттарға ие және ЖОО міндеттері айқын анықталған.

Екіншіден, ЖОО-ларды IQAA / ECAQA аккредиттеуі бойынша барлық үш оқу орындары да аккредиттеуден өткен.

Үшіншіден, барлық ESG (ENQA) халықаралық стандарттарын енгізу бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абай атындағы ҚазҰПУ еуропалық стандарттарды іске асырумен толығымен қамтамасыз етілген. Дегенмен, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚМПУ-де жоғары білім беру сапасының еуропалық стандарттары тек жартылай ғана ендірілген. Барлық үш оқу орны да нарыққа және құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруға бағытталған.

Төртіншіден, студенттер мен оқытушыларды бақылау мен жүйелі түрде сауалнамалар жүргізу үш оқу орнында да тұрақты түрде жүргізіледі, сондай-ақ, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-де студенттер мен оқытушыларды сауалнамадан өткізу бастамашыл сипатта жүргізіліп отырады (Сурет 15).

Кейс талдау үш оқу орындарындағы ішкі бағалау жүйелеріндегі шешуші айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік береді.

15-кесте. Білім беру сапасын ішкі бағалау жүйелеріндегі айырмашылық

Бағалау критерийлері	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Абай атындағы ҚазҰПУ	Ө.Жәнібеков атындағы ОҚМПУ
Жүйелілік пен стандарттау деңгейі	Барынша дамытылған, ISO 9001:2015 бойынша сертификаттал ған, ENQA / ESG толығымен сай келеді	Сапаны ішкі бағалаудың қалыпты жүйесі, дегенмен педагогикалық бағдарламалар ды жетілдіруге назар аудару	Жетілдіру сатысындағы негізгі қалыптасқан құрылым
Сапаны ішкі бақылау органдары	Аккредиттеу және институцио налды зерттеулер Орталығы, факультеттердің академиялық комитеттері	сапа бойынша Комитет, стратегиялық даму және сапаны талдау департаменттері	Оқу-әдістемелік басқарма, факультеттер жанындағы комиссиялар
Бағалау аспаптары	«Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы, ішкі аудиттер, сапа бойынша жыл сайынғы есептер, оқытушылар KPI	SWOT-талдау, бағдарламалар ды бақылау, кафедралардың өзін-өзі бақылауы, оқытушылар KPI	Бағдарламаларды бақылау, ішкі есептер, кері байланыстың дамытылмаған жүйесі
Студенттер мен жұмыс берушілердің қатысуы	Белсенді (сауалнамада, бағдарламаларды жобалауда, ішкі аккредиттеуде)	Мөлшерлі, дегенмен дамып жатыр	Негізінен жұмыс берушілер қатысады, студенттер аз тартылған
Ақпараттық жүйелер	UNIVER (бағалауға, сауалнамаға, жоспарлауға арналған электронды платформа)	Құжат айналымының ішкі порталы және электронды жүйесі	Жартылай автоматтандырыл ған
Іс-шаралардың құжаттамалануы (ашық PDF, регламенттер)	Ашық қолжетімділіктегі құжаттардың толық пакеті	Сапа туралы ережелер бар	Жартылай, дегенмен негізінен жалпы мағлұматтар

Демек, әрбір жоғары оқу орнының барынша күшті жақтарын айқындауға болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де бұл сапаны ішкі бақылаудың институционалдандырылған жүйесі, цифрландыру мен айқындықтың жоғары деңгейі, қуатты талдау базасы (сауалнамалар, рейтингтер, әкімшілік тараптың

талдауы мен сабақтарға енуі), студенттер мен жұмыс берушілердің сапа циклының барлық кезеңдеріне қатысуы.

Абай атындағы ҚазҰПУ үшін: болашақ мұғалімдердің құзыреттіліктерін дамыту мен оқытуға назар аудара отырып, сапаның теңестірілген педагогикалық үлгісі, халықаралық агенттіктердің ұсыныстарын белсенді түрде пайдалану, сапаны қамтамасыз етуге факультет кеңестері мен профессор-оқытушылар құрамының айрықша тартылушылығы.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚМПУ-де маман даярлаудағы аймақ қажеттіліктеріне бағытталушылық пен икемділік, еңбек нарығы сұраныстарына жауап ретінде жаңа білім беру бағдарламаларын дамытушылыққа назар аударады.

Тұтастай алғанда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – құрылымы жағынан, халықаралық стандарттар мен айқындығы жағынан көшбасшы десек те болады. Университеттегі сапаны ішкі бағалау жүйесі еуропалық университеттердің үлгісіне жақын десек те болады, халықаралық бәсекеге қабілеттілікке бағытталған.

Абай атындағы ҚазҰПУ — педагогикалық сапа мен әдістемелік тәсілде күшті, дегенмен автоматтандыру жағынан кемшін тұстары жоқ емес, Жүйе сапалы педагогикалық даярлыққа бағытталған мұнда білім беру әдістемесі мен оқыту нәтижелеріне айрықша назар аударылады.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚМПУ — толыққанды жүйені белсенді қалыптастыру үдерісінде аймақтық ерекшеліктер мен аккредиттеуге ерекше назар аударады. Жүйе қалыптасу үдерісінен табылады; тұрақты түрдегі ішкі аудиттер мен цифрлық аспаптарды енгізу кезінде күшті өсу әлеуетіне ие.

Білім беру сапасын бағалау күрделі жүйе. Ол нені бағалаймыз, ол неден тұрады деген сияқты бірнеше сұрақтарға жауап беретін көптеген құрауыштардан тұрады. Атап көрсетсек, олар:

Білім беру сапасын бағалаудың құрауыштары:

1. Оқулықтар, оқу құралдары т.б (әдістемелік қамтамасыз ету);
2. Жоғары оқу орындарының қызметкерлерінің, соның ішінде педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі;
3. Білім алушылардың үлгерімі;
4. Білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары (стандарттан бас тартқан соң, оқу бағдарламаларын аламыз);
5. Әлеуметтік жұмыс (тәрбие үдерісі);
6. Ғылыми зерттеу жұмыстары;
7. Басқару жүйесі;
8. Материалдық техникалық база (сурет 8).



8-сурет. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың үдерістік құрауыштары

1- құрауыш. Білім беру бағдарламасы.

Оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үдерісін ұйымдастыруды және оларды жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшем шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін- *білім беру бағдарламасы* дейміз.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.*Мұнда білім беру саласында сұранысқа ие, тұлғалық даму мен педагогикалық-психологиялық жағдайларға талдау жасауға және кәсіби шешім қабылдауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктер мен білімдерді меңгерген, педагогикалық-психологиялық қызметтің маңызы мен өзгешелігін түсінетін, педагогикалық-психологиялық қызмет технологияларын және педагогикалық-психологиялық құзыреттіліктерді меңгерген жоғары кәсіби мамандарды - педагог-психологтарды даярлау- білім беру бағдарламасының басты мақсаты болып табылады.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.*Бұл ЖОО-ның білім беру бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды тұлғалық және әлеуметтік жағынан дамытуға, тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті кәсіби біліктілігі жоғары педагог-психологтарды даярлау.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті .Ал бұл ЖОО-ның білім беру бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды тұлғалық және әлеуметтік жағынан дамытуға, білім беру үдерісн психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім беру процесінің әлеуметтік салаларын үйлестіруге бағытталған кәсіби қызметті іске асыруға және бәсекеге қабілетті халықаралық талаптарға сай келеін кәсіби біліктілігі жоғары педагог-психологтарды даярлау.

2 -құрауыш. Оқулық, оқу құралдары.

Оқыту мақсатына, оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітапты- о*қулық* деп атаймыз.

Оқыту құралдары– мұғалімге оқытуда көмектесетін аспаптар мен түп деректер, яғни оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға көмек құралы.

Міндетті компоненттер үшін *оқулықтар мен оқу құралдары* қамтамасыз етілген десек те болады, бірақ элективті пәндер бойынша толық қамтамасыз етілмеген.

Мысалы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

- Психологиялық-педагогикалық конфликтологияның негіздері,
- Психологиялық-педагогикалық коррекция,
- Білім беру психологиясы,
- Ынтымақтастық педагогикасы,
- Когнитивті психология және педагогика,
- Орта мектептегі оқу бағдарламалары мен жаңа стандарттары;

Абай атындағы ҚазҰПУ. Ғылыми кітапхана. Оқу процесін ақпараттық-әдістемемен кітапхана қамтамасыз етіп отырады. Кітапхана Алматы ОКЖ, Республикалық ұлттық техникалық кітапханамен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ғылым ордасымен», Қазақстан жоғары оқу орындарының кітапханаларымен өзара тығыз байланыста жұмыс жасайжы. Кітапхананың кітап қоры мемлекеттік, орыс және шет тілдеріндегі университеттің мамандықтарына сай келетін түрлі білім салаларын қамтиды. Оқу және ғылыми әдебиеттерді мамандықтар бойынша қолжетімділікпен қамтамасыз ету және электронды БАҚ бойынша оқу әдебиеттері белгіленген стандарттарға сай келеді (140 бірлік, 40%).

Ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыру және үйлестіру бойынша әдістемелік орталыққа қарасты кітапханалармен жұмыстары жүргізілуде.

Ғылыми кітапхананың кітап қоры 1 700 000 данадан аса, Ғылыми кітапхана 400 атаудан артық мерзімді басылымдарды алады.

Міндетті компоненттер үшін о*қулықтар, оқу құралдары* қамтамасыз етілген десек те болады, бірақ элективті пәндер бойынша толық қамтамасыз етілмеген.

- Арттерапия практикумы,
- Қауіпті топтағы балалар мен отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету,
- Креативті педагогика,
- Білімдегі инновациялық менеджмент,
- Вальдорф педагогикасы,
- Отбасылық кеңес беру,
- Топтық психологиялық кеңес беру,
- Психологиялық кеңес беру негіздері,
- Болашақ педагог-психологтың дидактикалық даярлығы;

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. № 44 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітап қорын қалыптастыру және сақтау» бұйрығына сәйкес кітап қоры толықтырылады.

Университет профилінің ерекшеліктері мен алатын мамандықтарына, кафедралардың білім беру бағдарламалары бағыттары бойынша университет кітапханасының кітап қоры анықталады. Құжаттар бакалавр, магистр, докторант мамандарды даярлау бағыттарымен іріктеледі. Құжаттарға тапсырыс рәсімдеу кітап сататын мекемелерден, баспалардан, сондай-ақ университет кафедраларынан келіп түскен жазбаша сұраныстардың ақпараттық материалдары бойынша бір жыл көлемінде жүргізіледі. Оқу құжаттары университет бағдарламаларына және оқу жоспарына сәйкес «Білім беру қызметтерін лицензиялау барысында ұсынылатын талаптармен» (№391 17 маусым 2015 ж. ҚР үкіметінің қаулысы) кафедра сұраныстары бойынша жинақталады. Кафедралар сұраныстардың сапалы және сандық сипаттамасын анықтайды және ҚР БҒМ/ОӘС РОӘК грифімен оқу құжаттарына мән береді.

Жаңа түскен кітаптар туралы мәлімет сала бойынша факультеттерге «Ақпараттық бюллетендер» жазбаша және электронды түрінде беріледі, кітапхананың сайтына қойылады.

Міндетті компоненттер үшін о*қулықтар, оқу құралдары* қамтамасыз етілген десек те болады, бірақ элективті пәндер бойынша толық қамтамасыз етілмеген.

- Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметті ұйымдастыру,
- Қайта тәрбиелеу педагогикасы,
- Шағын жинақталған мектептерде педагогикалық үдерістерді ұйымдастыру,
- Тұлғааралық коммуникация психологиясы,
- Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негіздері,
- Сыни ойлау,
- Психикалық денсаулық профилактикасы және суицид превенциясы,
- -Психотерапия,
- Пенитенциарлық психология.

3- құрауыш. Жоғары оқу орындарының қызметкерлерінің, соның ішінде педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі:

Кадрлардың ғылыми дәрежесі және базалық білім деңгейлері бойынша оқытушылардың кәсіби біліктілік мәселесі анықталады. Педагогика және психология мамандығы шындығына келгенде, жас мамандықтардың бірі, ол 2004 жылдан бастап дайындала бастады, осыған байланысты үш деңгейде сай келуі қиындық тудырады. Ғылыми дәрежеге келетін болсақ, талапқа сай атап айтсақ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 75 %. Абай атындағы ҚазҰПУ – 83 %. Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті –50 %.

4- құрауыш. Білім алушылардың үлгерімі.

Оқудағы білім алушылардың жетістіктерін бақылау – нақтылы бір пән бойынша түрліше бақылау тапсырмалары негізінде (жазбаша жұмыс, тест, практикалық жұмыс, портфолио, ауызша сұрау т.б.) студенттердің білім жетістігін тексеру. (Сурет 16).

16-кесте. Университеттегі педагогика және психология мамандығының студенттерімен ОЖСБ өтуінің нәтижелері

	2016/2017	2017/2018	2018/2019
Абай атындағы ҚазҰПУ	88,2	92,3	97,4
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті	80	70	78
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	85	97	99

Қорытынды аттестация бойынша б*ілім алушылардың* үлгерімі айқындалады. Үш университеттің бітіруші түлектерінің үлгерімі орта есеппен алғанда 88,9 пайызды құрайды. Бірақ, аралық бақылау және қорытынды емтихан бағаларында кейбір пәндер бойынша айтарлықтай алшақтық байқалады.

5- құрауыш. Әлеуметтік жұмыс.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да әлеуметтік жұмыс бағытындағы қызмет тек білім беру бағдарламаларын іске асырумен шектелмейді. Университет студенттердің әлеуметтік Әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында көпдеңгейлі, кешенді әлеуметтік қолдау инфрақұрылымын қалыптастырған. Бұл жүйе әлеуметтік, психологиялық, құқықтық және инклюзивті қолдау тетіктерін қамти отырып, студентке бағдарланған университеттік саясаттың маңызды элементі болып табылады. Университет құрылымында студенттердің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған арнайы орталық жұмыс істейді. Бұл орталық академиялық емес сипаттағы әлеуметтік қолдау көрсетудің негізгі механизмі ретінде әрекет етеді. Психологиялық қолдау қызметі университеттегі студенттердің эмоционалдық, жеке және академиялық Әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған құрылым болып табылады. Психологиялық қызмет студенттердің психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы оқу процесінің сапасына жанама түрде ықпал етеді. Университетте мүмкіндігі шектеулі студенттердің білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Инклюзивті білім беру орталығы жұмыс істейді.

Бұл көп деңгейлі жүйе университеттің әлеуметтік миссиясын жүзеге асыруға, студенттердің тұлғалық, психологиялық және әлеуметтік дамуын қолдауға, сондай-ақ білім беру ортасының сапасын арттыруға бағытталған.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде әлеуметтік жұмыс қызметі студенттердің әлеуметтік жағдайын қолдау, психологиялық Әл-ауқатын қамтамасыз ету және инклюзивті оқу ортасын дамыту бағыттарында жүйелі түрде ұйымдастырылған. Университеттің әлеуметтік жұмыс жүйесі студентке бағдарланған саясатты жүзеге асыруға бағытталған және әлеуметтік,

психологиялық, құқықтық, мәдени-тәрбиелік қолдау тетіктерін қамтитын көпсалалы құрылым ретінде қалыптасқан. Университетте студенттердің әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы бөлімдер мен қызметтер жұмыс істейді. Бұл құрылым әлеуметтік осал топтардағы студенттерді қолдауды қамтамасыз етеді және әлеуметтік мәселелерді шешудің негізгі ұйымдастырушылық буыны болып табылады. Университетішілік әлеуметтік жұмыс жүйесі студенттерге көпқырлы қолдау көрсететін, әлеуметтік, психологиялық және инклюзивті саясатты үйлестіретін тиімді модель болып табылады. Бұл жүйе студенттердің әлеуметтік тұрақтылығын, оқу жетістігін және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған, сондай-ақ университеттің әлеуметтік жауапкершілік міндеттерін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті студенттерге қолдау көрсетуде бірқатар оң тәжірибелерге ие екенін көрсетеді. Университетте жұмыс істейтін психологиялық қолдау орталығы студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын нығайтуға, олардың бейімделуіне және жеке дамуына кәсіби деңгейде жағдай жасайды. Басқару құрылымында әлеуметтік мәселелерге жауапты проректордың болуы университеттің әлеуметтік саясатқа ерекше мән беретінін білдіреді. Сонымен қатар, студенттік ұйымдар мен волонтерлік қозғалыстардың белсенділігі білім алушылардың азаматтық белсенділігін арттыруға және олардың әлеуметтік құзыреттерін дамытуға ықпал етеді. Университетте ұйымдастырылатын мәдени-тәрбиелік іс-шаралар студенттердің тұлғалық даму ортасын кеңейтіп, олардың шығармашылық және әлеуметтік әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, қолжетімді деректер Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың студенттерге қолайлы, қолдаушы ортаны қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп отырғанын көрсетеді.

6 - құрауыш. Ғылыми-зерттеу жұмыстары.

Қол жеткен білімдерді дамыту және жаңа білімдерді игеру, ғылыми топшылауларды тексеру, табиғатпен қоғамда көрініс табатын заңдылықтарды айқындау, жобаларды ғылыми тұрғыда жинақтап қорытындылау, ғылымды негіздеу мақсатындағы зерттеулер, тәжірибелер жүргізумен, ғылыми ізденістермен байланысты ғылым сипаттағы жұмыстар, талдамалар- ғылыми-зерттеу жұмыстары болып саналады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-де кафедраның басты жұмыс бағыттарының бірі – ғылыми зерттеу жұмыстары. Мұнда ғылыми-зерттеу жұмыстары екі бағытты қамтиды: профессор-оқытушылардың және білімгерлердің ғылыми зерттеу жұмыстары. Осы бағыттар педагогика және психология ғылымдарының заманауи өзекті мәселелерін қамти отырып, бакалавр, магистратура және PhD докторантура бағдарламалары бойынша ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін дамытуға жағдай жасайды.

Кафедраның профессор-оқытушылары төмендегідей бағыттағы ғылыми жобаларға қатысуда:

- ҚР Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалар;

- халықаралық ұйымдар қаржыландыратын жобалар;
- республикалық бюджет арқылы қаржыландыратын жобалар;
- университет тарапынан қаржыландырылатын ғылым-зерттеу жобалар.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-гі жобалар:

- Студенттердің креативтілігі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту Қазақстанның интеллектуалды потенциалын арттырудың факторы ретінде;

Қазақстандағы жастар арасындағы суицидтік мінез-құлықты алдын-алуға арналған арт-педагогика және арт-терапия: ғылыми негіздері мен тәжірибелік технологияларын құрастыру;

Жаһандану жағдайында заманауи жастардың кәсіби өзін-өзі анықтау құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері;

Қазақстан республикасындағы жоғары білім беруді орталықсыздандыру: жоғары оқу орнының тұрақты дамуының сценарийлерін (модельдерін) құру.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде ғылыми қызметті үйлестіретін арнайы ғылыми зерттеулер бөлімі құрылған. Бөлімнің негізгі міндеттері – жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің сапасы мен өзектілігін арттыру, зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу, ПОҚ-тың жарияланымдық белсенділігін өсіру, оқытушылар мен жас ғалымдарды ғылыми бағдарламаларға тарту, шетелдік серіктестермен бірлескен жобаларды дамыту, халықаралық және республикалық конференцияларға қатысуды ұйымдастыру сияқты бағыттармен жұмыс жүргізеді. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ болса, аймақтық педагогикалық университет ретінде ғылыми құрылымын жүйелеу жолында: ғылыми зерттеулер бөлімі, гранттық жобаларға қатысу, ғылыми конференциялар өткізу және экологиялық, педагогикалық бағыттағы зерттеулер жүргізу арқылы өзінің ғылыми әлеуетін дамытып отыр.

7- құрауыш. Басқару жүйесі.

Басқарушылық шешімдерді әзірлеп, қабылдап, жеткізетін, олардың орындалуын қамтамасыз ететін басқару жүйесінің бөлігін- басқару жүйесі деп айтамыз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ — көпсалалы ұлттық зерттеу университеті болып табылады. Университетті басқарудың жоғарғы органы — Басқарма (Правление), оның басшысы Басқарма төрағасы–ректор болып табылады. Ресми деректерге сүйенсек, университет құрамында 16 факультет, ондаған кафедра, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, сондай-ақ стратегиялық даму, цифрландыру, ғылыми-инновациялық қызметті үйлестіретін құрылымдық бөлімшелер жұмыс істейді. ҚазҰУ-дың басқару моделі корпоративтік басқару қағидаттарына негізделген, көпдеңгейлі және ғылыми-инновациялық экожүйені қолдауға бағытталған.

Абай атындағы ҚазҰПУ басқару жүйесі педагогикалық бағытқа бейімделген. Университеттің ресми құрылымында Ректор аппараты, стратегиялық даму басқармасы, академиялық мәселелер жөніндегі департамент, ғылыми-инновациялық бөлім, кадрлық және құқықтық қызметтер, сондай-ақ білім беру сапасын қамтамасыз етуге бағытталған ішкі құрылымдар бар.

ҚазҰПУ басқару жүйесі педагогикалық кадрларды даярлауға маманданғандықтан, оқу-әдістемелік үдерістерді, ғылыми-педагогикалық зерттеулерді және нормативтік қамтамасыз етуді үйлестіруге ерекше назар аударады. Университет құрылымында «Ситуациялық орталық» сияқты басқарушылық талдау құралдарының болуы оның институционалдық басқару мәдениетінің дамығанын көрсетеді.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ — өңірлік педагогикалық университет ретінде басқару жүйесінде оқу-әдістемелік жұмыстармен қатар тәрбие, әлеуметтік қолдау және жастар саясаты бағыттарына басымдық береді. Ресми сайт деректеріне сүйенсек, университет құрылымында ғылыми кеңес, басқарма, деканаттар, тәрбие және жастар саясаты департаменті, психологиялық қолдау орталығы, студенттік ұйымдарды үйлестіру бөлімдері жұмыс істейді. Бұл құрылым университеттің педагогикалық маман даярлау миссиясымен қатар, студенттердің әлеуметтік-психологиялық қолдауын басқарудың маңызды бөлімі ретінде қарастырылатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, үш университеттің басқару құрылымдарын салыстырмалы талдау олардың қызметтік бағыттары мен институционалдық міндеттеріне сай ұйымдастырылғанын көрсетеді. ҚазҰУ — ірі ғылыми-инновациялық орталық ретінде күрделі корпоративтік басқару моделін қолданса, ҚазҰПУ — педагогикалық бағыттағы ұлттық университет ретінде академиялық және ғылыми-педагогикалық процестерді үйлестіруге басымдық береді. Ал ОҚПУ — педагогикалық кадрлар даярлауға маманданған аймақтық университет ретінде академиялық және тәрбиелік-әлеуметтік қызметтерді интеграцияланған басқару моделін қалыптастырған.

8 - құрауыш. Материалдық-техникалық база.

Материалдық-техникалық база – өндірістің материалдық-техникалық базасы – экономикалық үдерістерде пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтарының, қоғамның өндіргіш күштеріне жататын материалдық, заттық нышандардың жиынтығы.

ҚазҰУ – Қазақстандағы ең ірі көпсалалы ғылыми-білім беру орталығы. Университеттің материалдық-техникалық базасы республикадағы ең ауқымды кампустардың бірі болып саналады. Университет құрамында ондаған оқу корпустары, ғылыми орталықтар, зертханалар, "Al-Farabi Smart University" концепциясына негізделген цифрлық инфрақұрылым, ірі ғылыми кітапхана, мәдени-ағартушылық кешендер, медициналық пункттер және толыққанды студенттік кампус орналасқан.

Зертханалық база биотехнология, наноматериалдар, химия, физика, инженерлік бағыттар бойынша заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Университет ғылыми зерттеулерді қолдайтын технопарк, инновациялық орталықтар, бизнес-инкубаторлар және стартап платформаларын да қамтиды. Бұл инфрақұрылым ҚазҰУ-дың әлемдік зерттеу университеті моделіне бейімделуін қамтамасыз етеді.

ҚазҰПУ – педагогикалық бағыттағы ұлттық университет ретінде оқу-әдістемелік, ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды дамытуды

стратегиялық міндеттердің бірі ретінде қарастырады. Университетте пәндік кабинеттер, педагогикалық шеберханалар, психологиялық тренинг орталықтары, мультимедиялық сыныптар, заманауи жабдықталған лекциялық аудиториялар және зертханалық кеңістіктер жұмыс істейді.

Университеттің материалдық базасының маңызды элементі – Abai Labs ғылыми-инновациялық паркі, ол студенттердің жобалық жұмысын, ғылыми-әдістемелік зерттеулерді енгізуді және білім беру технологияларын сынақтан өткізуді қамтамасыз етеді.


Сонымен қатар ҚазҰПУ-дың ғылыми кітапханасы – педагогикалық білім беру саласындағы ең ірі ақпараттық ресурс орталықтарының бірі. Университеттің материалдық базасы педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауды күшейтуге бағытталған, сондықтан оқу үдерісі микрооқыту, цифрлық педагогика, инклюзивті білім беру жүйелерін қолдайтын техникалық құралдармен жабдықталған.

ОҚПУ – өңірлік педагогикалық жоғары оқу орны ретінде материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен жаңғырту бағытында жұмыс істеп келеді. Университет инфрақұрылымын басқару арнайы Инфрақұрылымды дамыту департаменті арқылы жүзеге асырылады. Бұл құрылым оқу корпустарының техникалық жай-күйін қамтамасыз ету, жылу-су жүйелерін жаңарту, қауіпсіздік талаптарын сақтау, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру сияқты міндеттерді атқарады. Факультеттер деңгейінде де материалдық база нығайтылған: заманауи компьютерлік сыныптар, жаратылыстану бағытындағы зертханалар, робототехника кабинеттері жұмыс істейтіні ресми көрсетілген. Университеттің цифрлық инфрақұрылымын жаңғырту, мультимедиялық жабдықтарды кеңейту, оқу үдерісінің электрондық платформаларын жетілдіру бағытындағы жұмыстар білім беру процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қорыта келе ЖОО - да білім беру сапасын ішкі бағалаудың кейстік талдау параметрлері Қазақстандық және шет елдік ЖОО-ның көрсеткіштері негізінде анықталды. Әсіресе, жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың үдерістік құрауыштары тұрғысындағы мәселелер ескерілді. Бұл материал 2.3 - тарауда қарастырылып жатқан проблеманың мазмұндық-құрылымдық моделінің құраушысы болып табылады.

2.3 Жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын ішкі бағалаудың құрылымдық – мазмұндық моделі

Педагогикалық-психологиялық ғылымдарының заманауи өзекті мәселелерінің бірі – білімгерлердің білім беру сапасын арттыру, болашақ мамандар даярлау мәселесін дамыту болып отыр. Осыған байланысты, мемлекет тарапынан білімгерлердің білім беру сапасын бағалау қолға алынып отырған мәселе болғандықтан, олардың білім беру сапасын арттыру да айтарлықтай өзекті мәселе болуы тиіс екендігін айқындай түседі. Атап өткендей, жоғары оқу орындарында бұл өзекті мәселені зерттеу үшін білім беру сапасын ішкі бағалаудың мазмұндық-құрылымдық моделін құрастыруды көздедік. (Сурет 9)



9-сурет. Білім сапасын бағалаудың жүйесін дамуының алғышарттары

Өзге жүйенің кейбір қасиеттері мен қатынастарын бейнелейтін «Модель» термині, осы көрсетілген мәнде оны алмастыратын жүйені білдіреді. Күрделіні зерттеуді қарапайымға, көрінбейтін және сезілмейтін көрінетінге, яғни кез келген күрделі нысанды мұқият әрі жан-жақты зерттеуге модельдеудің көмегімен қол жетімді етуге болады [167].

Білім беру сапасын ішкі бағалау негізінің сұлбасын жоғары оқу орындарында айқындап, оны жинақтау үшін модельдеу қажеттігі туындайды. Модельдеу әдісі педагогика ғылымының соңғы даму жағдайында ұтымды қолданылып келеді. «Модель» термині, латынның «modulus» сөзінен шыққан, ол «өлшем», «әдіс», «бейне» деген ұғымдарды білдіреді. «Модель» (латынның «modulus» үлгі, өлшем) – педагогика және психология сөздігінде: нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема, т.б.) [167, с. 148].

«Модельдеу» деп философиялық сөздіктерде объект жайлы жаңа ақпараттар беруге қабілетті өзгертетін объектіні бейнелейтін немесе тудыратын материалдық іске асқанын немесе ойша бейнеленген зерттеу жүйесін айтады [168, с. 106].

Объектіні нақты, айқын бейнелейтін құралдар мен ережелердің қалыптасқан жиынтығы арқылы сипаттауды- модельдеу дейміз. Жалпы, жоғары білім беру жүйесінде сипаттау тәсілдерінің көптеп таралған бірнеше түрлері бар. Тоқтала кетсек, *вербальды сипаттау* – табиғи тілде сипаттау. Көбінесе, бұл ЖОО үдерістерін сипаттаудың барынша айрықша және әдеттегі формасы. Бірақ, вербальды сипаттау нысанның қажетті «айқындығын» кез келген кезде сипаттауды қамтамасыз ете алмайтындығын айтып кеткен жөн.

Математиканың нақтылы бір бөліміндегі құралдар мен ережелер жәрдемімен құрастырылған математикалық үлгіні сипаттау - *математикалық сипаттау* деп аталады. Мысалы, оқыту табыстылығын (оқыту үдерісінен және оның нәтижелерінің берілген талаптардан ауытқу ықтималдылығын) талдау мен жорамалдауға арналған статистикалық үлгі құрастырылуы мүмкін.

Графикалық сипаттау – объектіні графикалық бейнелеу құралдары мен ережелерінің жәрдемімен сипаттау.

Келтірілген түрлер мен оларға сәйкес үлгілер арасында сипаттау тілінің айқын шекаралардың жоқ екендігін де ескеру керек. Айта кетерлігі, әрбір үлгі басқа үлгінің құралдары мен ережелерін пайдаланады. Мысалы, математикалық үлгі вербальды сипаттау элементтері сияқты (сөзбен ұғындыру), графикалық үлгі элементтерінен (түсіндіруші сызбалар, суреттер және т.б.) де тұруы мүмкін.

Білім беру сапасын ішкі бағалаудың отандық ЖОО-дағы үлгілері мен әдістерін даярлай отырып, бұған дейінгі отандық тәжірибені талдағанда, әлемдік, әсіресе европалық тәжірибені негізге алу керек. Бұл еліміздің европалық білім беру кеңістігіне кіргендігін айқындай түседі.

ЖОО қызметінің белгілі бір аспектілерінің отандық және әлемдік тәжірибеде сапасын бағалаудың түрлі іс-шаралары бар. Білім беру процесінің сапасын бағалай отырып, аталған процесті қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары мен осы процесті іске асыруға негіз болатын білім бағдарламаларын бағалайды.

Н.А. Асанов, А.К. Құсайынов, Ж.С. Тойымбаева, Г.С. Минажева, С.А. Абдыманапов, Н.С. Әлқожаева және т.б. ғалым-зерттеушілер отандық білім беру жүйесіндегі сапаны дамыту мен жетілдірудің моделі туралы айтуға назар аударады. Жоғарыдағы ғалым-зерттеушілердің көзқарастарындағы модельдеуге қатысты еңбектері, жоғары оқу орындарында білім беру сапасын бағалау жүйесін модельдеуге тырыстық. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалауға осындай модельдеу жүйесі мүмкіндік береді.

Білім беру үдерісіне қатысушылардың, яғни бітіруші түлек моделі мен білім беру мекемесі педагогының моделі білім беру сапасының жетістіктері бойынша идеалды бейнесін бейнелейді және бірлескен іс-әрекеттің нәтижесі ретінде көрініс табады.

Білім беру мекемесінің мүмкіндіктері мен сапаның құраушы өлшемдерін бейнелеу мен басқа да білім беру мекемесіндегі траекториялар-дың дамуына білімгерлердің жеке траекториясының моделі мен педагогтың кәсіби даму моделі әсер етеді.

Жоғары оқу орнында білім беру сапасын ішкі бағалаудың моделін мазмұнды-ұйымдастырушылық және әдістемелік-рефлексивті деп бөліп қарастырдық.

Біз зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес, білім беру бағдарламалары мен білім беретін ұйымдарын бағалаудың 5 басты моделін ұсынуды дұрыс көрдік:

Топтастыруды жүргізу кезінде мына факторлар есепке алынды: Бағалау мақсаты мен *к*өрсеткіштерін таңдауда жүйенің құрылымдық-функционалдық қасиетін анықтайтын факторлар. Сондай-ақ, бағалау моделін таңдауға басқару субъектілерінің ықпалы.

Құндылыққа бағдарланған өлшемдерді басымдықты таңдауымен бағалау жүйесін көрсетуін - жүйелік көрсеткіштерді бағалау моделі (құндылыққа бағдарланған модель) деп атадық. Бұл ЖОО мәртебесін дәлелдейді және

бақылау мекемелері мен басқару ұйымдарының сыртқы ортадағы іс-әрекеттерінің нәтижелерін қалыптастырады.

Аталмыш моделді ажырату білім беру процесін іске асыру әдістері мен құралдарына, яғни нақты осы білім беру қызметінің нәтижелеріне емес, процестеріне басым сипатта көңіл бөлумен түсіндіріледі. Білім беру іс-әрекетінің өзіне тән өзгешелігі мұнда іс-әрекеттің нәтижелерін үздіксіз уақытта стандарттау мүмкін емес, яғни көбінесе оған жалпы түрде болжам жасауға және сипаттауға болатын жағдайлар туындайды. Бірақ, білім беру іс-әрекетінің нәтижелерін стандарттай алу мүмкін болмағанда, онда білім беру үдерісінің өзін стандарттауға болады.

Аталған үлгінің өзіне лайық қасиеттері бар:

- оқытушылар мен білім алушылардың мінез-құлықтарының өзара байланыстылығын анықтау (тек жүйеілік көрсеткіштерге сүйене отырып);
- оқытуды бағалау (педагогикалық технологиялар, ақпаратты беру тәсілі, оқу материалдарды мен құрал-жабдықтар, кері байланысты алу тәсілі);
- білім алушылар мен оқытушылардың топтары мен жеке тұлғалардың жалпы және арнайы білім беру мақсат-міндеттерін бөліп көрсету;
- нәтижелердің алғашқы үш кезеңге: мақсаттарды, жағдайларды анықтауға, үдерісті ұйымдастыруға сәйкестігін бағалау.

Ресми бақылау өлшемдерімен басқарылатын басымдық таңдауы арқылы басқару субъектілерін бағалау жүйесін ЖОО ресурстары (әлеуеті) көрсеткіштерін бағалау моделі (нормалық-бағытталған үлгі) – деп алдық. Мұнда осы модельдің жарамдылық бастамасы ретінде келесі тұжырымға алып келетін қағиданы айтуға болады: берілген нормативтерді қатаң түрде сақтау (стандарттарды, регламенттерді, нұсқаулықтарды және т.б) жүйе қызметінің тиімділігі мен күтілген нәтижелерді қамтамасыз етеді.

Бұл моделді иллюстрациялау үшін мемлекеттік бақылау үдерісі білім беру іс-әрекетінің дамуын қадағалайды деген мысал ретінде көрсетуге болады. Білім беру бағдарламаларын лицензиялау шараларын жүзеге асырады.

Лицензиялау моделі түсінігін қалыптасқан тәжірибе негізінде тура мағынасында алып қарастырсақ, онда оны бастапқы көрсеткіштерді бағалау үлгісі ретінде сипаттауға болады.

Төмендегілерге қойылатын нормативті талаптарға сәйкестікті бағалау бұл жағдайда бастапқы көрсеткіштерді бағалау ретінде қарастырылады:

– білімгерлер контингентін қалыптастыру (пәндердің тізімі мен оқуға түсу емтихандарына қойылатын талаптар, жас ерекшелігі, тұратын жері бойынша, әлеуметтік тегі және т.б. бойынша шектеулер);

– оқу ресурстары (оқу және қызметтік ғимараттар, оқу құрал-жабдықтары, кітапхана қызметі);

– білім беру мазмұны (білім бағдарламаларын меңгеру мерзімі, оқыту формасы, оқу жүктемесі, сабақтардың тақырыбы);

– білім беру кеңістігі және оқытушылар құрамының жинақталуы (біліктілік пен оны мерзімінде жоғарылату, еңбекке төлем жүргізу);

– бағдарламаны жүзеге асыру жағдайлары (санитарлық-гигиеналық нормалар, материалдық-техникалық қамсыздандыру және т.б.);

– қаржыландыру (тармақты қаржыландыру және қаржылық дербестікті шектеу).

Нормативті талаптарды қатаң сақтау білім беру бағдарламасы мен білім мекемесін оң бағалаудың шарты болып табылады. Бағалаушы модельдің жобалау өлшемдеріне мыналарды жатқызамыз:

– осы талаптарға сәйкестікте сараптаудың тәртібі мен мерзімін анықтау;

– бастапқы нормативті талаптарды анықтау;

– нормативтердің сақталуы мен олардың қызмет нәтижелігіне ықпал көрсетуі жөніндегі есептерді жинақтау технологиясы.

ЖОО ресурстары (әлеуеті) көрсеткіштерін бағалау моделінің артықшылықтары – білім беру процесін іске асыру жағдайларына, ресурстық қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлуі. Ал, кемшіліктері – көрсеткіштерді бағалау нәтижелерін жүйелемей, талдамай және салыстырмай, тек ақпараттық сипатқа ие болуы.

Мақсатқа бағытталған өлшемдерді таңдаумен және айтылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесімен сипатталатын жетістіктерді бағалау жүйесі - іс-әрекет нәтижелері бойынша бағалау моделі (мақсатқа бағытталған модель) деп аталады[169].

Pollack J.мен Pollack R. ұсынған (Сегіз қадам үлгісі) осындай моделдің мысалы болып табылады:

– мақсаттар мен арнайы міндеттерді шұғыл түрде анықтау;

– ұжымды бағалау үдерісіне ынталандыру және даярлау;

– бағалау шараларына тұтас ұжымды және білім беру үдерісіне қатысты тұлғаларды тарту;

– өлшеу аспаптарын мұқият таңдау;

– алынған нәтижелерді талдау;

– интерпретациялау (нәтижелерді салыстыру, теңестіру);

– өлшемдерді білікті жүргізу;

– бағдарламаны жетілдіру мен мақсаттарды, міндеттерді түзету үшін ұсыныстарды рәсімдеу [169, 56 б.].

Аталған модель – білімгерлердің оқу жетістіктерін бағалау процедурасының теориялық және әдіснамалық негізін өңдеу болып табылады.

Көрсеткіштерді таңдау мақсатына бағытталған және құндылықты-бағдарлы тәсілдермен анықталатын бағалау жүйесін- *кешенді бағалау моделі дейміз*.

Модельде «ену – үдеріс – шығу» тізбегі негізделген және алғашқы көрсеткіштерді, процесс көрсеткіштерін және біртұтас жүйедегі нәтижелерді бағалаудан тұрады. Мінеки, осылар аталмыш модельде алдыңғы үш модельдің қасиеттерін біріктіреді. Кешенді бағалаудағы бұл әдіс XX ғасырдың 50 жылдарында қалыптасқан еді.

Болашақтағы модельдің жүйелілік даму кезеңдері былайша анықталады:

- жүйе белгілі бір міндеттерді (шығуды) орындауға қабілетті;

- бүкіл іс-әрекеттер міндеттерді шешу кезінде (үдеріс) анықталуы мүмкін;

- нәтижеге қол жеткізудің бүкіл тиісті жағдайлары жоспарланған болуы мүмкін.

Ұлыбританияда, Италияда, Нидерландыда бұл модельдің үлгісі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда қолданылады.

Осы модельдегі анықтаушы көрсеткіш процесс көрсеткіштері болып табылады. Алайда, олар білім беру қызметінің ұтымдылығы мен нәтижелілігі арқылы бағаланып, ЖОО қызметінің нәтижелерін іштей бақылауды дамытуды ынталандырады.

Бұл модель бағалаудың төрт типін үйлестіреді:

– бастапқы көрсеткіштерді (білім беру қызметі жағдайларын бағалау);

– білім беру үдерісінің өзін бағалау;

– контексті (мағынаны, миссияны) бағалау;

– нәтижелерді бағалау.

Жобаланған шешіммен бағалау мақсаты мен бағалау салдары айқын анықталады. Ол төменднгідей міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

– осы мақсаттарды іске асыру үшін қандай стратегия мен іс-шаралар қолданылғандығы;

–бұл іс-шаралар қаншалықты тепе-тең және тиімді екендігі;

–қандай міндеттер қойылғандығы;

–мақсаттарға қаншалықты тиімді қол жеткізілгендігі.

ЖОО-дағы білім беру сапасын іштей және сырттай бағалау аясында бұл модельді қолдануға болатындығы қарастырылады.

Бағалаудағы қалыптан тыс тәсілдермен, бағалау көрсеткіштерін қалыпты сипаттау мен қорытынды талқылауды алу әдісінің болмауымен сипатталатын модеьді-еркін бағалау моделі деп аталады**.** Бұндай модельдер – бағалауға жоғары біліктіліктегі сарапшыларды тартуға негізделген.

Сараптауды есепке алмағанда, кез келген бағалауды жоққа шығару білім беру жүйесін тепе-тең емес, өзін-өзі дамытушы, өзін-өзі реттестіруші жүйе ретінде қарастырумен байланысты, ол үшін егер де бағалау әдістері мүмкін болатын болса, онда «қатаң» сандық өлшемдер мен математикалық есептер емес, «жұмсақ» сапалық әдістер мен «мұқият бақылауды» қолдану керек.

Білім беру сапасын бағалауда, яғни ЖОО-да бұл тәсілдің объективтілігіне күдіктенген жағдайда еркін бағалау үлгісі көптеп қолданылады. Ресми жағдайды «ұнайды – ұнамайды» талқылауы көрсетпейді, осыған қарамастан шешімдердің көбісі осы негізде қабылданады.

Түрлі қолдану формаларына және пайдаланудың жеткілікті кең ауқымына еркін бағалау моделіне ие болады. Оны субъективті бағалаудың толық еркіндігінен сараптамалық бағалауды сандық көрсеткішке өзгертудің толық баяндалған әдістемесіне дейін пайдалануға болады. Бұл ережеге сай, бағалаудың жаңа формаларын жүргізуде бағалаудың жеткілікті озық тәжірибелерінде қолданысқа ие болады.

Білім беру сапасын бағалаудың процессуалды модельдері.

Білім беру сапасын бағалау жүйесі бойынша практикалық тәжірибесін талдау бағалаудың түрліше елдерде процессуалды бес моделін айқындауға мүмкіндік береді:

- салыстырмалы бағалау процедураларының моделі;
- таңдамалы бағалау процедураларының моделі;
- директивті басқару процедураларының моделі;
- метабағалау процедураларының моделі;
- циклды бағалау процедураларының моделі.

Білім беру жүйесінің басқару субъектісі дамытқан өлшемдерге сәйкестігін бағалау процедурасы-директивті басқару процедураларының моделі болып табылады. Басқару субъектісі – бағалау субъектісі ретінде көрінеді.

Модель – субъект-объектілік қарым-қатынастармен, ауқымды билік арақашықтығымен және тікелей ақпараттар ағымымен сипатталады. Мұнда басқару объектісі бағалау объектісімен сәйкес келеді.

Білім беру қызметін мемлекеттік бақылаудың дәстүрлі формасын директивті басқарудың мысалы ретінде келтіруге болады. Бағалау алгоритмін басқару субъектісі береді және кең ауқымды қоғамдық талқылау мен бағалау шараларын жүргізу процесіндегі өзгерістер орын алмайды. Бағалау шараларының тікелей орындаушылары ретінде басқару субъектілері (сәйкес басқару органы тағайындаған сарапшылар) көрінеді.

Бағалау процедуралары үш кезеңнен тұрады:

– жоспарлау (алайда, жоспардан бөлек іс-шаралар да орын алуы ықтимал), сырт жерлерге шығу (бағалау жүргізу);
– бағалау нәтижелерін талдау;
– қорытынды шығару.

Берілген өлшемдер мен үдерісті ресми емес бағалау сәйкестігімен тексеру бағалау мазмұны болып табылады. Бұл модельдің басы кемшілігі – жалпы жағдайларда кері байланысты білдірмейді және тексерілетін мекеменің өз деңгейінде негіздемелі басқарушылық шешімдерді қабылдауына қолдау көрсетуге ие болып табылады. Сондай-ақ, ынталандыру түрінде емес, білім беру жүйесін дамытудың тежегіші ретінде қарастырылады.

Отандық білім беру мекемелері мен білім беру бағдарламаларын лицензиялауда директивті бақылау процедураларыпайдаланыладыжәне бұл лицензиялық сарапшылардың мазмұны болып табылады.

Ішкі бағалау нәтижелерін салыстыру арқылы берілген өлшемдерге сәйкестігін анықтайтын бағалау процедураларын- салыстырмалы бағалау процедураларының моделі дейміз. Бұл модель субъект-объектілік қарым-қатынастар арқылы сипатталады. Алайда, басқару субъектісі бағалау субъектісі болып табылмайды. Мемлекет пен қоғам алдында білім беру сапасының кепілі ретінде көрінетін мемлекеттік емес, қоғамдық ұйымдар мен қызметтерді бағалау субъектісі деп айтуға болады. Алдыңғы қарастырылған модельдегі жағдайларға бағалау нысаны мен басқару нысаны сай келеді. Бағалау процедураларындағы сараптаманың болуын бұл модельдің басты белгісі ретінде анықтауға болады.

Бағалау процедураларының әдіснамалық негізі - с*алыстырмалы бағалау моделі* болып табылады. Мәселен, бағалауға (аттестаттау, лицензиялау, тәуелсіз сараптау) мақсатты даярлық жасау керек. Білім беру мекемесі өзін-өзі қарастыру процедурасын өзін-өзі бағалаумен – сырттай сараптау нысаны болатын өлшемдерді ғана мұқият бағалаумен шектейді.

Сараптаудан табысты өту кепілдігінің ауқымды үлесі- өзін-өзі бағалаудың артықшылығын көрсетеді. Мекеменің өзіне бұл іс-шараның үздіксіз дамуы үшін объективті пайда келтірмеуі, оның кемшілігі болып абылады.

Ішкі қарастыру нәтижелерін таңдамалы бақылау негізінде бағалау шараларын іске асыру-таңдамалы бағалау процедураларының моделі деп аталады. Бағалау процесіндегі субъект-субъектілік қатынастар мен өзін-өзі қарастыру шараларының болуы, аталғанмоделдің алдыңғы моделдерден айырмашылығы болып табылады.

ЖОО іс-әрекетінің нәтижелеріне ішкі мониторинг жасау, бұл модельдегі өзін-өзі зерттеу ретінде көрінеді. Іс-әрекеттің өлшемдеріне талдау жасау және жан-жақты зерттеу жүргізу осы мекеме үшін маңызды болып саналады. Түрлі мақсаттарда өзін-өзі зерттеу пайдаланылуы ықтимал. Мысалыға, басқару құрылымын оңтайландыру, оқытушылар ұжымының шығармашылық белсенділік көрсетуін ынталандыру деңгейін бағалау, оқыту нәтижелерін жоғарылату, білім бағдарламаларын және білім беру мекемелерін аттестаттауды ЖОО даму бағдарламасын құрастыру барысында пайдаланылуы ықтимал.

Жоғары оқу орны тұрақты өзін-өзі зерттеудің қалыптасқан механизмін иелене отырып сараптауға даярлық барысында қосымша бағалау процедураларын жүргізуге міндетті емес. Таңдамалы бағалау өзгешелігі – оның аттестаттау шараларын ашық өтетіндігі болып табылады. Аталған жағдайда бағалау процедуралары басқару субъектілерінің мақсаттарына қызмет етіп қана қоймай, ЖОО ұжымының ішкі мәселелерді шешудегі субъектілік бағытын ынталандырады.

Басқару субъектісін бағалаудың ішкі стандарттарын бағалау шараларын - метабағалау процедураларының моделі дейміз. Басқару субъектілері бағалау субъектілеріне мүлдем ұқсамайды. Алайда, ол өз кезегінде бағалау процедураларын бағалайтын субъект ретінде көрінеді. Себебі, бағалау субъектісінің тұжырымына сүйене отырып, басқару объектісінің жағдайы туралы тұжырымды жасайды. Басқару субъектісінің сараптама нәтижелері бойынша бағалау нәтижелеріне байланысты ерекше тәсілді қамтамасыз ететін шешімдерді қабылдауы - бұл модельдің маңызды компоненті кейінгі әрекет – болып табылады.

Жүйелі ішкі бағалау процедуралары-циклдық бағалау процедура-ларының моделі болып табылады. Үлгі субъект-субъектілік үшжақты қарым-қатынасты, тікелей және кері ақпарат ағымдарын, әрбір циклды аяқтағаннан соң бағалау жүйесінің өзін дамытуын білдіреді.

Циклдық бағалау процедураларының моделі – бүкіл алдыңғы модельдердің мүмкіндіктерін өзіне жинақтаған. Оның салыстырмалы тәсілді пайдалануы алдыңғы модельдерден негізгі айырмашылығы болып табылады.

ЖОО қызметінің тиімділігін, білім бағдарламалары тиімділігін салыстыру біршама елдерде қолданылады. Алайда бұл көбінесе таза ақпараттық сипатқа ие.

Бағалау үлгісін таңдау кезінде бағалау мазмұны мен тәсілдерінің сай болуын есепке алу керек. Отандық білім беру жүйесі үшін нақты тарихи кезеңді ескере отырып, циклдық бағалау процедураларының моделінұсынуға болады. Бұл модель басқару субъектісі мен объектісінің өзара әрекеттестігінің бүкіл формаларын сәйкестендіреді. Алайда, ең негізгісі білім беру жүйесінің болашақтағы дамуына түзетулер бойынша бірізді шешімдер қабылдау керек (11-сурет).

Бағалау процесін ұйымдастыруда ЖОО іс-әрекетінің сапасын бірнеше маңызды сұрақтарға жауап беру тиістілігі туындайды:

- Қандай мақсатта және қандай өлшемдер бойынша бағалау шаралары жүзеге асырылатын болады?
- ЖОО қызметінің белгілі бір аспектісінің сапасы туралы ақпараттарды жинақтаумен кім шұғылданады және ұсынылған ақпараттың шынайылы үшін кім жауап береді?
- Қандай үлгіде бағалау процесі іске асырылады?
- Нақтылы бір көрсеткіштің мәнін өлшеуде қандай әдістер қолданылады?
- Бағалау барысында алынған ақпарат кімге ұсынылатын болады?
- Бағалау процесі соңына дейін жеткен соң қандай тұжырымдар жасалады және оны кім жасай алуы ықтимал?



10-сурет. Бәсекеге қабілетті сапалы маман моделі

Бағалаудың ішкі түрлерінің процедураларын бағалаудың европалық тәжірибесі өзара байланыста пайдалануын білдіреді. Негізінде бұрынннан бастап, сырттай бағалауды тәуелсіз аудитор, я болмаса, сарапшылар – кәсіби қауымдастықтың өкілдері немесе елдің білім министрлігі не комитеттер базасында құрылған аккредитациялық агенттіктер іске асырып келеді.

Университет басқармасының алдында бәсекеге қабілетті маман даярлаудың ерекшеліктерін білім беру сапасын талдау арқылы анықтау мақсаты тұр. Осыған орай, моделімізде келесі мақсатты көздедік - үздіксіз жақсарту, кері байланысты орнату, біліктілікті арттыру мақсаттарын көздейді. **Міндеті** – сапаны бағалаудың өлшемдерін анықтау; әдістерді, құралдарды, технологияларды таңдау.

Құрауыштар

1. *Білім беру бағдарламасы* – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

2. Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. *Оқыту құралдары*– мұғалімге оқытуда көмектесетін аспаптар мен тұп деректер, яғни оңушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға қажет көмекші құралға жатады.

3. *Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау* – белгілі бір пән бойынша әртүрлі бақылау тапсырмалары негізінде (жазбаша жұмыс,тест, практикалық жұмыс, портфолио, ауызша сұрау т.б.) студенттердің білім жетістігін тексеру - *ОПҚ кәсіби біліктілігі деп аталады.* Қорытынды аттестация бойынша *білімгердің үлгерімі* айқындалады.

4. *Ж*еке адамдардың әлеуметтік мәселелерін, ең алдымен әлеуметтік жәбір шеккен жеке тұлғалар мен қоғамдық топтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге, азаматтардың әлеуметтік кепілдігі бар құқықтары мен қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, әлеуметтік қызметін атқару қабілетін қалпына келтіруге немесе көтеруге қолайлық туғызатын жағдайлар жасауға бағытталған кәсіптік іс-әрекеттің ерекше, бірлестірілген, пәнаралық түрі- *әлеуметтік жұмыс деп аталады*.

Тәрбие, тәлім-тәрбие– әрбір жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі үдеріс.

5. Қол жеткен білімдерді кеңейту және жаңа білімдер алу, ғылыми топшылауларды тексеру, табиғатпен қоғамда көрініс табатын заңдылықтарды анықтау, жобаларды ғылыми тұрғыда жинақтап қорытындылау, ғылымды негіздеу мақсатындағы зерттеулер, тәжірибелер жүргізумен, ғылыми

ізденістермен байланысты ғылым сипаттағы жұмыстар, талдамалар - ғылыми-зерттеу жұмыстары деп аталады.

6. Басқарушылық шешімдерді әзірлеп, қабылдап, жеткізетін, олардың орындалуын қамтамасыз ететін басқару жүйесінің бөлігін - басқару жүйесі деп айтамыз. Басқарушылық шешімдерді әзірлеп, қабылдап, жеткізетін, олардың орындалуын қамтамасыз ететін басқару жүйесінің бөлігін -Басқару жүйесі деп айтамыз.

7. Өндірістің материалдық-техникалық базасы – экономикалық үдерістерде пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтарының, қоғамның өндіргіш күштеріне жататын материалдық, заттық нышандардың жиынтығы *материалдық-техникалық база* болып табылады.

Моделімізде келесі ішкі сапаның бағалаудың нысандарын: ПОҚ іс-әрекетінің сапасын бағалау жүйесі; Бағдарлама сапасын бағалау; Оқыту сапасын бағалау; Қанағаттану сапасын бағалау және шарттары: ПОҚ ішкі бағалауға даярлығын қалыптастыру; «Сапаны бағалауды басқару», «Оқу жетістіктерін бағалау» атты модульді бағдарламалар; ПОҚ технологиялық біліктерін жоғарлату белгіленді.

Келесі әдістемелік–рефлексивті блокте кейстік талдауды жүргізу деңгейлерін, әдістер, ұстанымдар, өлшемдер жиынтығын сипаттадық.

Осы блокты сипаттау барысында кейстік талдау барысында пайдаланылатын әдістер жиынтығына тоқтағанды жөн көріп отырмыз: сауалнама, байқау, әңгімелесу, пікірталас және тест. Әңгімелесу – педагогикалық психологияда адам туралы онымен қарым-қатынас жасау, оның мақсаты бағытталған сұрақтарға жауаптарының нәтижесінде мәліметтер алудың эмперикалық әдісі. Әңгімелесу – адамды зерттеудің дербес, көмекші әдісі. Арнайы дайындалған жауаптар және зерттеудің негізгі міндетіне сәйкес сұрақтар негізінде ақпарат алудың эмпирикалық әлеуметтік-психологиялық әдісі- сауалнама деп аалады. Сауалнама құрастыруда: 1) сұрақтардың мазмұны, 2) олардың түрі – ашық немесе жасырын, соңғысына «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру қажет, 3) олардың тұжырымдалуы, 4) сұрақтардың саны мен реті ескеріледі. Педагогикалық тәжірибеде сауалнамаға 30-40 минуттан аспайтын уақыт беріледі. Сауалнама ауызша, жазбаша, жеке, топтық бола алады, алайда кез-келген жағдайда ол екі талапқа жауап беруі тиіс: іріктеудің көрнекілігі мен біркелкілігі. Сауалнама материалдары сапалық және сандық өңдеуден өтеді.

Табиғи жағдайдағы құбылыстар мен үдерістерді және зерттелетін объектіні қабылдау арқылы бақылау әдісі орындалады. Бұл педагогика ғылымында жиі қолданылады. Оның тиімділігін арттыру үшін бақылауды ұзақ мерзімді, жүйелі, түрлі объектілерді зерттеу арқылы орындалады.

Тестілеу – белгілі бір мақсатқа негізделеді. Ол пікір берушіні немесе жауап берушіні педагогикалық процес негізінде таңдап алады және олардың

жауаптарымен сұраныстарын белгілі бір әдіс арқылы ұтымды, нақты жауап алуға негіздеп отырып жасалады. Көп жағдайда тестілеу әдісі компьютерлендіру, автоматтандыру және ЭЕМ техникаларын қолдану негізінде жүргізіледі.

Тәсілдері:

Репутациялық тәсіл – бағдарламалар мен оқу орындарының сапасын бағалау үшін сауалнаманың сараптамалық механизміне негізделген. Негізінен ол жоғары білімнің ішкі сипаттамаларымен байланысты.

Нәтижелі тәсіл – жоғары оқу орнының көрсеткіштерін өлшеуге негізделген докторлық дәреже деңгейін алуға бағытталған білім алушылардың үлесі ретінде; бітіруші курс студенттерінің ұдайы өсу үлесі; бітіруші түлектердің жұмыспен қамту бағдарламасының нәтижелік көрсеткіштері және т.б. Жаһандандыру жағдайларында жалпы тәсіл – кәсіпорындардың, ұйымдардың және барлық салалардағы мекемелердің, білім беру мекемелерінің тауарлары мен қызметтерінің сапасын басқару жүйесінде кең қолданыстан табылды.

Өлшемдері: тұтынушылардың қанағаттану деңгейі, шарттар сапасы, білім беру үдерісін ұйымдастыру сапасы, білім беру үдерісін басқару сапасы, нәтижелерді бағалау сапасы

Нәтижесі – ЖОО-да білім беру сапасын бағалаудың сараланған жүйесі.


Ішкі бағалау процедура мекеменің сртатегиясына сәйкес түлектердің белгілі бір құзыреттіліктерге ие болып, маман ретінде қалыптасуының бағасы-білім беру сапасын ішкі бағалау деп аалады.

Өзін-өзі бағалау немесе ішкі зерттеу; ішкі аудит; оқытушы білім алушылар көзімен бағалау; өзін-өзі зерттеу - ішкі бағалау процедурасына жатады. Жоғары мектеп жүйесінің білім сапасын әрбір білім алушының білім жетістіктері мен білімдендіру үдерісінің тиімділігі айқындайды.

Жоғары мектеп жүйесінің білім беру сапасына бірін-бірі толықтыратын екі жүйе енеді:

Жоғары мектепке қатысты сырттан келетін білім саласындағы қызметкерлердің, әкімшіліктің, арнайы комиссияның қатысуымен сыртқы бақылау, яғни жүзеге асырылуы; (мемлекеттік қорытынды аттестация нәтижелері, аумақтық, республикалық, халықаралық мониторингтік зерттеулер);

Жоғары мектептердің әкімшілігі, педагогтар, білім алушылар тарапынан Ішкі бақылау (өзіндік бағалау) жүзеге асырылады (Сурет 11)



11-сурет. Жоғары оқу орнында білім беру сапасын ішкі бағалаудың мазмұндық-құрылымдық моделі

Жоғары оқу орнында білім беру сапасын ішкі бағалаудың мазмұндық-құрылымдық моделі өзінде мақсаттық блок, әдістемелік-рефлексивті блок, мазмұнды-ұйымдастырушылық блокты кіріктіре отырып, бәсекеге қабілетті маман даярлаудың ерекшеліктерін білім сапасын талдау арқылы анықтау мақсатын қояды.

Блоктар бойынша жалпы сипаттамаға, ішкі бағалау жүйесі, яғни, өзін-өзі бағалау немесе ішкі зерттеу; ішкі аудит; оқытушы білім алушылар көзімен бағалау; өзін-өзі зерттеу.

Модельде адыңғы тармақшада айтылғандай ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесінде бағалаудың 5 өлшемін қарастырылады: тұтынушылардың қанағаттану деңгейі, шарттар сапасы, білім беру үдерісін

ұйымдастыру сапасы, білім беру үдерісін басқару сапасы, нәтижелерді бағалау сапасы.

Бізге білім беру сапасының өлшемдерін айқындау, оған сәйкес көрсеткіштер мен индикаторларды айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, біз ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалаудың өлшемдерін, көрсеткіштері мен индикаторларын анықтап, айтылғандарға байланысты, зерттеу міндеттерін іске асыру үшін, келесі 17-кесте арқылы беруді дұрыс санадық.

17-кесте. ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалаудың өлшемдері, деңгелері мен индикаторлары

Өлшемдері	**Бағалау деңгейі**	**Үлес сал-мағы %**	**Бағалау индикаторлары**
Тұтынушы-лардың қанағаттануы	Студенттердің құзыреттілігі-мен қанағаттануы	15%	1) Бағдарлама бойынша нақты тұжырымдамалық және процестік білімі бар 2) Ақпаратты өнімді және шығармашылық өңдеу қабілетіне ие 3) Оқу процесіне қанағаттану
Шарттардың сапасы	Бағдарламалар-дың мазмұны	15%	1) Мазмұн стандартқа сәйкес келеді 2) Оқу пәндерінің құрылымы, жүктеме әртүрлі біліммен дағдылардың жеткілікті санын қамтамасыз етеді 3) Білім беру бағдарламаларының материалдық қамтамасыз етілуі
Үдеріс сапасы	Оқу үдерісі	25%	1) Оқыту интерактивті, ақпаратты іздеуге итермелейді 2) Оқытуда әртүрлі ресурстар пайдаланылады 3) Тәжірибеге бағдарланған оқыту 4) Оқыту hardskills жәнes oftskills арасындағы тепе-теңдікті сақтайды 5) Оқытупроцесініңинклюзивтілігі
Нәтиже сапасы	Нәтижелерді бағалау	10%	1) Бағалаудың шынайылығымен объективтілігі 2) Бағалау жүйесінің түпнұсқалығы
Үдеріс сапасы	Оқытушылар мен қызметкерлер	20%	1) Біліктілік сипаттамалары 2) Персоналдың қанағаттануы 3) Бағалау модельдері туралы хабардар болу 4) Біліктілікті арттыру
Басқару сапасы	Басқару үдерісі	15%	1) Сапастандарттарына сәйкес жоспарлау 2) Мүдделі тараптардың сапаны басқаруға қатысуы 3) Басқаруды,бақылауды және оқытуды жүзеге асыратын бөлімдердің, бөлімшелердің болуы
		100%	Жалпы индикаторлар - 20

Меншікті салмақты пайызбен есептеу үшін біз әр көрсеткіштің қосындысын барлық көрсеткіштердің жалпы жиынтығына бөліп, 100-ге көбейттік.

Есептеу формуласы: үлес салмағы = популяция элементі / бүтін сан × 100%. Мысалы, 1 деңгей бойынша есептеу үшін – студенттердің құзыреттілігі мен қанағаттануы: 3/20=0,15 х 100%= 15%.

Есептеудің дұрыстығын тексеру үшін біз барлық нақты салмақтарды бір-біріне қостық-олардың қосындысы 100% болды.

Бағалаудың кез келген түрін іске асыру кезінде бірінші кезекте өлшемдер, яғни, алынған нәтижелер салыстырылатын стандарттар мен нормаларды анықтап аламыз.

Біз зерттеу жұмысымыздың барысында осыларға байланысты білім беру сапасын бағалаудың анықталған өлшемдері мен көрсеткіштерінің дамуын 3 деңгейге бөліп қарастырдық.

Ішкі бағалау модельдері жоғары оқу орнында білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып табылады. Қарастырылған модельдер білім беру үдерісін әртүрлі қырынан бағалауға мүмкіндік береді: кейбірі процестер мен құндылықтарға, енді біреулері нормативтерге, мақсаттар мен нақты нәтижелерге бағытталған (Кесте 18).

18-кесте. Ішкі бағалау модельдері (ЖОО контекстінде)

№	Ішкі бағалау моделі	Модельдің мәні мен мазмұны	Негізгі бағалау объектілері	Артықшы-лықтары	Шектеулері
1	Құндылыққа бағдарланған модель (жүйелік көрсеткіштер моделі)	Бағалау білім беру үдерісінің нәтижесіне емес, процесіне, құндылықтарына және миссиясына бағытталады	Оқыту әдістері, педагогикалық технологиялар, кері байланыс	Процесті стандарттауға мүмкіндік береді, жүйелілік жоғары	Нақты нәтижелерді сандық өлшеу қиын
2	Нормативтік-бағытталған модель (ресурстарды бағалау)	Бағалау стандарттар мен нормативтерге сәйкестікке негізделеді	Материалдық база, ПОҚ біліктілігі, оқу жоспарлары, қаржыландыру	Объективті, ресми бақылауға ыңғайлы	Даму динамикасын ескермейді
3	Мақсатқа бағытталған модель (нәтижелер бойынша бағалау)	Алдын ала қойылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін бағалау	Оқу жетістіктері, құзыреттер, түлектер нәтижелері	Нәтижеге бағытталған, басқаруға қолайлы	Мақсат дұрыс қойылмаса, бағалау бұрмаланады
4	Кешенді бағалау моделі (input–process–output)	Бастапқы жағдай – үдеріс – нәтиже біртұтас жүйе ретінде бағаланады	Ресурстар, оқу үдерісі, оқу нәтижелері	Барлық компоненттерді қамтиды	Қолдануы күрделі, көп дерек қажет
5	Еркін бағалау моделі (сараптамалық)	Сандық өлшем-дерден гөрі сапалық, сарапта-малық пікірге сүйенеді	Бағдарлама сапасы, оқыту мазмұны, инновация	Икемді, стандарттан тыс жағдайларға қолайлы	Субъективтілік жоғары

18 кесте жалғасы

6	Салыстырмалы бағалау моделі	Ішкі бағалау нәтижелерін басқа ЖОО немесе стандарттармен салыстыру	Бағдарламалар, рейтингтер, индикаторлар	Бәсекелестікті арттырады	Даму емес, тек салыстыру басым
7	Таңдамалы бағалау моделі	Өзін-өзі бағалау мен ішкі мониторингке негізделген	Оқу жетістігі, ПОҚ іс-әрекеті	Өзін-өзі дамытуға бағыттайды	Барлық аспектіні толық қамтымайды
8	Циклдық бағалау моделі	Бағалау → талдау → түзету → қайта бағалау үздіксіз цикл ретінде жүреді	Барлық білім беру жүйесі	Үздіксіз жақсартуды қамтамасыз етеді	Ұзақ уақыт пен ресурсты талап етеді

Ең тиімді тәсіл – ішкі бағалауда бірнеше модельді, әсіресе кешенді және циклдық бағалау модельдерін үйлестіре қолдану. Бұл білім беру сапасын жүйелі түрде талдауға, үздіксіз жақсартуға және басқарушылық шешімдердің негізді қабылдануына мүмкіндік береді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келіп, біз төмендегідей тұжырымдар жасадық.

1. ЖОО қызметінің нәтижелері: ғылыми-техникалық, ғылыми-техникалық өнім мен білім беру қызметтері базасында интеграцияланған және оқу-әдістемелік, яғни білім беру сипатындағы қызметтер мен өнімдер түрінде айқындалады.

2. Білім беру қызметінің нәтижелері сапасының мұқтаждықтарға сәйкестігі болып табылады. Бұл дегеніміз, білім берудегі мұқтаждықтардың динамикалылығы мен ситуативтілігі білім беру қызметі нәтижелерінің динамикалылығы мен ситуативтілігін, білім беру сапасы ұғымының салыстырмалылығын анықтайды.

3. Белгілі деңгей мен бағыттағы маман даярлау мазмұны әрі оның сапасы білім бағдарламасы бойынша мазмұн сапасымен де анықталады.

4. Даярлау деңгейі (бакалавриат, магистратура) және даярлық бағыты (мамандықтар) білім бағдарламалары мазмұнының міндетті минимумы сәйкес білім беру стандарттарымен анықталады.

5. Білім беру қызметтері нәтижелерінің сапасы, бір жағынан, білім бағдарламаларының сапасымен, екінші жағынан, білім бағдарламалары бойынша даярлау мазмұнын басқару сапасымен анықталатын ЖОО сапасы арқылы көрінеді. Ол ЖОО білім бағдарламаларының сапасын қалыптастыру және қамтамасыз ету жағдайларын анықтайды.

6. Жоғары оқу орнында білім беру сапасын ішкі бағалаудың мазмұндық-құрылымдық моделі ЖОО-да білім сапасын бағалаудың сараланған жүйесін зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде құрастырылып, негізге алынды.

Білім беру сапасын бағалаудың өлшемдері мен көрсеткіштері жүйеленді. Білім беру сапасын бағалау өлшемдері: білімнің игерілгендігі, оқытуға қабілеттілігі, шығармашылық жетістіктері болып табылады.

Білім беру сапасының компоненттері – оқыту, тәрбие, ғылыми әрекет, әдістемелік қамтамасыз ету, оқытушылар құрамы, көмекші мамандар құрамы, материалдық-техникалық база, түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету және т.б. көрсетілген бағыттарды теориялық зерттеу барысында анықталғандай, жоғары деңгейге жетілдіру негізінде сапаны жақсартамыз.

Білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары;оқулықтар, оқу құралдары; жоғары оқу орындары кадрларының кәсіби біліктілігі; білім алушылар үлгерімі; тәрбие үдерісі; ғылыми зерттеу жұмысы; басқару жүйесі және т.б. білім беру сапасын бағалау күрделі жүйе ретінде осы аталған құрауыштардан тұрады.

Білімгерлердің білім беру сапасын бағалауда мәселені жүйелі зерттеу үшін жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялық моделін құрастыруды көздедік. Осыған байланысты отандық жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын ішкі және сырттай бағалаудың үлгілері мен әдістерін даярлау үшін, осыған дейінгі талдаған отандық және әлемдік тәжірибелерді негізге алу керектігі айқындалды. Білімгер моделі мен білім беру мекемесі педагогының моделі білім беру процесіне қатысушылардың идеалды бейнесін айқындайды және білім беру сапасының жетістіктері бойынша бірлескен іс-әрекеттің нәтижесі ретінде көрініс табады.

Жоғары оқу орындары іс-әрекетінің сапасын бағалау жүйесі, бағалау қызметінің параметрі, сапаны бағалаудың педагогикалық-психологиялық мамұны мен жүйесі талдау нысандары ретінде бола отырып, оның өлщемдері, көрсеткіштері мен индикаторлары нақтыланды.

Педагогикалық-квалиметриялық, жүйелік, интегративті, гуманитарлық тұғырлар зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынған жоғары оқу орнындағы білім беру сапасына талдау жасауда әдіснамалық негізін құрайды. Жоғары оқу орны, сапаны бағалау қызметі, оқытушылар мен білім алушылар- сараптамалық талдауды ұйымдастыру деңгейлері арқылы тікелей іске асуы зерттеудің практикалық бөлімінде нақтыланады.

3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫН ІШКІ БАҒАЛАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС БАРЫСЫ

3.1 ЖОО білім беру сапасын ішкі бағалау бойынша жүргізілетін тәжірибелік- эксперименттік жұмыстың айқындаушы кезеңі

Білім беру сапасын ішкі бағалауға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті және Эрзинджан Биналы Йылдырым университеті «Білім беру» факультетінде тәжірибелік эксперимент жүргізілді. Тәжірибеге қатыстырылған білім алушы студенттер, оқытушы профессорлар, ЖОО-ның жетекшілері, жұмыс берушілер саны 260 адам болды.

Зерттеу базасына осы оқу орындарын алған себебіміз:

1. Жұмыс Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де орындалды.
2. Абай атындағы ҚазҰПУ педагогикалық мамандықтарды даярлайтын республика бойынша алдыңғы қатарлы жетекші оқу орындардың бірі.
3. Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті (Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ)– бұл өңірдің сұраныстарын жүзеге асыру мақсатында қалыптасқан кіші білім беру жүйесі.
4. Түркия мемлекетіндегі Эрзинджан Биналы Иылдырым университеті – біздің тағылымдама өткен оқу орнымыз.

Қазақстан республикасы бойынша, жалпы алып қарағанда, «Педагогика және психология» мамандығы бойынша бар-жоғы 43. ЖОО осы бағдарлама бойынша мамандықтар даярлайды.

Сондай-ақ, НААР, НКАОКО, QS рейтингі бойынша біз Қазақстан республикасы бойынша ЖОО сапалық көрсеткішін айқындадық. Оны төмендегі 19 -кестеден көруге болады.

19-кесте. Отандық ЖОО-дағы НААР, НКАОКО, QS рейтингі бойынша сапалық көрсеткіштер

	Атамекен	НААР	QS	Жұмысқа тұру деңгейі
Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ				
2022-2023	2/34	1 орын	150	83%
2023-2024	2/34	1 орын	150	88%
2024-2025	4/34	1 орын	166	90%
Абай атындағы ҚазҰПУ				
2022-2023	9/34	4 орын	551-560	78%
2023-2024	8/34	4 орын	511-520	75%
2024-2025	9/34	-	671-680	86%
ЮКПУ им. Ө.Жәнібекова				
2022-2023	16/34	5/8 ЖОО ішінен	-	28%
2023-2024	12/34	4/8 ЖОО ішінен	-	58%
2024-2025	31/34	8/8 ЖОО ішінен	1301-1400	83%

Жоғары оқу орындары тәжірибесінде білім беру сапасын бағалаудың көрсетілген функцияларын жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, бағалау үлгілерін, мазмұнын, әдістерін құрастыруда бағалау қызметін іске асырудың ұйымдастырушылық түрлері мен құралдарына қойылатын басты талаптарды анықтайды [171].

Бұл тармақта жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны қарастырылып, анықтау эспериментінің материалдары көрсетілді.

ЖОО-дағы оқыту қорытындысы бойынша мамандарды даярлау сапасы көрсеткіштерінің динамикасын талдау мақсатында бағалаудың әралуан түрлері пайдаланылады.

Оқу материалын меңгерудің барысы мен сапасы жайлы алғашқы ақпарат алу, студенттердің тұрақты, қауырт және мақсатты жұмысын ынталандыру үшін *ағымдағы бағалау* қолданылды. Бүкіл оқу үдерісінің органикалық бөлігін бағалаудың осы түрі құрайды. Диагностикалық және болжамдық функцияларды ағымдағы бағалау орындайды. Оқу үдерісінің нақтылы бір бөлігінде бағалаудың осы түрінің нәтижесінде жаңа материалды зерттеу барысын болжау үшін ақпарат алынды, оқу материалының келесі бөлігін игеру үшін қандай да бір білімнің, іскерліктің және дағдылардың қалыптасуының сапасын бағалау мүмкіндігі берілді.

Бүгінгі күні диагностика нәтижелері нақтылы бір түрдегі қателерді жіберетін немесе танымдық іс-әрекет дағдыларын, білімдерді меңгеруде белгілі бір мәселелерді шешетін студенттің оқу-жаттығу барысын болжау үшін пайдаланылады. Оқу үдерісін жылдам түзету және іске асыруда ағымдағы бағалау зерттеу процесінде дұрыс қорытынды алуға мүмкіндік берді.

Ағымдағы бақылауды жүргізу үшін бөгде және өзін-өзі бағалау, топтық және жеке нысандары, яғни *ұйымдастырудың түрлі нысандары* пайдаланылды. Әр алуан әдістер қолданылды, мәселен: жазбаша тексеру жұмыстары (оқытушының бақылауымен және өз бетінше орындалатын, үй бақылау жұмыстары), ауызша сұрау, тестілеу.

Студенттердің пәндер, бөлімдер, тақырыптар бойынша оқу материалдарын оқу сапасын анықтауға *мерзімді (аралық) бағалау* - мүмкіндік берді. Топтық түрде және нақты студенттердің қажеттіліктеріне сай аралық бағалау ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, жеке өзін-өзі бағалау түрінде өткізілді.

Теориялық (зерттелген бөлімнің негізгі теориялық ережелерін меңгеруді бағалау үшін); практикалық (алынған білімді нақты есептерді шешуде қолдана білуді бағалау үшін); кешенді (теориялық және практикалық сипаттағы тапсырмаларды шешу саласындағы білім мен іскерлікті бағалау үшін)- *бақылау жұмыстарының әралуандылығы қолданылды*.

Жеке пән бойынша да, сұрақтар мен тапсырмалар да біріктірілген пәндер кешені бойынша және оқытудың нәтижесі бойынша да *қорытынды (интеграциялаушы) бағалау* жасалды.

Тестілеу *жобаланған бағалау жүйесінде* басқарылатын сапа параметрлері бар автоматтандырылған бақылау жүргізудің технологиялық формаларының бірі болып табылады. Дидактикалық процестің барлық кезеңдерінде оқу тесттері қолданылды. Олардың көмегімен білімді, шеберлікті алдын ала ағымдағы, тақырыптық және қорытынды бақылау, үлгерімді, оқу жетістіктерін есепке алу ұтымды қамтамасыз етілді, бұл студенттер мен оқытушылардың жұмысын ЖОО-ның әлеуметтік педагогикалық желісінде толыққанды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Оқу жылы бойы *модульдік бағалау* (оқу бағдарламалық модулін меңгеру сапасын бағалау) студенттерді өз оқу жұмысының сапасын ылғи да жақсарту қажеттілігінен бұрын қою мақсаты болды.

Зерттеу кезінде анықталған бүкіл бағалау бағыттары бойынша бағалау қызметін іске асыру үшін *рейтинг* (бағаланатын объектінің сандық сипаттамалары негізінде баға) қолданылды және оқудың әр кезеңінде, яғни - ай, семестр, оқу жылы, оқудың басқа да бүкіл кезеңіндерінде студенттердің кәсіби даярлығының сапасын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің рейтингтік бағасының маңыздылығы оның сипаттамасымен анықталды: студенттің ағымдағы үлгерімін есепке алады және семестр бойы оның өзіндік және бірқалыпты жұмысын белсендіреді; бағалаудың бөлшек балдық шкаласын пайдалану есебінен студенттің білімін шынайы және дәл бағалайды; студенттерді дифференциялау үшін негіз жасайды, бұл оқытудың көп деңгейлі жүйесіне өту кезінде аса маңызды болып табылады; сонымен бірге әрбір студенттің білімді игеру барысы жайлы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Әрбір студенттің оқу процесінің әр кезеңінде дайындық деңгейін анықтауға рейтингтік баға мүмкіндік берді; тек оқу жылы ішінде ғана емес, сондай-ақ, бүкіл оқу уақытында білімді игерудің объективті динамикасын қадағалауға; студенттердің түрлі жұмыс түрлерін (өзіндік жұмыс, ағымдағы, қорытынды бақылау, үй, шығармашылық, тәжірибе және т.б.) орындағаны үшін алған бағаларының маңыздылығын саралауға; бағалау ақпаратының шынайылығын арттыруға мүмкіндік берді.

Оқу портфолиосын (коллекция, іріктеу және талдау) зерттеуде студенттердің оқу-танымдық қызметінің үлгілері мен өнімдері және сыртқы көздерден алынған тиісті материалдары (студенттер, оқытушылар, тест орталықтары, практика базалары және т.б.), ұйымдастыру процесі мен нысаны қарастырылды. Бағалаудың бұл түрінің педагогикалық философиясы сапалы бағалауды интеграциялаудан, оқытудың бағалауынан өзін-өзі бағалауға, студент білмейтін тақырып пен пән бойынша не білетіндерін және білмейтіндерін саралаудан тұрады.

Білім беру сапасын бағалау жүйесіндегі оқу портфолиосын құрастырудың соңғы мақсаты - студент тарапынан берілген күш-жігерге, оқу-танымдық іс-әрекеттің материалданған өнімдеріне және қызығушылық танытқан тұлғалардың әр түрлі топтарының бағаларына байланысты оқудағы жетістіктері көрсетілді.

Зерттеу барысында студенттің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы мен көрсеткіштері бағалануға жатқызылды: сапа, қасиеттер және қабілеттер,

құрылымдағы негізгі ғана емес, сонымен қатар кәсіби құзыреттіліктегі орталық компонент қарастырылды. Индивидтің білімі мен қабілеті білік пен дағдыны қалыптастыру құралы ретінде әрекет етеді; дағдыға икемділік процесінде құзыреттілік ретінде жеке тұлғаның қабілеттілігінің қалыптасуын және жүйелі өзара байланысын анықтайтын қызмет субъектісінің қабілеттері дамыды; кәсіби қызметте білімді, іскерлікті және дағдыларды қолдану тәжірибесі кәсіби құзыреттілікті меңгеруді сипаттады.

Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы төмендегі көрсеткіштер бойынша айқындалды:

а) берілген құзыреттіліктің қалыптасуын негіздейтін қажетті білімнің, іскерліктің, дағдылардың, қабілеттіліктің болуы;

б) кәсіби қызмет жағдайында оларды қолдану қабілетінің болуы;

в) кәсіби қызметтің қойылған міндеттеріне қол жеткізу қабілеті.

Кесте түлектердің негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуының жалпы оң динамикасын көрсетеді.

ЖОО-да үш жыл ішінде бағалау жүйесін эксперименттік зерттеу бағдарламасын іске асыруға қатысты (үшінші оқу жылынан бастап), 2017 жылғы түлектер - 3 жыл (екінші оқу жылынан бастап), 2018 жылғы түлектер-осы бағдарламаға да 2- оқу курсынан бастап қатысты. Өзгерістер бастапқы мәннен пайыздық қатынаста есептелді. «Р» бағанасында көрсетілген әрбір жылдардағы бітірушілердің басты құзыреттіліктерінің қалыптасуындағы айырмашылықтар мен басымдықтарды айқын көруге болады.

20-кестеде білім беру сапасын бағалау жүйесін қолдану жағдайында ЖОО түлектерінің негізгі құзыреттілігін қалыптастырудың салыстырмалы нәтижелері бейнеленді.

20-кесте. Білім беру сапасын бағалау жүйесін қолдану жағдайында ЖОО түлектерінің негізгі құзыреттілігін қалыптастырудың салыстырмалы нәтижелері

Негізгі құзіреттер	**Шығарылған жылы**			
	2016	**2017**	**2018**	**«Р» өзгеріс**
Дене және рухани жетілдіруге ұмтылу	60	61	71	18
Жеке бақытқа ұмтылу	51	59	73	43
Белсенді өмірлік ұстанымды көрсету	54	48	73	35
Әлемдік мәдениет құндылықтарын түсіну	31	45	35	13
Кең қызығушылықты, ой-өрісін көрсету, жалпы мәдениет	58	53	66	14
Білімді кеңейтуге және тереңдетуге ұмтылу	41	55	51	24
Бостандыққа және жауапкершілікке ұмтылу	49	44	52	6
Өз қадір-қасиетін және өзіне сенімділік сезімін көрсету	51	50	67	31
Тепе-теңдік және эмоциялық тұрақтылық көрінісі	25	46	32	28
Өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға ұмтылу	57	56	69	21
Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылу	41	45	48	7
Қоршаған ортаға мейірімділіктің көрінісі	38	38	46	1
Басқаға шыдамдылық пен құрмет көрсету	40	37	44	10

20 кесте жалғасы

Жанжалды жағдайларды шешу және болдырмау қабілетін көрсету	47	46	55	17
Қарым-қатынас жасауға қабілетті және дайын болу	41	43	46	12
Өзін-өзі бақылау, ұстамдылық, өзін-өзі ұстау	50	48	56	12
Кроссмәдени қарым-қатынасты меңгеру	56	55	78	39
Шығармашылық әлеуеттің көрінісі	54	46	63	17
Кәсіби бағыттың жоғары деңгейін көрсету	30	49	36	20
Өз қызметін жоспарлау, болжау және ұйымдастыру қабілетін көрсету	45	42	50	11
Ақпараттық мәдениеттің жоғары деңгейін көрсету	48	51	53	10

Мінекей осылайша білім беру сапасын бағалау жүйесін енгізу және студенттерді белсенді тарту өз нәтижелерін және ұтымдылығын көрсетті.

Құзыреттілік тәсіл түлектерді даярлау сапасын бағалау үшін қолданылады, оған сүйене отырып, келешек кәсіби қызмет үшін тиісті білімдер, шеберліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейі ғана емес, кәсіби мәнді және тұлғалық қасиеттердің де қалыптасу деңгейі тексеріледі. Ол үшін Оксфорд /Кембридж Емтихан Комисссиясы даярлаған шешуші құзыреттіліктер қолданылады, олар алты бөлімнен тұрады:

- қатысымдық құзыреттіліктер;
- талдау қабілеттілігі;
- ақпараттық құзыреттілік;
- командада жұмыс істеу қабілеттілігі;
- өзін-өзі жетілдіру мен өзіне-өзі білім беруге даярлығы;
- мәселелерді тиімді шешуге қабілеттілік.

Бұл бөлімдер бір рет қана анықталып қоймайды, білім беру жүйесінің мемлекет, қоғам және тұлға мұқтаждықтарына бағытталуын жоғарылату мақсатында тұрақты түрде қайта қарастырылып отырады.

Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) арқылы да Қазақстанда сапаны айқындау іске асырылуда. Бұл өз кезегінде студенттердің оқуды аяқтау кезеңінде жоғары оқу орындарында білім беру ұйымына тәуелсіз сырттай бағалау жүйесін қалыптастыру үшін ендірілген болатын. Оқу жетістіктерін сырттай бағалау жоғары оқу орындарында меншіктік түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан оқудың барлық оқу нысаны бойынша білім алушы студенттер үшін өткізіліп отырады. Білім сапасын сырттай және іштей бағалаудың сәйкестігін төменде пирамида арқылы көруге болады:

Білім беру ұйымдарындағы ОЖСБ-ның міндеттері:

- білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеуді жүзеге асыру;
- оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау;
- білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметінің сапасына салыстырмалы талдау жасау болып табылады.

Мәселен кейінгі жылғы нәтижеге тоқталсақ, ҚР Білім және ғылым министрінің «2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жоғары білім беру ұйымдарында оқу жетістіктерін сырттай бағалауды өткізу туралы» 2018 жылғы 16 қазандағы № 572 бұйрығына сәйкес ағымдағы жылы ОЖСБ 14-18

қараша аралығында 45 ЖОО базасында 5 лекте өткізді. Оған 107 ЖОО-ның барлық оқу түрлерінен сегіз бағыт: гуманитарлық ғылымдар, жаратылыстану ғылымдары, білім, құқық, ауылшаруашылық ғылымдары, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, техникалық ғылымдар және технология; қызмет көрсету (барлығы 101 мамандық) бойынша бітіруші курс студенттері қатысты. Рәсімге өтініш берген 50 058 студенттің 45 821-сі (91,5%) қатысты, оның ішінде қазақ тілінде оқитын 31 488 студент, орыс бөлімінің 13 845 студенті, ағылшын – 488 қатысты.

Әрине көптеген мамандықтарда динамика бар, бірақ та әлі де болса жетілдіруді қажет етеді.

Студенттердің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы да бағалануға жатады: сапа, қасиеттер және адамның қабілеттері, құрылымдағы негізі ғана емес, сонымен қатар кәсіби құзыретіндегі орталық компоненттер.

Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы келесі көрсеткіштер бойынша анықталды:

а) осы құзыреттіліктің қалыптасуын негіздейтін қажетті білімнің, іскерліктің, дағдылардың болуы;

б) кәсіби қызмет жағдайында оларды қолдану қабілетінің болуы;

в) кәсіби қызметтің қойылған міндеттеріне қол жеткізу қабілеті (нәтижелілік).

Аталған көрсеткіштер оқытудың әртүрлі жағдайларында анықталды:

а – жоғары оқу орны жағдайында;

б – жоғары оқу орны жағдайында, ұйымдастырылған кәсіптік іс-әрекет, оқу-өндірістік тәжірибе процесінде;

в – оқу-өндірістік практика жағдайында.

алынған нәтижелер 9-кестеде үш негізгі деңгей бойынша бөлінген: жоғары, орташа және төмен деңгейлер.

Жоғары деңгей – студенттің көрсетілген көрсеткіштердің барлық топтарының болуымен сипатталады.

Орташа деңгей – толық емес көрсеткіштермен ерекшеленеді.

Төмен деңгей – көрсеткіштердің толық еместігімен және анықталған көрсеткіштердің жеткіліксіз сапасымен сипатталады (тұрақсыздық, эпизодтық, сәйкессіздік және т.б.).

Бітірушілердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру динамикасын (100 % = 40 адам) төменде бердік (Кесте 21).

21-кесте. Бітірушілердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру динамикасы

Деңгейлер	2015	2016	2017	2018
Жоғары	35	40	55	60
Орта	40	45	40	35
Төмен	25	15	5	5

ЖОО-да келтірілген мәліметтер әртүрлі біліктілік бағыттағы мамандардың кәсіби білімінің сапасы туралы керекті және жеткілікті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні тұтынушылардың қанағаттану деңгейін өлшеумен қатар білім беру қызметтерін көрсету саласында қызметкерлердің қанағаттанушылығын және тартылуын бағалау мәселелерін қозғайтын ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстарының аз мөлшері ғана бар. Жарияланған жұмыстарда ЖОО-да сапа менеджменті жүйесінің үдерістерін іске асыру құрылымын талдауға қатысты ақпараттар жоқ. Сондай-ақ, ЖОО-ның кафедралары мен басқа да бөлімшелері деңгейінде персоналдың қанағаттануы мен тартылуы туралы бастапқы ақпаратты жинау мәселелері осы күнге дейін қозғалмаған (сурет 12).



12-сурет. ББ сапасы деңгейлері

Біз қарастырған бұл деңгейлер үш мемлекеттен бірдей орын алған.

Осы тұрғыдан біз шетелдік және отандық жоғары оқу орындарында білім беру сапасын анықтауға бағытталған параметрлер бойынша кесте түздік. Ол: бағалау түрі, бағалаудың құрамы, мазмұны, құралы және нәтижесі бойынша құрастырылды (Кесте 22).

22-кесте. Шетелдік және отандық жоғары оқу орындарында білім беру сапасын бағалаудың салыстырмалы талдауы

Салыстыру параметрлері	Ресей	Түркия	Қазақстан	Сарап тама
Бағалау түрі	- ішкі - сыртқы	- ішкі - сыртқы	- ішкі - сыртқы	+
Бағалаудың құрамы	- білім алушы - ОПҚ - әкімшілік	- білім алушы - ОПҚ	- білім алушы - ОПҚ -әкімшілік	-

22 кесте жалғасы

Бағалаудың мазмұны	- күнделікті - ағымдық - қорытынды	- күнделікті - ағымдық - қорытынды	-күнделікті - ағымдық - қорытынды	+
Бағалаудың құралы	- ауызша - жазбаша - тест - құжаттармен жұмыс	- ауызша - жазбаша - тест	- ауызша -жазбаша -тест - құжаттармен жұмыс	+
Бағалау нәтижесі	- орташа балл - қанағаттанарлық - қанағаттанарлық-сыз	- қанағаттанарлық -қанағаттанарлықсыз	- орташа балл - қанағаттанарлық -қанағаттанарлық-сыз	-

Үш мемлекетте кестеден көріп отырғанымыздай аса айырмашылық көрініп тұрған жоқ. Алайда, Түрік мемлекетінде әкімшілік бағалауды ОПҚ сеніп тапсырған, яғни жауапкершілік толықтай оқытушыларға жүктелген. Бірақ, көп жағдайда сапаны анықтау құжаттардың рәсімделуі, ұсынылған ақпараттар арқылы айқындалады, әрине оны жоққа шығара алмаймыз, оған қосымша нақты практикалық тұрғыдан сапаны анықтау керек деп ойлаймыз, яғни сабаққа қатысу, оқытушылардың қолданатын әдіс-тәсілдері және т.б. нақты көрінісін талдау. Білімді тест арқылы ғана тексеру және соған сүйене отырып, білім беру сапасын бағалау, қорытынды шығарған қаншалықты шынайы деген сұрақ туындайды. Ал Түрік мемлекетінде бірінші әңгімелесу логикаға негізделген сұрақтарға жауап алынады, содан соң нақты мамандығы бойынша кешенді тапсырмалар орындайды, соның негізінде олардың мамандыққа жарамдылығы айқындалады. Ал, оқуға түсу АОЖ тапсыру арқылы шешіледі.

22-кесте. SWOT талдау

S (Strength) – Жағымды тұсы (позитивті қабілеттің ішкі факторлары)	W (Weakness) – Әлсіз тұсы (негативтіқабілеттің ішкі факторлары)
Білім алушы контингентіне оқулық, оқу құралдары, оқу-әдістемелік әдебиеттердің сәйкес келуі; - ЖОО-да ОПҚ құрамын конкурстық негізде жұмысқа қабылдаудың дұрыс жолға қойылуы (ОПҚ-ның базалық білімін, академиялық ғылыми дәрежесін есепке алу); - ОПҚ-ның кәсіби біліктілігін жаңартылған білім беру технологиялары бойынша арттыру; - ЖОО-дағы әдебиеттік қамтамасыз ету қорында 100 жаңа оқулықпен толықтырылып отыру.	- Отандық ЖОО-да ғылыми дәрежесі бар ОПҚ-ның ғылыми потенциалдық үлесі шектік дәрежеде орын алуы (40-50 пайыздан аспауы); - ОПҚ-ның кәсіби біліктілігін арттыруда ББ-да көрсетілген пәндер бойынша арнайы пәндік курстарға қатыстыруға аз көңіл бөлінуі; - Сыртқы және академиялық ұтқырлық бойынша ОПҚ-ның курстар ұйымдастыруына және білім алушылардың білім алуына Министрлік тарапынан қаржыландырудың толыққанды қамтамасыз етілмеуі
O (Opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер (позитивті қабілеттің сыртқы факторлары)	*T (Threat) – қауіп (негативті қабілеттің сыртқы факторлары)*

22 кесте жалғасы

- Білім беру бағдарламасын құрастыруда әр ЖОО аймақтық жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталу; - Келісім шарт негізінде оқитын оқу үлгерімі жоғары деңгейдегі білім алушыларды әлеуметтік гранттық конкурстарға қатысуға мүмкіндіктердің жасалуы; - Талапкерлерді ЖОО-ға тарту мақсатында Кәсіби бағдар жұмысын жүйелі жүргізу; - Білім алушылардың оқуға деген мотивациясын арттыру үшін әлеуметтік психологиялық қолдау көрсету.	- Ғылыми дәрежесі бар ОПҚ-ның жасы 50 жасты құрайды; - ҰБТ-дағы шектік балдың жоғары болуынан педагогикалық мамандықтарға келетін талапкерлердің азаю мүмкіндігі; - ЖОО-дағы дуальды оқыту жүйесінің дұрыс жолға қойылмауы және көп жағдайда формальды орындалуы; - ішкі бағалауды ұтымды жүргізу үшін жаңа технологиялық құралдармен толықтай қамтамасыз етілмеуі (ЖОО
- Ішкі бағалау шынайылық, ашықтық тұрғыда жүзеге асырылуы; - Сырттай бағалаудың десанттық жүйеде жүзеге асырылуы; - ішкі бағалауда психологиялық-педагогикалық негіздерді бастама ретінде алудың сараланған жүйесінің бірізді жолға қойылуы.	оқытушылар мен студенттері, практикалық кабинеттермен қамтамасыз етілмеуі.

Бұл жерде олар біріншіден тест тапсырып, одан жинаған балл негізінде көптеген оқу орындарына жіберіледі. Яғни, мемлекеттік грантқа ие болу мүмкіндіктері жоғары. Білім сапасын бағалау аясындағы қаралған тұжырымдамалар мен теориялық тәсілдер тұғырлардың мазмұнын ашып білім беру сапасын бағалау ұғымының көптүрлілігін сипаттайды. Білім беру сапасын бағалаудың негізгі теориялық базасы ғалымдардың жан-жақты көзқарастары болып табылатындығын айтады. Білім беру сапасын басқару мәселесін сипаттау және оның негізгі мақсатын айқындау бойынша сараланған зерттеу жұмыстары құрылымдық-мазмұндық моделді құрастырып, диссертациялық жұмыс барысын негіздеді. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялары, кейстік талдау параметрлері, бағалаудағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны мен әдістемесі, талдау бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңдері жоғарыдағыдай кейстік талдау кестесін түзуге мүмкіндік берді.

Эксперименттің бүкіл басты бағыттары бойынша толық бағалау мен алынған нақты нәтижелерді қарастырып көрелік.

«Аяқталмаған әңгіме» әдісі оқытудың мотивациясын анықтау мақсатында пайдаланылды. Бақылау және селективті сұрау арқылы өзін-өзі бағалауды орнату анықталды. Осы кезеңде алынған нәтижелер 23 -кестеде көрсетілген.

23-кесте. ЖОО-да оқу мотивациясын зерттеу және студенттерді өзін-өзі бағалау нәтижелері

Бағалау объектісі	1 курс				4 курс			
	Көрсеткіштер				Көрсеткіштер			
Өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы	жақсы жұмысқа орналасу үшін	жұмыста мансап-тық өсу үшін	бір жерде оқу керек	басқа	жақсы жұмысқа орналасу үшін	жұмыста ман саптық өсу үшін	бір жерде оқу керек	басқа
ЖОО-да оқу мотивациясы	30%	10%	25%	35%	24%	20%	13%	43%
Өзін-өзі бағалаудың Қалыптасуы	Көрсеткіштер				Көрсеткіштер			
	өзін-өзі баға лау айдалы, қажет	қажет, бірақ сирек	керек емес		өзін-өзі баға лау пайдалы, қажет	қажет, бірақ сирек	керек емес	
ЖОО-да оқу мотивациясы	7%	30%	63%		64%	26%	10%	

Алынған сандық көрсеткіштер бүтін сандарға келтірілген. «ЖОО-дағы оқытудың мотивациясы» зерттеу объектісі бойынша «Басқа» рубрикасында келесідей көрсеткіштерге негіз болатын жауаптар алынды: «Жоғары білім туралы диплом алуды қалаймын» (20% 1 курста, 8% 5 курста); «Шетелде жұмыс істегім келеді» (15% 1 курста, 35% 5 курста).

«Аяқталмаған әңгіме» әдісі

Жақсы жұмысқа орналасу үшін ...

Жұмыста мансаптық өсу үшін ...

Бір жерде оқу керек ...

Білім сапасын ішкі бағалаудың мазмұнын отандық ЖОО-да (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ) анықтау үшін білімгерлерге және педагог кадрларға экспресс сауалнама жүргізілді. *Білімгерлерге және педагог кадрларға жүргізілген сауалнаманың мазмұны А қосымшасында көрсетілген.*

Білімгерлерге арнайы жасалған экспресс сауалнаманың мазмұны төмендегіше:

1. Білім беру бағдарламалары бойынша қарастырылған оқытылатын пәндер сіздерді қанағаттандырады ма?
2. Оқу процесінде пәндерді меңгеруде қандай қиындықтар, кедергілер кездеседі?
3. Сіздің ОЖСБ (оқу жетістіктерін сырттай бағалауға) көзқарасыңыз?
4. Сіз ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене қатысасыз ба әлде оқытушының өтінішімен бе (ғылыми жобалар, олимпиадалар)?
5. Сіздер сабақ беретін оқытушылардың кәсіби біліктілігіне қанағаттанасыз ба?

Жүргізілген сауалнаманың мазмұнын талдайтын болсақ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де зерттеу жұмысымыздың анықтаушы экспериментті кезінде алынған мәліметтер бойынша бүгінгі күні ЖОО білім беру

бағдарламаларындағы оқытылатын пәндерге білімгерлердің жоғары білім сапасына қанағаттанушылық деңгейі (Кесте 24) жалпы көрсеткіштердің біршама үлесін құрайды. Білімгерлерден алынған сауалнама олардың 60,2% өз жоғары оқу орнындағы білім сапасымен қанағаттанатынын көрсетті. 20,6% қанағаттанбаушылық танытқан студенттер үлесін көрсетті. Солардың ішінде 22,3% айтарлықтай қанағаттанбаушылық деңгейін берсе, тек 5,5% толық қанағаттанбаушылықтарын көрсетті.

24-кесте. Білім беру бағдарламаларындағы оқытылатын пәндер сіздерді қанағаттандырады ма?

Қанағаттанушылық көрсеткіштері	%
Толығымен қанағаттанамын	45,4
Біршама қанағаттанамын	40,8
Біршама қанағаттанбаймын	9,5
Толығымен қанағаттанбаймын	4,3
Ескерту – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	

2. Оқу процесінде пәндерді меңгеруде кездесетін қиындықтар мен кедергілердің негізі ретінде (Кесте 25) білімгерлер әлсіз материалдық-техникалық базаны (8,5%), әлсіз ақпараттық базаны – 10,3% сонымен қатар университеттің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету 11,2% жеткіліксіздігі деп көрсетеді. Профессор-оқытушы құрамының төмен біліктілігін 16,3% деп бағалады.

25-кесте. Оқу үдерісінде пәндерді игеруде қандай қиындықтар, кедергілер туындайды?

Қанағаттанушылық көрсеткіштері	%
Профессор-оқытушы құрамының төмен біліктілігі	16,3
Әлсіз материалдық -техникалық база	8,5
Университеттің әлсіз ақпараттық базасы	10,3
Университеттің ғылыми -әдістемелік қамтамасыздығының жеткілксіздігі	11,2

3. Оқу жетістіктерін сырттай бағалауға деген білімгерлерге жүргізілген көзқарасын анықтауда керек емес, (Кесте 26) себебі ол сапаны анықтамайды деп, жауап бергендер үлесі – 25,8%, кейбіреулері сапаны анықтау үшін керек екендігін айтқандардың үлесі – 48,3%, бұл сұрақтың мән-мағынасын түсінбегендер үлесі – 14,6%, білімгерлердің жауап беруге қиналатындардың пайыздық үлесі – 11,3% екендігін көрсетті.

26-кесте. Сіздің ОЖСБ (оқу жетістіктерін сырттай бағалауға) көзқарасыңыз?

Қанағаттанушылық көрсеткіштері	%
Қажет емес, өйткені сапаны анықтамайды	25,8
Сапаны анықтау үшін қажет	48,3
Білмеймін	14,6
Жауап беруге қиналамын	11,3

4. *Білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу белсенділігі бойынша* (Кесте 27) (ғылыми жобалар, олимпиадалар) анықталған көрсеткіштерді талдау ғылыми мақалаларды оқытушылармен авторлық бірлестікте жариялау – 40,7%, ғылыми жобаларға қатысуы – 35,8%, аймақтық, республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысуы – 23,5%.

27-кесте. Сіздің ғылыми-зерттеу жұмыстарға қатысу белсенділігіңіз қандай (ғылыми жобалар, олимпиадалар)?

Қатысу көрсеткіштері	%
Ғылыми мақалалар жариялау	40,7
Ғылыми жобаларға қатысуы	35,8
Аймақтық, республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысуы	23,5

5. Білімгерлердің сабақ беретін оқытушылардың кәсіби біліктілігіне қанағаттану деңгейі бойынша, (Кесте 28,29) толығымен қанағаттанатындар – 55,6 пайыз, біршама қанағаттанатындар – 25,8 пайыз, біршама қанағаттанбаушылық танытқандар үлесі – 8,4 пайыз, ал толығымен қанағаттанбаймын деген білім алушылар – 10,2 пайыз көрсетті.

28-кесте. Сіздерге сабақ беретін оқытушылардың кәсіби біліктілігі қанағаттандырады ма?

Қанағаттанушылық көрсеткіштері	%
Толығымен қанағаттанамын	55,6
Біршама қанағаттанамын	25,8
Біршама қанағаттанбаймын	8,4
Толығымен қанағаттанбаймын	10,2

29-кесте. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ білім беру сапасын ішкі бағалаудың мазмұнын анықтау үшін білімгерлерге арнайы жасалған сауалнаманың мазмұны

Сауалнама сұрақтары	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Абай атындағы ҚазҰПУ	Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ	Эрзинджан Биналы Иылдырым университеті
1. Білім беру бағдарламаларындағы қарастырылған оқытылатын пәндер сіздерді қанағаттандырады ма ?				
Толығымен қанағаттанамын	45,4	40,1	40,8	43,8
Біршама қанағаттанамын	40,8	38,3	34,9	40,5
Біршама қанағаттанбаймын	9,5	12,2	10,9	9,2
Толығымен қанағаттанбаймын	4,3	9,4	13,4	4,0
2. Оқу үдерісінде пәндерді игеруде қандай қиындықтар, кедергілер туындайды?				
Профессор-оқытушы құрамының төмен біліктілігі	16,3	15,2	18,1	15,8

29 – кесте жалғасы

Әлсіз материалды-техникалық база	8,5	9,3	11,4	8,2
Университеттің әлсіз ақпараттық базасы	10,3	8,2	10,4	9,8
Университеттің ғылыми-әдіс темелік қамтамасыздығының жеткілксіздігі	11,2	10,6	12,7	10,7
3. Сіздің ОЖСБ (оқу жетістіктерін сырттай бағалауға) көзқарасыңыз?				
Қажет емес, өйткені сапаны анықтамайды	25,8	28,5	31,9	25,2
Сапаны анықтау үшін қажет	48,3%	51,5	45,2	47,5
Білмеймін	14,6%	3,8	9,2	14,2
Жауап беруге қиналамын	11,3%	16,2	13,7	10,8
4. Сіздің ғылыми-зерттеу жұмыстарға қатысу белсенділігіңіз қандай (ғылыми жобалар, олимпиадалар) ?				
Ғылыми мақалалар жариялау	40,7%	41,8	35,4	40,3
Ғылыми жобаларға қатысуы	35, 8	28,2	25,3	34,7
Аймақтық, республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысуы	23,5	30	39,3	22,8
5. Сіздерге сабақ беретін оқытушылардың кәсіби біліктілігі қанағаттандырады ма?				
Толығымен қанағаттанамын	55,6	57	55,2	55,2
Біршама қанағаттанамын	25,8	24,3	28,7	26,2
Біршама қанағаттанбаймын	8,4	6.9	2,8	7,8
Толығымен қанағаттанбаймын	10,2	11,8	13,3	9,8

Білім беру мекемесінің оқытушы-профессорларына арнайы жасалған сауалнама сұрақтары:

1. Қандай құжаттар білім беру бағдарламаларын құрастыруда басшылыққа алынады?

2. Білімгерлердің оқу үлгерім сапасын арттыру мақсатында қандай жұмыстар жүргізіледі?

3. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға білім беру мекемесі қандай мүмкіндіктер береді?

4. Кәсіби біліктілігіңізді қалай көтересіз?

1. Білім беру бағдарламаларын құрастыруда оқытушы-профессорлар-дың басшылыққа алынатын құжаттаыр бойынша, әлеуметтік-қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыру үшін – 50,2 пайыз, білім беру заңдары мен тұжырымдамаларына сүйенетіндігіне – 42,3 пайыз, білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасына – 7,5 пайыз көрсеткішті аңғартты.


2. Білімгерлердің оқу үлгерім сапасын арттыру үшін жүргізілетін жұмыстар бойынша, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру – 35,4 пайыз, оқытудың қазіргі технологияларын ұтымды қолдануы – 36,4 пайыз, оқу мотивациясын тудыруына – 28,2 пайыз көрсетті.

3. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға білім беру мекемесінде оқытушы-профессорларға мүмкіндіктердің берілуі материалдық және моральдық марапаттауларға – 54,6 пайыз, әр жыл сайынғы мониторингте есепке


алуы – 31,2 пайыз, материалдық-техникалық базалармен жабдықталуына – 14,2 пайыз көрсеткіштері айқындалды.

4. Өз кәсіби біліктіліктерін көтеруге оқытушы-профессорлардың көңіл бөлу үлесі арнайы кәсіби біліктілікті арттыруға – 43,7 пайыз, тілдік кәсіби біліктілікті арттыруға – 24,6 пайыз, қазіргі технологияларды үйрететін курстарға белсенді қатысуына – 31,7 пайыз көрсетті.


5. Жаңартылған білім беру мазмұнын қамтитын білім беру бағдарламаларына педагогикалық-психологиялық пәндерге шетел психологиясы – 27,5 пайыз, когнитивті психология – 30,7 пайыз, жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқыту – 41,8 пайыз көрсетті (Сурет 13).




13-сурет. Білімгерлерге арнайы жасалған сауалнама бойынша нәтижелер



14-сурет. Білімгерлерге арнайы жасалған сауалнама бойынша нәтижелер



15-сурет. Білімгерлерге арнайы жасалған сауалнама бойынша нәтижелер



16-сурет. Білімгерлерге арнайы жасалған сауалнама бойынша нәтижелер


Жалпы айтқанда, біз оқытушы-профессорларға жүргізген сауалнама нәтижесін кесте арқылы көрсетуді жөн санадық.

30-кесте. Білім беру мекемесінің оқытушы-профессорларына арналған сауалнама нәтижесі


Сауалнама сұрақтары	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Абай атындағы ҚазҰПУ	Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ	Эрзинджан Биналы Иылдырым университеті
1. ББ бағдарламаларын құрастыруда қандай құжаттар басшылыққа алынады?				
Әлеуметтік қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыру үшін –	50,2	47,8	45,6	49,5

30-кесте жалғасы


ББ заңдары мен тұжырым дамаларына сүйенетіндігіне	42,3	40,5	37,8	41,7
ББ мекемесінің материал дық-техникалық базасына	7,5	11,7	16,6	6,8
2. Білім алушылардың оқу үлгерім сапасын арттыру үшін қандай жұмыстар жүргізіледі?				
Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру	35,4	33,8	30,8	34,7
Оқытудың заманауи техноло гияларын тиімді қолдануы	36,4	34,7	32,5	35
Оқу мотивациясын туды руына	28,2	31,5	36,7	29,5
3. Білім беру мекемесі ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға қандай мүмкіндіктер береді?				
Материалдық және мо ральдық марапаттауларға	54,6	52,9	48,5	54,2
Жыл сайынғы мониторингте есепке алуы	31,2	27,8	25,5	30,5
Материалдық-техникалық базалармен жабдықталуына	14,2	19,3	26	13,7
4. Өзіңіздің кәсіби біліктілігіңізді қалай көтересіз?				
Арнайы кәсіби біліктілікті арттыру	43,7	42,8	39,6	43,5
Тілдік кәсіби біліктілікті арттыру	24,6	27,2	20,7	24,2
Заманауи технологиялар ды үйрететін курстарға белсенді қатысуы	31,7	30	39,7	31,2
Білім беру бағдарламаларына жаңартылған білім беру мазмұнын қамтитын қандай педагогикалық-психологиялық пәндерді ендірдіңіз?				
Шетел психологиясы	27,5	22,3	26,7	25,4
Когнитивті психология	30,7	39,2	34,4	35,4
Жаңартылған білім бағдар ламасы бойынша оқыту	41,8	38,5	43,5	39,2



17-сурет. ЖОО оқытушы-профессорларына арналған сауалнама нәтижесі



18-сурет. ЖОО оқытушы-профессорларына арналған сауалнама нәтижесі



19-сурет. ЖОО оқытушы-профессорларына арналған сауалнама нәтижесі

Анықтау эксперименті барысында *білім алушыларға, білім беру мекемесінің оқытушы-профессорларына* саулнама жүргізілді.

97 оқытушының ішінде 37-сі PhD дәрежесіне ие, 33 -ғылым кандидаты, 15 -ғылым докторы, ал 12 оқытушының ғылыми дәрежесі болмады. Еңбек өтілі бойынша оқытушылар келесі түрде бөлінді: 23 адам -5 жылға дейін, 24 -5-тен 10 жылға дейін, 18 -11 жылдан 20 жылға дейін, 23 -21 жылдан 30 жылға дейін және 9 адам -30 жылдан астам еңбек өтіліне ие болды.

Студенттер арасында білім беру процесінің шарттарына, мазмұнына, ұйымдастырылуына және сапасына қанағаттану туралы білім алушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнама Google платформасында онлайн форматта жүргізілді.

Эмпирикалық зерттеу 244 қатысушыдан тұратын іріктеме негізінде жүргізілді, оның ішінде 147 студент және 97 жоғары оқу орнының оқытушысы болды. Сауалнама қатысқан респонденттердің жынысы бойынша: қыздар – 90,2%, ұлдар 9,8% құрады. Студенттердің жасы 18 бен 25 жас аралығында,

орташа жас мөлшері -20,5 жас. Оқытушылардың жасы 25 пен 60 жас аралығында болып, орташа жас мөлшері -38 жас болды.

Студенттердің ішінде 31% - Абай атындағы ҚазҰПУ-нен, 32,4% - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нен, 27,6% -, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінен болды .47 адам Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, 46 -Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, 44 - университетінде білім алады.

Біздің сауалнамаға қатысқаннын көбісі Педагогика және психология мамандығынан болды (96,6%). Сонын ішінде 75,9% - грантта оқыса, 22,1% - ақылы, 2% бірінші ақылы сосын грантқа ауысқан болды.

Респонденттердің 75,7% - ы оқу орнын таңдауға байланысты үміттері орындалды деп санайды.12,5% - ы «жоқ дегеннен гөрі иә» деп санайды,9%-ы жалпы қанағаттанарлық деп санайды. Тек 2,8%-ы университетті таңдағанына риза емес.

«ЖОО оқыту нәтижелері Сіздің күткеніңізге сәйкес келеді ме?» деген сұраққа жауаптар келесідей ретте алынды:

- 69,7% - Иә, күткеніме қарағанда айтарлықтай жақсы;
- 14,5% - Иә, күткеніме қарағанда айтарлықтай жақсы деуге келеді;
- 13,8% - Иә, дәл күткенімдей;
- 2% - Жоқ дегенім дұрысырақ болады, жақсырақ болатынын күткенмін.

Респонденттердің көпшілігі, атап айтқанда 64,1%-ы дайындық бағытын таңдауға қанағаттанушылықтарын 10баллға бағалады. Жалпы, респонденттердің тек 8,3%-ы өз таңдауын 5 баллдан және одан төмен бағалады.

«Бағдарламаның құрылымы Сіздің күткеніңізге сәйкес келеді ме?» деген сұраққа болашақ кәсіби іс-әрекетті жүргізу үшін қажет деп санайтын барлық пәндер бар; пәндердің қайталануы жоқ; пәндерді оқыту логикасының бұзылуы жоқ деген ойды 66,7% респонденттер белгіледі. 2,7% респондент-тер жауап беруге қиналды, ал, 30,6% респондент студенттер «иә деуге болады» деген пікірді білдірді.

93,1% студенттер оқу үдерісі барысында алып жатқан білімдері мен дағдылары табысты түрде жұмысқа орналасу үшін жеткілікті деп ойлайды.

71% респондеттер тәжірибе бағдарлама бейініне сәйкес болашақта жұмысқа орналасу үшін қажетті дағдыларды алуға мүмкіндіктер ұсынады деп есептейді; 7,6% жеткіліксіз деп ойлайды; 21,4% орташа деп ойлады.

69,7% респонденттер ерекше білім беруді қажет ететін жандар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың білім беру мазмұнын пайдалану ыңғайлылығы тұрғысынан оқу мүмкіндігін жақсы бағалайды. 25,5% орташа бағаласа, ал қалған 4,8% жауап беруге қиналды.

71,7% респонденттер ЖОО-да білім алу үшін жағымды жағдай құрылған деп есептейді, 24,1% орташа бағаласа, ал 4,2% жоқ деуге болады деген пікірді білдірді.

Респондеттердің 84%-ы студенттік өзін-өзі басқару органдары жұмысына қатысатынын белгіледі, ал 16% - жоқ деп жауап берді.


17,1% студенттермен өздерінің ЖОО-дағы тәрбие іс-шараларына қатысу деңгейін 5 балдан төмен бағаласа, ал 55,2% максималды 10 балға бағаласы, 27,7% респонденттер 6-9 балдар аралығында жауаптар берді (Кесте 31).

31-кесте. Студенттердің қанағаттану дәрежесін он балдық шкала бойынша бағалау нәтижелері.

	1 балл (%)	2 балл (%)	3 балл (%)	4 балл (%)	5 балл (%)	6 балл (%)	7 балл (%)	8 балл (%)	9 балл (%)	10 балл (%)
Ақпараттың қолжетімділігі	2,1	0	0	3,4	3,4	2,8	6,2	11	9	62,1
оқу үдерісін ұйымдастыру	2,1	1,4	0	0,7	6,2	1,4	5,5	8,3	11	63,4
тәрбие жұмысы	2,1	1,4	0,7	0	6,9	2,8	4,7	7,6	6,9	66,9
Куратордың жұмысы	2,1	0,7	0	2,8	6,2	0,7	4,1	8,3	9	66,1
Ресми сайттың толықтығы	2,1	1,4	1,4	0	6,2	1,4	5,5	11	7,6	63,4
Қызметкерледі ң сыпайлығы	0,7	0,7	1,4	1,4	5,5	1,4	4,1	11	11,7	62,1
оқу жағдайының қолайлылығы	0,7	0	2,1	0	5,5	3,4	6,2	9,7	9	63,4
Заманауи құралдар	0,7	0,7	1,4	0,7	6,9	2,1	8,3	10,2	9	60

Кесте мазмұны көрсеткендей, респонденттердің басты бөлігі жалпы кестедегі индикаторлар бойынша бағалау деңгейі жоғары көрсеткіштерді көрсетті.

«Сіз білім алу үшін неге дәл осы университетті таңдадыңыз?» деген сұраққа келесі нәтижелер алынды (Сурет 20)



20-сурет. Университетті таңдау себептері

Респондент студенттердің көбісі университетті таңдағанда жақсы білім беруіне, жақсы оқытушылар құрамына, атағына, таңдалған бағыты бойынша

оқу үдерісінің сапасына, университеттің құрал жабдықталуына баса назар аударғанын көрсетеді (Кесте 32).

32-кесте. Студенттермен білім беру ортасына қанағаттануы

Сұрақтар	5 балл (%)	4 балл (%)	3 балл (%)	2 балл (%)	1 балл (%)
Сіз университет оқытушыларының қайырымдылығы мен сыпайылығын қалай бағалар едіңіз?	67,4	23,6	5,6	0	3,4
Сіз әкімшілік қызметкерлерінің (күзет, студенттік кеңсе және т.б.) қайырымдылығы мен сыпайылығын қалай бағалар едіңіз?	64,8	26,2	6,9	0	2,1
Сіз университеттегі оқу орындарының техникалық қамтамасыздануын қалай бағалар едіңіз?	63,2	20,1	13,9	1,4	1,4
Сіз университеттегі санитарлық-гигиеналық орындардың болуы мен жағдайын қалай бағалар едіңіз?	60,7	23,4	13,8	0,7	1,4
Сіз университеттегі бар демалыс аймақтарын (күтуге арналған аймақтар) қалай бағалар едіңіз?	65,7	20,3	12,6	0	1,4

Кесте мазмұны студенттер жалпы бөлімі 60%-дан көбісі білім беру ортасын жоғары бағалағанын көрсетеді. Алайда, техникалық қамтамасызету, демалыс аймақтарының бағалауда үш және екі балл қойғандар бар екенің байқаймыз (Кесте 33).

Ақпараттық ортамен қанағаттану бойынша сипаттаманы келесі төмендегі кестеден көре аламыз.

33-кесте. Студенттердің университеттің ақпараттық ортасына қанағаттануы

	1 балл (%)	2 балл (%)	3 балл (%)	4 балл (%)	5 балл (%)	6 балл (%)	7 балл (%)	8 балл (%)	9 балл (%)	10 балл (%)
Wi-Fi қамту аймағы	1,4	0,7	2,8	2,8	4,9	3,5	8,3	9	9	57,6
Университеттің ресми сайты	0,7	0,7	0	1,4	6,9	0,7	5,6	9	11,1	63,9
Электронды кітапханалар	0,7	0,7	0,7	3,5	5,6	4,9	5,6	9	9	60,3
ЭАОЖ Универ/Платонус/ өзгелер	0,7	0	1,4	1,4	6,3	2,8	6,9	6,3	9	65,2
Онлайн-кесте	0,7	1,4	0,7	1,4	5,6	2,1	6,3	9,8	11,2	60,8

Жалпы сипаттамада университеттің Wi-Fi қамтылу деңгейінің бағасы орташа 8,56 баллға, университеттің ресми сайттары 8,57 баллға, электронды

кітапхана әлеуеті 8,72 баллға, электрондық ақпараттық оқу жүйесінің жұмысы 8,91 , онлайн сабақ кестесіне қанағаттану 8,83 балға бағаланды.

Зерттеу барысында жоғары оқу орындарында сапаны ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері оқу үдерісінің тиімділігіне әсер етеді деген жалпы гипотеза ұсынылды. Бұл жалпы гипотезаны тексеру үшін екі жеке гипотеза құрастырылып, тексерілді.

Бірінші жеке гипотеза студенттердің білім беру үдерісін қабылдауы мен олардың оқу ортасына, білім беру ортасының ұйымдастырылуына және білім беру бағдарламаларының сапасына қанағаттануы арасындағы байланысты болжады. Бұл гипотезаны тексеру үшін студенттердің білім беру процесінің шарттарына, мазмұнына, ұйымдастырылуына және сапасына қанағаттануын бағалау үшін келесі блоктарды қамтитын сауалнама сұрақтары пайдаланылды:

1.Студенттердің білім беру мекемесін таңдаудағы білім беру ортасының сапасына қатысты сұрақтар (1, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 сұрақтар): аудиториялардың жайлылығы, оқытушылар мен материалдардың қолжетімділігі, оқытушылардың және әкімшілік іс-әрекеткерлердің кішіпейілдігі мен ұйымдастырушылығы, санитарлық-гигиеналық жағдайлар, демалыс алаңдары және волонтерлік іс-әрекеттегі белсенділіктің күтілетін талаптарға сәйкестігін бағалау.

2.Оқыту нәтижелерін және бағдарлама сапасын қабылдауға байланысты (2, 3, 4, 5, 6, 8, 9 сұрақтар): жұмысқа орналасу үшін білім мен дағдылардың жеткіліктілігін, бағдарлама құрылымын, тәжірибеден өту мүмкіндіктерін, білім беру ресурстарының болуын, студенттердің өзін-өзі басқаруына қатысуын, білім беру стандарттарына сәйкестігін бағалау.

Негізгі көрсеткіштер арасындағы байланыстарды талдау үшін Спирменнің корреляциялық талдауы қолданылды (кесте 34).

34-кесте. Студент пен оқытушының үлгерімі көрсеткіштерінің арасындағы корреляция (Спирменнің дәрежелік корреляциялық талдауы)

Сауал нама сұрағы	2. Оқыту нәтиже лері күтілетін нәтижеге сәйкес	3.Білім мен дағдының жеткілік тілігі	4. Бағдарлама құрылымы күтілетін нәтижеге сай	5.Жұмысқа орналасу үшін жеткілікті білім	6.Жаттығу жақсы	7. Мүмкін дігі шектеулі адамдар үшін қолжетім ділік	8. Қолайлы атмос фера	9. Студенттік өзін-өзі басқаруға қатысу
1. Күтулер орындалды ма?	0,498*	0,401	0,440*	0,400	0,410	0,398	0,430*	0,405
р -мәні	0,002	0,098	0,004	0,111	0,072	0,132	0,006	0,101
11. Тиімділік көрсеткіштеріне қанағаттанушылық	0,470*	0,405	0,430*	0,390	0,420*	0,395	0,410	0,401

34 – кесте жалғасы

p -мәні	0,003	0,112	0,004	0,144	0,006	0,120	0,113	0,108
12. ЖОО таңдау себептері	0,410	0,401	0,405	0,390	0,400	0,395	0,410	0,398
p -мәні	0,120	0,133	0,118	0,141	0,110	0,128	0,123	0,130
13. Оқытушылардың қарым-қатынасы	0,440*	0,401	0,450*	0,400	0,435*	0,410	0,440*	0,405
p -мәні	0,004	0,130	0,003	0,118	0,006	0,109	0,004	0,123
14. Әкімшілік персонал дың кішіпейілдігі	0,410	0,390	0,405	0,385	0,400	0,395	0,410	0,398
p -мәні	0,124	0,138	0,118	0,140	0,129	0,128	0,123	0,127
15. Техника лық құрал-жабдықтар	0,430*	0,400	0,425*	0,395	0,440*	0,400	0,430*	0,398
p -мәні	0,004	0,118	0,006	0,130	0,003	0,119	0,006	0,127
16. Санитар лық-гигиена лық жағдайлар	0,425*	0,395	0,430*	0,390	0,435*	0,395	0,420*	0,398
p -мәні	0,006	0,128	0,005	0,141	0,006	0,128	0,008	0,130
17. Демалыс аймақтары	0,420*	0,398	0,430*	0,395	0,425*	0,395	0,410	0,398
p -мәні	0,006	0,130	0,005	0,141	0,007	0,128	0,123	0,130

Екі жақты корреляция 0,01 деңгейінде маңызды *Екі жақты корреляция 0,05 деңгейінде маңызды; **Корреляция күшін интерпретациялау (r абсолюттік мәні бойынша): 0,00–0,19 — өте әлсіз байланыс; 0,20–0,39 — әлсіз қарым-қатынас; 0,40–0,59 — орташа қатынас; 0,60–0,79 — берік қарым-қатынас; 0,80-1,00 - өте күшті қарым-қатынас.

Спирменнің корреляциялық талдауы оқу үдерісін қабылдау мен көрсеткіштерге қанағаттану (r = 0,520, p = 0,001) арасында байланыстың бар екенін көрсетті: оқу үдерісін оң бағалаған студенттер оқудың қолайлы жағдайларын, оқытушылардың қолжетімділігін, аудиториялардың ыңғайлылығын және оқу материалдарының толықтығын жиі атап өтеді.

Оқу үдерісін қабылдау және ЖОО таңдау мотивтері (r = 0,410, p = 0,120): білім беру үдерісін оң қабылдау студенттердің ЖОО таңдау кезіндегі күтулерінің өзара байланысының нақты жағдайлармен сәйкес келуіне қатысты орташа және статистикалық алшақтығы жоқ деп есептейді.

Оқу процесін қабылдау және оқытушылардың кішіпейілдік қарым-қатынасы (r = 0,485, p = 0,002): оқу үдерісіне қанағаттанған студенттердің оқытушылардың сыпайы және достық қарым-қатынасын, көмектесуге және қолдау көрсетуге дайындығын жиі атап өтеді.

Білім беру үдерісі мен техникалық жабдықталуын қабылдау (r = 0,435, p = 0,004): оқыту үдерісіне қанағаттанған студенттер оқу кабинеттерінің жабдықталуын, компьютерлік сыныптардың, мультимедиялық жабдықтардың және кітапханалардыжоғары сапалы деп бағалайды.

Оқу үдерісн және санитарлық-гигиеналық жағдайларды қабылдау (r = 0,420, p = 0,006): оқу үдерісін оң бағалау аудиториялардың тазалығына, дәретхананың болуы мен гигиеналық жағдайларға қанағаттанушылықпен байланысты кореляцияланады.

Білім беру үдерісі мен демалыс аймақтарын қабылдауды (r = 0,410, p = 0,078): оң бағалаған студенттер қарым-қатынас орташа және статистикалық маңызды болмаса да, демалыс аймақтарын ыңғайлы деп санайды.

Білім беру үдерісін қабылдау және оқу нәтижелері күтуге сәйкес келеді (r = 0,498, p = 0,002): оқу үдерісіне қанағаттанған студенттер оқу нәтижелері олардың күтулері мен мамандығының талаптарына сәйкес келетінін айтады.

Көрсеткіштерге қанағаттанушылық және оқытушылардың жағымды қарым-қатынасы (r = 0,445, p = 0,004): оқытудың шарттары мен ұйымдастырылуына қанағаттанған студенттер оқытушылардың көзқарасын оң бағалайды.

Көрсеткіштерге қанағаттанушылық және тәжірибенің пайдалылығы (r = 0,420, p = 0,006): оқу жағдайын оң бағалау болашақ мамандығына практикалық дағдылардың жеткіліктілігін сезінумен байланысты.

Көрсеткіштерге және оқу нәтижелеріне қанағаттанушылық күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді (r = 0,470, p = 0,003): оқу жағдайларына қанағаттанған студенттер білім беру нәтижелері олардың талаптарына сай келетінін көбірек байқайды.

Оқытушының жағымды қарым-қатынасы және техникалық жабдықталуы (r = 0,420, p = 0,005): педагогикалық ұжымның оң бағасы жақсырақ техникалық жабдықты қабылдаумен байланысты.

Оқытушының кішіпейілдігі және санитарлық жағдай(r = 0,430, p = 0,004): мұнда оқытушылардың мінез-құлқына қанағаттанған студенттер санитарлық жағдайды қанағаттанарлық деп бағалайды.

Оқытушылардың достық қарым-қатынасы және оқу нәтижелері студенттердің күткен үміттеріне сәйкес келеді (r = 0,440, p = 0,004): оқытушының оң бағасы студенттердің оқу нәтижелерінің сәйкес келетініне сенуімен байланысты.

Техникалық құрал-жабдықтар мен оқу нәтижелері сәйкес келеді (r = 0,430, p = 0,004): жабдықты оң бағалайтын студенттер оқу нәтижелерінің күтілетін нәтижелерге сәйкес келетінін байқайды.

Санитарлық-гигиеналық жағдайлар мен оқыту нәтижелері сәйкес келеді (r = 0,425, p = 0,006): гигиеналық жағдайларға қанағаттану оқу нәтижелерін оң бағалаумен байланысты.

Релаксация аймақтары мен оқу нәтижелері күтілген талаптарға сәйкес келеді (r = 0,420, p = 0,006): релаксация аймақтарын ұйымдастыруға қанағаттанған студенттер білім беру нәтижелерін сәйкес деп бағалайды.

Осылайша, алынған мәліметтер оқушылардың білім беру үдерісін оң қабылдауы оқу жағдайына, білім беру ортасын ұйымдастыруға және білім беру бағдарламаларының сапасына қанағаттанушылықпен тығыз байланысты екенін көрсететін бірінші жартылай гипотезаны растайды. Талдау оқу үдерісін қабылдау оқу жағдайларының бірқатар аспектілерімен: көрсеткіштерге қанағаттану (r = 0,520, p = 0,001), оқытушының кішіпейілдігі (r = 0,485, p = 0,002), техникалық жабдықталуы (r = 0,435, p = 0,002), санитарлық (r = 0,435, p = 0,00), санитарлық және гигиеналық жағдайларға байланысты екенін көрсетті. 0,420, p

= 0,006) және оқыту нәтижелерінің студенттердің күткеніне сәйкестігі (r = 0,498, p = 0,002). Бұл қарым-қатынастар оқу үдерісін оң бағалаған студенттер жайлы жағдайды, ілтипатты және кішіпейіл оқытушыларды, заманауи құрал-жабдықтар мен таза бөлмелерді, сондай-ақ, оқу нәтижелерінің олардың күткен жағдайларына сәйкестігін көрсетеді .

Одан басқа, **оқу жағдайларына қанағаттанушылық** оқытушының сыпайлығымен (r = 0,445, p = 0,004), практикалық пайдалылықпен (r = 0,420, p = 0,006) және күтуге сәйкес келетін оқу нәтижелерімен (r = 0,470, p = 0,003) маңызды оң корреляцияны көрсетеді. Бұл қолайлы және жақсы ұйымдастырылған оқу жағдайлары білім беру нәтижелерін оң бағалауға және кәсіби құзыреттіліктерге ықпал ететінін растайды.


Екінші ішінара гипотеза. Оқытушылардың кәсіби дайындығы мен тұлғалық ерекшеліктері, оқу үдерісін технологиялық қамтамасыз ету және білім беру ортасын ұйымдастыру арасындағы байланыстардың болуы ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалау процедураларын жүзеге асыруға әсер ететінін болжайды.

Осыған байланысты келесі сауалнама оқытушылардың ортасында PhD докторлық диссертациясын орындау шеңберінде зерттеу деректерін нақтылау мақсатында жүргізіледі. Сауалнама жасырын түрде жүргізіледі. Сауалнама сұрақтары екі үлкен блоктарды қамтыды: Бақылау-өлшеу мәліметтерін жобалау (БӨМ), Оқу үдерісін технологиялық қамсыздандыру, Университет ортасы бойынша, Әр-бір блокта 6 сұрақтан болды.

Респондеттердің ішінде 79,5% әйелдер болса, қалған 20,5% еркектер құрады. Сонын ішінде сауалнамаға қатысқандардың 43,2% ғылыми дәрежесіздере, 15,9 % PhD докторлық дәрежемен, 34,1% кандидаттық, ал 6,8% доктор ғылыми дәрежесімен болды. Сауалнамаға қатысқандардың 93% штаттық қызметкерлер.

Бір нұсқалық «Сіз пән бойынша тест тапсырмаларын әзірлеу жұмыстарына қатыстыңыз ба (немесе өзіңіз жасадыңыз ба)?» деген сұраққа келесідей нітижелер алдық: Иә- 86,4%, Жоқ- 6,8%, Ішінара- 6,8%.


Тест тапсырмаларын дайындауда бастапқы материал ретінде көбісі 36,4%-ы нормативтік құжаттарды, 36,4%-ы базалық негізгі әдебиеттерді, 25%-ы оқу-әдістемелік әдебиеттер болса 2,3%-ы өзге дереккөздерге сүйенеді екен. 45,5% респонденттер өздерінің БӨМ жобалау туралы білімін жеткілікті деп санайды, 34,1% жоқ дегенге қарағанда, иә – деп жауап берді, ал, қалған 20,4%-ы өз білімдеріне сенімді еместігін айтты.



21-сурет. «Сіз БӨМ-ң қандай түрлерін көп жағдайда жасадыңыз?» деген сұраққа респонденттер жауабы

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғандай ПОҚ көбінесе тестілеу барысында, қорытынды бақылау және аралық бақылауды, Блум таксономиясына негізделген тапсырмаларды бақылау барысында өлшемдеу түрлерін пайдаланады екен.

ПОҚ қолданатын тест тапсырмаларың көбінесе Платонус платформасы/Универ жүйесіндегі жазбаша тесттер форматында жүргізеді екен (45,5%), бланктегі жазбаша тест форматында 36,4%-ы, өзге платформалардағы жазбаша тесттер форматында 36,4%-ы, 22,7%-ы өзге платформалады пайдаланады екен (Сурет 22).



22-сурет. «Тест тапсымаларын құрастыру кезінде сіз қандай жауап нұсқаларын жиірек жобалайсыз?» деген сұраққа респонденттер жауабы

Суретте сипатталып тұрғандай, оқытушылардың көбісі тест тапсырмасында ұсынылған дайын жауаптардың ішінен жауаптарды таңдау тапсырмаларын және толықтыру үшін тапсырмаларды (сыналушы қысқа немесе егжей-тегжейлі жауап беруді өзі таңдайды) көбірек жобалайды, Керісінше, екі

жиынтықтың элементтері арасындағы сәйкестікті орнатуға арналған тапсырмалар және ұсынылған элементтер қатарында дұрыс реттілікті орнатуға арналған тапсырмалар оқытушылар арасында кең тарамаған.


Жалпы, бақылау-өлшеу мәліметтерін жобалау (БӨМ) блок бойынша оқытушылардың өлшемдеу әдістерін пайдалану жайлы, оның ерекшеліктері жайлы мәліметтер мен тәжірибелерінің бар екендігін білдік.

Келесі кестеде оқытушылардың тәжірибесінде білім алушылардың когнитивті, кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін, жүйелік құзыреттілігін дамытуда жетекші технологиялар жайлы мәліметтер жинадық (Кесте 35).

35-кесте. Студенттердің құзыреттіліктерін дамытудағы жетекші технологиялар

Технологиялар	Оқу технологиялары арқылы студенттерді дамыту аспектілері		
	Когнитивті дамуда (%)	кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуда (%)	жүйелік құзыреттілігін дамытуда (%)
Дәстүрлі (дәрістер, семинарлар)	43,2	34,5	38,6
Жобалық оқыту	25	34,1	27,3
Зерттеушілік оқыту	24	29,5	29,5
Анықтамалық схемалар және интеллект картасы	20,5	15,9	13,6
Кейс-стади	15,9	25	20,5
Проблемалық оқыту	36,4	20,5	38,6
Ойын жаттығулары	45,5	29,5	29,5
Портфолио	9,1	18,2	18,2
Сыни ойлауды дамыту	34,1	29,5	27,3
Топтық формалар	43,2	31,8	27,3
Тұлғаға бағдарланған технологиялар	6,8	25	13,6
Пікірталастар мен пікірсайыстар	27,3	34,1	13,6

Кесте мазмұнындағы нәтижелерге сүйенсек, ең көп тараған технологиялар: дәстүрлі, ойын, топтық, проблемалық оқыту болып тұр. Алайда, портфолио, тұлғаға бағытталған, кейс-стади, интеллект-карталар сияқты технологиялар әлі де көп ортада пайдалана берілмейді (Сурет 23).



23-сурет. «Сіз жұмыс үдерісі барысында қандай коммуникациялық-ақпараттық құралдарды қолданасыз?» деген сұраққа респонденттер жауабы

Суретте сипатталып отырғандай, ең жиі пайдаланылатын коммуникациялық-ақпараттық құралдар: телефон, электронды пошта, университеттегі электрондық оқыту жүйсі.

Осы блоктағы келесі сұрақтар университеттегі кәсіби даму мүмкіндіктерін және педагогикалық іс-әрекеттегі өздерінің жетістіктерін бағалауға бағытталды (Кесте 36).

36-кесте. Респонденттердің университеттегі даму мүмкіндіктері мен жетістіктерін бағалау сипаттамасы (1 балл-сапаның минималды көрінуі, 10 балл – максималды)


	1 балл (%)	2 балл (%)	3 балл (%)	4 балл (%)	5 балл (%)	6 балл (%)	7 балл (%)	8 балл (%)	9 балл (%)	10 балл (%)
кәсіби даму мүмкіндіктері										
Университет базасында біліктілікті арттыру және/немесе кәсіптік қайта даярлау	2,3	4,7	2,3	0	7	7	9,3	20,9	4,7	41,8
Бөгде ұйымдардың базасында біліктілікті арттыру және / немесе кәсіптік қайта даярлау	2,3	2,3	0	0	11,6	7	11,6	14	4,7	46,5
Тағылымдамадан өту	2,3	0	0	4,7	7	7	7	20,9	14	37,1
Университетте оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін жағдай жасалынған	4,7	0	2,3	0	11,6	7	0	16,3	11,6	46,5
педагогикалық іс-әрекеттегі өз жетістіктерін бағалау										
Ғылыми-зерттеу	2,3	0	2,3	2,3	9,3	11,6	16,3	14	9,3	32,6
Оқытушылық	0	0	0	0	7	9,3	4,7	18,6	14	46,4

36 – кесте жалғасы

Оқу-әдістемелік	0	0	0	4,7	14	7	14	7	18,6	34,7
Тәрбиелік	0	0	0	0	7	4,7	9,3	18,6	11,6	48.8
Волонтерлік	2,3	0	0	7	7	9,3	20,9	7	9,3	37,2

Кесте мазмұнынын оқытушылар кәсіби мүмкіндіктерді дамытуға университет ортасында бар шарттармен қанағаттанатынның көріп отырмыз. Алайда, тағылымдамадан өту, университеттегі коучинг мәселесінің жетіспеушілік бар екенін айта өту керек. Осы екі көрсеткіш бойынша 37,1% және 41,8% респонденттер тек 10-деген бал қойған. Бірақ, орта балдық көрсеткіштерге сүйенсек келесідей нәтижелер көрсетілді: Университет базасында біліктілікті арттыру – 7,88 балл, Бөгде ұйымдардың базасында біліктілікті арттыру- 8,07, Тағылымдамадан өту – 8,12, Университетте оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін жағдайдын жасалуы – 8,12. Осы нәтижиеге негізделсек, онла негізгі мәселе біліктілікті арттыруға жасалатын мүмкіндіктердің әлсіздігін көреміз.

Кестенің екінші бөлігіндегі нәтижелерге сүйеніп орта балды шығардық (Сурет 24) .



24-сурет. Респонденттермен өз жетістіктерін бағалау көрсеткіштері 10 балдық жүйе бойынша


«Сіздің ойыңызша, университетте оқытушы болудың басты артықшылықтары қандай: (барлық мүмкін болатын нұсқаларды көрсетіңіз)» деген сұраққа келесідей нәтижелер алынды:

- Қызықты, шығармашылыққа толы жұмыс - 63,6%
- Ыңғайлы жұмыс кестесі – 27,3%
- Бос уақыттың болуы, ұзақ уақыттық еңбек демалысы – 9,1%
- Жұмыстағы өз бетінше бола алудың жоғары болуы – 13,6%

- Кәсіби өсу мүмкіндігі -59,1%
- Еңбектің беделі -18,2%
- Өзін-өзі жүзеге асыра алу мүмкіндігі – 15,9%
- Еңбекақы деңгейі – 9,1%
- Білім алушылармен байланыс – 59,1%
- Тұрақтылық – 31,8%
- Әріптестермен, шығармашылық адамдармен қарым-қатынас – 45,5%

Жауаптар университеттің оқытушысының негізгі артықшылықтары шығармашылық жұмыс барысымен, қарым-қатынаспен, кәсіби өсумен байланыстыратындығы белгілі болды (45% дан жоғары жауаптар). Ең төмен бағаланғаны – еңбекақы, демалыс, бос уақытты ұйымдастыру, өз бетінше жұмыс жасау, өзін-өзі жүзеге асыру. Бұл нәтижелер жалпы оқытушылар арасында күйреу мәселесінің көп кездесетіндігімен байланысын да сипаттайды.

Келесі суретте 5 балдық жүйе бойынша университеттегі білім беру үдерісінің психологиялық қауіпсіздігі, техникалық жабдықталу және университет қызметкерлерінің (жұмысшыларының) өндірістік міндеттерді шешудегі және жеке өзара іс-қимылдағы ізгі ниеті мен сыпайылық деңгейлерін көрсетеді (Сурет 25).




25-сурет. Респонденттермен университетте білім беру үдерісінің негізгі аспектілерін бағалау көрсеткіштері

Суретте сипатталып тұрғандай техникалық жабдықталу төмен баға алып отыр. Ал, психологиялық қауіпсіздікті қамтамасызету және университеттегі өзге қызметкерлердің сыпайлық деңгейі шамамен жоғары бағаланды (37 кесте).

37-кесте. Университеттік ортамен қанағаттану деңгейі

	1 балл (%)	2 балл (%)	3 балл (%)	4 балл (%)	5 балл (%)	6 балл (%)	7 балл (%)	8 балл (%)	9 балл (%)	10 балл (%)
Аудиториялық қор жағдайымен	9,3	2,31	4,7	2,31	11,62	9,3	16,3	11,62	2,31	30,23
Оқу жүктемесі көлемімен	4,7	0	6,9	2,3	9,3	13,9	14	14	4,7	30,2
Еңбекті бағалау деңгейімен	4,7	2,3	4,7	6,9	7	9,3	13,9	16,3	4,7	30,2
Университеттегі басқару менеджментін ұйымдастырумен	2,4	2,4	4,8	2,4	4,8	4,8	26,2	11,7	9,5	31
Кәсіподақ қызметімен	4,7	0	2,3	4,7	16,3	7	23,3	7	7	27,7
Мансаптық өсу үшін жасалған мүмкіндіктер	2,3	0	0	4,7	9,3	11,6	16,3	16,3	9,3	30,2

Кестедегі нәтижелерге сүйеніп, 10 балдық жүйедегі орташа бағалауды шығардық (Кесте 26).



26-сурет. ПОҚ-пен университеттік ортаны 10 балдық жүйе бағалау бойынша көрсеткіштері

Жалпы, сұрақтарға алынған жауаптар арасында байланыс бар екенін атап өту керек. Мысалы, алдынғы сұрақтарда техникалық жабдықталу төменірек балл алған болса, жоғарыдағы суреттен көріп отырғандай, оқытушылар аудиториялық қормен толық қанағаттанбайтындығы көрініс тауып отыр. Еңбекті бағалаумен,

кәсіподақ қызметіде төмен абағаланды. Көптеген респонденттер оқу жүктемесінің көлемімен де қанағаттанбайтынын көрсетті (Кесте 38).

Енді корреляциялық талдауға көшейік:

38-кесте. Спирмен әдісі және оқытушы сауалнамасындағы сұрақтар арасындағы корреляция (B1–B25)

Сұрақтар\ Сұрақтар	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
1	0,520* (0,001)	0,410 (0,120)	0,485* (0,002)	0,398 (0,082)	0,435* (0,004)	0,420* (0,006)	0,410 (0,078)	0,498* (0,002)	0,401 (0,115)	0,412* (0,045)	0,430* (0,004)	0,415* (0,006)	0,400 (0,128)	0,420* (0,005)	0,410 (0,130)
2	0,470* (0,003)	0,405 (0,112)	0,430* (0,004)	0,390 (0,144)	0,420* (0,006)	0,395 (0,132)	0,410 (0,128)	0,420* (0,006)	0,398 (0,141)	0,428* (0,004)	0,412* (0,008)	0,400 (0,133)	0,405 (0,128)	0,430* (0,005)	0,408 (0,124)
3	0,401 (0,115)	0,410 (0,128)	0,398 (0,133)	0,405 (0,118)	0,400 (0,142)	0,398 (0,132)	0,410 (0,128)	0,412* (0,045)	0,395 (0,144)	0,410* (0,050)	0,405 (0,115)	0,400 (0,133)	0,398 (0,128)	0,412* (0,044)	0,400 (0,115)
4	0,430* (0,004)	0,425* (0,006)	0,410 (0,120)	0,398 (0,128)	0,420* (0,005)	0,405 (0,115)	0,412* (0,048)	0,430* (0,004)	0,400 (0,128)	0,410 (0,122)	0,398 (0,128)	0,420* (0,046)	0,400 (0,133)	0,412* (0,045)	0,408 (0,124)
5	0,410 (0,090)	0,395 (0,134)	0,405 (0,128)	0,398 (0,120)	0,412* (0,048)	0,400 (0,133)	0,398 (0,144)	0,405 (0,128)	0,412* (0,044)	0,398 (0,128)	0,400 (0,133)	0,410* (0,046)	0,398 (0,128)	0,405 (0,120)	0,400 (0,133)
6	0,412* (0,048)	0,400 (0,128)	0,398 (0,144)	0,410 (0,122)	0,398 (0,132)	0,412* (0,045)	0,400 (0,133)	0,405 (0,128)	0,398 (0,128)	0,412* (0,050)	0,410 (0,122)	0,400 (0,128)	0,405 (0,115)	0,398 (0,144)	0,410 (0,122)
7	0,430* (0,004)	0,412* (0,046)	0,405 (0,128)	0,400 (0,128)	0,412* (0,044)	0,398 (0,132)	0,405 (0,128)	0,410 (0,120)	0,412* (0,045)	0,400 (0,128)	0,398 (0,144)	0,410* (0,048)	0,405 (0,115)	0,400 (0,128)	0,412* (0,044)
8	0,400 (0,133)	0,398 (0,128)	0,412* (0,046)	0,405 (0,128)	0,400 (0,128)	0,410* (0,048)	0,412* (0,045)	0,398 (0,132)	0,405 (0,128)	0,412* (0,050)	0,410 (0,122)	0,398 (0,144)	0,405 (0,115)	0,400 (0,128)	0,412* (0,044)
9	0,412* (0,045)	0,400 (0,128)	0,398 (0,132)	0,410* (0,048)	0,398 (0,144)	0,405 (0,128)	0,400 (0,133)	0,412* (0,044)	0,410 (0,120)	0,405 (0,128)	0,398 (0,128)	0,400 (0,133)	0,412* (0,045)	0,405 (0,128)	0,398 (0,144)
10	0,405 (0,120)	0,398 (0,132)	0,400 (0,133)	0,412* (0,045)	0,398 (0,144)	0,405 (0,128)	0,412* (0,044)	0,400 (0,128)	0,412* (0,046)	0,398 (0,132)	0,405 (0,128)	0,410* (0,048)	0,400 (0,133)	0,398 (0,128)	0,412* (0,045)

Ескерту (жолдағы сұрақ нөмірлерінің декодтауы): B1–B3: БӨМ (Бақылау өлшеу материалдары)дизайны — B1: Тест тапсырмаларын және ҚИМ әзірлеуге қатысу, B2: БӨМ түрлері және пайдаланылған дереккөздер, B3: БӨМ жобалау бойынша өз білімін бағалау; B4–B5: Оқыту процесін технологиялық қамтамасыз ету — B4: Цифрлық платформалар мен білім беру технологияларын пайдалану, B5: Электрондық кітапханаларға қолжетімділік, онлайн кесте, Wi- -Fi; B6–B10: Университет ортасы/жұмыс жағдайлары — B6: Оқу аудиториялары , B7: Оқыту жүктемесі, B8: Басқаруды ұйымдастыру, B9: Мансаптық өсу және даму мүмкіндіктері, B10: Кәсіподақ іс-әрекеті; B11–B13: Тренинг блогы — B11: білім беру үдерісін ұйымдастыра білу, B12: Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, B13: Заманауи тенденциялар мен тәжірибеге бағытталған әдістерді білу; B14–

B16: Зерттеу жұмысының блогы — B14: Жобаларға және шығармашылық зерттеулерге қатысу, B15: Жариялану іс-әрекеті, B16: Ұлттық және халықаралық мәліметтер базасымен жұмыс істеу; B17–B19: «Ғылыми-әдістемелік іс-әрекет» блогы — B17: Оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу, B18: Психологиялық-педагогикалық білімдерді пәндік саламен интеграциялау, B19: Педагогикалық диагностиканы меңгеру; B20–B22: «Әлеуметтендіру іс-әрекеті» блогы — B20: Білім беру ортасын қолдау, B21: Студенттердің таңдаған мамандығына қызығушылығын қалыптастыру, B22: Оқу іс-әрекетіне қатысу; B23–B25: Жеке белсенділік блогы — B23: Этикалық және коммуникативті қасиеттер, B24: Жұмыс берушілерді білім беру үдерісіне тарту, B25: Кәсіби дербестік пен жеке тиімділікті дамыту.

Спирман әдісін қолдану арқылы корреляциялық талдау тест тапсырмаларын әзірлеуге қатысу мен БӨМ дизайны бойынша өз білімін бағалау арасында байланыстың бар екенін көрсетті ($r = 0,485$, $p = 0,003$): тесттерді әзірлеуге белсенді қатысатын оқытушылар БӨМ дизайны бойынша білімдерін жеткілікті деп бағалайды.

Тест тапсырмаларын және БӨМ әзірлеуге қатысу және цифрлық платформалар мен білім беру технологияларын пайдалану ($r = 0,420$, $p = 0,006$): БӨМ құруға қатысқан оқытушылар оқу процесінде электронды платформалар мен білім беру технологияларын көбірек пайдаланады.

Тест құрастыру және тестілеу құралдарының түрлері мен пайдаланылатын көздер бойынша өзін-өзі бағалауы ($r = 0,430$, $p = 0,004$): тест құрастыруға сенімділік деңгейі жоғары оқытушылар тест құралдарының және ақпарат көздерінің көптеген түрлерін пайдаланады.

Цифрлық платформалар мен білім беру технологияларын пайдалануда және электронды кітапханаларға, онлайн кестелерге, Wi- -Fi ($r = 0,440$, $p = 0,004$): цифрлық ресурстарды белсенді пайдалану онлайн құралдар мен кітапханаларға қолжетімділік жеңілдігімен байланысты.

Аудиториялық қор және басқаруды ұйымдастыру ($r = 0,425$, $p = 0,006$): адекватты аудитория қорының болуы оқу үдерісін және басқаруды тиімді ұйымдастыруға байланысты болады..

Мансаптық өсу және даму мүмкіндіктері және кәсіподақ іс-әрекеті ($r = 0,430$, $p = 0,005$): Кәсіподақ іс-әрекетіне белсенді қатысатын оқытушылар мансаптық өсу мүмкіндіктерін мүмкін деп бағалайды.

Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және оқу-әдістемелік кешендерді өңдеу қабілеті ($r = 0,450$, $p = 0,004$): оқу процесін тиімді ұйымдастыратын оқытушылар оқу материалын әзірлеуде табысты болады.

Жобаларға және шығармашылық зерттеулерге және жариялау іс-әрекетіне қатысу ($r = 0,435$, $p = 0,004$): ғылыми іс-әрекетке белсенді қатысу профессорлық-оқытушылар құрамының жоғары басылым белсенділігіне байланысты.

Оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу және педагогикалық диагностиканы меңгеру ($r = 0,420$, $p = 0,005$): оқу-әдістемелік жұмысты жүргізетін оқытушылар педагогикалық диагностика құралдарын жақсы меңгерген.

Білім беру ортасын қолдау және студентердің таңдаған мамандығына қызығушылығын дамыту ($r = 0,440$, $p = 0,004$): білім беру ортасын қолдайтын белсенді оқытушылар студенттердің болашақ мамандығына деген қызығушылығын арттырады.

Этикалық және коммуникативті дағдылар және жұмыс берушінің білім беру процесіне қатысуы (r = 0,430, p = 0,006): этикалық және коммуникативті дағдылары дамыған оқытушылар жұмыс берушілерді оқу үдерісіне көбірек тартады.

Осылайша, корреляциялық талдаудың алынған нәтижелері оқытушылардың кәсіби дайындығының , олардың жеке қасиеттерінің , оқу үдерісін технологиялық қамтамасыз етуінің өзара байланысты екенін көрсетеді. Оқытушылардың БӨМ әзірлеуге белсенді қатысуы өз білімін, өзін-өзі жоғары бағалауымен, цифрлық платформаларды пайдалануымен және әртүрлі тест түрлерімен байланысты. Педагогикалық іс-әрекет, оның ішінде процесті ұйымдастыру, әдістемелік материалдарды әзірлеу, зерттеуге қатысу, диагностикалық құралдарды меңгеру, білім беру үдерісін тиімді ұйымдастырумен және білім беру ортасын қолдаумен байланысты. Оқытушылардың этикалық және коммуникативті қабілеттіілктері жұмыс берушінің білім беру үдерісіне қатысуымен тығыз байланысты, ал университет ресурстары мен инфрақұрылымының болуы басқарудың ұйымдастырушылық аспектілерімен және мансаптық өсу мүмкіндіктерімен байланысты деп айтамыз.

Сонымен, **екінші ішінара гипотеза расталды**: педагогтердің кәсіби дайындығы мен тұлғалық ерекшеліктері, оқу үдерісін технологиялық қамтамасыз ету және білім беру ортасын ұйымдастыру бір-бірімен өзара байланысты болады және университеттегі білім сапасын ішкі бағалау процедураларын жүзеге асыруға әсер етеді.

Спирмен деңгейіндегі корреляциялық талдау студенттердің білім беру үдерісін қабылдауы мен олардың оқу ортасына, білім беру ортасының ұйымдастырылуына және білім беру бағдарламаларының сапасына қанағаттануы арасындағы маңызды байланыстарды анықтады. Оқу үдерісін оң бағалайтын студенттер жайлы жағдайларды, оқытушылардың қолжетім-ділігін, аудиториялардың ыңғайлылығын және оқу материалдарының толықтығын жиі атап өтеді (r = 0,520, p = 0,001). Сондай-ақ олар жетекшілердің жұмысын, оқытушылардың өзара әрекеттесуін және ұйымдастыру процедураларының сақталуын оң бағалайды (r = 0,487, p = 0,002). Сонымен қатар білім алушылар білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын олардың күткен талаптарына сай деп есептейді (r = 0,502, p = 0,001). Оқу үдерісін оң қабылдау болашақ кәсіби іс-әрекет үшін практикалық дағдылардың жеткіліктілігін сезінумен (r = 0,462, p = 0,003), электронды кітапханаларды, онлайн платформаларды белсенді пайдалану және Wi- -Fi желісіне ыңғайлы қолжетімділік (r = 0,435, p = 0,004), сондай-ақ сабақтан тыс және сабақтан тыс іс-шараларға (= r = 0,004) қатысумен байланысты. 0,006). Студенттердің университетті таңдаудағы себептері мен нақты жағдайлар арасындағы сәйкестік олардың оқу үдерісіне қанағаттануын арттырады (r = 0,498, p = 0,002). Одан басқа, оқыту жағдайларына қанағаттану педагогикалық қолдау мен практикалық дайындықты бағалаумен оң байланыста болады, ал оқытушылар мен техникалық құралдардың жақсы бағасы білім беру бағдарламаларының сапасын қабылдауды күшейтеді.

Бұл нәтижелер бірінші ішінара гипотезаны растайды: оқу үдерісін оң қабылдайтын студенттердің оқу жағдайына, білім беру ортасының ұйымдастырылуына және білім беру бағдарламаларының сапасына қанағаттанушылығын көрсетеді.

Екінші жартылай гипотеза да расталды. Корреляциялық талдау оқытушылардың тест тапсырмаларын және БӨМ әзірлеуге белсенді қатысуы БӨМ жобалаудағы өз білімін жоғары бағалаумен (r = 0,485, p = 0,003) және оқу процесінде цифрлық платформаларды пайдаланумен (r = 0,420, p = 0,006) байланысты екенін көрсетті. Өзіне сенімді оқытушылар БӨМ және ақпарат көздерінің көптеген түрлерін пайдаланады (r = 0,430, p = 0,004), ал цифрлық платформаларды пайдалану электронды кітапханалар мен онлайн кестелерге қол жеткізудің қарапайымдылығымен байланысты болады (r = 0,440, p = 0,004). Аудитория бөлмесінің барабар кеңістігінің болуы оқыту үдерісін ұтымды ұйымдастырумен (r = 0,425, p = 0,006), ал оқытушылардың кәсіподақ іс-әрекетіне қатысуы мансаптық өсу мүмкіндіктерін оң бағалаумен байланысты екендігін білдіреді. (r = 0,430, p = 0,005). Педагогикалық іс-әрекет, оның ішінде білім беру процесін ұйымдастыру, әдістемелік материалдарды әзірлеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу және диагностикалық құралдарды меңгеру, білім беру ортасын тиімді қолдаумен байланысты, ал оқытушылардың дамыған этикалық және коммуникативтік қабілеттіліктері і жұмыс берушілердің білім беру үдерісіне қатысуын ынталандырады (r = 0,430–0,440, p.0.0).

Жалпы гипотеза расталды: білім беру үдерісінің психологиялық-педагогикалық аспектілері, оның ішінде студенттердің қабылдауы мен қанағаттанушылығы, педагогтердің кәсіби дайындығы мен жеке қасиеттері, технологиялық қамтамасыз ету, білім беру ортасын ұйымдастыру оқу үдерісінің тиімділігіне және университетте білім сапасын бағалаудың ішкі процедураларын енгізуге статистикалық маңызы әсер етеді. Бұл айтылғандарға сүйенетін болсақ, студенттердің қазіргі заманауи ресурстар мен инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген білім беру үдерісін және жоғары білікті оқытушыларды оң қабылдауы білім беру сапасын ішкі бақылау үшін тиімді жағдай жасайтынын көрсетеді.

3.2 ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған мазмұн сипаттамасы

Қалыптастыру эксперименті екі бағыттан тұрады және бірнеше міндеттерді шешуді көздейді:

Бірінші бағыт – ОПҚ арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсты құрастыру және біліктілікті арттыру барысында жүргізу;

Екінші бағыт – «Педагогика және психология» мамандығының білім беру бағдарламасының мазмұнына «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәні бойынша жекелеген тақырыптарды енгізу, «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» атты элективті пән бағдарламасын

құрастыру; «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» және «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» атты пәндерінен студенттің өзіндік жұмыстарын әзірлеу. Бұл курстардың бағдарламасы «Педагогтың кәсіби стандартына» сүйене отырып, құрастырылды.

Жоғары білім беру жүйесін дамыту бүгінгі таңда оның қызмет етуінің жаңа формалары мен әдістерін іздестірумен, ұсынылатын білім бағдарламаларының нұсқаларының ұлғаюымен сипатталады. Жоғары білім беруді дамытудағы оң сипатты үдерістер университеттер автономиясы мен көп арналы қаржыландыру мүмкіндіктерінде, білім берудің жаңа мазмұнында, элективті пәндерді жобалауда, оқыту технологиясы мен академиялық нәтижелерді бағалау жүйелерін таңдау кезіндегі оқыутшылардың дербестігінен көрініс табады. Қазіргі заманауи университет аймақтағы әлеуметтік-экономикалық сұраныстарға айқын жауап қайтара алатын ашық, дамушы жүйеге айналады. Білім беру саясатын жүзеге асыру кезіндегі шынайы бәсекелес ретіндегі университет мәртебесін көтеруде білім беру сапасын бағалау жүйесін қамтамасыз етудің басқарушылық және ұйымдастыру-педагогикалық негіздері де маңызды.

ПОҚ- на арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсы білім беру сапасын басқару тиімділігін жоғарылату бағыттарының бірі ретінде білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесін ұйымдастыру ерекшелігі жөнінде оқытушылардың хабардар болуын жоғарылатуға бағытталған. Тұтастай алғанда, біздің біліктілікті жоғарылату бағдарламамыз қазіргі стандарттарды ендіру мен бағалаудың ішкі жүйелерін дамытуға бағытталған кешенді тәсілді дамыта отырып, оқытушы-профессорлар құрамы өкілдерін оқыту үшін құрастырылған.

Курс мақсаты: білім беру сапасын ішкі бағалау саласында ПОҚ- тың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, бағалау шараларын жүргізу, білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамсыздандыру әзірлемелері саласында кәсіби дамыту.

Курс міндеттері:

1. Құқықтық негіздерді, басқа да нормативті - құқықтық актілерді сапаны бақылаудың әдістемесі мен аспаптарын, табысты тәжірибе мен жиі кездесетін қателіктерді қоса қанда, жоғары білім берудегі сапаны бағалаудың шешуші аспектілерін қарастыру.
2. Жоғары білім беру сапасын бағалау бойынша іс-шараларды жоспарлау мен ендіру тәжірибесін талдап қорыту;
3. Бағалау шараларын талдау мен тұжырымдау, бағалау әдістері мен формаларын жобаластыру.

Күтілетін нәтижелер:

«Сапа» ұғымының қолданыстағы анықтамалары жөніндегі ұғым-түсініктерді, білім беру сапасын бағалаудағы тәсілдер, білім беру сапасын бағалау әдістері, бағалауға қойылатын талаптар, мониторинг ұғымы, оны жүргізуде қолданылатын құралдарды жүйелеуге қабілетті;

Мектептегі білім беру сапасын бағалаудағы тәсілдерді талдауға, мониторинг жүргізу бағдарламаларын әзірлеуге даяр;

Басқарылатын жүйені дамытудың жалпы және өзіндік заңдылықтарына сай менеджменттің инновациялық технологияларын пайдалана отырып, басқарушылық үдерісті қарастыруға, ұйымдастыру мен бағалауға даяр;

Бағдарламаның өлшемдік-бағдарлы мазмұны мен бақылау-өлшеу материалдарын жобалауға қабілетті;

Жоғары білім беру сапасын дамыту міндеттерін шешу үшін командалық жұмысты ұйымдастыруға даяр;

Білім беру қызметінің нақты жағдайларын есепке ала отырып, жоғары оқу орнындағы мониторинг бағдарламасын жобалау дағдыларын игерген.

Өткізу формасы: онлайн, офлайн сабақтар.

Оқыту әдістері:аралас оқыту, практикалық сабақтапр, кейс-оқыту (Кесте 39,40, 41).

Мұндағы енгізілген курстың толық мазмұны Е қосымшасында қарастырылған.

39-кесте. Бағдарламаның жобалық мазмұны

Тақырып атаулары	Сабақтағы сағат саны	СӨЖ
Модуль 1. ЖОО дамыту құралы ретіндегі білім беру сапасын бағалау		
1- тақырып. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесі жөніндегі ережені құруға арналған нормативті-құқықтық база	2	2
2- тақырып. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің шет елдік модельдері	2	2
3- тақырып. БСІҚЖ мақсаты, міндеттері мен қағидалары.Білім беру сапасын бағалау тәсілдері мен іс-шаралары.	2	2
4- тақырып. Аккредиттеу көрсеткіші ретіндегі білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесі	2	2
5- тақырып. Өзін-өзі қартуға тиесілі ұйым қызметінің көрсеткіштері.	2	2
Модуль 2. Заманауи жағдайларда ЖОО қызметін ішкі бағалау: негізгі компоненттер (білім беру статистикасы; мониторинг; ЖОО ішілік бақылау).		
6. - тақырып. Білім беру сапасын бағалауға қоғамдық қатысу. Стейкхолдерлермен өзара байланыс.	2	2
7- тақырып. Білім беру сапасын басқару құралы ретіндегі ЖООішілік бақылау	2	3
8- тақырып. Мониторинг білім беру сапасын басқару құралы ретінде	2	2
9-тақырып. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызмет ету тәртібі	2	2
10- тақырып.Білім беру сапасын басқаруды бағалау, үдеріс сапасы (ерекше мұқтаждығы бар білім алушылардың меңгеру нәтижелері), нәтиже сапасы (білім беру қызметтерін жүзеге асыруды бағалау), жағдайлар сапасы (білім беру қызметі жүзеге асырылатын жағдайларды бағалау)	2	3
Модуль 3. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің мазмұндық компоненттері: білім алушылардың дербес жетістіктері; білім беру сапасын бағалау; педагогикалық жұмыскерлер сапасын бағалау.		

39-кесте жалғасы

11- тақырып . Жоғары білім берудің білім бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде бағалау материалдарын әзірлеу ерекшеліктері	1+2	3
12- тақырып. Білім алушылардың практикасын өткізу үдерісін ұйымдастыру	1+2	3
13- тақырып . Құзыреттілікке бағытталған оқу сабақтарын жобалау ерекшеліктері	1+2	3
14- тақырып. Білім берудегі сандық технологияларды пайдалану	1+2	3
15- тақырып . Мемлекеттік аккредиттеу, халықаралық аккредиттеу, аккредиттеуші мониторинг, бақылау және қадағалау.	1+2	3
Барлығы:	35	37

40-кесте. «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» курстың қысқаша мазмұны

Курстың академиялық презентациясы	Курстың мақсаты:
1	2
Курстың мақсаты мен күтілетін нәтижелер	Пән мақсаты: білім алушыларды білім беру сапасын бағалаудың теориясы және тәжірибесімен таныстыру. *Пәнді оқудың нәтижесінде студенттер қабілетті болады:* - сапаны айқындайтын теорияларды жүйелейді; - білім сапасы, сапа ұғымдарының мәні, мазмұнын түсінеді; - сапаны бағалауға байланысты арнайы әдістерін қолданады; - білім беру сапасын айқындау, жетілдіру жолдарына нұсқау беру; - жаңа әсерлер, адамдар, пікірлер, қоғамдар, мәдениеттерді қабылдау үшін өз сезімін, көзқарастары мен қатынасын білдіре білу; - топтық жобалар жүйесін және сратегиялар мен тәжірибелер өңдеу үшін кәсіби басқарушылық, сарапшылық дағдыларын дамытуға дайындық пен ынта білдіру;- әлеуметтік өзара дағдыларын иелену: қарым-қатынас, көшбасшылық, төзімділік пен құрмет көрсету;- сапаны басқару тәсілдерін, концептуалды негіздерін, технологиялармен басқару модельдерін игеру, білім саласын жетілдіруді тиімді басқарумен және білім сапасын көтерумен байланыстыру; - білім жүйесіндегі басқару іс-әрекеттер дағдыларын қалыптастыру (нақты жағдайларды талдау, тенденцияларды талдау, нормативті іс-қағаздарға экспертиза жасау, дискуссияларды ұйымдастыру)
Пререквизиттері, постреквизиттері	Ped 1402 Педагогика (1б), Ped 2403 Педагогика (2б)
Әдебиеттер және ресурстар	- Баймолдаев Т.М. Мектепішілік басқаруды ұйымдастыру құрылымы: Әдістемелік құрал. - Алматы, 2005. - 154 бет. - Жайтапова А.А. Профессиональный рост учителя в системе повышения квалификации. - Алматы: РИПК СО, 2006. - 316 с. - Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Астана, 2007 ж. - Кальней В.А., Шишов С.Е. «Школа: мониторинг качества образования». - М.: Педагогическое общество России, 2000. - 320с.

40-кесте жалғасы

Университеттің моральды-этикалық құндылықтары	Академиялық тәртіп ережесі: 1. Аудиториялық сабақтарға (семинарға) төменде көрсетілген кестеге сәйкес, алдын ала дайындалу қажет. Тапсырманы дайындау сол тақырып талқыланатын аудиториялық сабаққа дейін аяқталуы керек.
контекстіндегі академиялық саясат	2. СӨЖ тапсырмасын кешіктіріп өткізуге болады, бірақ бағасы 50% кемітіледі. 3. Midterm Exam тест түрінде тапсырылады. 4. СӨЖ тақырыптары емтихан сұрақтарына ендіріледі. Академиялық құндылықтар: 1. Семинар сабақтары, СӨЖ өзіндік, шығармашылық сипатта болуы тиіс 2. Плагиатқа, алдауға, шпаргалкаларды қолдануға, білімді бақылаудың барлық сатысында көшіруге жол бермеу
Бағалау және аттестациялау саясаты	Критерийлік бағалау: дескрипторларға қатысты барлық оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылауда және емтихандарда құзіреттіліктің қалыптасуын тексеру). Суммативті бағалау: дәрісханадағы белсенді жұмысы мен қатысуын бағалау; орындаған тапсырмаларын бағалау

41-кесте. Оқу курсы мазмұнын жүзеге асыру күнтізбесі

Апта	Тақырып атауы (дәріс, семинар сабақ, СӨЖ)	Сағат саны
1	1 дәріс. Білім сапасының негізгі теориялары	3
	1 семинар сабақ. «Сапа», «Білім беру сапасы ұғымдары»	2
2	2 дәріс. Білім беру сапасын анықтаудың отандық, шетелдік тәжірибесі	2
	2 семинар сабақ. Білім беру сапасын ішкі бағалау	2
3	3 дәріс. Білім беру сапасымен басқару	2
	3 семинар сабақ. Білім беру сапасын сырттай бағалау	2
	СОӨЖ кеңес беру және СӨЖ қабылдау. СӨЖ1. Сапаға берілген анықтамаларды талдап, кесте түзіңіз	
4	4 дәріс. Сапаны басқарудағы тотальдық жүйе	2
	4 семинар сабақ. Білім саласын аттестациялау мен аккредитациялау	2
5	5 дәріс. Білім беру сапасы арқылы басқарудың үдерісі	2
	5 семинар сабақ. Сапаны анықтау өлшемдері мен құралдары	2
	СОӨЖ кеңес беру және СӨЖ қабылдау. СӨЖ 2. Білім беру сапасына қатысты зерттеулерге талдау жасаңыз	
6	6 дәріс. «ДЖИТ» жүйесі және өнімнің сапасын басқарудағы кешендік жүйе	2
	6 семинар сабақ. Сапаны анықтаудағы Кайзен технологиясы	2
7	7 дәріс. Білімді бағалаудың ішкі сапасын арттырудың психологиялық-педагогикалық тетіктері мен көрсеткіштерінің өлшемдік мәні	2
	7 семинар сабақ. Білімді бағалаудың ішкі сапасын арттырудың әдістері	3
Барлығы:		30

1 дәріс

Тақырыбы: Білім беру сапасының негізгі теориялары

Сабақ жоспары:

1. Білім беру сапасы туралы түсінік
2. Білім беру сапасы ұғымының даму тарихы
3. Білім беру сапасы бойынша негізгі теориялар

Сабақ мақсаты:

Білім беру сапасының негізгі теориялары туралы ұғымдарды студенттерде қалыптастыру және оны практикада қолдана білуге дағдыландыру

Қысқаша теориялық мәлімет

1. Білім беру сапасы туралы түсінік

Жоғары білім беру сапасы кең мағынада, жоғары білімнің көпқырлы қажеттіліктері мен мақсаттарына, талаптары мен нормаларына сай үйлесімде болуы. Бұл өз кезегінде, жоғарыдағы ИСО 8402-нің сапа ұғымы анықтамасына жақын.

Білім беру сапасының ғылыми сипаты – жүйелі категория ретінде жеке құраушы бөліктерден тұрады:

- педагогикалық қызметкерлер сапасы;
- инфрақұрылым сапасы;
- адами-психологиялық ахуал сапасы;
- түлектер мен студенттер сапасы;
- білімдік бағдарламалар мен оқыту құралдарының сапасы;
- сыртқы әлеуметтік ортамен қарым-қатынас сапасы;
- тұтас және жеке бірлік ретінде ЖОО басқару сапасы.

2. Білім беру сапасы ұғымының даму тарихы

Бірінші кезең, анықтау мен бақылау кезеңі болып табылады. 13 ғасырда орта ғасырларда қолөнер ошақтарында тауарларды тексеріп, сапасын қала таңбасы пішініндегі белгімен куәландыру жүргізілді. Ақауларды табу мен жою-сапаны басқарудың алғашқы жүйелерінің бірі болып саналады. Сапаны басқару оны тек соңғы кезекте бақылауға жұмылдырылып, бұрыннан бар, айқындалған ақауларды жоятындығы- Ф.Тейлор жүйесінің кемшілігі еді.

Үшінші кезең, үдерістік тәсілді дамыту кезеңі. Каоро Исикава, Дж. Харрингтон, Ф. Кросби және Г.Тагути осы кезең өкілдері еді. Сапаны басқаруға жұмыскерлердің жұмыла кірісуі, сапа жүйесінің қызмет етуіне тұрақты ішкі тексерістерді енгізу, мамандарды үздіксіз оқыту, өндірісте сапаны жоғарылата отырып, шығындарды төмендету мүмкіндігі артты.

3. Білім беру сапасы бойынша негізгі теориялар. «Сапа» категориясының заманауи тұжырымдалуының барлық түрлерін сапаны бағалаудың әдіснамалық негіздері тұрғысынан келесі топтарға біріктіруге болады:

– өнім қасиеті ретіндегі сапа;
– бағытына сәйкестігі ретіндегі сапа;
– абсолютті бағалау ретіндегі сапа;
– құнына сәйкестігі ретіндегі сапа;
– стандартқа сәйкестігі ретіндегі сапа.

Білім беру сапасын жеті тәсілмен анықтаймыз:

1.Бірнеше академиялық қауымдастықтың өкілдерінің білім беру қызметтерінің сапасы мен студенттердің білімділік деңгейі.

2. ЖОО рейтингімен білім беру сапасы анықталады.

3. Белгілі мемлекеттік стандарт немесе ЖОО өнімі мен қызметтерін тұтынушылар тарапынан қабылданған талаптарға сай болуы- сапа болып табылады.

4. Сапа – нақтылы, өлшенетін өзгермелі сияқты.

5. Стандарт пен бағаның бірдей сай келуі деңгейімен білім беру сапасы анықталады.

6. Осы тәсілде ЖОО қызметі мен өнімі әлеуетті тұтынушылардың талап-тілектерін есепке алуды ұйғарады және ЖОО мүмкіндіктері осы талаптарға сай келу тиіс.

7. Сапа – тұтынушылардың құпия қажеттіліктеріне сай болуы.

Пысықтау және бақылау сұрақтары

1. Білім беру сапасы түсінігін қалай түсінесіздер?

2. Тар мағынадағы білім беру сапасы ұғымының түсінігі нені білдіреді?

3. Кең мағынадағы білім беру сапасы ұғымының түсінігі нені білдіреді?

4. Білім беру сапасы ұғымының дамуы қанша кезеңнен өтті?

5. Білім беру сапасы ұғымының дамуына өз үлесін қосқан ғалымдардың үлесі қандай?

6. Қандай білім беру сапасының негізгі теорияларын білесіздер?

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық / К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б.

2. Есполов Т.И., Сулейменов Ж.Ж. Менеджмент. -Алматы, 2003.

3. Рахымбаев А.Б., Сабатаева Б.О., Бельгибаев А.Қ. Менеджмент. Алматы: «Нұр-пресс», 2006. -164 бет.

4. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.

Қосымша әдебиеттер:

5. Омарова В.К., Рачинская Н.П., Баринова О.Н., Шевченко Л.В. Педагогический менеджмент и управление современной школой (учебно методическое пособие). -Алматы: ИП «Отан», 2014. -252 с.

6. Козыбаев Е.Ш. Научно-педагогические основы управления современной высшей школой на основе менеджмента в условиях многоуровнего образования. -Шымкент: Международный казахско-турецкий университет им.Х.А.Ясави, 2006.

7. Садвакасова З.М. Организационный менеджмент в образовании: схемы и таблицы.Учебно-методическое пособие для вузов.-Алматы: «ДОИВА Медеуского района», 2006-140 с.

Ұсынылып отырған элективті курс бағдарламасының толық мазмұны және дәрістердің қысқаша теориялық тезистік формалары В қосымшасында қарастырылған.

Келесі – «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәні бойынша жекелеген тақырыптар енгізілді.

Бұл жерде біз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі ұсынған «Мұғалімге арналған нұсқаулық», «Тиімді оқыту мен оқу», Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларына сүйене отырып, құрастыруды дұрыс санадық.

Мұндағы енгізілген тақырыптардың толық мазмұны Б қосымшасында қарастырылған (Кесте 42).

42-кесте. «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәніне енгізілген тақырыптардың мазмұны

Тақырып атауы	**Жоспары**	**Қысқаша мазмұны**	**Ұсынылатын әдебиеттер**
1	2	3	4
Мектепте оқытуды басқару және кәсіби қоғамдастық ойлау жолдары	1. Кәсіби қоғам-дастық туралы түсінік және оның маңызы 2. Әлемдік тәжі рибе және саясат тарапынан қолдау 3. Кәсіби қоғам дастықты дамыту	Баллантин және басқалар кәсіби қоғамдастықта жұмыс істеу: Кәсіби қоғамдастықтарды құру саяси деңгейде қолдау тауып отыр.	1. Ballantyne, P., Jackson, D., Жүйені басқаратын жетекші кәсіби қоғамдас тық. Тәжірибе туралы баяндамалар. Nottingham: National College for School Leadership. 2. Carter, K., & Paterson, F. (2006). Understanding Learning Networks БілімалушыларқоғамдастықтарыұғымыNottingham: National College for School Leadership
Мектептегі оқытуды басқарудағы кәсіби қоғамдастық және көшбасшылық мәселесі	1. Қоғамдастық аясындағы көш-басшылық, ко манда құру және басты рөлдер 2. Білім алушы лар қоғамдастық-тарын басқару дың аса тиімді модельдері 3. Жүйелік көшбасшылық	Мектеп директоры үнемі көшбасшы бола бермей тінін мойындау маңыз ды. Басшылық етуші топ тар, Үйлестіруші топтар, Дамытушы топтар. Жүйе көшбасшылары – өз мектептерінің басшы лық әлеуетін арттыратын көшбасшы-лар.	1. [Жүйені басқаратын жетекші кәсіби қоғамдастық. Тәжірибе туралы баяндамалар]. Nottingham: National College for School Leadership. 2. Carter, K., & Paterson, F. Understanding Learning Networks [Білімалушыларқоғамдастықтарыұғымы]Nottingham: National College for School Leadership.

42-кесте жалғасы

Қазіргі психологиялық менеджмент	2. Қазіргі мектепті басқарудың негізгі және арнайы принциптері 3. Психологиялық менеджменттің бастапқы принциптері 4. Қазіргі мектепті басқаруда халықтық педагогикалық материалдарына негізделген принциптер	Принциптері: жүйелілік мақсат нақтылығы Жоспарлылық. Құқықтар мен міндеттердің, жауапкершіліктің үйлесімділігі; Ынталандыру; демократияландыру. Перспективтілік. Өзін-өзі дамыту. Келісімділік. Табысқа (кіріске) үлестілік. Адалдық. Әдептілік. Жауапкершілік. Ынтымақтастық. жарысу Кері байланыс.	1. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық / К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б. 2. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М.,2010г. 3. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.
Қазіргі мектепті басқарудың негізгі функциялары	1. Қазіргі мектепішілік басқарудағы педагогикалық талдау 2. Қазіргі мектеп басқаруға байланысты мақсат белгілеу және жоспарлау 3. Мектеп жұмысы жоспарының түрлері және оған қойылатын негізгі талаптар 4. Қазіргі мектеп басқарудағы ұйымдастырушылық қызмет	Мұғалімнің жұмыс жүйесін зерттеу. Оқыту қызметіндегі позитивті тенденцияларды дамыту. Кемшіліктерді біртіндеп жою. Озат педагогикалық тәжіри бені анықтау және жалпылау. Талдау негізінде мұғалімдерге нақты әдіс темелік және өзге қажетті көмек көрсету. Оқу-тәрбие процесін жетілдіру және оңтайландыру мақсатында жеке, топтық, ұжымдық әдістемелік жұмыс түрлерінің мазмұны мен бағыттарын анықтау. Оқушылардың нақты мүмкіндіктерін және таяу даму зоналарын оқып зерттеу. Мектептегі басқаруды жоспарлау зерттейтін құбылысқа жасалған педагогикалық талдаудың негізінде іске асатын мақсатты бағдарлама	1. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық / К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б. 2. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М.,2010г. 3. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.

Білім менеджерінің басқарушылық функциялары	1. Білім беру мекемесі басшы сының қызмет бағыттары (функциялары) 2. Мектеп басшы сының басқару мәдениеті 3. Мектептің пе дагогикалық ұжымы, оның ерекшеліктері. 4. Басшылық стилі ұғымы, оны қалыптастыру факторлары	Қызмет бағыттары: мемлекет пен қоғам алдында балалар құқын қорғау талаптарының орындалуына жауапты; оқу-тәрбие процесін жоспарлайды және ұйымдастырады және т.б. Басшы жұмысының стилі. Авторитарлық. Патриархалдық. Харизматикалық. Автократтық Бюрократтық.	1. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық / К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б. 2. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М.,2010г. 3. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.
Мектепті басқару құрылымындағы мектепішілік бақылау	1. Мектепішілік бақылау, оның мақсаты мен міндеттері 2. Мектепішілік бақылаудың құрылымы, түрлері және әдістері	Демократиялық. Мектепішілік бақылау жүйесі: сабақтарды бақылау; оқушылар-дың білім сапасын бақылау; мектептің тазалық-гигиеналық жағдайын бақылау. Тексерудің түр лері: алдын-ала, ағымдағы, қорытынды. Білім менеджерінің қағидала ры: бақылау қақтығысқа әкелмеуі тиіс; жаппай бақылау ұқыпсыздыққа ұшыратады; жасырын бақылау реніш тудыра ды; сенбегенің үшін бақылауға болмайды; бақылау сырт көзге кө ріну үшін істелмейді; бақылау қорытынды ларын іште сақтама.	1. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық / К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б. 2. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М.,2010г. 3. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.

Келесі – «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» және «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» атты пәндерінен студенттің өзіндік жұмыстары (Кесте 43,44).

42-кесте жалғасы

Психологиялық менеджмент саласындағы «Лидерлік» мәселесі	1. Лидерлік және харизма 2. Сәттілікке жетудің факторлары 2. Мансапқа жету жолындағы «Жетістік Формуласы»	Лидер – топ мүшелерінің мінез-құлықтарына әсер ететін адам. Саяси партияның, қоғамдық ұйымның және т.б. басшысы; ресми немесе бейресми болуы мүмкін. Харизма – charisma - тарту – жеке тұлғада оған бас игізетіндей және оның мүмкіндіктеріне сөзсіз сенетіндей қасиеттер бар деп білу. Мансапқа жету жолындағы: Жетістік Формуласы. - «Жетістік дұрыс ой-пікірі, идеясы»; - «Әрдайым белсенді болыңыз!»; - Қалай тәжірибе жинақтауды игеріңіз!; - Өзінің жұмысын білу. - Өз күшіне сену. - Жетістіктің жетілуі.	1. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық / К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б. 2. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М.,2010г. 3. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.

43-кесте. «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» пәнінен студенттің өзіндік жұмыстардың материалдары

СӨЖ тақырыптары	**Сағат саны**	**Тапсырматүрі**
1	2	3
Білім беру сапасына ықпал ететін факторлар	1	Сұрақ-жауап әдісі, пікірталас
«Сапа», «Білім беру сапасы» ұғымдарының тарихи даму кезеңдері	1	Қысқашабаяндама, пікірталас
Отандық, шетелдік тәжірибедегі білім беру сапасы мәселесінің зерттелуі	1	Әңгіме, пікіралысу
Білім беру сапасын бағалаудың принциптері	1	Конспектінітексеру, сұрақ-жауапәдісі
Білім беру сапасын бағалау саясаты	1	Реферат қорғау, мәселелік жағдаят туғызу
Білім беру сапасын бағалау түрлері	1	Пікірсайыс, реферат қорғау,
Сапаны басқарудың тотальдық жүйесінің ерекшеліктері	1	Реферат, пікірталас

43-кесте жалғасы

Жоғары оқу орнында білім беру сапасын аттестациялаудың мазмұны	1	Кейс стадий, пікірталас
Жоғары оқу орнында білім беру сапасын аккредитациялау мазмұны	1	Презентация, ауызшасұрау
Білім алушылардың оқу үлгерім сапасын бағалаудың психологиялық ерекшеліктері	1	Реферат, пікірталас
Білім беру мекемесіндегі білім беру сапасын анықтаудың өлшемдері мен құралдары	1	Пікірталас, психологиялықталдау
Отандық ғалым-зерттеушілердің еңбектеріндегі білім беру сапасы мәселесі	1	Мәселелік жағдаят туғызу, презентация
Білім беру сапасын басқаруда «ДЖИТ» жүйесі және оны қолданудың ерекшеліктері	1	Реферат, глоссарий
Білім беру сапасын анықтауда Кайзен технологиясы және оны қолданудың ерекшеліктері	1	Баяндама, сұрақ-жауапәдісі
Жоғары оқу орнында білім беру сапасын арттырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері	1	Баяндама, психологиялық талдау
Білімді бағалаудың ішкі сапасын арттырудың әдістері	1	Мәселелік жағдаят туғызу, презентация

44-кесте. «Мектептегі білім беру сапасының мененджменті» пәнінен студенттің өзіндік жұмыстары

СӨЖ тақырыптары	**Сағат саны**	**Тапсырма түрі**
Қазіргі мектепті басқарудың психологиялық менеджментінің адамтану ғылымдары жүйесіндегі орны	1	Сұрақ-жауапәдісі, пікірталас
Психологиялық менеджменттің қалыптасу және даму тарихы	1	Қысқаша баяндама, пікірталас
Қазіргі менеджменттің даму тенденциялары	1	Әңгіме, пікіралысу
Қазіргі мектепті басқарудың ерекшеліктері	1	Конспектіні тексеру, сұрақ-жауап әдісі
Басқару психологиясын жүзеге асырудың практикалық әдістері	1	Реферат қорғау, мәселелік жағдаят туғызу
Талпыну. Сену, Сендіру әдістері	1	Пікірсайыс, реферат қорғау,
Қазіргі мектепті басқарудың негізгі және арнайы принциптері	1	Реферат, пікірталас
Қазіргі мектепті басқарудың негізг іфункциялары	1	Реферат, пікірталас
Мектепті басқару құрылымындағы мектепішілік бақылау	1	Презентация, ауызшасұрау
Мектептің педагогикалық ұжымы, оның ерекшеліктері	1	Реферат, пікірталас

44-кесте жалғасы

Басшылық стилі ұғымы, оны қалыптастыру факторлары	1	Реферат, пікірталас
Психологиялық менеджмент саласындағы «Лидерлік» мәселесі	1	Реферат, глоссарий
Мансапқажетужолындағы «ЖетістікФормуласы»	1	Реферат, глоссарий
«Басқару» және «менеджмент» ұғымдары	1	Баяндама, сұрақ-жауап әдісі
Басқару әрекетінің тарихи даму жолы	1	Баяндама, психологиялық талдау
Менеджменттің әдіснамалық негізін құрайтын концепциялар	1	Мәселелік жағдаят туғызу, презентация
Басқару ісінің жаңа парадигмасын және оның даму тенденциялары	1	Презентация, ауызшасұрау
Психологиялық менеджмент ұғымына түсінік және оның субъектілері	1	Пікірталас, психологиялық талдау
Психологиялық менеджменттің құрылымдық компоненттеріне сипаттама	1	Реферат, глоссарий
Психологиялық менеджменттің функциялары және олардың өзара байланысы	1	Реферат, глоссарий
Психологиялық менеджменттегі әкімшілік басқару әдістеріне сипаттама	1	Реферат, глоссарий
Психологиялық менеджменттегі әлеуметтік-психологиялық әдістердің ерекшеліктері	1	Пікірталас, психологиялық талдау
Басқарудың экономикалық әдістерін сипаттама	1	Реферат, глоссарий
Басқару принциптері ұғымына түсінік	1	Реферат, пікірталас
Басқарудың негізгі принциптері	1	Презентация, ауызша сұрау
Басқарудың арнайы принциптеріне сипаттама	1	Глоссарий, психологиялық талдау
Басқарудың инновациялық принциптері	1	Глоссарий, психологиялық талдау
Жалпы білім беретін мектеп басшысының негізгі қызметтік міндеттері	1	Презентация, ауызшасұрау
Мектеп басқарудағы педагогикалық талдаудың мазмұны	1	Глоссарий, психологиялық талдау
Мектеп басшысының ұйымдастырушылық қызметіне сипаттама	1	Сұрақ-жауап әдісі, пікірталас

Білімгерлердің өздік жұмысы ретінде, олардың білім беру сапасын артыру мақсатында «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» және «Мектептегі білім беру сапасының мененджменті» атты пәндерінің мүмкіндіктері айрықша. Сондай-ақ, осы бағытта зерттеуде пәндердің мазмұны бір-бірін толықтырып, отыратындығын байқадық.

Өзіндік жұмыстардың тиімді тұстары:

–білімгерлердің білім беру сапасы туралы білімдерін кеңейтіп, оқу іс-әрекетінде қызығушылығын арттырады;

–білімгерлердің пәндер арқылы мінез-құлқын шыңдатады;

–білімді пәндерден іс-әрекет нәтижесінде пайдалана білуге дағдыландырады;

–студенттердің танымдық белсенділігін арттырады.

Өздік жұмыстар тақырыптарының кестеде берілген тәрбиелік мәні күмән келтірмейді. Керісінше, студенттерді ақыл-ой мәдениетіне, танымдық белсенділікке, түрлі іс-әрекеттермен айналысуға бағыттап, жауапкершілікке тәрбиелейді. Білімгерлердің білім беру сапасын анықтауда басқа да пәндердің мүмкіндіктері айрықша (Кесте 45).

Жас магистр-оқытушылардың алынған материалдар негізінде төрт тобын анықтауға мүмкіндік туды:

Бірінші тобы – педагог-психолог мамандығына икемділігі мен бағдарының жоғары деңгейімен сипатталатын топ;

Екінші тобы – педагог-психолог жұмысына қызығушылық танытатын, бірақ практикалық қызметте іске асыруға құлығы жоқ топ;

Үшінші тобы – педагог-психолог мамандығына икемділігі, қызығушылығы нақты көрінбейтін, алдын ала даярлық параметрлері бойынша болашақ мамандыққа сай емес топ;

Төртінші тобы – педагог-психолог мамандығына бағдарланбаған, мамандықты кездейсоқ таңдай салған топ.

45-кесте. Кәсіби-тұлғалық табысты нәтижеге бағдарлы педагогикалық технологиялар әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктері

Педагогикалық технологиялар жүйесі жайлы	**Ерекшеліктері туралы**
Ізгілендіру технологиясы	Студенттің кәсіби бағдарлы таным белсенділігі, өздігінен шығармашылық іздену деңгейін қалыптастыру
Ақпаратттық бағдарламалап оқыту	- адамның іс-әрекет сферасы тұрғысынан техника жаңалықтарын енгізу.
Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы	Диагностикалық-болжамдық кәсіби дайындық деңгейін есепке алу, деңгейлік мүмкіншілігінің негізінде кәсіби таным белсенділігін арттыру.
Дербес оқыту технологиясы	жеке тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, өздігінен кәсіби шеберлік шыңына жетуге жұмыс істеуге үйрету
Модульдік оқыту технологиясы	Оқу бағдарламасына сәйкес кәсіби бағдарлы өздігінен жеке жұмыс жасауы, оқу бағдарламасын қажетті мөлшер ге дейін жүйелі оқытудың жеке, жеке-топтық әдістері
Дамыта оқыту технологиясы	Оқытудың танымдылық мақсатын жүйелі бірізді қоя білу негізінде кәсіби білім мен біліктілікті белсенді деңгейде меңгеру

Кесте 46. Эксперименттік жұмыстардың сипаттамасы

Эксперимент кезеңдері	Бағалау объектілері	Қолданылған әдістер мен жұмыстар	Мақсаты
Айқындаушы кезең	Білім алушылар	Білімгерлерге арналған экспресс сауалнама	Білім беру сапасына қатысты бастапқы көзқарастар мен қанағаттану деңгейін анықтау
	Оқытушы-профессорлық құрам (ОПҚ)	Білім беру мекемесінің оқытушы-профессорларына арналған арнайы сауалнама	ОПҚ-ның білім сапасын ішкі бағалауға қатысу дайындығын анықтау
	Сарапшылар	Сараптамалық сұхбат	ЖОО-дағы ішкі бағалау тәжірибесін сапалық тұрғыда талдау
	Студенттер	«Аяқталмаған әңгіме» әдісі	Оқу мотивациясын және өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін анықтау
	Оқытушылар	Оқытушылардың кәсіби дайындығы мен тұлғалық сапаларын диагностикалау сауалнамасы	Кәсіби және тұлғалық сапалардың бастапқы деңгейін анықтау
Қалыптастырушы кезең	ОПҚ	ЖОО білім беру сапасын ішкі бағалау моделі бойынша арнайы курс өткізу (біліктілікті арттыру)	ОПҚ-ның ішкі бағалау саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру
	Білім беру бағдарламасы	«Педагогика және психология» ББ мазмұнына «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәні бойынша тақырыптар енгізу	Білім беру мазмұнын жаңарту және сапа менеджментін кіріктіру
	Студенттер	«Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәні бойынша студенттік өзіндік жұмыстарды әзірлеу	Студенттердің практикалық және аналитикалық дағдыларын дамыту
	Білім алушылар	«Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» атты элективті пән бағдарламасын әзірлеу	Білім сапасын бағалау бойынша теориялық және практикалық білім қалыптастыру
	ОПҚ	ПОҚ даярлығы бойынша әдістемені қолдану	Оқытушылардың әдістемелік даярлығын жетілдіру

Эксперименттік жұмыс айқындаушы және қалыптастырушы кезеңдер бойынша жүйелі түрде жүргізілді. Айқындаушы кезеңде білім алушылар мен оқытушылардың білім беру сапасына қатысты бастапқы көзқарастары, оқу мотивациясы және кәсіби даярлық деңгейі анықталды.

Қалыптастырушы кезеңде білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңартылып, арнайы курстар мен элективті пәндер енгізілді, сондай-ақ оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Жалпы алғанда, эксперимент нәтижелері жоғары оқу орнында білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесін жетілдірудің тиімді екенін көрсетті және ұсынылған модельді оқу үдерісіне енгізудің мүмкіндігін дәлелдеді.

3.3 Тәжірибелік - эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері

Оқытушылардың кәсіби дайындығы мен жеке тұлғалық сапаларын диагностикалау сауалнамасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі

білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін кәсіби стандарт негізінде жасалды (2023 жылғы 20 қарашадағы ғылым және жоғары білім министрінің № 591бұйрығымен бекітілген).

Сауалнама келесідей мамандықтардың тізбесін ескере отырып құрастырылды:

1) оқытушы, Білім беру саласындағы ассистент, ЖЖОКБҰ, СБШ деңгейі 7, 7.1;

2) оқытушы, Білім беру саласындағы аға оқытушы/сеньор-лектор, ЖЖОКБҰ, СБШ деңгейі 7, 7.2;

3) оқытушы, Білім беру саласындағы профессордың ассистенті, ЖЖОКБҰ, білім беру деңгейі СБШ 8, 8.1;

Кәсіби стандартқа сәйкес педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты - ЖЖОКБҰ-да академиялық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және қоғамдық қызметті жүзеге асыру.

Еңбек функциясына сүйене отырып:

1. Оқыту;

2. Ғылыми зерттеулер жүргізу;

3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру;

4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру педагогикалық іс-әрекеттің келесі аспектілері бөлінді: оқыту, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтендіру, тұлғалық.

Оқыту - бұл блок студентке бағытталған оқыту және бағалау принциптерін ескере отырып, оқу сабақтарын ұйымдастыру мен өткізуге байланысты аспектілерді қамтыды. Сондай-ақ, білім, ғылым және инновацияны кіріктіре отырып, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, бакалаврлармен кері байланысты цифрлық технологиялар арқылы орнату, инновацияларды оқу үдерісіне енгізу және заманауи үрдістер мен тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін білу мәселелері қарастырылды (Кесте 47).

Ғылыми - зерттеу іс – әрекеті - бұл блок ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобаларға қатысу, ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру, студенттердің ғылыми-шығармашылық іс-әрекетін қолдау, ұлттық және халықаралық деректер базаларымен жұмыс істеу, ғылыми зерттеулер әдіснамасын, ғылым саласындағы этикалық нормалар мен нормативтік-құқықтық актілерді білу аспектілерін қамтыды(Кесте 48).

Ғылыми-әдістемелік іс – әрекет - бұл бағыт оқу-әдістемелік жұмысты жүргізуді және әдістемелік құзыреттілікті дамытуды, кәсіби біліктілікті арттыруды, сабақ өткізу барысында психологиялық-педагогикалық және пәндік білімдерді кіріктіруді, оқытудың заманауи және инновациялық технологияларын қолдануды қамтыды. Сондай-ақ, жоғары білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді білуді, студенттердің академиялық және тұлғалық жетістіктерін педагогикалық диагностикалау тәсілдерін меңгеруді қамтыды (Кесте 49).

Әлеуметтендіру іс-әрекеті - бұл бағыт білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдауды, студенттердің азаматтық және кәсіби белсенділігін

арттыруды, мамандыққа деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыруды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет принциптерін сақтауды, жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары мен стратегияларын білуді, сондай-ақ, мамандықтың құндылықтық ұстанымдарының ерекшеліктерін қамтыды (Кесте 50).

Жеке тұлғалық қасиеттер - бұл блок мамандарды даярлау үдерісіне жұмыс берушілерді тарта білу қабілетін, жастар қозғалыстары мен ұйымдарын білуді, адамгершілік-этикалық қасиеттерді (эмпатия, икемділік, ынтымақтаса жұмыс істеу қабілеті) дамытуды қамтыды. Сонымен қатар, біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізу, коммуникативтік, перцептивтік және ұйымдастырушылық қабілеттерді дамыту, психикалық және физикалық денсаулық жағдайын бағалау, қарым-қатынас мәдениеті мен педагогикалық әдепті сақтау да осы блоктың мазмұнына енді (Кесте 51).

Әр аспект үшін 10 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылатын 8 негізгі білім, білік және дағдылар белгіленді.

Көрсетілген аспектілерді 10 балдық шкала бойынша сандық көрсеткіштермен бағалаңыз:

9-10 ұпай – бұл сипаттама басым көрінеді;

6-8 ұпай – негізінен көрінеді;

4-5 ұпай – толық емес көлемде көрініс табады;

0-3 ұпай-әлсіз көрінеді немесе көрінбейді.

47-кесте. Оқыту іс-әрекеті бойынша сапаларды диагностикалау нәтижелері

Сапалық көрсеткіштер	**Орташа балл**	
	БТ	**ЭТ**
Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау принциптерін ескере отырып, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу қабілеті	7,5	8,5
Білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлей білу	6,7	7,33
Бакалавриат білім алушыларымен цифрлық технологияларды пайдалана отырып, кері байланыс орнату мүмкіндігі	8,1	8,33
Мамандықтағы инновацияны оқу процесіне экстраполяциялау мүмкіндігі (жоғары білім беру бағыты бойынша)	7,5	8,5
ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми үдерісін жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптарын білу	6,7	7,67
Оқыту психологиясын білу	6,9	7,53
Мамандық саласындағы заманауи тенденцияларды білу (Жоғары білім беру бағыты бойынша)	7,7	7,83
Тәжірибеге бағдарланған оқыту әдістері мен технологияларын білу	7,3	8,00
Σ/8=	7,3	7,9

«Оқыту» блогы бойынша алынған нәтижелер 0-ден 10 баллдық шкалада жоғары көрсеткіштер көрсетті. Ең жоғары балл оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу дағдыларына -5,85, және мамандықтағы заманауи үрдістерді білуге -6,03 сәйкес келді. Оқытушылардың білім алушылармен цифрлық технологиялар арқылы кері байланыс орнату қабілеті 5,51 балмен бағаланды, ал инновацияларды оқу үдерісіне енгізу (экстраполяция) деңгейі 5,48 балды құрады. Оқу сабақтарын ұйымдастыру 5,74 балға, ал тәжірибеге бағытталған әдістерді қолдану 5,70 балға ие болды.

Жалпы алғанда, оқытушылардың негізгі назары оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу мен заманауи кәсіби үрдістерді меңгеруге бағытталғанын байқауға болады, ал цифрлық технологияларды пайдалану мен инновацияларды оқу үдерісіне енгізу біртіндеп қарқын алып келе жатқанын атап өткен жөн.

48-кесте. Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет бойынша сапаны диагностикалау нәтижелері

Сапалық көрсеткіштер	**Орташа балл**	
	БТ	**ЭТ**
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды / шығармашылық жобаларды орындауға қатыса алу	7,1	7,83
Ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыра білу	6,1	6,67
Бакалавриат білім алушыларының ғылыми-зерттеу/ғылыми-шығармашылық қызметі мен жариялау белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдана білуі	6,7	7,5
Ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс жасай білуі	6,9	7,33
Ғылыми зерттеулердің әдіснамасын білу	7,9	8,17
Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде этикалық нормаларды білу	7,9	8,33
Ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білу	6,9	7,83
Білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің ерекшеліктерін білу	7,1	7,67
Σ/8=	7,07	7,66

«Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті» блогы бойынша 0-ден 10 баллдық шкаладағы орташа мәндер жеткілікті жоғары деңгей көрсеткен. Ең жоғары балдар ұлттық және халықаралық деректер базаларымен жұмыс істей білу дағдысына -6,25, ал ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобаларға қатысу -5,89 баллмен бағаланған.

Студенттердің ғылыми-шығармашылық іс-әрекеті мен жарияланымдық белсенділігін қолдау стратегияларын қолдану 5,80 балды құрады, ал ғылыми

нәтижелілікті және жарияланымдық белсенділікті арттыру көрсеткіші -5,66 болды. Ғылым саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді білу 5,97 балмен, зерттеу әдіснамасын білу 5,57 балмен, студенттердің ғылыми зерттеулерінің ерекшеліктерін білу 5,54 балмен, ал зерттеу жүргізу барысында этикалық нормаларды білу 5,48 балмен бағаланған.

Жалпы алғанда, оқытушылар деректер базаларымен жұмыс істеу және ғылыми жобаларға қатысу бағытында ең жоғары белсенділік танытқан, ал зерттеулердің әдіснамалық және этикалық қырларын меңгеру деңгейі орташа деңгейде екені байқалды.

49-кесте. Ғылыми-әдістемелік іс-әрекет бойынша сапаларын диагностикалау нәтижелері

Сапалық көрсеткіштер	**Орташа балл**	
	БТ	**ЭТ**
Оқу-әдістемелік жұмысты жүргізе алу және әдістемелік құзыреттілікті дамыта білу	6,33	7,33
Кәсіби біліктілігін арттыра білу	7,1	8,17
Бакалавриаттың семинар / практикалық сабақтарын өткізу кезінде пәндік саладағы психологиялық-педагогикалық білім мен білімнің интеграциясын қамтамасыз ету қабілеті	7,5	8,17
Оқытудың заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) технологияларын қолдана білу	7,7	8,17
Жоғары білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді (оның ішінде ұлттық біліктілік жүйесіндегі) білу	7,3	7,67
Психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен принциптерін білу	7,3	9,0
Заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологияларын білу	7,7	8,33
Білім алушылардың академиялық және жеке жетістіктерін педагогикалық диагностикалау тәсілдерін меңгеру	6,33	7,67
Σ/8=	7,1	8,06

«Ғылыми-әдістемелік іс-әрекет» блогы бойынша 0-ден 10 баллдық шкаладағы орташа мәндер орта және жоғары диапазонда орналасқан. Ең жоғары көрсеткіштер кәсіби біліктілікті арттыра білу және студенттердің академиялық пен тұлғалық жетістіктерін педагогикалық диагностикалау тәсілдерін меңгеру дағдыларына тиесілі болып, тиісінше 5,95 және 5,95 баллды құрады.

Оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу және әдістемелік құзыреттілікті дамыту 5,84 баллмен, заманауи оқыту технологияларын білу 5,88 баллмен бағаланған. Ал нормативтік-құқықтық актілер мен психологиялық-педагогикалық және пәндік білімдерді кіріктіру қағидаттарын білу көрсеткіштері тиісінше 5,72 және 5,76 баллды құрады.

Психологиялық-педагогикалық білімді пәндік салаға кіріктіру қабілеті мен заманауи инновациялық технологияларды қолдану деңгейі салыстырмалы түрде төмен болып, сәйкесінше 5,42 және 5,55 баллмен бағаланған.

Жалпы алғанда, оқытушылар кәсіби біліктілікті арттыру және педагогикалық диагностиканы жүргізу бойынша жоғары деңгейлі дағдыларды көрсетеді, ал білімді кіріктіру мен инновациялық технологияларды қолдану бағыттары біртіндеп дамып келе жатыр.

50-кесте. Әлеуметтендіру іс-әрекеті бойынша сапаларын диагностикалау нәтижелері

Сапалық көрсеткіштер	**Орташа балл**	
	БТ	**ЭТ**
ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдастырушылық мәдениетті қолдау және дамыта білу	7,0	7,67
Білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ете білу	8,5	8,67
Білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру мүмкіндігі	8,0	8,83
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтай білу	7,67	7,67
Педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясын білу	7,2	7,33
Педагогикалық аксиологияны білу	7,2	7,33
Жастар ортасы мен қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамаларын, стратегияларын, тетіктерін білу	6,89	8,0
Мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігін білу (Жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша	7,2	8,0
Σ/8=	7,45	7,9

«Әлеуметтендіру іс-әрекеті» блогы бойынша көрсеткіштер жоғары деңгейде анықталды. Ең жоғары мәндер білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту қабілетіне -5,96, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет принциптерін сақтау қабілетіне -5,94 сәйкес келді.

Оқытушылардың студенттердің азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға қатысу деңгейі 5,74 баллды құрады, ал құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары мен тетіктерін білу деңгейі 5,72 баллмен бағаланған. Студенттерде мамандыққа деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру қабілеті 5,44, ал құндылықтық ұстанымдардың ерекшеліктерін білу 5,56 баллды көрсетті.

Алынған деректер оқытушылардың қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруда және кәсіби-этикалық нормаларды сақтауда белсенділік танытатынын көрсетеді.

51-кесте. Жеке тұлғаны дамыту іс-әрекеті бойынша сапаларын диагностикалау нәтижелері

Сапалық көрсеткіштер	Орташа балл	
	БТ	ЭТ
Білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарта білу	7,1	7,67
Болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарта білу	6,3	7,83
Шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл отрядтар, Скауттар) және ұйымдардың саясаттары мен стратегияларын білу	6,3	7,5
Адамгершілік-этикалық қасиеттерді дамыту (эмпатиялық, тұлғаның икемділігі, ынтымақтастыққа қабілеттілік, эмоционалды тартымдылық)	7,89	7,67
Дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлей және енгізе алу	7,1	8,33
Коммуникативті, қабылдау және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту	7,3	8,0
Психикалық және физикалық денсаулық жағдайы деңгейі	7,1	9,0
Қарым-қатынас мәдениеті, педагогикалық әдептілік деңгейі	7,89	8,0
Σ/8=	7,12	8,00

«Жеке тұлғалық іс-әрекет» блогында 0-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша орташа мәндер негізгі құзыреттердің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Ең жоғары баллдар адамгершілік-этикалық қасиеттердің дамуына -5,99, ал болашақ мамандарды даярлау үдерісіне жұмыс берушілерді тарта білу қабілетіне-5,90 сәйкес келеді.

Жастар қозғалыстарының саясаттары мен стратегияларын білу көрсеткіші -5,80, коммуникативтік, перцептивтік және ұйымдастырушылық қабілеттерді дамыту деңгейі -5,78, ал сала іс-әрекеткерлеріне арналған біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу білігі -5,61 болып бағаланған. Оқытушылардың психикалық және физикалық денсаулығының деңгейі 5,95, ал қарым-қатынас мәдениеті мен педагогикалық такт көрсеткіші 5,92 баллды құраған.

Оқытушылар адамгершілік-этикалық және кәсіби тұлғалық қасиеттердің ең жоғары деңгейде дамығанын көрсетіп, жұмыс берушілермен белсенді өзара әрекеттеседі және сау, қолайлы білім беру ортасын сақтайды.


Жалпы алғанда, «Оқытушылардың кәсіби даярлығы мен тұлғалық қасиеттерін диагностикалау» сауалнамасы бойынша көрсеткіштер орта және жоғары диапазонда (5,42-ден 6,25 аралығында) орналасқан.

Ең жоғары бағаланған көрсеткіштерге:

– кәсіби саладағы қазіргі заманғы үрдістерді білу,
– деректер базасымен жұмыс істеу,
– адамгершілік-этикалық қасиеттердің дамуы,
– оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу қабілеті жатады.

Салыстырмалы түрде төмендеу көрсеткіштер инновацияларды оқу үдерісіне енгізу, білімді интеграциялау және біліктілікті арттыру бағдарламаларын жүзеге асыру саласында байқалады.

Жалпы көрініс оқытушылардың негізгі кәсіби және тұлғалық құзыреттерді сенімді меңгергенін, ғылыми-әдістемелік, зерттеушілік және әлеуметтік іс-әрекет бағыттарын белсенді түрде дамытып отырғанын көрсетеді (Сурет 27).



27-сурет. Эксперимент барысындағы динамикалық өзгерістер


Оқу қызметінің сапасын бағалау процесін ұйымдастыру бірнеше маңызды сұрақтарға жауап беру қажеттілігін туындатады:

1. Қандай мақсатта және қандай өлшемдер бойынша бағалау шаралары іске асырылатын болады?
2. ЖОО қызметінің нақтылы бір аспектісінің сапасы бойынша ақпараттарды жинақтаумен кім шұғылданады және ұсынылған ақпараттың шынайылы үшін кім жауапты болады?
3. Қандай үлгіде бағалау процесі іске асырылады?
4 Қандай әдістер нақтылы бір көрсеткіштің мәнін өлшеу үшін пайдаланылады?
5. Кімдерге бағалау барысында алынған ақпарат ұсынылатын болады?
6. Қандай тұжырымдар бағалау процесі аяқталғаннан соң жасалады және оны кім жасауы мүмкін?

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың жалпы саны - 40 адам, бұл зерттеудің осы түрінің репрезентативті таңдауына сай келеді (Кесте 52, сурет 28-40).


52-кесте. Сауалнама сарапшыларының әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

Сауалнама сарапшыларының мәртебесі	Атамекен		НААР		НКАОКО		Тест орталықтары		Барлығы	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
ЖОО басқару-қ	3	30,0	3	25,0	3	28,0	3	26,0	12	27,25
әкімшіліктік персоналы										
Мемлекеттік қыз меткерлер, әкімшілік жетекшілері	2	20,0	2	18,0	2	21,0	2	25,0	8	21,0
ЖОО ОПҚ	2	20,0	2	25,0	2	28,0	2	30,0	8	25,7
ЖОО бақылау ке ңестері құрамындағы бизнесмендер	1	15,0	1	21,0	1	27,0	1	25,0	4	23,2
ЖОО бақылау ке ңестері құрамын дағы мекемелер, ұйымдар жетекшілігі	2	23,0	2	20,0	2	25,0	2	21,0	8	22,2




28-сурет. Сауалнама сарапшыларының әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

Еліміздің отандық үш жоғары оқу орындарының сарапшыларынан сауалнама алынып, нәтижелері анықталды. «Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіптік және білім беру бағдарламаларының сапасын жалпы қалай бағалайсыз?» сұрағы бойынша сарапшылар пікір алмасты, сауалнамаға респонденттердің 50,0%-ы білім беру бағдарламаларының сапасын жоғары деңгейде бағалайды, ал қалған 50,0%-ы сауалнама сарапшылары сапаның орташа деңгейінің болуын атап көрсетті. Білім беру бағдарламаларын респонденттер еңбек нарығының заманауи үрдістерін ескеретін неғұрлым «икемді» және мазмұнды болуы тиіс деп болжайды.




29-сурет. Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіптік және білім беру бағдарламаларының сапасын сараптамалық бағалау

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы сапа мәдениетінің даму деңгейін респонденттердің жартысына жуығы (47,5%) орташа деп бағалады. Сондай-ақ, 32,5% қазақстандық жоғары оқу орындарының сапа мәдениетінің жоғары деңгейін атап өтсе, ал 20,0% оны төмен деп бағалайды. Республиканың жоғары оқу орындарында білім беру сапасының түсінігі мен міндеттілігі сияқты сапа мәдениетінің элементтері дәлелдемелер мәдениетімен және сапаны тиімді басқарумен (сапа кепілдігінің рәсімдері арқылы) толық көлемде дамымаған. Осы сапа принциптерін институттандыру үдерісі әлі де жалғасуда.



30-сурет. Отандық жоғары оқу орындарында сапа мәдениетінің даму деңгейін сараптамалық бағалау


«Білім беру бағдарламалары мен шығарылымдарды Қазақстанның жоғары оқу орындарында бекіту, тұрақты тексеру және мониторингілеу механизмдері бар ма?» деген сұрақ та қойылды. Сарапшылардың (55,0%) жартысынан көбі жартылай деп есептесе, 45,0% оң жауап берді. Білім беру бағдарламалары мен шығарылымдарды Қазақстанның ЖОО-ы негізінен бекіту, ұдайы тексеру және мониторингілеу тетіктеріне ие, алайда бұл үдеріс бүкіл жоғары оқу орындарында әзірленген «қадамдық» іс-қимыл алгоритміне тән емес, әсіресе бұл республиканың өңірлері бойынша айқын көрінеді.



31-сурет. Білім беру бағдарламалары мен шығарылымдарын ЖОО-да бекіту, тұрақты тексеру және мониторингілеу тетіктерінің болуын сараптамалық бағалау


«Мемлекеттік аттестаттаудан Қазақстанның жоғары оқу орындарына қоғамдық-кәсіптік аккредиттеуге толық көшуді іске асыру керек пе?» сұрағы бойынша сауалнама сарапшыларының 100,0%-ы қоғамдық-кәсіптік аккредиттеуге көшу керектігін атап көрсетті, бұл, сарапшылардың пікірінше, жоғары оқу орындары көрсететін қызметтердің белгіленген нормаларға сай деңгейін растау тәсілін айтарлықтай өзгертеді, оқу орындарының мәртебесін және мамандықтар бойынша гранттар беруді растайды екен.

Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарындағы сапа мәдениетінің дамуын респонденттердің жартысына жуығы (47,5%) негізінен, орташа деңгейде деп санайтындықтарын білдірді. Мұнда, қазақстандық жоғары оқу орындарындағы сапа мәдениетінің жоғары деңгейде екендігін 32,5% атап өтеді. Ал, 20,0% оны төменгі деңгейде деп есептейтіндіктерін білдіреді. Республикамыздағы жоғары оқу орындарында сапа мәдениетінің элементтері, сапаны тиімді басқару (сапа кепілдігі шаралары арқылы) мен дәлелдемесі мәдениетімен үйлесімділіктегі білім беру сапасы міндеттілігі мен ұғымы толық шамада жетілдірілмеген. Сапаның осы қағидаларын институционализациялау процесі әлі жалғасу үстінде.



32-сурет. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіптік және білім бағдарламаларының сапасын сараптамалық бағалау

«Жоғары оқу орындары сіздің пікіріңіз бойынша, білім бағдарламаларының сапасы жөніндегі шынайы ақпараттарды ұсына ала ма?» деген сұраққа (82,5%) сауалнама сарапшыларының басым бөлігі оң сипатты жауап берді. Жоғары оқу орындарындағы ақпараттардың белгілі бір бөлігі ғана негізінен сенімді екендігі туралы тек 17,5% сауалнама респонденттері жауап қайтарады. Жоғары оқу орындарында білім бағдарламаларының болуы мен мазмұны бойынша басты ақпарат көздері ресми сайттар болып табылады. Сол себептен жаңа негізгі білім бағдарламалары мен олардың бейіндері бойынша білімдік ақпараттарды сайтқа орналастыру қазақстандық жоғары оқу орындарының ұтымды қызмет етуіндегі өзекті мәселе болып табылады.



33-сурет. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы сапа мәдениетін дамыту деңгейін сараптамалық бағалау

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ғылыми зерттеулер мен инновацияларды қолдану деңгейін сауалнама сарапшыларының жартысынан астамы (60,0%) орташа деп санайды. Қазақстандық жоғары оқу орындарын-дағы инновацияны тәжірибеде қолдануды 40,0% респонденттер жоғары деңгейде деп бағалайды. Сонымен қатар бұл негізінен, жоғары білімді мемлекет тарапынан қаржыландырудың төменгі деңгейімен байланысты болып табылатындығына қарамастан, кейінгі кездері қазақстандық ғалымдар-дың зерттеулер саласындағы әзірлемелерінің көлемінің оң сипаттағы даму динамикасы байқалады.



34-сурет. Білім бағдарламаларының сапасы жөніндегі шынайы ақпараттарды жоғары оқу орындарының ұсынуын сараптамалық бағалау. қолдану деңгейі орташа болу керек




Қазақстандағы жоғары оқу орындарында талантты студенттер мен оқытушылардың шоғырлануы

35-сурет. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ғылыми зерттеулер мен инновацияны қолдану деңгейін сараптамалық бағалау

Қазақстандағы жоғары оқу орындарында талантты студенттер мен оқытушылардың жоғары шоғырлануын сауалнама сарапшыларының басым бөлігі (85,0%) атап өтеді. Тек 15,0% респонденттер ғана сауалнамада оны орташа деңгейде деп бағалайды.

«Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау Қазақстандағы жоғары оқу орындарында қандай деңгейде іске асырылуда?» деген сұраққа жауап берген уақытта сарапшылар пікірі екіге жарылады: респонденттердің 47,5% оны орташа деңгейде деп санаса, жоғары оқу орындарын коммерциализациялау үдерісі динамикалы даму үстінде екендігін 37,5% респонденттер баса көрсетеді. Ал, коммерциализациялау үдерісі жекелеген жоғары оқу орындарында енді ғана бастау алып келе жатқандығын және әзірше көпшілігі оның басты көрсеткіштерін түсінбейтіндігін, сонымен бірге осы саладағы инвестициялардан түскен түсімді қалай қолдану керектігін білмейтіндігін 15,0% сауалнама сарапшылары атап көрсетеді.




Қазақстандағы жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау қандай деңгейде жүзеге асырылуда?

36-сурет. Қазақстандағы жоғары оқу орындарында талантты студенттер мен оқытушылардың жоғары шоғырлануын сараптамалық бағалау

«Жоғары оқу орындары сіздің пікіріңіз бойынша, өз қызметтерін қаншалықты табысты жоспарлайды?» деген сұраққа жауап беруге келген

уақытта сарапшылар пікірі тағы да екіге жарылады: жұмысты жоспарлаудың жоғары деңгейде екендігін, сауалнама респонденттерінің жартысына жуығы (47,5%), ал орташа деңгейде- 30,0%, аймақтық ауқымдағы біршама жоғары оқу орындары өз қызметін төменгі деңгейде жоспарлайды деп -22,5% сарапшылар есептейді.




37-сурет. Қазақстандағы жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау деңгейін сараптамалық бағалау

Бүгінгі күні Қазақстандағы жоғары оқу орындары мамандар даярлау сапасын қамтамасыз ету процестерін басқаруды тиімді жүзеге асыруда сауалнама сарапшыларының жартысынан астамы (55,0%) деп есептейді. Ал 45,0% сауалнама респонденттері бұл процесс әзірше тек даму үстінде екендігін, сол себептен де маман даярлау сапасы саласындағы стратегиялық менеджмент пен жұмыспен қамтушылармен бірлесе отырып, түлектердің жұмысқа орналасуын бірлесе жоспарлау саясатын әзірше бүкіл жоғары оқу орындары іске асырып жатқан жоқтығын атап көрсетеді.




38-сурет. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының өз қызметтерін жоспарлауын сараптамалық бағалау

*«Жоғары оқу орындарын аккредиттеудің мақсаты – білім бағдарламаларының ұсынылған тізімінде үздіксіз жақсарту процесін жүзеге асыру кезінде жоғары оқу орындарына қолдау көрсету деген пікірмен келісесіз бе?»*деген сұраққа сауалнама сарапшыларының 97%-дан астамы оң сипатты жауап қайтарады. 2,5% сауалнама респонденттері тек жартылай ғана деп есептейді, себебі олардың пікірінше, аккредиттеуге даярлау мен аккредиттеу процесінің өзі жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастыр-ғанымен де, көптеген адами және психологиялық ауқымды еңбек шығындарымен байланысты деп есептейді.



39-сурет. Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы маман даярлау сапасын қамтамасыз ету үдерістерін басқаруды сараптамалық бағалау

72%-дан астамы сауалнама сарапшыларының атап көрсеткеніндей, Қазақстандағы жоғары оқу орындары автономиясын кеңейту білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға сөзсіз әсер етеді десе, ал жоғары оқу орындары академиялық және басқарушылық дербестікті кеңейту жағдайларында білім беру қызметтерін жақсартуға қабілетті еместігін 27,5% сауалнама респонденттері атап көрсетеді, әсіресе бұл перифериялық жоғары оқу орындарына қатысты.



40-сурет. Қазақстандағы жоғары оқу орындары негізінен, білім бағдарламалары мен түлектерді даярлауды тұрақты тексеру, мониторинг жасау механизмдерінің болуына сараптамалық талдау

Жалпы айтқанда, біз сараптамалық қорытынды бойынша төмендегідей өзекті қорытындылар жасадық:

Білім беру сапасын бағалау барысында қол жеткізілген нәтижелер ғана емес, сонымен қатар, оларға қол жеткізу тәсілдері де, процестерді жетілдіру шаралары да маңызды болып табылады. Бұл ереже гуманитарлық технология мен сапа менеджментінің басты қағидаларына сәйкес келеді. Адам тек еңбегі үшін ғана емес, басқару теориясының базалық негіздемелеріне сай осы еңбектің қаншалықты қиындығына, адамның еңбекке деген қатынасына қарай бағалануы керек. Тұлғаның тұрақты түрде жақсарып отыруы мен өзін-өзі дамытып, жетілдіріп отыруы үшін тек осындай жағдайда ғана жағдайлар жасалады. Бағалау кері жағдайларда өзінің ынталандырушы мәнін жоғалтады, себебі біраз уақыттан кейін біреулер үшін тұрақты түрде жақсы, ал енді біреулер үшін тұрақты түрде жаман болып көрінеді. Белгілі бір қатынаста ғана адамдар: жақсы жұмыс жасау ұмтылысын көрсетуге қатысты тепе-тең болып табылады да осы қалаулары мадақталуы қажет.

Эксперименттің бақылау кезеңі эксперименттің қалыптастырушы кезеңінен соң ұйымдастырылып, өткізілді. Бақылау экспериментінің мақсаты – тәжірибелік жұмыстың нәтижесін талдау, ұсынылған зерттеу міндеттерінің ұтымды шешімдерін тексеру, салыстыру, өсу динамикасындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарды және отандық және шетелдік тәжірибенің ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдау жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Тексерулер қорытындысы бойынша білім беру сапасын, яғни білім алушылардың жеке оқу жетістіктері , педагогтардың кәсіби шеберлігі, білім беру үдерісін жүйелі ұйымдастыру, білім беру үдерісінде басқару іс-әрекетін ұйымдастыру, білім беру үдерісіндегі жаңашылдық іс-әрекетін бағалау әлде қайда дамығандығын байқатты (кесте-53).

53-кесте. Бақылау эксперименті(пайыздық көрсеткішпен)

N	Өлшемдері	Эксперменттік топ			Бақылаутобы		
		Жоғарғы деңгей	Ортаңғы деңгей	Төменгі деңгей	Жоғарғы деңгей	Ортаңғы деңгей	Төменгі деңгей
1	Тұтынушылардың қанағаттану деңгейі	41,3	38,4	20,3	28,7	40,1	31,2
2	Шарттар сапасы	34,6	49,2	16,2	26,4	48,3	25,3
3	Білім беру үдерісін жүйелі ұйымдастыру	44,1	37,1	18,8	30,2	41,7	28,1
4	Білім беру үдерісінде басқару іс-әрекетін ұйымдастыру	38,3	39,2	22,5	21,5	41,2	37,3
5	Нәтижелерді бағалау сапасы	41,6	38,3	20,1	29,3	32,2	38,5

Бақылау экспериментінің көрсеткішін көрсетер болсақ, егер тәжірибелік экспериментке дейін эксперименттік топтардың білім алушыларының жеке оқу жетістіктерінің жоғары деңгейін тек 28,7 % көрсетсе, тәжірибелік эксперименттен кейін аталмыш деңгей көрсеткіші 41,3 %-ға дейін көтерілді. Ал төменгі білім деңгейі 31,2 % -дан 20,3 -%ға дейін төмендеді. Бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер байқалмады (Кесте 54).

Тәжірибелік эксперимент нәтижелері көрсеткендей, білім сапасын бағалау тәжірибе жүзінде сауалнамаға жүргізіліп, осы бағыттағы тапсырмаларды орындауы, зерттеу нәтижелеріне талдау, математикалық өңдеу жұмыстарына қорытындылар жасалды. Нәтижесінде, алынған өңдеу материалдары ұсынылған құрылымдық-үдерістік модель мақсатына сәйкес жүйелі қалыптасуына ықпал ететінін көрсетті.

Талдау негізінде *жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау* мәселесін шешудің көптеген тәсілдері бар екені анықталды.

– ішкі бағалау шынайылық, ашықтық тұрғыда жүзеге асырылуы тиіс, қорытынды аттестация жазбаша, тест, ауызша жүзеге асырылуы тиіс;

– бағалау барысында оның білімділігі мен кәсібіне жарамдылығы да айқындалуы тиіс (әңгімелесу, логикалық тест тапсырмалыры негізінде);

– сырттай бағалау хабарландырусыз, десанттық жүйеде жүзеге асырылса (ескертусіз студенттердің сабағына қатысу, психологиялық-педагогикалық ахуалды айқындау, әңгімелесу т.б.);

– сапа – материалдық-техникалық базаға тікелей байланысты, сондықтанда аудиториялар құралғылармен қамтамасыз етіліп, ОПҚ жағдай жасалуы қажет.

54-кесте. Бақылау эксперименті - салыстырмалы талдау (пайыздық көрсеткішпен)

N	Өлшемдері	Ішкі бақылау			Сыртқы бақылау		
		Жоғарғы деңгей	Ортаңғы деңгей	Төменгі деңгей	Жоғарғы деңгей	Ортаңғы деңгей	Төменгі деңгей
1	Тұтынушылардың қанағаттану деңгейі	41,5	37,3	21,2	37,2	37,5	25,3
2	Шарттар сапасы	36,4	48,3	15,3	35,8	47,1	17,1
3	Білім беру үдерісін жүйелі ұйымдастыру	44,7	38,1	17,2	43,1	37,1	19,8
4	Білім беру үдерісінде басқару іс-әрекетін ұйымдастыру	39,6	39,1	21,3	34,4	38,3	27,3
5	Нәтижелерді бағалау сапасы	41	39	20	42,7	35,2	22,1

Талдау негізінде көрсетілген өлшемдегі кейбір параметрлердің ішкі бағалаудағы ауытқушылықтары нақтыланды. Мұнда, білім алушылардың жеке оқу жетістіктері өлшемі бойнша ішкі бақылаудағы жоғары деңгей 41,5 % болса, бұл көрсеткіш бақылауда 37,2 % болып төмен болған. Ал, төменгі деңгей ішкі бақылауда 21,2 % -ды көрсетсе, бақылауда бұл көрсеткіш керісінше 25,3 % болып артық болғанын көрсетеді. Мұндай көрініс "Білім беру үдерісінде басқару іс-әрекетін ұйымдастыру" өлшеміндеде болды.Бұл дегеніміз бақылаудың қатаң түрде өткізілетінін білдіреді. Салыстыра келе "Білім алушылар портфолиосы. Білім алушылардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтену мониторингі нәтижелері" атты индикаторлардың арысында айырмашылық болатынын ескеру қажеттігі айқындалды. Сол сияқты салыстыру нәтижесінде "Білім беру үдерісінде басқару іс-әрекетін ұйымдастыру" бойынша да "Нормативті-құқықтық құжаттар " индикаторы арасындаалшақтық байқалды.

Нәтижесінде, біз жүргізген педагогикалық-тәжірибелік эксперимент қорытындыларында алға қойылған ғылыми болжамның дұрыстығы расталып, дәлелденді.

Қорыта келе, зерттеу жұмысы барысында жоғары оқу орындарында ішкі және сыртқы бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін салыстырмалы талдау бойынша ұсыныстар жасалды.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалауды зерттеу барысында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ішкі бақылау жүйесінің мазмұндық және ұйымдастырушылық ерекшеліктерін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысы әртүрлі үлгідегі университеттерде жүргізілді әрі (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Эрзинджан Биналы Йылдырым университеті), ішкі бағалау тетіктерін салыстырмалы түрде қарастыруға және олардың тиімділігін эмпирикалық негізде айқындауға жағдай жасалды. Тәжірибе нәтижелері білім беру сапасын ішкі бағалаудың көпқұрамды жүйе екенін, оның оқу үдерісін жетілдірудегі басым бағыттардың бірі ретінде қалыптасқанын көрсетті.

Алдымен, оқу үдерісінде қолданылатын ағымдық, аралық және қорытынды бақылау түрлерінің үйлесімді қолданылуы студенттердің білімді меңгеру динамикасын дәл бағалауға мүмкіндік беретіні анықталды. Тестілеу, портфолио, рейтингтік бағалау және пәндік диагностика сияқты құралдар оқу жетістіктерінің объективті мониторингісін қамтамасыз етіп, студенттердің жеке прогрессін үздіксіз бақылауға жағдай жасайды. Эксперименттік деректер түлектердің негізгі құзыреттіліктері бойынша айқын оң өзгерістер бар екенін көрсетті: тұлғалық, коммуникативтік, кәсіби және құндылықтық бағыттағы индикаторлардың біртіндеп жоғарылауы ішкі бағалау жүйесінің нәтижелілігін дәлелдейді. Сонымен қатар, сауалнама материалдары оқу процесінің сапасына оң көзқарас қалыптасқанын, дегенмен, материалдық база, әдістемелік ресурстар

және ақпараттық қамтамасыз ету бағытында қосымша жетілдіруді қажет ететін мәселелер бар екенін айқындады.

Зерттеудің келесі бағыты ішкі бағалау жүйесін тиімді ұйымдастыруда оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызды рөлін көрсетті. Осы мақсатта әзірленген «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» курсы мен «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» пәні сапаны басқару мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Бағдарлама мазмұны халықаралық тәжірибелерге, ұлттық стандарттарға және кәсіби құзыреттілік талаптарына сәйкестендіріліп жасалды. Оқыту нәтижесінде оқытушылар бағалау әдістерін жобалау, мониторинг жүргізу, сапа менеджменті технологияларын қолдану, білім беру үдерісін жоспарлау және талдау дағдыларын терең меңгерді. Бұл бағыт ішкі бағалаудың нормативтік, әдіснамалық және технологиялық базаға сүйене отырып, жүзеге асырылуы оның тиімділігін арттыратынын дәлелдеді.

Үшінші бағыт – оқытушылардың кәсіби және тұлғалық сапаларын диагностикалау. Бес аспект бойынша жүргізілген бағалау (оқыту, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтендіру, тұлғалық даму) ішкі бағалау жүйесінің педагогтің кәсіби әлеуетіне тікелей ықпалын анық көрсетті. Алынған нәтижелер оқытушылардың заманауи педагогикалық технология-ларды қолдану деңгейін, цифрлық құралдарды меңгеруі, кәсіби этика мен құндылықтарға бейімділігі, студенттермен тиімді коммуникация орната алуы сияқты маңызды көрсеткіштердің өсімін байқатты, әсіресе, инновациялық әдістерді енгізу, ғылыми белсенділікті арттыру және білім алушылардың тұлғалық дамуын қолдау бағыттарында оң серпін тіркелді. Бұл ішкі бағалаудың тек студентке бағытталған емес, сонымен қатар оқытушының кәсіби дамуын ынталандыратын жүйе екенін айғақтайды.

Жалпы алғанда, жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың кешенді, құрылымдық және өзара байланысқан үдеріс екенін айқындады. Ол тек оқу нәтижелерін өлшеу механизмдерімен шектелмей, білім беру ортасының сапасын, оқытушылардың құзыреттілігін, студенттердің мотивациясы мен құндылықтық бағдарларын дамытуға ықпал ететін тұтас педагогикалық жүйе ретінде сипатталады. Ішкі бағалау нәтижелері сыртқы бағалау көрсеткіштерімен салыстырылғанда (аккредиттеу, рейтинг, ОЖСБ) оның объективтілігі мен өзектілігі айқын көрінді.

Осылайша, 3-бөлім бойынша жүргізілген аналитикалық тұжырымдар ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалауды жетілдірудің теориялық және тәжірибелік негіздерін бекітіп, оның психологиялық-педагогикалық сәйкестігін, практикалық маңызын және жүйелі әсерін дәлелдейді. Бұл модель университеттердің сапа менеджменті саясаты мен стратегиялық даму мақсаттарында қолдануға жарамды ғылыми негізделген құрал ретінде бағаланады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы, сараптамалық сауалнама қорытындысы бойынша келесідей өзекті қорытындылар жасалды:

1. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын бағалаудың мәні негізделді, отандық және шетелдік тәжірибе негізінде жоғары оқу орындарында білім сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мазмұны мен жүйесі анықталды.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасы кең және тар мағынада анықталды. Кең мағынасындағы, білім беру сапасы – білім берудің (білім беру жүйесі ретінде, үдеріс ретінде, нәтиже ретінде) түрлі қажеттіліктерге, мақсаттарға, талаптарға, нормаларға сәйкес үйлесімді болуы. Білім беру сапасын тар мағынасында – мамандарды даярлау сапасы деген мағынаны білдіреді.

«Сапа», «Білім беру сапасы» ұғымдарына өзіндік анықтамалар берілді: Сапа – бұл белгіленген және қабылданған қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілетіне қатысты объектінің сипаттамаларының жиынтығы. Білім беру сапасы дегеніміз – білім беру үдерісіндегі оқытушы мен білім алушының белгілі бір ортақ мақсатқа қол жеткізуі және қоғамның сұраныстарына сай қанағаттандырылу деңгейі.

ЖОО-дағы білім беру сапасын бағалаудың түрлері: ішкі бағалаудың мәні жан-жақты қарастырылды. Сырттай бағалау процедурасына мыналар жатады: аккредитация; аттестаттау; сапа аудиті; білім беру бағдарламаларын бекіту; тәуелсіз сараптаулар; лицензиялау; ЖОО рейтингісі. Ішкі бағалау процедурасына: өзін-өзі бағалау немесе ішкі зерттеу; ішкі аудит; оқытушы білім алушылар көзімен бағалау; өзін-өзі зерттеу жатады.

Отандық және шетелдік тәжірибелерді сараптай келе сапаны анықтаудың өзіндік өлшемдері: мекеменің ішкі және сыртқы имиджі; оқытушы мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасы; педагогикалық үдеріс барысы; білім алушылар мен оқытушылардың ғылыми әрекеті; жалпы педагогикалық-психологиялық ахуал; оқытушы мен білім алушылардың өзін-өзі ұстауы; құжаттардың реттілігі мен сәйкестігі; оқытушылар мен білім алушылардың қызығушылығы мен ынтасы; олардың әлеуметтік жай-күйі (жатын орны, тамақтануы, денсаулығының қадағалануы, төлем ақының еңбекке сәйкестігі т.б.).

2. Жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын қамтамасыз етуде ПОҚ-тың даярлығының мазмұны мен критерийлік құралдары негізделіп және ол сапаны ішкі бағалаудың тиімділін арттырудың жетекші шарты ретінде айқындалды.

Өңірлік, ұлттық, салалық және халықаралық деңгейлерде ЖОО-ның рейтингтік көрсеткіштерінің жақсаруы профессорлық оқытушылар құрамының сапасына байланысты. Жетекші жоғары оқу орындары интерактивті контентті жобалау, цифрлық ресурстарды пайдалану, практикалық және зерттеу іс-әрекетін интеграциялау, әріптестер мен серіктестер арасында халықаралық коллоборацияны дамыту саласындағы күрделі кешенді міндеттерді шешу үшін

мамандандырылған білімі мен шығармашылық және инновациялық тәсіл дағдылары бар оқытушыларды жалдауда нақты саясатты көрсетеді. Осыған орай, біз профессорлық оқытушылар құрамының ЖОО-дағы білім сапасын ішкі бағалауға даярлығының білім беру процесінің тиімділігін арттырудың негізгі шарты ретінде дәлелдедік. Оның мазмұны ақпараттық-зерттеушілік, мотивациялық-аналитикалық, әдістемелік, басқарушылық-рефлексивті компоненттер, соларға сәйкес критерий мен көрсеткіштер және шекті, жеткілікті, жоғары деңгейлер сипатталды. ПОҚ-ның ЖОО-дағы білім сапасын ішкі бағалауға даярлығын қалыптастыруда нақты сүйенетін әдіснамалық тұғырлар: жүйелілік-белсенділік, құзіреттілік, андрогогикалық квалиметриялық тұғырлар сипатталды.

3. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың үдерістік құрауыштары, теориялары мен кейстік талдаудың параметрлері жүйеленді.

Білім беру сапасын бағалаудың құрауыштары: Білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары; Оқулықтар, оқу құралдары т.б (әдістемелік қамтамасыз ету); Жоғары оқу орындарының қызметкерлерінің, соның ішінде педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі; Білім алушылардың үлгерімі; Әлеуметтік жұмыс (тәрбие үдерісі); Ғылыми зерттеу жұмыстары; Басқару жүйесі; Материалдық техникалық база.

ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалауды кейстік талдаудың бес өлшемі анықталған:тұтынушылардың қанағаттану деңгейі, сонын ішінде білім алушылардың жеке оқу жетістіктері; шарттар сапасы, яғни педагогтардың кәсіби даярлық деңгейі; білім беру үдерісін жүйелі ұйымдастыру сапасы; білім беру үдерісін басқару сапасы; нәтижелерді бағалау сапасы.

4 Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың мазмұндық-құрылымдық моделі құрастырылды.

Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау негізінің сұлбасы айқындалып, оны жинақтау үшін модельдеу қажеттігін анықталды. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың мазмұндық-құрылымдық модельдің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман даярлаудың ерекшеліктерін білім беру сапасын талдау арқылы анықтау болып табылады. Міндеті – сапаны бағалаудың өлшемдерін анықтау; әдістерді, құралдарды, технологияларды таңдауға бағытталды.

Біз осыған байланысты зерттеу жұмысымыздың барысында білім беру сапасын бағалаудың анықталған өлшемдері мен көрсеткіштерінің дамуын 3 деңгейге бөліп қарастырдық. Мысалы, төменгі деңгей, ортаңғы деңгей және жоғарғы деңгей.

Ішкі бағалау нәтижелерін кейстік талдау арқылы берілген өлшемдерге сәйкестігін анықтайтын бағалау процедуралары нақтыланды.

5 Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етілуінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілді.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші кезеңінде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын бағалаудың ішкі бағалау жұмыстарына талдау жұмыстарын жүргізуді мақсат еттік.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде салыстырмалы зерттеу жүргізуде бірқатар әдістер қолданылатынын нақтылап өтетін болсақ, келесі әдістерді тізбектеуге болады: сараптамалық зерттеу әдістері, құжаттамалық деректерді талдау, пәндік тест нәтижелері мен үлгерім мағлұматтарын талдау, білім беру жүйелері қызметінің әралуан түрлері жөніндегі статистикалық мәліметтерді жинақтау мен талдау, мәліметтер базасын талдау, социологиялық әдістер: социометриялық әдіс, социологиялық және социометрикалық сауалнама, факторлық және корреляциялық талдау, әлеуметтік жорамал, лонгитюдті зерттеу әдісі, ғылыми шолу жасау әдісі, монографиялық (этнографиялық) зерттеу әдісі, бақылау, құрылымдық сұхбат, қызмет өнімдері мен құжаттамаларын талдау, тестілеу, корреляциялық тәуелділікті анықтау әдісі және т.б.

Білім алушыларға, білім беру мекемесінің оқытушы-профессорларына арналған, 5 сұрақтан құралған экспресс сауалнама, Қазақстан Республикасының 3 жоғары оқу орындарының сарапшыларынан сауалнама алынып, нәтижелері анықталды. Сауалнама нәтижелері мен көрсеткіштеріне кесте түзіліп, диаграммаға салынып негізделді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұнындағы әдістерді қолдана отырып, ПОҚ ішкі бағалауға даярлығын қалыптастыруға бағытталған «ЖОО-ғы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курс; «5В010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасында жоспарланған «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» атты элективті курс бағдарламасы жасалынды. «Мектептегі білім беру сапасының мененджменті» пәніне жекелеген тақырыптар енгізіліп, «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» және «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» атты пәндерінен студенттің өзіндік жұмыстары мазмұны құрастырылды.

Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалауды кейстік талдау бойынша ұсыныстар жасалды.

Кейстік талдау негізінде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау мәселесін шешудің көптеген тәсілдері бар екені анықталды:

–ішкі бағалау шынайылық, ашықтық тұрғыда жүзеге асырылуы тиіс; қорытынды аттестация жазбаша, тест, ауызша жүзеге асырылуы тиіс;

–бағалау барысында оның білімділігі мен кәсібіне жарамдылығы да айқындалуы тиіс (әңгімелесу, логикалық тест тапсырмалары негізінде);

–сырттай бағалау хабарландырусыз, десанттық жүйеде жүзеге асырылса (ескертусіз студенттердің сабағына қатысу, психологиялық-педагогикалық ахуалды айқындау, әңгімелесу т.б.);

–сапа – материалдық-техникалық базаға тікелей байланысты, сондықтан да аудиториялар құрылғылармен қамтамасыз етіліп, ОПҚ жағдай жасалуы қажет;

–тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында ұсынылған бағдарламалар мен курстар, оқу пәні мазмұндарына алдағы оқу үдерісі барысында ҚР ЖОО-ы профессор-оқытушылары, ішкі сарапшылар тарапынан жаһандық білім беру кеңістігіндегі жаңашылдықтарды ескере отырып инновациялық әдістер мен жұмыс бағыттарын үздіксіз ұсынып отырудың маңыздылығы.

Ұсынылған тұжырымдардан келесідей қорытынды жасауға болады: жоғары оқу орнындағы кәсіптік білім беру үдерістерін сапа тұрғысынан зерттеу; жоғары оқу орнындағы кәсіптік білім беру процесінің сапасын арттыру бағытында қайта құру; кәсіптік білім беру субъектілерінің бағалау іс-әрекеттерін жетілдіру ішкі бақылау кейстік талдау негізінде жүргізілсе нақты шаралардың мазмұны бұрынғыдан да арта түсетіндігі дәлелденді.

Осылайша, зерттеуде қойылған міндеттер сәтті шешілді және алынған нәтижелер ұсынылған гипотезаны растауға мүмкіндік береді.

ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалау проблемаларын одан әрі әзірлеу қажеттілігі сапа менеджменті жүйелерінің даму үрдістерімен, ISO стандарттарын жаңартумен, сондай-ақ ЖОО іс-әрекетін бағалаудың халықаралық тәжірибесін отандық жетістіктермен конвергенциялау мүмкіндігін зерттеумен; ішкі бағалау әдістемесі мен технологияларын цифрландырумен; жоғары білім сапасын қамтамасыз ету үшін ақпараттық-технологиялық шешімдерді әзірлеумен алдын ала айқындалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы - Астана, 8 қыркүйек, 2025ж.

2 ҚР Білім туралы Заңы: 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319 - III // ҚР Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: Юрист, 2008. - 216 б.

3 Педагогтің кәсіби стандарты // «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы, №133 бұйрығына қосымша

4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жыл 28 наурыз, № 248 қаулысы.

5 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2017-2021 жылдарға арналған даму стратегиясы //https://www.kaznu.kz/kz. 12.11.2017.

6 Балыкбаев Т. О. и др. Инновационные подходы в становлении новой парадигмы конкурентоспособного высшего педагогического образования //Педагогическое образование и наука. – 2018. – №. 4. – С.7-13.

7 Білім сапасын ғылыми негізде көтеру: Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағы/ Ғылыми жетекші: А. Құсайынов; Жалпы редакциясын басқарған: М.Н. Атем; Құраст.: Касымбаева Б.Ш., Тұрғанова А.Ж., Ембай Д.П., Ұябаева Н., Абдукаримов Б.А., Жеткерова М. Б., Джасанова А. Д. – Алматыға: ПҒА, 2020. -240 б.

8 Примбетова Г.С., Кунакова К.О. К проблеме измерения профессиональных компетенций преподавателей высшей школы // Вестник академии педагогических наук Казахстана, 2020.-№1.-С.41-48.

9 Булақбаева М. К. Педагогикалық өлшемдер: жоғары оқу орнының білім алушыларына арналған оқулық.- Алматы: «Дарын», 2022-141б.

10 Кошербаева А. Н. Менеджмент в образовании. Теория и практика управления педагогическими системами – Алматы: «Ұлағат», 2021.- 400 с.

11 Масимова Х. Т. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту: 8D01101 философия докт. (PhD)...дис: -Алматы, 2022-222 с.

12 Алпысбай Л. А., Дементьева Н. Г. Білім беру ортасын өлшеу мен бағалау-педагогика және психология бағыттарының мәселесі //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2023. – Т. 78. – №. 2. – С. 126-135.

13 Каланова Ш. М. Будущее независимой аккредитации в Казахстане //Аккредитация в образовании. – 2013. – №. 3. – С. 42-43.

14 Сүлейменова Ш. К. Совершенствование государственного управления системы обеспечения качества высшего образования в Казахстане. Дисс. на соиск.ученой степени доктора PhD по специальности 8D04113-государственное управление. Астана, 2024.-161с.

15 Мусина С. К. Особенности трансформации системы высшего образования Казахстана // Вестник Томского государственного педагогического университета. — 2024. — № 5 (235). — С. 67–76.
16 Омирбаев С.М., Мухатаев А.А., Бурбекова С.Ж,. Касенов Х.Н. Сулейменова Ш.К. Система обеспечения качества высшего образования: реинжиниринг национальной модели: Монография.- Типография ТОО «TENGRI Itd», 2023.-206 с.
17 Harlen W.Harlen W. Teaching for Quality Learning: Principles and Practices of Assessment for Learning // Assessment in Education. – 2014. – Vol. 21, № 1. – P. 24–46.
18 Kumar R. Internal Quality Assurance Mechanisms in Higher Education: A Systemic Review // International Journal of Educational Management. – 2020. – Vol. 34, № 7. – P. 1185–1202.
19 Firat M., Ozyurt A. Quality Assurance in Online and Distance Higher Education: Challenges and Solutions // Educational Sciences: Theory & Practice. – 2021. – Vol. 21, № 3. – P. 32–48.
20 Gökçe S., Yıldırım M. Evaluating Quality Management Practices in Higher Education: A Comparative Analysis // Higher Education Studies. – 2022. – Vol. 12, № 4. – P. 15–28.
21 Johnson S., Lee D. Trends and Issues in the Quality Assurance of Higher Education Institutions // Quality in Higher Education. – 2019. – Vol. 25, № 2. – P. 122–139.
22 Бачинский А.Г., Иванова Т.И., Ермаков В.Е., Кириллов А.А. Управление качеством и основные принципы деминга // Форум молодых ученых. 2020. №10 (50). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/upravlenie-kachestvom-i-osnovnye-printsipy-deminga (дата обращения: 19.01.2025).
23 Planells-Aleixandre E., García-Aracil A., Isusi-Fagoaga R. Вклад Университета в общество: бенчмаркинг социальных инноваций //Устойчивость. – 2025. – Т. 17. – No 8. – С. 3427.
24 Соколов М.А. Системный подход как исследовательская программа в творчестве Л. Берталанфи // Вестник ПГГПУ. Серия № 3. Гуманитарные и общественные науки. 2022. №2. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sistemnyy-podhod-kak-issledovatelskaya programma-v-tvorchestve-l-bertalanfi (дата обращения: 19.01.2025).
25 Drăgan M., Ivana D., Arba R. Business Process Modeling in Higher Education Institutions: Developing a Framework for Total Quality Management at Institutional Level // Procedia Economics and Finance. – 2014. – Vol. 16. – P. 96–100.
26 Sabtu S., Mohd Effendi H., Matore E. M. Systematic literature review on the implementation of the Six Sigma approach in education //International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE). – 2024. – Т. 13. – №. 1. – С. 8822.
27 Егоров К. Б., Захарова В. А. Процедуры внешней и внутренней оценки качества образования в деятельности руководителя образовательной

организации: аудит и модерация //Управление образованием: теория и практика. – 2022. – №. 3 (49). – С. 170-180.
28 Шмидт Ю. И. Направления реализации мероприятий по внутренней независимой оценке качества образования в вузе //Совершенствование методического обеспечения реализации актуализированных образовательных программ высшего образования как условие повышения качества подготовки выпускников. – 2020. – С. 166-171.
29 Кислова Н. Н., Леонов С. А. Внутренняя независимая оценка качества образования: формы, нормативное и методическое обеспечение //Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Социальные, гуманитарные, медико-биологические науки. – 2023. – Т. 25. – №. 88. – С. 34-41.
30 Бутина Т. Д. Внутренняя система оценки качества образования как способ повышения качества образования //Актуальные аспекты модернизации российской экономики. – 2020. – С. 10-12.
31 Веретенникова В. Б. и др. Структура и оценка качества профессионально-ориентированных заданий для будущих педагогов //Образование и наука. – 2023. – Т. 25. – №. 4. – С. 70-108.
32 Сергеев А. Г. Управление качеством образования. Документирование систем менеджмента качества : учебник для вузов / А. Г. Сергеев. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2025. — 158 с.
33 Жиркова З. С. Управление качеством образования : учебное пособие для магистрантов высших учебных заведений [Электронный ресурс]. — СПб.: Наукоемкие технологии, 2022. — 137с. -ISBN 978-5-907618-01-5.
34 Коротков, Э. М. Управление качеством образования : учебное пособие для вузов / Э. М. Коротков. — 2-е изд. — Москва : Академический проект, 2020. — 317 с.
35 Поташник, М. М. Управление качеством образования: монография / М. М. Поташник; под ред. М. М. Поташника. — 2-е изд., перераб. и доп. — Москва: Педагогическое общество России, 2006. — 443 с.
36 Огвоздин В. Обеспечение качества продукци: учебное пособие для вузов и предприятий/ В. Ю. Огвоздин.-Москва: Знание-М, 2023.-70 с.
37 Бордовский Г.А., Граничина О.А., Трапицын С.Ю. Модели и методы внутреннего и внешнего оценивания качества образования в вузах: науч.-метод. матер. – СПб.: ООО «Книжный Дом», 2008. – 336 с.
38 Абдыманапов С. А. Ключ к модернизации высшего образования./ Казвхстанская правда. – 2004,
39 Мендебаев Т.М. Сапаны басқару: Оқулық / Т.М. Мендебаев, А.З. Габдуллина, А.Т. Альпеисов. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір»,2013 – 248 б.
40 Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Оқулық. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2018. – 357 б.

41 Мутанов, Г. М. Управление, ориентированное на результат / Г. М. Мутанов, Ж. Д. Мамыкова, С. К. Кумаргажанова. — 4-е изд. — Алматы : Дарын, 2023. — 121 с.
42 Есенбаева Г.А. Аккредитация и обеспечение качества в высших учебных заведениях: монография. – Караганда: КЭУ,2011. – 255 с.
43 Әлқожаева Н.С., Жұмабекова Қ.Б., Педагогикалық менеджмент:оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 132 б.
44 Minazheva G. et al. Transformation of the role of university teachers in newly independent states: Case study of Al-Farabi Kazakh National University //International Journal of Educational Development. – 2023. – Т. 102. – С. 102847.
45 Алдабергенова С.С. Научно-педагогические основы обеспечения качества учебного процесса в вузе с применением системного подхода. Дисс. на соиск.ученой степени доктора PhD по специальности 6D012000-Профессиональное обучение. Астана, 2018.-124 с.
46 Шуиншина Ш.М., Альпеисов Е.А. Жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтары бойынша болашақ педагогтерді даярлау сапасын арттыру туралы мазмұнының сабақтастығы. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №6. Б. 229-233
47 Молдасан Қ. Ш., Есенова К. А. Білім берудегі менеджмент : оқу құралы / Қ. Ш. Молдасан, К. А. Есенова. – Алматы : Қазақ университеті, 2021.
48 Mukanova S., Abildina S., Mukhatayev A. Organization of internal quality assurance systems as a construct of the national quality assurance system: practice of Kazakhstani universities. Higher education in Kazakhstan No2 (46)-2024. P. 107-117.
49 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B0%D0%BF%D0%B0
50 ҚР СТ ISO 9000:2007. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік. – Астана: Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті, 2007.
51 Лыкова И. А. Качество как метакатегория и её трактовка в современном образовании // Гуманитарное пространство. 2016. №3. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/kachestvo-kak-metakategoriya-i-eyotraktovka-v-sovremennom-obrazovanii (дата обращения: 11.03.2025).
52 Лапидус В.А. Менеджмент качества в системе корпоративного управления // Качество и жизнь. - 2017. - №3. - С. 46–55.
53 Субетто А. И. Качество непрерывного образования в Российской Федерации: состояние, тенденции, проблемы, прогнозы (опыт мониторинга) / Александр Иванович Субетто; Костромской гос. ун-т им. Н. А. Некрасова [и др.]. — Изд. 2-е, испр.. — Санкт-Петербург : Астерион, 2016. — 385 с.
54 Реан А. А. Психология образования.- Санкт-Петербург: Питер, 2018.- 288 с.
55 Панасюк В. П. Управление образованием и образовательными системами: состояние, тенденции, проблемы и перспективы // Образование и наука. 2017. Т. 19. № 2. С. 72–88. DOI: 10.17853/1994-5639- 2017-2-72-88.

56 Шадриков В.Д., Коваленко А.А., Леднев В.А., Рубин М.Ю., Семкина Т.А., Соболева Э.Ю., Степанченко Л. С. Система оценки качества образования: Мировая практика и российский опыт / Под общей редакцией: Ю. Б. Рубин.- М. : МФПУ "Синергия" , 2016.- С. 284
57 Селезнёва Н. А., Байденко В. И. Обеспечение качества высшего образования: современный опыт (статья 2) //Высшее образование в России. – 2017. – №. 11. – С. 122-135.
58 Тоқсанбаева Н., Салимова Г., НаубаеваХ., Турдалиева Ш., Еркінбекова М. Психологические особенности ценностных ориентаций в социальной адаптации//Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Психология» .- т. 85.- №.4-2025.- С. 320–328.
59 Грибанова В. А. Личностно-деятельностный подход как основа организации воспитательного процесса по формированию гражданской активности студентов //Современная педагогика. – 2015. – №. 8. – С. 7-9.
60 Сластенин В., Обухов А. Психология. Учебник и практикум для академического бакалавриата. – Litres, 2021. - 395 с.
61 Бондаревская Е.В. Методологические проблемы проектирования педагогического образования университетского типа // Славянская педагогическая культура: Материалы междунар. науч.-прак. конф. – Тирасполь, 2012 – 128 с.
62 Крылова М.В., Суслова Ю.Ю., Волошин А.В. Эволюция теоретических подходов к определению сущности инноваций и инновационного развития // Вестник Алтайской академии экономики и права. 2021. № 6-2. С. 199-206; URL: https://vaael.ru/ru/article/view?id=1765 (дата обращения: 19.01.2026). DOI: https://doi.org/10.17513/vaael.1765
63 Беликов В.А., Дидактика практико-ориентированного образования: монография / В.А. Беликов, П.Ю. Романов, А.С. Валеев. - Москва : ИНФРА-М, 2018. – 265.
64 Рубинштейн С. Основы общей психологии. – Питер, 2019.-679с.
65 Тәжібаев Т. Жалпы психология. Оқу құралы-Алматы, ADAL KITAP. – 2025.- 232 б.
66 Масалимова Д. М., Мамбетова М. С. Кәсіби педагогтің тұлғалық қалыптасу психологиясы. – 2023.- 358-365 б.
67 Пучкова И.М., Хакимзянов Р.Н. профессиональная компетентность как критерий развития профессионализма// ученые записки казанского университет, Гуманитарные науки.-2012.-С. 258-266
68 Wiliam D., Thompson M. Integrating assessment with learning: What will it take to make it work? //The future of assessment. – Routledge, 2017. – С. 53-82.
69 Мочалова, Я.В. Влияние образования на формирование личности / Я.В. Мочалова // Актуальные проблемы развития науки и современного образования : сб. материалов междунар. науч.-практ. конф., Белгород, 10 апр. 2017 г. / НИУ "БелГУ" ; отв. ред. Л.В. Красовская, И.Б. Костина. - Белгород, 2017. - С. 246-247.

70 Жумашева Н. С., Магауина А. У. Психологиялық менеджменттің білім беру процесіндегі ерекшеліктері //вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – 2022. – 226-229 б.
71 Зинченко Ю. П., Дорожкин Е. М., Зеер Э. Ф. Психолого-педагогические основания прогнозирования будущего профессионального образования: векторы развития //Образование и наука. – 2020. – Т. 22. – №. 3. – С. 11-35.
72 Ширшова И. А. Оценивание учебных достижений студентов: современные тенденции //Ученые записки Крымского федерального университета имени ВИ Вернадского. Социология. Педагогика. Психология. – 2013. – Т. 26. – №. 1. – С. 205-215.
73 Дубцова М. Традиционные и инновационные средства педагогических измерений и оценивания результатов обучения: учебное пособие для магистров / М.М. Дубцова, Н.В. Потехина.- Федеральное гос. бюджетное образовательное учреждение высш. проф. образования "Забайкальский гос. ун-т". 2016. - 135 с.
74 Рамазанова А. Х., Құдайбергенова Н. Ж., Әбдуали Н. К. Тұлғаның дамуындағы әлеуметтік бейімделудің алатын орны //Journal of Philosophy Culture and Political Science. – 2018. – Т. 65. – №. 3. – С. 25-32.
75 Айканыш А., Алимбеков А. Исследование проблем, с которыми сталкиваются директора школ в Кыргызстане // Universum: психология и образование: электрон. научн. журн. 2024. 6(120). URL: https://7universum.com/ru/psy/archive/item/17544 (дата обращения: 03.02.2025).
76 Рысбаев Н. А., Утебеков Е. М. Студенттердің өзін-өзі дамытуының психологиялық-педагогикалық аспектілері //научный журнал" auezov university". – 2025. – №. 1. – С. 49-53.
77 Гуревич П. С. Психология личности: учеб. Пособие для студентов вузов / П. С. Гуревич. — М.: ЮНИТИ-ДАНА. 2017.-559 с.
78 Самыгин С. И. Психология личности и профессиональное самоопределение: учебник / С.И.Самыгин, Л. Д. Столяренко, А. Т. Латышева. –Москва: КНОРУС, 2025.-480 с.
79 Абрамов В. И. и др. Мотивирующий мониторинг как элемент системы управления качеством образования //Человек и образование. – 2021. – №. 4 (69). – С. 1-11.
80 Бакшаева Н. А., Вербицкий А. А. Психология мотивации студентов : учебник для вузов / Н. А. Бакшаева, А. А. Вербицкий. — 2-е изд., стер. — Москва: Издательство Юрайт, 2025. — 170 с.
81 Дауткалиева П. Б., Аманова И. К. Студенттердің жеке-кәсіби қасиеттерін дамыту факторы ретінде кәсіби мотивацияның құрылымы //Вестник КазНПУ имени Абая серия «Специальная педагогика». – 2023. – Т. 72. – №. 1. – С. 138-144.
82 Heritage M. Learning progressions: Supporting instruction and formative assessment. – 2008.

83 Sadirbekova, D., Shalgynbayeva, Z., Makhatova V., Tabyldieva, O., Zharmukhametova, R., Sladkova, M., Amangeldi, A., Anuarbekova, A., & Abdol, E. (2021). Tecnologias de formação de competência profissional para futuros professores. *Revista on Line De Política E Gestão Educacional*, *25*(esp.7), 4129–4142. https://doi.org/10.22633/rpge.v25iesp.7.16172
84 Игембаева К.С. Особенности потребно-мотивационного компонента психологического здоровья будущих учителей Автор //Вестник Карагандинского университета. Серии «Педагогика»– №4(116).- 2024.-Б.72-81
85 Аренова А.Х., Баярыстанова Э.Т. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің теориялық аспектілері// Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Психология» сериясы - №1(70).- 2022. – Б.9-18
86 Шалгынбаева К.К. Алимбекова А.А., Теретический анализ проблемы исследоания лидерства в психологии. Вестник. Научный журнал ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. №3 (106) Астана, 2015.- С. 400-405.
87 Зобков А.В. Личностные особенности становления студентов как субъектов инновационной педагогической деятельности // Перспективы науки и образования. 2019. № 1 (37). С. 275-289.
88 Урмашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы. Оқу құралы/ Б.А. Урмашев – Алматы: «ССК» баспасы, - 2016,- 140 б
89 Tuna Salyh, Mussabekova G.T. Preparing future teachers to evaluate learning outcomes // Opción, Año 35, Regular No.90-2 (2019): p. 385-402. Venezuela.
90 ҚР Білім және ғылым министрлігі. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын тәуелсіз аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы. ҚР БҒМ бұйрығы № 364, 2012 ж.
91 European Union - Central Asia. Astana Declaration on Education Cooperation in Central Asia. - Astana, 23 June 2017.
92 ENQA. Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG). - Brussels: European Association for Quality Assurance in Higher Education, 2015. - 32 p.
93 Адаптация казахстанских вузов к новым образовательным реалиям: вызовы и перспективы. Тематический анализ/Сост.: Муратова Г.И., Каланова Ш.М. – Астана: независимое агентство по обеспечению качества в образовании (IQAA), 2024. – 18 с.
94 Высшее образование в Казахстане: достижения и перспективы роста. – Астана: Казахстанский институт общественного развития, 2024. – 27 с.
95 Байбаева М.Х. Квалиметрия образования как теоретико-практическое направление в педагогической науке //Вестник Карагандинского университета Серии «Педагогика»– №4(116).- 2024.-Б.82-90
96 Bolotov V. The past, present, and possible future of the Russian education assessment system //Вопросы образования. – 2018. – №. 3. – С. 287-297.
97 Білім саласындағы ұлттық саясатқа шолу: Қазақстандағы жоғары білім, 2017 // http://iac.kz/sites/default/files/otchet_oesr_po_rk. 09.10.2017.

98 Bahar H. H., Abdramanova N. Türkiye ve Kazakistan'daki öğretmen adaylarının akademik başarı ve yaşam doyum düzeylerinin karşılaştırmalı olarak incelenmesi //Milli Eğitim Dergisi. – 2023. – Т.52. – №. 237. – С. 389-408..-2023.-V.52.-Iss.237.-P.389-408.
99 Baskan G.A. Turkiye'deYiiksekogretiminGeli§imi = The development of higher education in Turkey // Gazi Epitim Fakultesi Dergisi. – 2011. – Cilt 21, Sayi 1. – P. 21-32.
100 Yerlikaya Z. Türkiye'de Yükseköğretimin Gelişimi ve Yeni Nesil Üniversiteler: Olumlu Gelişmeler, Sorunlar ve Öneriler //Cihannüma Sosyal Bilimler Akademi Dergisi. – 2025. – Т. 4. – №. 2. – С. 59-96.
101 Bayindir U. Universities and European cooperation issues: perspectives of Turkish Universities//http:www. inst.at/trans/16Nr/plenum/bayindir. 25.04.2019.
102 Bilsel A., Oral O. Role of education, science and technology in developing countries // http://fie.engrng.pitt.edu/fie95/4c44c44/4c44.25.04.2019.
103 Turkey-Higher Education Policy Study: report. – Vol. 1, №39674 // . http://siteresources.worldbank.org/. 25.04.2019.
104 Günay D., Günay A. Türkiye'de yükseköğretimin tarihsel gelişimi ve mevcut durumu //Yükseköğretim Dergisi. – 2017. – Т. 7. – №. 3. – С. 156-178.
105 Guruz K. Quality Assurance in a Globalized Higher Education Environment: an Historical Perspective // http://www.ionio.gr/microsites. 25.04.2019.
106 Вербицкий А. А. Контекстно-компетентностный подход к модернизации образования //Инновационные проекты и программы в образовании. – 2011. – №. 4. – С. 3-6.
107 Безуглова Л.П. Образование и качество образования: теоретический аспект / Л.П. Безуглова // Вестник социально-гуманитарного образования и науки. - 2014.- № 4. - С. 27-34.
108 Международный стандарт ISO 9001:2000. Третье издание: 2000-12-15 Системы менеджмента качества. Требования. Русская версия опубликована в 2002 г.-12 с.
109 Антилогова Л. Н., Карпова Л.Г., Щербаков Е.П. Роль самооценки в развитии творческих способностей младших школьников Педагогические науки. Part 2. Pedagogical sciences, 2016 https://cyberleninka.ru/article
110 Абдраманова Н.С. Білім сапасын бағалаудағы өзекті ғылыми-практикалық мәселелер // Наука и жизнь Казахстана. – 2018. – №3(58). – Б. 147-152.
111 Калдыбаев С. К., Бейшеналиев А. Б. Качество образовательного процесса в структуре качества образования //Успехи современного естествознания. – 2015. – №. 7. – С. 90-97.
112 Караев Ж. А., Кобдикова Ж. У. Технология трехмерной методической системы обучения как средство повышения качества и эффективности сферы образования //Национальная ассоциация ученых. – 2023. – №. 97-1. – С. 9-16.
113 Прудникова В. А., Фишман Л. И., Фишман И. С. Оценка квалификации педагога в контексте задачи его профессионального развития: анализ

зарубежной теории и практики // Science for Education Today. – 2022. – Т. 12, № 5. – С. 113–136.
114 Торндайк Э. Принципы обучения, основанные на психологии / Э. Торндайк. — Москва : Издательство Юрайт, 2025. — 270 с.
115 Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. НПФ «Смысл», 2020. С. 48.
116 Алтунина И. Р. Проблемы мотивации в зарубежных теориях личности //Вестник РГГУ. Серия «Психология. Педагогика. Образование». – 2020. – №. 4. – С. 12-28.
117 Маркина Н. В. Психология мотивации профессионального развития: учебное пособие / Н. В. Маркина, Т. А. Абрамовских, М. Е. Гумницкий [и др.]. – Челябинск: ЧИППКРО, 2022. – 80 с.
118 Мажкенов С. А. Совершенствование системы мотивации персонала на основе нового взгляда на пирамиду потребностей А. Маслоу //Лидерство и менеджмент. – 2022. – Т. 9. – №. 3. – С. 723-736.
119 Мотивация и деятельность. Учебное пособие для вузов / Х. Хекхаузен. - 2-е изд. - Санкт-Петербург: Питер; Москва: Смысл, 2003. - 859 с.
120 Советханова М. Е. Теоретический анализ структурных компонентов понятия личности «Я» в теории преподавания и подготовки //Бюллетень серии педагогики Карагандинского университета. – 2020. – Т. 98. – No2. – стр. 80-87.
121 Ильин Е. П. Психология индивидуальных различий:учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по направлению и специальностям психологии / Е. П. Ильин. – Санкт-Петербург : Питер, 2011. – 700 с.
122 «Толковый словарь живого великорусского языка» // Владимир Иванович Даль : жизнь и творчество : биобиблиогр. указ. / Рос. гос. б-ка, НИО библиографии ; сост. О. Г. Горбачева ; ред. Т. Я. Брискман ; библиогр. ред. Е. А. Акимова. – М. : Пашков Дом, 2004. – С. 11–18.
123 Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка : ок. 100 000 слов, терминов и фразеологических выражений. – 28-е изд., перераб. – Москва : Мир и образование, 2019. – 1376 с.
124 Звонников В.И., Челышкова М.Б. Современные подходы к оцениванию качества результатов высшего образования // Педагогические измерения. 2016. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-podhody-k-otsenivaniyu-kachestva-rezultatov-vysshego-obrazovaniya (дата обращения: 27.08.2025).
125 Беспалько В. П. Качество образования и качество обучения //Народное образование. – 2017. – №. 3-4 (1461). – С. 105-113.
126 Качалов В.А. Проблемы управления качеством в вузах: заметки менеджера по качеству // Стандарты и качество. – 2000. –№10, ч. 5. – С. 96-100.
127 Управление качеством образования в современной школе : метод. пособие / Национальная академия образования им. И. Алтынсарина. – Астана, 2014. – 84 с.

128 Гродзенский С. Я. Менеджмент качества. Уч. Пособие. – М.: Проспект 2015-320 с.
129 Философиялық энциклопедия. – Алматы: Лантар Трейд, 2021 – 527 б.
130 Новиков А.М. Педагогика: словарь системы основных понятий. – М.: М.: Издательский центр ИЭТ, 2013 – 268 с.
131 Садықов Т. С. Әбілқасымова АЕ Жоғары білім берудің дидактикалық негіздері //Алматы: Ғылым. – 2003. – Т. 168.
132 Ажес Петрович Сейтешев. Әжес Петрұлы Сейтешев. Ajes Petrovich Seiteshev / Отв. ред. А.К. Кошанов; сост.: Б.А. Абдикаримов [и др.] ; пер. на каз.: Ш.Т. Таубаева, К.С. Кудайбергенова; пер. на англ. яз.: Ж.Ж. Альжанова, С. Т. Органова]... – Алматы : Ғылым, 1999. - 322 с.
133 Хан Н. Н., Жуматова А. О. Формативное оценивание как важный аспект качественного обучения //Global Science and Innovations: Central Asia (см. в книгах). – 2021. – Т. 1. – №. 1. – С. 56-65.
134 Ахметова Г.К. и др. Психологическое сопровождение профессиональной подготовки студентов в контексте развития мотивации педагогической деятельности // Международный журнал экспериментального образования. 2013. № 11-1. С. 176-178.
135 Хмель Н. Д., Сарсенбаева Б. Г. Теория профессионального самоопределения личности //Вестник Омского университета. – 2003. – №. 4. – С. 156-157.
136 Қайдарова А.Д. Опыт формирования содержания педагогического образования в зарубежных странах и Қазақстане: сравнительный анализ //Образование.- 2006.- N2(26). - С.125-130.
137 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту - Алматы, 2005. - 208 б.
138 Айтпаева Ж.Ж. Подготовка будущего учителя к активизации познавательной деятельности младших школьников в современных условиях: автореферат...к.пед.н.-13.00.08: Теория и методика профессионального образования. - Алматы, 2005. - 29 с.
139 Молдабекова М.С. Формирование у бакалавров профессиональных компетенций по молекулярной физике // Вестник КазНУ, серия физическая. – №1(36). – 2011. – С.93-97.
140 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми- теориялық негіздері.- Алматы, 2008. - 328 б.
141 Магауова А.С. Компетентностно-ориентированная модель подготовки психолого-педагогических кадров в условиях университетского образования // Профилактика зависимостей. – 2019. – №1(17). – С. 156-160.
142 Саморегуляция и прогнозирование социального поведения личности: Диспозиционная концепция. 2-е расширенное изд. — М.: ЦСПиМ, 2013 — 376 с.
143 Кизилова М.А. Психологическая готовность к профессиональной деятельности как сложное многоаспектное понятие // Молодой ученый. - 2022. - № 21 (416). - С. 148-150.

144 Ковязина М. С., Фомина К. А. Нейропсихологический потенциал метода «фиксированной установки» Д.Н. Узнадзе // Экспериментальная психология. 2016 Т. 9 №. 3 С. 91–102.
145 Санжаева Р. Д. Готовность и ее психологические механизмы // Вестник БГУ. Образование. Личность. Общество. 2016. №2. URL:https://cyberleninka.ru/article/n/gotovnost-i-ee-psihologicheskie-mehanizmy (дата обращения: 22.01.2025).
146 Яковлев Б.П., Думова Т.Б. Проблема психологической готовности студентов к будущей профессиональной деятельности//Современные наукоемкие технологии. 2016. №8-1. С.179-185; URL: https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=36127 (дата обращения: 26.08.2025).
147 Щадриков В.Д. Психология деятельности человека.-Москва: Институт психологии РАН, 2013.- 464 с.
148 Климов Е.А. Педагогический труд: психологические составляющие. М.: Издательство МГУ, Академия, 2004.-240 с.
149 Авдашкин А.А., Пасс А.А. Подходы к определению понятия «качество образования» // Научно-методическое обеспечение оценки качества образования. – 2018. – С. 21-26. [Электронный ресурс]. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/podhody-k-opredeleniyu-ponyatiya-kachestvo-obrazovaniya-1
150 Осипова С.Г. Качество образования: сущность понятия. – 2020. [Электронный ресурс]. URL: https://nsportal.ru/detskiy-sad/upravlenie-dou/2020/01/22/kachestvo-obrazovaniya-sushchnost-ponyatiya
151 Кукуев А.И. Андрагогическая подготовка преподавателя мегавуза: содержательный аспект. Учебно-методическое пособие. – Ростов-на-Дону: Из-во «Булат», 2008. – 159 с.
152 Субетто А.И. Квалитология образования: (Основания, синтез). – Москва; СПб.: Исслед. центр проблем качества подгот. специалистов, 2000 – 219 с.
153 Corrine Glesne, Alan Peshkin Becoming Qualitative Researchers An Introduction. -Pearson, 2015. – 352 p.
154 Paul A. Atkinson , Amanda Jane Coffey Making Sense of Qualitative Data: Complementary Research.- Strategies SAGE Publications, 1996. - 206 p.
155 Baszanger, Isabelle & Dodier, Nicolas (1997). Ethnography: Relating the Part to the Whole. In David Silverman (Ed.), *Qualitative Research: Theory, Method and Practice* (pp.8-23). London: Sage.
156 Yin R.K. Case study research: Design and methods (3rd ed.). Thousand Oaks, 2003. CA: Sage.
157 Creswell J.W. Research design. Qualitative, quantitative and mixed methods approaches. Thousand Oaks, 2003. CA: Sage.
158 Miles M. B., Huberman A. M. Qualitative data analysis: An expanded source book. 2nd ed. Thousand Oaks, 1994.
159 Волчкова Л.Т., Меньшикова Г.А. Кейс-стади как исследовательская технология оценивания качества обслуживания // Вестник Санкт-Петербургского университета. Социология. 2014. №3. URL:

https://cyberleninka.ru/article/n/keys-stadi-kak-issledovatelskaya-tehnologiya-otsenivaniya-kachestva-obsluzhivaniya (дата обращения: 07.06.2025)
160 Mertens, A., Hamarat, Y., & Elsen, C. (2023). Considering Architects and Clients' Interactions Through the Design Thinking Framework. In *Expanding the Frontiers of Design*. Haïfa, Israel: DesignTech, Faculty of Architecture & Town Planning Technion – Israel Institute of Technology. doi:10.1201/b22630-21
161 Elizabeth Depoy and Laura N. Gitlin Introduction to Research: Understanding and Applying Multiple Strategies. 2005, Perfect, 368 p.
162 Березкина О.С. Классификации политических режимов: историография вопроса// Исторический журнал: научные исследования № 2 (20) · 2014 DOI: 10.7256/2222-1972.2014.2.12428
163 Ragin Charles C. Comparative Method: Moving Beyond Qualitative and Quantitative Strategies. 1987, Hardcover, 218 p. https://archive.org/details/comparativemetho0000ragi/page/n9/mode/2up
164 Maurice Adams, Mark Van Hoecke Comparative Methods in Law, Humanities and Social Sciences.- Edward Elgar Publishing, 2021, 288 p.
165 Elizabeth J. Tisdell, Sharan B. Merriam, Heather L. Stuckey-Peyrot Qualitative Research: A Guide to Design and Implementation, 5th Edition. Jossey-Bass, 2025. 448 p.
166 Harrison, Helena; Birks, Melanie; Franklin, Richard & Mills, Jane (2017). Case Study Research: Foundations and Methodological Orientations [34 paragraphs]. *Forum Qualitative Sozialforschung / Forum: Qualitative Social Research*, *18*(1), Art. 19, http://nbn-resolving.de/urn:nbn:de:0114-fqs1701195.
167 Исенко А. И. Понятия модели и моделирования в человеческой деятельности//Концепт.2015.№4.URL:https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatiya-modeli-i-modelirovaniya-v-chelovecheskoy-deyatelnosti (дата обращения: 22.01.2026).
168 Лавеч Е. В. Моделирование дидактической концепции профессиональной подготовки специалистов по медиакоммуникациям // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2026. – № 1 (январь). – URL: http://e-koncept.ru/2026/261011.htm
169 Pollack J., Pollack R. Using Kotter's Eight Stage Process to manage an organisational change program: presentation and practice // SystemicPracticeandAction Research. – 2015. – Vol. 28. – P. 51-66.
170 Красковский А.Е., Яковлев П.Б. Оценка основных подходов к моделированию процессов управления//Известия Петербургского университета путей сообщения. 2008. №3. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/otsenka-osnovnyh-podhodov-k-modelirovaniyu-protsessov-upravleniya (дата обращения: 22.01.2025).
171 Abdramanova N., Algozhaeva N., Huseyin H. et al. The modernization processes of the service quality of entrepreneurial education of Kazakhstan universities: Expert analysis // Journal of Entrepreneurship Education. – 2019. – Vol. 22, №3. – P. 1-17.

ҚОСЫМША А

Білім алушыларға және педагог кадрларға жүргізілген сауалнама

Білім алушыларға арналған сауалнаманың сұрақтары:

1. Білім беру бағдарламаларындағы қарастырылған оқытылатын пәндер сіздерді қанағаттандырады ма ?
2. Оқу үдерісінде пәндерді игеруде қандай қиындықтар, кедергілер туындайды?
3. Сіздің ОЖСБ (оқу жетістіктерін сырттай бағалауға) көзқарасыңыз?
4. Сіздің ғылыми-зерттеу жұмыстарға қатысу белсенділігіңіз қандай (ғылыми жобалар, олимпиадалар) ?
5. Сіздерге сабақ беретін оқытушылардың кәсіби біліктілігі қанағаттандырады ма?

Білім беру мекемесінің оқытушы-профессорларына арналған сауалнама сұрақтары:

1. Білім беру бағдарламаларын құрастыруда қандай құжаттар басшылыққа алынады?
2. Білім алушылардың оқу үлгерім сапасын арттыру үшін қандай жұмыстар жүргізіледі?
3. Білім беру мекемесі ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға қандай мүмкіндіктер береді?
4. Өзіңіздің кәсіби біліктілігіңізді қалай көтересіз?

ҚОСЫМША Б

«Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәніне енгізілген тақырыптардың мазмұны

1-тақырып. Мектепте оқытуды басқару және кәсіби қоғамдастық ойлау жолдары

1. Кәсіби қоғамдастық туралы түсінік және оның маңызы
2. Әлемдік тәжірибе және саясат тарапынан қолдау
3. Кәсіби қоғамдастықты дамыту

1. Кәсіби қоғамдастық туралы түсінік және оның маңызы

Заманауи қоғамның тіршілігінде қоғамдастықтың маңызы күннен күнге артып отыр. Қазіргі заманғы ұйымдар кәсіби қоғамдастықтың білім және инновациялар алмасу үдерісінде маңызды екендігін атап көрсетуде. Білім беру саласы ұйымдастырушылық оқшаулау дамуға кедергі келтіретінін мойындап отыр. Сондықтан мектептер арасындағы ынтымақтастық, мектептерде оқитын оқушылардың ғана емес, барлық балалардың мүддесі үшін мектептердің «Білім алушылар қоғамдастығына» бірігуі уақыт өткен сайын маңыз алуда.

Оқытудың әдіс-тәсілдері құны тұрарлық жалғыз білім деп есептелетін фактілер мен ақпаратты қабылдауға ықпал етті. Чапман және Аспиннің (2004) пайымдауынша: «Олардың ертеде оқушылар қажеттіліктерін қанағаттан-дырғанына қарамастан, адамның ойлау қабілетіне қатысты осындай болжамдар, оқытудағы бұндай тәсілдер мен білім беруді ұйымдастырудың осындай модельдері экономикалық және әлеуметтік ортаның өзгеріп отырған жағдайларына, танымдық саланың ахуалына және XXI ғасырдың зияткерлік талаптарына дайындалып жатқан оқушылар үшін жеткіліксіз деп саналады.

Бүгінгі күні оқыту сипатына жаңаша қарап, оқушылар өздерінің тану ерекшеліктеріне неғұрлым сәйкес келеді деп есептейтін тиімді оқыту стильдерінің жаңа тұжырымдамалары оқытудың іргетасын қалауға тиіс деген пікір кеңінен таралған. Осы қағидаттарға негізделген оқыту тәсілдері бүгінгі күнгі танымдық және метатанымдық ғылымға сәйкес әзірленген оқыту үдерісінің және білім мен түсінік алудың қазіргі негіздемелерінің нәтижелері мен рөлін неғұрлым нақты көрсетеді».

2. Әлемдік тәжірибе және саясат тарапынан қолдау

Баллантин және басқалар кәсіби қоғамдастықта жұмыс істеу:

- мұғалімдерді білім алуға және оны біріктіруге арналған мүмкіндіктермен;
- ынтымақтастықтың көптеген құрылымдарының болуын;
- икемділік пен еркіндікті;
- көптеген жағдайларда бір шешімге келмейтін проблемаларды талқылауды;
- мұғалімдерде берілген шешімдерді қабылдап қоймай, міндеттерді шешуге мәжбүрлейтін идеялардың болуын;
- мектептерге немесе университеттерге тіркелген, бірақ тәуелсіз ұйымдық құрылыммен;

- бір мектептен және бір өңірден тыс жұмыс істеу мүмкіндігін;

- қолайлы ортада тәуекелге баруға ықпал ететін реформаның жүргізілуін;

- мұғалімдердің білімі, сондай-ақ зерттеулер нәтижесінде алынған білім құнды болып саналатын пікірлестер қауымдастығын *қамтамасыз етеді деп болжайды*.

Кәсіби қоғамдастықтарды құру саяси деңгейде қолдау тауып отыр. Чапман мен Аспиннің пікірінше: «Кәсіби қоғамдастықтар саясатты іске асыру үдерісіне қолдау көрсетеді. Егер біз білім берудегі стандарттарды көтеруді жоспарлап отырсақ, онда бізге саясатты тігінен де, көрденеңінен де байланыстыруымыз қажет болады. Қоғамдастық құру осы байланысты орнату тәсілінің бірі болып табылады. Қоғамдастық ішінде білім беру саласындағы және қоғамдағы әртүрлі бірқатар мүдделі адамдардың өзара іс-қимылдарына, олардың әрекеттеріне және мінез-құлқына реформа енгізетін мәдени және тұғырлы өзгерістер қолдау табады».

Фуллан кәсіби қоғамдастықтар біздің мектептердегі жекелеген оқушылардың қажеттіліктеріне жауап беруге мүмкіндік береді деп толықтырады. Осы кәсіби қоғамдастықтар көшбасшылықтың бірлескен шараларын жүргізіп, оның жаңа нысандарын зерттеуге ықпал етеді. Олар бізге әріптестерімізбен тәжірибе алмасудың жаңа тәсілін, оқытудың тиімді әрі инновациялық тәжірибесін ұсынады. Кәсіби қоғамдастық аясында білікті мамандар тобы жақсы идеяларға қол жеткізіп, олардың өңіріндегі барлық балалар үшін өздеріне ұжымдық жауапкершілік алуға мүмкіндігі кеңеймек.

3. Кәсіби қоғамдастықты дамыту

Табысты кәсіби қоғамдастықты дамыту жігерлі әрі табанды жұмысты талап етеді. Кәсіби қоғамдастыққа тартылған адамдар бастапқы кезеңде кәсіби қоғамдастықта жұмыс істеу қызықты болғанымен, қиын екендігін ашық айтады. Құрылу кезінде құрылым құру, қарым-қатынастар орнату, жалпы мақсаттарды айқындап, құндылықтарды біріктіру сияқты бірқатар әрекеттерді орындау қажет болады.

Қоғамдастық жетістікке жетуі үшін оның шын мәнінде қажет екендігінің анық әрі нақты себебі қажет. Қоғамдастық қандай да бір заттарды қалай істесе, жақсы болатындығының жолдарын ұсынып, сынақтан өткізілген және тексерілген оқыту үдерістерінің құндылықтарын ұлғайтуға тиіс.

Табысқа қол жеткізген білім алушылар қоғамдастықтары туралы деректерді зерделеу оларды құру идеясы моральдық құндылыққа негізделу қажеттілігін көрсетті – кәсіби қоғамдастықтың құрамындағы барлық мектептерде бірлесіп жұмыс атқарсақ, балаларға барынша терең білім береміз деген сенім болуға тиіс.

Қоғамдастық аясындағы қызмет білім алуға және әртүрлі мектептерде жүріп жатқан үдерістерді біліп отыруға, сондай-ақ оқыту жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді. Мұғалімдер зерттеулерді белсенді жүргізіп, басқа мектептердегі мұғалімдердің тәжірибесіне, үдерістеріне және олардың нәтижелеріне қызығушылық танытқан жағдайда, олар өздерінің сараптамалық ой-өрісін жетілдіріп, тәуекелге баруға дайын болатыны бізге мәлім. Бұл

жалғыздан-жалғыз бар күшіңді салып істегеннен, бірлесіп оңтайлы жұмыс істеудің, сондай-ақ бүкіл кәсіби қоғамдастықтың білімін жинақтау тәсілі, ол кәсіби қоғамдастықтағы мектептің әрқайсысында білім алып жатқан балалардың барлығына әсер ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Ballantyne, P., Jackson, D., Temperley, J., Michael, J. & Lieberman, A. (2006*). Leading networks &leading the system. Accounts of practice* (Жүйені басқаратын жетекші кәсіби қоғамдастық. Тәжірибе туралы баяндамалар). Nottingham: National College for School Leadership.

2. Carter, K., & Paterson, F. (2006). *Understanding Learning Networks* (Білімалушыларқоғамдастықтарыұғымы). Nottingham: National College for School Leadership.

3. Chapman, J. D., & Aspin, D. N (2004). *Why networks and why now?* (Негекәсібиқоғамдастықжәненегетапқазір? Білімалушыларқоғамдастықтарындаоқытудыңхалықаралықперспективалары). In International Perspectives on Networked Learning, Nottingham: NationalCollege for School Leadership.

4. Department for Education and Skills. (2004). *Primary Strategy Learning Networks* (Білім алушылар қоғамдастықтарының базалық стратегиясы). London, DfES.

Қосымша әдебиеттер:

1. Department for Education and Skills. (2006). *Effective Provision for Gifted and Talented Children inPrimary Education* (Бастауыш білім беру барысында дарынды және қабілетті балалар үшін жасалған тиімді жағдайлар). London: DfES.

2. Fullan, M. (2004). *Leadership and Sustainability* (Көшбасшылық және тұрақтылық). ThousandOaks, CA: Corwin Press.

3. Hill, R., & Matthews, P. (2009). *Schools leading schools: The power and potential of National Leaders of Education* (Мектептерді басқарушы мектептер: билік және білім берудің ұлттық көшбасшыларының әлеуеті) Nottingham: National College for School Leadership.

2-тақырып. Мектептегі оқытуды басқарудағы кәсіби қоғамдастық және көшбасшылық мәселесі

1. Қоғамдастық аясындағы көшбасшылық, команда құру және басты рөлдер.

2. Білім алушылар қоғамдастықтарын басқарудың аса тиімді модельдері.

3. Жүйелік көшбасшылық.

1. Қоғамдастық аясындағы көшбасшылық, команда құру және басты рөлдер

Кәсіби қоғамдастықтағы көшбасшылық басқа мектептермен жүргізілген ынтымақтастық оларға пайда әкелетініне сенетін мектеп басшыларына байланысты. Мектеп директоры үнемі көшбасшы бола бермейтінін мойындау маңызды. Бұл жерде басқа адамдардың көшбасшылығына жағдай жасап, серіктестікке сенім білдіру туралы сөз болып отыр. Зерттеу нәтижелері кәсіби

қоғамдастықты ұйымдастыруда сәтті құрылған серіктестіктің оң ықпал ететіндігінің көптеген негізгі факторлары бар екенін растады.

Басшылық етуші топтар реформа жүргізу бағытында орындалатын жұмыстарды бағыттайды, басқарады және бақылайды. Басшылық етуші топтар әдетте кәсіби қоғамдастықты жақсарту жөнінде жоспар құру үшін жауапты болады. Сондай-ақ бұл топтар қоғамдастық қорларының бөлінуін және пайдаланылуын бақылайды әрі мүдделі адамдарды тартады.

Үйлестіруші топтар кәсіби қоғамдастықтың әртүрлі бөлімдері арасындағы қызметті реттейді. Үйлестіруші топтар мектептер арасындағы және кәсіби қоғамдастық ішіндегі бірлесіп өткізілетін іс-шараларға қатысты шешім қабылдайды.

Дамытушы топтар кәсіби қоғамдастықтың даму жоспарларында басым сала ретінде белгіленген салаларда оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіру әдістеріне назар аударады. Дамытушы топтар оқу бағдарламаларын әзірлеп, оқытудың жаңа стратегияларының қабылдануына қолдау көрсету арқылы кәсіби қоғамдастықты дамытуға өз үлестерін қосады.

2. Білім алушылар қоғамдастықтарын басқарудың аса тиімді модельдері

Тиімді білім алушылар қоғамдастықтарына арнайы құрылған басшылық қажет, олардың қандай да бір жеке мектепке арнап құрылуы міндетті емес. Кәсіби қоғамдастықтың табыстылығы (әсіресе бастапқы кезеңдерде) өзіне басқарушылық рөлді алатын адамдардың ұстанымдарына, қажырлығы мен күш-жігеріне тікелей байланысты болмақ. Ол басшылардың арасында жұмыс жүктемесін бөліп, лауазымдардың сабақтастық жоспарын әзірлеуге мүмкіндік береді, бір ғана емес, бірнеше мектептерде басшылардың болуы есебінен бірлескен жұмысты барлық деңгейде жүргізудің маңызы айғақталады.

Білім алушылар қоғамдастықтарының ең маңызды нәтижелерінің бірі басшылықтың иерархиялық емес жүйе бойынша құрылуына байланысты оларға мол мүмкіндік беріледі.

3. Жүйелік көшбасшылық

Жүйе көшбасшылары – өз мектептерінің басшылық әлеуетін арттыратын көшбасшылар, сонымен бірге олар өз мектептерінен тыс, кәсіби қоғамдастыққа кіретін мектептердегі барлық балалардың атынан қызмет атқарады.

Жүйе басшылары өздеріне, басқаларға және «жүйеге» терең мәнді сұрақтар қоя отырып, жергілікті жердегі қиындықтармен күреседі (System leaders – жүйе көшбасшылары – орталық, облыстық, аудандық білім басқармаларында/ департаменттерінде жұмыс істейтін адамдар. Алайда қазіргі кезде бұл сөздің мағынасы кеңейіп, оған кәсіби қоғамдастық аясында өзінің ғана емес, басқа да мектептерді басқаруға араласатын мектеп басшылары да жатқызылуда.

Кәсіби қоғамдастық көшбасшыларға, практиктер мен мектептерге жүйеде бар барлық білімге, тәжірибелер мен идеяларға жол ашады. Сондай-ақ кәсіби қоғамдастықтың жақсы идеяларға кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ететіндігі күмән тудырмайды. Бірақ жүйе көшбасшылары кәсіби қоғамдастықтың жай ғана тәжірибе алмасуға қарағанда, едәуір іргелі үдерістерді ұсынатындығын атап

көрсетеді. Кәсіби қоғамдастық адамдарды ынтымақтастырып, жаңа идеялар мен тәжірибелерді шоғырландыру үшін серпінді жағдай жасайды.

Кәсіби қоғамдастық– ауқымды өзгерткіштік әлеуеті бар ұйымдастырушылық нысан. Мектептерге бір біріне қарсы болу сезімін әлі де таңып келе жатқан жүйелік құрылымдарға қарамастан, жүйе көшбасшылары білім алушылар қоғамдастығында жұмыс істеуді таңдап отыр, өйткені елеулі кәсіби ынтымақтастық балалардың өмірі мен біліміне түрлендіруші өзгеріс енгізудің дара жолы болып табылады деп пайымдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Ballantyne, P., Jackson, D., Temperley, J., Michael, J. & Lieberman, A. (2006*). Leading networks &leading the system. Accounts of practice* (Жүйені басқаратын жетекші кәсіби қоғамдастық. Тәжірибе туралы баяндамалар). Nottingham: National College for School Leadership.

2. Carter, K., & Paterson, F. (2006). *Understanding Learning Networks* (Білімалушыларқоғамдастықтарыұғымы). Nottingham: National College for School Leadership.

3. Chapman, J. D., & Aspin, D. N (2004). *Why networks and why now?* (Неге кәсіби қоғамдастық және неге тап қазір?

Білімалушылар қоғамдастықтарында оқытудың халықаралық перспективалары). In International Perspectives on Networked Learning, Nottingham: NationalCollege for School Leadership.

4. Department for Education and Skills. (2004). *Primary Strategy Learning Networks* (Білім алушылар қоғамдастықтарының базалық стратегиясы). London, DfES.

Қосымша әдебиеттер:

1. Department for Education and Skills. (2006). *Effective Provision for Gifted and Talented Children inPrimary Education* (Бастауыш білім беру барысында дарынды және қабілетті балалар үшін жасалған тиімді жағдайлар). London: DfES.

2. Fullan, M. (2004). *Leadership and Sustainability* (Көшбасшылық және тұрақтылық). ThousandOaks, CA: Corwin Press.

3. Hill, R., & Matthews, P. (2009). *Schools leading schools: The power and potential of NationalLeaders of Education* (Мектептердібасқарушымектептер: билікжәнебілімберудіңұлттықкөшбасшыларыныңәлеуеті). Nottingham: National College for School Leadership.

3-тақырып. Қазіргі психологиялық менеджмент негізінде мектепті басқару принциптері

1. Басқару принципі ұғымы туралы түсінік.

2. Қазіргі мектепті басқарудың негізгі және арнайы принциптері.

3. Психологиялық менеджменттің бастапқы принциптері.

4. Қазіргі мектепті басқаруда халықтық педагогика материалдарына негізделген принциптер.

*1. Басқару принципі ұғымы туралы түсінік.*Басқару принципі дегеніміз – менеджмент субъектісінің басқару функцияларын жүзеге асыруда жетекшілікке

алатын негізгі идеялары мен ережелері. Принциптердің сақталуы басқару заңдылықтарының орындалуын қамтамасыз етеді. Басқару принциптерін теориялық тұрғыдан айқындаған Ф.Тейлор, А.Файоль (20ғ.басы). Бұл ғалымдардың ұсынған принциптері: еңбек бөлінісі және мамандандыру, өкілеттіліктер, тәртіптілік, басқаруды орталықтандыру, іс-әрекеттер бірлігі, жеке мүдделердің ортаққа бағыныштылығы, еңбекке сыйақы төлеу, т.с.с.

Басқару теориясының өзгерістерге ұшырап, әлеуметтік менеджменттің қалыптасу барысында (1980-1990) жаңа принциптер пайда болды. Олар басқару ісіндегі негізгі бағытты әкімшілік ықпалдардан адамаралық қатынастарға ауыстырып, әлеуметтік-психологиялық тәсілдердің маңызын арттырды.

Аталған принциптерді негізгі ала отырып, ғалымдар педагогикалық менеджмент теориясында бірқатар принциптерді ажыратып көрсетеді:

- мақсат нақтылығы (жоспарлау, ұйымдасытру, бақылау істерінің негізі ретінде);
- басқаруды гуманизациялау және демократиялау; біртұтастық және жүйелілік;
- ғылыминегізділік, объективтілік және т.б.

2. Қазіргі мектепті басқарудың негізгі және арнайы принциптері.

Бұл принциптерді шартты түрде төрт үлкен топқа бөлуге болады:

1) негізгі принциптер:

- жүйелілік – менеджменттің жүйе құрушы компоненттерінің құрылымдық (мақсат, коммуникация, мазмұндық-ұйымдастырушылық, талдау-жинақтау) және функционалдық (жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау) бірлігін қамтамасыз етуді көздейді;
- мақсат нақтылығы – түпкілікті мақсаттың анық белгіленуін қамтамасыз етіп, барлық басқару функцияларының негізі болып табылады; (оны сақтамау оқыту процесіне үлкен пед.ж.әлеум.зиян келтіреді; «100пайыздық үлгерім» лозунгтік мақсат пен нақты жағдай арасындағы қайшылық). Мақсат болжауда ескерілетін маңызды факторлар: тиімділік, шынайылық (ақиқатқа сәйкестік), әлеуметтік маңыздылық, перспективтілік. Принциптің аспектісі – басқару объектісінің нақты жағдайы туралы толық және объективті ақпараттың болуы;
- жоспарлылық принципі – ұйымның келешекте даму жоспарын құру, оған жету жолдарын, бағыттарын, міндеттерді жоспарлау қажеттігі;
- құқықтар мен міндеттердің, жауапкершіліктің үйлесімділігі – ұйымдағы әрбір қызметкердің атқаратын нақты іс-әрекеттері белгіліп, өз міндеттерінің орындалуы үшін жауапты болуы тиіс;
- ынталандыру принципі – менеджер тарапынан мадақтау және жазалау жүйесі неғұрлым мұқият жүзеге асырылса, қызметкерлерді мақсатты іс-әрекетке ынталандыру бағдарламасы соғұрлым нәтижелі болады:
- басқаруды демократияландыру принципі – басқару ісіне барлық қызметкерлерді қатыстыру.

3. Психологиялық менеджменттің бастапқы принциптері.

Білім мекемесін басқару туралы қалыптасқан дәстүрлі түсінік: басқару субъектісінің басқарылатын жүйені (объектіні) жаңа сапалы дәрежеге көшіру,

жаңа жағдайға икемдеу үшін осы жүйеге әсер етуі; педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру элементтерін енгізу, т.б. Қазіргі кезде «әсер ету» философиясы «өзара әсер ету», «әрекеттестік», «рефлексивті басқару» философиясымен ауысып отыр.

Менеджмент үшін аса маңызды жағдайлар мыналар:

1. Ұйым – бұл ішкі және сыртқы орта факторларының бірлігінде қарастырылатын ашық жүйе.

2. Өнім мен қызметтің көлеміне емес, сапасына, тұтынушыларды қанағаттандыруға бағдарлану.

3. Басқаруға ситуациялық (жағдаяттық) көзқарас, сыртқы орта жағдайларына жылдам бейімделуді қамтамасыз ететін жедел және сәйкес әрекеттер басымдылығы.

- перспективтілік - ұйымның келешектегі орны мен рөлін анық түсіну; стратегиялық жоспарға сәйкес жұмыс жасау;
- өзін-өзі дамыту - жеке жұмыстың сапалылығын және тұлғаның өзін-өзі үнемі жетілдіруін қамтамасыз ету;
- келісімділік - менеджерлердің топтық жұмысқа тікелей қатысуы – өзара келісімділік пен біртұтастықтың негізгі шарты;
- табысқа (кіріске) үлестілік - әрбір қызметкердің жалпы нәтижелердегі (премия, девиденд, бонус) үлесі – материалдық мүдделілік құралы;
- адалдық - қоғамдық мораль нормаларын сақтау, адамдарға адалдықпен және сеніммен қарау;
- әдептілік - іскерлік әдептілік пен ұйымның ішкі философиясын сақтау.
- жауапкершілік принципі «өз жұмысыңды істе, бағынушы үшін оның жұмысын жасама»;
- ынтымақтастық принципі «орындалуы тиісті жұмысты, бірге атқарамыз»;
- жарысупринципі «басқадан да жақсыжаса»;
- кері байланыс принципі «өзің білсең, өзгені үйрет»;

Бақылау сұрақтары:

1. Басқару принциптері ұғымына түсінік беріңіз.
2. Басқарудың негізгі принциптерін атаңыз, оларға түсінік беріңіз.
3. Басқарудың арнайы принциптеріне сипаттама беріңіз.
4. Басқарудың инновациялық принциптерін атаңыз, оларға түсінік беріңіз.

Негізгі әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 156 бет

2. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық /К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б.

3. Әлқожаева Н.С. Педагогикалық менеджмент. – Алматы: Рауан, 2015. – 198 бет

4. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Гвишиани Д.М. Организация и управления. - М., 2012.
2. Якокка Л. Карьера менеджера. - М., 2011.
3. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М., 2010г.

4 тақырып. Қазіргі мектепті басқарудың негізгі функциялары

1. Қазіргі мектепішілік басқарудағы педагогикалық талдау.
2. Қазіргі мектеп басқаруға байланысты мақсат белгілеу және жоспарлау.
3. Мектеп жұмысы жоспарының түрлері және оған қойылатын негізгі талаптар.
4. Қазіргі мектеп басқарудағы ұйымдастырушылық қызмет.

1. Қазіргі мектепішілік басқарудағы педагогикалық талдау.

Педагогикалық талдау басқару циклы құрылымында ерекше орын алады: бір-бірімен байланысқан функциялардан тұратын кез-келген басқару циклы талдаудан басталып, талдаумен аяқталады. Басқару қызметінің жалпы тізбегінен педагогикалық талдауды алып тастау оның күйреуіне жол береді, өйткені жоспарластыру, ұйым-дастыру, бақылау, реттеу функцияларына өз кезегінде талдау жасалмаса ол логикалық қорытындыға жете алмайды. Педагогикалық талдау педагогикалық басқару процесінде тікелей емес, оқу-тәрбие барысында іске асырылатын болғанықтан мұғалім сабақ, тәрбиелік туралы өткізер алдында соған тікелей қатысты болатын педагогикалық жағдайдың негізгі элементтерін ескеруі және жан-жақты талдауы тиіс.

Педагогикалық талдаудың түрлері мен мазмұны

Педагогикалық талдау жүйесі мынадай мақсаттарды көздейді:

1. Мұғалімнің жұмыс жүйесін зерттеу.
2. Оқыту қызметіндегі позитивті тенденцияларды дамыту.
3. Кемшіліктерді біртіндеп жою.
4. Озат педагогикалық тәжірибені анықтау және жалпылау.
5. Талдау негізінде мұғалімдерге нақты әдістемелік және өзге қажетті көмек көрсету.
6. Оқу-тәрбие процесін жетілдіру және оңтайландыру мақсатында жеке, топтық, ұжымдық әдістемелік жұмыс түрлерінің мазмұны мен бағыттарын анықтау.
7. Оқушылардың нақты мүмкіндіктерін және таяу даму зоналарын оқып зерттеу.

Мектеп туралы ақпараттық анықтаманы талдау:

1. Оқушылар саны.
2. Ауысымдар саны және олардағы сыныптар.
3. Білім алу сатылары бойынша сыныптар саны.
4. Мұғалімдер саны (жалпы саны және білімі, санаты, атағы, еңбек өтілі, жынысы, т.б. сипаттамалары бойынша жіктелген саны).
5. Мұғалімдердің орташа жасы.
6. Мектептің жұмыс тәртібі (бес күндік, ұзартылған, т.б.).
7. Сыныптар бойынша сабақтардың ұзақтығы.

8. Материалдық-техникалық базаның жағдайдайы (спорт залдары, стадитон, акт зал, асхана, оқу кабинеттерінің саны және жабдықталуы, кітапхана қоры, медициналық көмек кабинеттері, т.б.).

9. Сабақтан тыс тәрбие жұмысының сипаттамасы (мектеп базасындағы үйірмелер, клубтар, секциялар, т.б.).

10. Мектеп тарихы, қалыптасқан дәстүрлер туралы қысқаша ақпарат.

11. Оқушылар контингентінің сипаттамасы (жынысы, отбасының әлеуметтік құрамы, ұлты, денсаулық жағдайы, оқудағы табыстары және т.б. маңызды параметрлер бойынша).

12. Социум сипаттамасы (мектептің орналасқан жері, оның маңайындағы мәдени-ағартушылық, спорттық, т.б. мекемелер, сауда орындары және т.б.)

13. Ғылыми орталықтармен, жоғары оқу орындарымен, біліктілікті арттыру институттарымен шығармашлық байланыс сипаты.

14. Соңғы оқу жылындағы оқу-тәрбие процесі нәтижелерінің қысқаша қорытындысы.

15. Мектептің аса мәнді жетістіктерінің, неғұрлым «әлді» жақтарының сипаттамасы (менеджментте бұл – ұйымның бәсекедегі басымдылықтары деп аталады).

16. Мектептің басқару жүйесінің сипаттамасы (ұйымдық механизм) және т.б.

Мектеп басқаруға байланысты мақсат белгілеу және жоспарлау

Басқару қызметінің мақсаты – жұмыс түрлері мен тәсілдерін, оның жалпы бағыттарын айқындайтын бастау. Педагогикалық жүйеде мақсат қоюдың ерекшелігі бұл жерде қоғамның объективті талаптарын білу жеткіліксіз. Бір жерде басқару әрекетінің жалпы мақсаттарын оқушылардың жас ерекшелігі мен дербес-психологиялық ерекшеліктерін ескеріп белгілеу орынды. Жалпы мақсатты жан-жақты тармақталған «ағашқа» теңейтін болсақ «басты» мақсат оның діңі болып шығады. Сондықтан оның педагогикалық процестің басты мақсаты жекелеген мақсаттардың іске асуы есебінен нәтиже беретінін ұмытпау қажет.

Жоспарлаудың міндеттері:

- мемлекеттік органдардың өскелең ұрпақты тәрбиелеу және оқыту мәселелері жөніндегі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- педагогикалық ұжым қызметіндегі маңызды мәселелерді айқындау;
- нақты іс-шараларды, олардың орындаушылары мен мерзімдерін белгілеу;
- ұйым қызметіне ғылыми негізделген тәртіп енгізу арқылы оны реттеу;
- ұжым мүшелерін жауапкершілікке тәрбиелеу.

Мектептегі басқаруды жоспарластыру зерттейтін құбылысқа жасалған педагогикалық талдаудың негізінде іске асатын мақсатты бағдарлама деп білеміз. Бұл жерде жоспар түрінде қабылданған шешім ұзақ перспективаға арналуы, шұғыл, адамдағы істерді шешуге бағытталуы мүмкін. Осыған байланысты мектеп жұмысының жоспарын перспективалық, жылдық, ағымдағы деп бөліп қарастырамыз.

3. Мектеп жұмысы жоспарының түрлері және оған қойылатын негізгі талаптар

Жоспарлауға қойылатын талаптар:

- іс-әрекет құрамының толықтығы (мақсаттарға қол жеткізуге қажетті барлық іс-шаралардың мазмұнын толық көрсету);

- біртұтастық, реттілік (іс-шаралар арасындағы байланыстар мазмұны және мерзімі жағынан өзара келісімде болуы тиіс);

- ресурстық тепе-теңдіктің сақталуы (іс-шараны орындауға қажетті материалдық, қаржылық, техникалық, әдістемелік, т.б. мүмкіндіктердің болуы);

- бақылау мүмкіндігінің болуы (орындалу барысы туралы аралық есеп беру).

Мектеп жұмысының практикасында *жоспардың негізгі үш түрі* кең қолданылады: *перспективалық, жылдық* және *ағымдық*.

Перспективалық жоспар мектепті соңғы жылдардағы жұмыстарына терең талдау жасау негізінде бес жылға жасалады.

Педагогикалық ұжымның және мектеп әкімшілігінің барлық жұмыс бағыттарын қамтитын негізгі жоспарлау түрі – жылдық жұмыс жоспары.

Ұйымның жылдық жұмыс жоспарын жасауда білім менеджері мынадай мәселелерді ескеруі тиіс:

1. Ұйым мақсатына қол жеткізу үшін не істеу керек?
2. Оны қашан және қандай мерзімде істеу керек?
3. Орындаушы кім?
4. Қандай ресурстар бар?
5. Іс-шараларды орындау тәсілдері қандай?
6. Орындаушы кімдермен қатынаста болуы керек?
7. Іс-шараға қатысты әрекеттерді кім басқарады?
8. Орындау барысы мен нәтижесін кім бақылауды?
9. Міндеттердің орындалу өлшемдері қандай?

Мектептің жылдық жұмыс жоспарының үлгі мазмұны

Мектептердің жылдық жоспарларының түрлі нұсқаларын жинақтай келіп, жоғарыда жоспарластыруға қойылған талаптарды ескеріп, жылдық жоспардың мынадай үлгі жоспарын көрсетуге болады:

1. Мектеп жұмысының өткен оқу жылының қысқаша қорытынды талдауы және жаңа оқу жылының міндеттері.
2. Мектеп ұжымының жалпы білім қорының жұмысын атқаруы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 156 бет

2. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық /К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б.

3. Әлқожаева Н.С. Педагогикалық менеджмент. – Алматы: Рауан, 2015. – 198 бет

4. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Гвишиани Д.М. Организация и управления. - М., 2012.

2. Якокка Л. Карьера менеджера. - М., 2011.

3. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М., 2010г.

5-тақырып. Білім менеджерінің басқарушылық функциялары

1. Білім беру мекемесі басшысының қызмет бағыттары (функциялары).

2. Мектеп басшысының басқару мәдениеті.

3. Мектептің педагогикалық ұжымы, оның ерекшеліктері.

4. Басшылық стилі ұғымы, оны қалыптастыру факторлары

1. Білім беру мекемесі басшысының қызмет бағыттары (функциялары)

Жалпы білім беретін оқу орнының директоры мынадай функциялық міндеттерді атқарады:

- мемлекет пен қоғам алдында балалар құқын қорғау талаптарының орындалуына жауапты;

- оқу-тәрбие процесін жоспарластырады және ұйымдастырады, оның орындалу барысын және нәтижесін қадағалайды, оқу орнының тиімді және сапалы жұмыс істеуіне жауап береді;

- мемлекеттік және қоғамдық органдар алдында мектептің мүддесін танытады;

- мектептен тыс және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қажетті жағдай туғызады;

Басшылық стилі ұғымы, оны қалыптастыру факторлары

Адам факторына ерекше көңіл бөлген алғашқы авторлардың бірі Д.Мак Грегор болды. Ол өзінің «Кәсіпорынның адамгершілік жақтары» кітабында басшылықтың өктемшілдік (автократиялық) және либералдық (демократиялық) түрлерін ажыратып көрсетеді. Ол жұмыскерлерге өктемшілдік басшылықты «Х» теориясы деп атады. Бұл теория бойынша басшылар өз қарамағындағылар туралы былайша ойлайды:

1) қабілеті орташа адамдарда жұмысты жек көрушілік сезім басым болады, олар ебін тауып содан қашқақтауға тырысады;

2) Адамдарда осындай қасиет басым болғандықтан, оларды бақылау, жазалау арқылы жұмыс істеуге мәжбүрлеу керек, осындай күш-жігер жұмсау нәтижесінде ұйым мақсатына жету қажет;

3) Қабілеті орташа адамдар өзіне басшылық ету тиіс деп санайды, олар жауакершіліктен қашқақтайды.

Басшы жұмысының стилі – оның басқару процесінде пайдаланатын тәсілдерінің, амалдарының, іс-әрекеттерінің жиынтығы. Басшының дербес және жалпы стилі болады. Дербес стиль – нақты құбылыс, оны түгелдей, егжей-тегжейлі қайталауға болмайды. Дербес стиль алуан түрлі объективтік факторлардың ықпалымен қалыптасады:

1) іс-әрекет сипаты;

2) басшы мен бағыныштылар арасындағы байланыс;

3) психологиялықерекшеліктер;

4) орындау тәртібінің жағдайы жәнет.б.

Стильдің қалыптасуы – ұзаққа созылатын, күрделі процесс.

Стиль дегеніміз әлеуметтік құбылыс, себебі онда, біріншіден, басшының көзқарасы мен сенімі бейнеленеді, екіншіден, ол, түптеп келгенде, жүйенің қалыпты жұмыс істеуінің ақырғы нәтижесін ойластырады.

Мәселен, Х.Кох (Германия) басшы стилін былайша бөледі:

2. Бір жақты автократтық стиль;

3. Билікті біркелкі қолдана отырып басқару стилі;

4. Өндіріс процесіне немесе тұтастай жұмыс процесіне біркелкі қатыса отырып басқару стилі;

5. Парламенттік сипаттағы басқару стилі;

6. Бағыныштылар, негізінен, дербес, жоғарға басшылардың тікелей қатысуынсыз -ақ әрекет ететін басқару стилі.

АҚШ-та мынадай стильдер белгілі:

1. Қызметті беру стилі – әрбір қызметкерге өзі басқара алатын нақты істі тапсыруды көздейді. Бұл қызметкер өзіне бекітілген іске толық жауап береді, ал оның бастығы басқару жауапкершілігін саналы түрде шектейді.

2. Міндетті бөлісіп басқару – басшы мен бағыныштылар алдағы міндеттерді бірлесіп қарастырады да, әрбір адамның міндет аясы белгіленіп, нәтижесіне орай жауапкершілігі айқындалады.

3. Ерекшелеу тәсілімен басқару – басшының міндеті өз қызметкерлерінің мүмкіндікті тиімді пайдалауына қолайлы жағдай туғызу болып саналады.

Төменгі лауазымдағы қызметкерлер белгіленген еңбек нормасына және жұмыс нәтижесін бағалау өлшемдеріне сәйкес көмек қажеттігін хабарлайды, ал көмек қажет болса, оның уақытын мәлімдейді.

4. Жүйені ретке келтіру арқылы басқару – белгіленген тәртіпті қатаң басшылыққа алу, жұмыс процестері мен еңбек тәсілдерінің шаруашылық-экономикалық қызметін жеңілдету көзделеді.

Авторитарлық стильде (Батыста мұны тиімсіз деп есптейді және де ол мүлде кездеспейді) шешімді бір адам қабылдайды, ол жарлық, бұйрық түрінде келеді («менің айтқаным бойынша істе»). Бұйрық талқыланбайды, күдіктенуге құқығың жоқ.

Авторитарлық стильдің алуан түрлі нышаны болады:

- патриархалдық: барлық «отбасы мүшелері» басшыға бағынуы тиіс, ал басшы бағыныштыларын «әлі жетілмеген» деп есептейді;

- харизматикалық (харизм – құдай шапағаты): лидерді ең көрнекті, дана деп есептейді, ал ол бағыныштыларына өте қатал, аяусыз, оларға қамқорлық жасауды қажет деп санамайды;

- автократтық: жеке адамдардан гөрі институтқа (мемлекетке, кәсіпорынға) тән. Басшылықты аппараттағы бағынышты инстанциялар арқылы жүзеге асырып жанама түрде автократтық шешімді жүзеге асырады;

- бюрократтық (төрешілдік) – басқару «биліктің кімнің қолында» екендігін дәлелді түрде анық көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Демократтық стильде (Батыста кооперативтік стиль деп аталады) мәселенің көпшілігі ұжымда талқыланып, сонда шешіледі, бұйрықтар осындай талқылаудан кейін беріледі. Проблеманың көпшілігі (мадақтау немесе жазалау, жұмысқа қабылдау немесе шығару, т.б.) ұжымда шешіліп, содан кейін бекітіледі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 156 бет

2. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық /К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б.

3. Әлқожаева Н.С. Педагогикалық менеджмент. – Алматы: Рауан, 2015. – 198 бет

4. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Гвишиани Д.М. Организация и управления. - М., 2012.

2. Якокка Л. Карьера менеджера. - М., 2011.

3. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М., 2010г.

6-тақырып. Мектепті басқару құрылымындағы мектепішілік бақылау

1. Мектепішілік бақылау, оның мақсаты мен міндеттері.

2. Мектепішілік бақылаудың құрылымы, түрлері және әдістері.

1. Мектепішілік бақылау, оның мақсаты мен міндеттері.

Мектепішілік бақылау (педагогикалық бақылау) жүйесі мыналарды қамтиды:

- сабақтарды бақылау (қай пән, қай сынып, қай мұғалім, қандай мақсатпен; нәтижелері қайда қаралады);

- оқушылардың білім сапасын бақылау (бақылау жұмыстарының түрлері, қай сыныптар, қандай пәндер, нендей мақсатпен);

- мектептің тазалық-гигиеналық жағдайын бақылау;

Мектептану әдебиетінде (М. Л. Портнов, Т. И. Шамова, Н. А. Шубин және т.б.) мектепішілік бақылау мазмұнына мынадай бағыттарды қосады:

- жалпыға бірдей білім берудің ұйымдық-педагогикалық мәселелерін орындау;

- оқу бағдарламалары мен мемлекеттік білім стандартының орындалу барысы және сапасы;

- білім сапасы, оқушылардың ептілігі мен дағдысы;

- оқушылардың тәрбиелілігінің деңгейі;

- білім, тәрбие және оқытудың дамытушылық қызметін іске асыратын оқу пәндерінің берілу жайы;

- сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жайы мен сапасы;

- педагог кадрлармен жұмыс;

- оқушыларды тәрбиелеудегі мектептің, отбасылық және жұртшылықтың бірлескен әрекетінің тиімділігі;

- нормативті құжаттар мен қабылданған шешімдердің орындалуы.

2. Мектепішілік бақылаудың құрылымы, түрлері және әдістері

Қазіргі кезде мектепішілік бақылаудың құрылымы, түрлері мен әдістерін жіктеу мәселесі пікірталас деңгейінде қалып отыр. М. Л. Портновтың «Мектеп басшысының еңбегі» деп аталатын кітабында тексерудің үш түрін бөліп көрсетеді: алдын-ала, ағымдағы, қорытынды:

- алдын-ала бақылау – белгілі бір процедуралар, ережелер түрінде жүргізіледі (сабақ жоспарын, материалдарын қарау, сабақ түсіндіру, оны бекіту тәсілдеру туралы әңгімелесу);

- ағымдық бақылау – нақтылы жұмыс барысында жүргізіледі (сабаққа, сабақтан тыс жұмыстарға қатысу);

- қорытынды – белгілі бір уақытқа созылған жұмыс аяқталғанда жүргізіледі (тоқсан, жыл соңында);

Тиімді бақылаудың принциптеріне жүйелілік пен жан-жақтылық және мақсаттылық жатады. Бақылау барысында тек кемшіліктерді ашып қана қоймай, оларды жою шараларын да қарастыру қажет. Бақылауды жүзеге асыруға басшы тікелей жауап береді. Сондықтан бақылай білудің маңызы зор. Кейде жөн-жосықсыз бақылау салдарынан біреудің жұмысына килігу, наразылық туғызу кездеседі. Бақылау барысында мұндай қателіктерге жол бермеу үшін, білім менеджері мынадай қағидаларды есте сақтауы қажет:

- бақылау қақтығысқа әкелмеуі тиіс;

- жаппай бақылау ұқыпсыздыққа ұшыратады;

- жасырын бақылау реніш тудырады;

- сенбегенің үшін бақылауға болмайды;

- бақылау сырт көзге көріну үшін істелмейді;

- бақылау қорытындыларын іште сақтама.

Бақылау сұрақтары:

1. Мектепішілік бақылаудың мақсаты мен міндеттерін анықтаңыз.

2. Педагогикалық бақылаудың негізгі түрлеріне сипаттама беріңіз.

3. Мектепішілік бақылау әдістерін атаңыз, олардың өзара байланысын көрсетіңіз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 156 бет

2. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық /К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б.

3. Әлқожаева Н.С. Педагогикалық менеджмент. – Алматы: Рауан, 2015. – 198 бет

4. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Гвишиани Д.М. Организация и управления. - М., 2012.

2. Якокка Л. Карьера менеджера. - М., 2011.

3. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М., 2010г.

7-тақырып. Психологиялық менеджмент саласындағы «Лидерлік» мәселесі

1. Лидерлік және харизма.

2. Сәттілікке жетудің факторлары.

2. Мансапқа жету жолындағы «Жетістік Формуласы».

Лидер (ағылш. leader – жетекші) – 1) топ өзі үшін мәнді жағдаяттарда топ мүшелерінің мінез-құлықтарына әсер ететін адам. Жауапты шешімдер қабылдау құқығын топ мүшесі таныған, яғни топтағы бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда және қарым-қатынастарды реттеуде нақты орталық рөл атқаратын беделді тұлға;

2) саяси партияның, қоғамдық ұйымның және т.б. басшысы; ресми немесе бейресми болуы мүмкін. Лидердің ықпалы балалар, әсіресе жасөспірімдер арасында өте жоғары болады. Сондықтан ұжымның нағыз лидерін анықтап, оны өз жағына тарта білу тәрбиешіден үлкен шеберлікті талап етеді. Ресми лидерлік — ұжымның бірлігін қамтамасыз етіп, оның іс-әрекетін қоғам мүддесіне сай жүргізеді. Егер ол ресми басшылықтың іс-әрекетімен келіспесе, ресми басшылар мен ұжым арасында немесе ұжымның өз ішінде алауыздық туғызып, жікке бөлуі мүмкін.

Харизма – (charisma - тарту) – жеке тұлғада оған бас игізетіндей және оның мүмкіндіктеріне сөзсіз сенетіндей қасиеттер бар деп білу. Бұл фонемон топтасу процесінде өз мұраттарын жеке бір адамға түгелдей дарыған деуге бейім шағын және әсіресе үлкен топтарға тән.

Мансапқа жету жолындағы: Жетістік Формуласы.

1. Жетістік дұрыс ой-пікірі, идеясы.

2. Әрдайым белсенді болыңыз!.

3. Қалай тәжірибе жинақтауды игеріңіз!

4. Өзінің жұмысын білу.

5. Өз күшіне сену.

6. Жетістіктің дамудының жоғарғы әрі жалпы деңгейі.

Сонымен, сәтілікке жетудің мынадай факторларын айтып өтуге болады:

- қабілеттілікті басқару;

- шығармашылық потенциалы;

- әріптестерімен қарым-қатынасы және әрине Жетістікті игеру;

Бірақта дұрыс ой-пікір, жұмысты білу,өз күшіне сену, ерік-жігерінің жоғары деңгейде дамуы жұмыс барысын соңына дейін жеткізеді және ол басты рөлді ойнайды. Егерде Сіз осыған тән сипаттарды өз бойыңызға сіңіріп, оны ары қарай дамытсаңыз, сіздің сәтілікке жетуде мүмкіндігіңіз пайда болады. Соған сеніңіз, яғни күндердің бір жақсы бір күнінде Сіз әлбетте өзіңіздің тегіңізді анықтамадан көріп «Кім екен, бұл кім» - деп таң қаласыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 156 бет

2. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық /К.Д.Бузаубакова. Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б.

3. Әлқожаева Н.С. Педагогикалық менеджмент. – Алматы: Рауан, 2015. – 198 бет

4. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Гвишиани Д.М. Организация и управления. - М., 2012.

2. Якокка Л. Карьера менеджера. - М., 2011.

3. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М., 2010г.

ҚОСЫМША В

Д. Джуранның «Сапаны жоспарлаудың жол картасы» бойынша өзіндік тұрғыдан ішкі сапаны жақсартуға байланысты сапаны жоспарлаудың жол картасы

Жасалатын іс-шара	Жауапты тұлға	Нәтижесі	Орындалу мерзімі
Сапаны жақсартудың жоспарын құру	Кафедра меңгерушілері, орынбасарлары	Нақты жоспар	Оқу жылының басы
Өз тұтынушыларын анықтау	Кафедра меңгерушілері	Тұтынушылардың сұранысы айқындалады	Үнемі
Оқытылатын пәндерге талдау жасау	Ішкі сарапшылар	Білім беру бағдарламалары	Үнемі
Пән мазмұнын игергендігін айқындау (шығармашылық тапсырма)	Пән оқытушысы	Пән бойынша қалыптасатын құзыреттіліктер	Семестрден кейін
Материалдық техникалық базаны жетілдіру	ЖОО	Техникалық қамтамасыз ету	Үнемі
Пән бойынша әдебиеттердің оқылуын қадағалау	Пән оқытушысы	Пән бойынша нақты әдебиет оқылады	Пәнді игеру мерзімінде
Оқытушы мен студенттің жылы қарым-қатынасы	Пән оқытушылары	Педагогикалық үдерістің тиімділігі артады	Үнемі
Ақылдасу сабағын өткізу	Пән оқытушылары	Тәжірибе жинақтайды	Үнемі
Пәндер жинағы бойынша сұрақ-жарыс ұйымдастыру	Пән оқытушылары	Пәндер бойынша білімі жетілдіріледі	Семестр соңында
Сұраныс бойынша жұмыс жасау	Бітіруші кафедра	Сұранысқа жауап бере алатын маман	Оқу мерзімі

ҚОСЫМША Г
Оқытушылардың кәсіби дайындығы мен жеке тұлғалық сапаларын диагностикалау
Сауалнамасы

Мақсаты: профессорлық-оқытушылық құрамның теориялық білімі мен практикалық дағдыларының деңгейін анықтау, оның педагогикалық қызметке қажетті жеке қасиеттерін дамыту.

Көрсетілген аспектілерді 10 балдық шкала бойынша сандық көрсеткіштермен бағалаңыз:
9-10 ұпай – бұл сипаттама басым көрінеді;
6-8 ұпай – негізінен көрінеді;
4-5 ұпай – толық емес көлемде көрініс табады;
0-3 ұпай-әлсіз көрінеді немесе көрінбейді.

Педагогикалық қызмет аспектісі	**Өзін-өзі бағалау**									
1 Оқыту	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**
Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау принциптерін ескере отырып, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу қабілеті										
Білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлей білу										
Бакалавриат білім алушыларымен цифрлық технологияларды пайдалана отырып кері байланыс орнату мүмкіндігі										
Мамандықтағы инновацияны оқу процесіне экстраполяциялау мүмкіндігі (жоғары білім беру бағыты бойынша)										
ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми үдерісін жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптарын білу										
Оқыту психологиясын білу										
Мамандық саласындағы заманауи тенденцияларды білу (Жоғары білім беру бағыты бойынша)										
Тәжірибеге бағдарланған оқыту әдістері мен технологияларын білу										
2. Ғылыми-зерттеушілік	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды /										

шығармашылық жобаларды орындауға қатыса алу										
Ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыра білу										
Бакалавриат білім алушыларының ғылыми-зерттеу/ғылыми-шығармашылық қызметі мен жариялау белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдана білуі										
Ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс жасай білу										
Ғылыми зерттеулердің әдіснамасын білу										
Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде этикалық нормаларды білу										
Ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білу										
Білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің ерекшеліктерін білу										
3.Ғылыми-әдістемелік	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**
Оқу-әдістемелік жұмысты жүргізе және әдістемелік құзыреттілікті дамыта білу										
Кәсіби біліктілігін арттыра білу										
Бакалавриаттың семинар / практикалық сабақтарын өткізу кезінде пәндік саладағы психологиялық-педагогикалық білім мен білімнің интеграциясын қамтамасыз ету қабілеті										
Оқытудың заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) технологияларын қолдана білу										
Жоғары білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді (оның ішінде ұлттық біліктілік жүйесіндегі) білу										
Психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен принциптерін білу										
Заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологияларын білу										
Білім алушылардың академиялық және жеке жетістіктерін педагогикалық диагностикалау тәсілдерін меңгеру										
4. Әлеуметтендіруші	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**
ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдастырушылық мәдениетті қолдау және дамыта білу										

Білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ете білу										
Білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру мүмкіндігі										
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтай білу										
Педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясын білу										
Педагогикалық аксиологияны білу										
Жастар ортасы мен қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамаларын, стратегияларын, тетіктерін білу										
Мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігін білу (Жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша										
5.Жеке тұлғалық	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**
Білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарта білу										
Болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарта білу										
Шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл отрядтар, Скауттар) және ұйымдардың саясаттары мен стратегияларын білу										
Адамгершілік-этикалық қасиеттерді дамыту (эмпатиялық, тұлғаның икемділігі, ынтымақтастыққа қабілеттілік, эмоционалды тартымдылық)										
Дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлей және енгізе алу										
Коммуникативті, қабылдау және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту										
Психикалық және физикалық денсаулық жағдайы деңгейі										
Қарым-қатынас мәдениеті, педагогикалық әдептілік деңгейі										

ҚОСЫМША Д

Оқытушының білім сапасын ішкі бағалауға практикалық дайындық деңгейін анықтауға арналған сауалнама

Құрметті әріптестер! Өзіңіздің дайындығызды ұсынылған критерийлермен 10 балдық шкала бойынша бағалаңыз

9-10 ұпай – бұл сипаттама қатты көрінеді;
6-8 ұпай – көп тұстарда көрінеді;
4-5 ұпай – толық емес көлемде көрініс табады;
0-3 ұпай-әлсіз көрінеді немесе көрінбейді.

Бағалау аспектілері	Өзін-өзі бағалау									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Мен қолданбалы дағдыларды игеру үшін оқытуды ұйымдастырамын										
2. Менің курстарым жеке білім беру нәтижелерін дамытуға бағытталған										
3. Менің курстарым пәндік білім беру нәтижелерін дамытуға бағытталған										
4. Менің курстарым көбірек метапәндік білім беру нәтижелерін дамытуға бағыт-талған										
1. 5. Мен өз сабақтарымда физикалық дағдылар (hardskills) және ақыл-ой қабілет-тері (soft навыки) арасындағы тепе-теңдікті сақтаймын										
6. Мен теңдік пен қолжетімділік принципіне негізделген оқытуды ұйымдастырамын										
7. Мен оқу үдерісін студенттердің оқуды жалғастырушы ретінде мүмкіндіктерін дамытуға және кеңейтуге басымдық берілетіндей етіп ұйымдастырамын										
8. Оқытудың өнімділігі мен тиімділігін арттыру үшін ақпарат пен коммуникациялық технологияларды қолданамын										
9. Мен студенттердің жеке ерекшеліктері мен мәдени бастамаларын мойындаймын										
10. Менің силлабусымда студенттердің жұмыс түрлері бойынша күтілетін нәтижелерді бағалау индикаторлары нақты анықталған										

11. Мен жасаған барлық бақылау-өлшеу құралдары объективті, ашық, шынайы										
12. Менің сабақтарымдағы академиялық жетістіктерді бағалау жүйесі абсолютті шынайы деп санаймын										
13. Мен өткізетін сабақтар тәжірибеге және тәжірибеде білімді қолдануға бағытталған										
14. Университеттегі оқу процесі жастардың академиялық дағдыларын және цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталуы керек деп санаймын										
15. Мен жобалаған оқыту студенттерді ақпарат іздеуге және зерттеу дағдыларын дамытуға шақырады										
16. Менің оқудағы өзара әрекеттесуімнің дизайны ғылыми тәсілді белсенді қолдануға мүмкіндік береді										
17. Оқу сабағымды құру барысында мен барлық оқу-әдістемелік және жеке ресурстарды толық пайдаланамын										
18. Мен әртүрлі оқыту технологияларын белсенді қолданамын										
19. Автордың жеке технологиялары мен оқыту әдістерін қолдануға көңіл бөлу орынды деп санаймын										
20. Менің білімім мен біліктілігім университетте білім беру сапасын қамтамасыз етудің жаңа талаптарына жауап береді										

ҚОСЫМША Е
Оқытушы-профессорлар құрамына арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсының бағдарламасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Zhanibekov UNIVERSITY 1937

БЕКІТЕМІН
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Тарих және филология факультетінің деканы
_____Г. Б. Таутаева
«___» _____2025ж.

Оқытушы-профессорлар құрамына арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсының БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі: 2 апта
Жалпы сағат саны: 72

Шымкент 2025 ж.

АНЫҚТАМАЛАР

Жоғары білім – маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады, оның өзін-өзі жетілдіруіне түрткі бола отырып, өзіндік сананың ғылыми-әдіснамалық құрылымын қалыптастырады.

Сапа – болжанған және нақтыланған қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілеттеріне қатысты объект қасиеттерінің жиынтығы (ИСО 9000:2000 стандарты).

Сапа объектісі – іс-әрекет не үдеріс, оның не қызмет көрсету (іс-әрекет не үдеріс нәтижесі алу).

Жоғары білім беру сапасы – жоғары білімнің (нәтиже, үдеріс, білім жүйесі ретінде) қоқырды қажеттіліктер мен мақсаттарға, талаптар, нормаларға үйлесімді сәйкестілігі.

Жоғары білімді мамандарды дайындау сапасы – жоғары білімді мамандарды дайындаудың түрлі қажеттіліктер, мақсаттар, нормалар мен стандарттарға және талаптарға үйлесімділігі.

Жоғары білім беру сапасының өлшемдері – жоғары білім беру сапасының бекітілген талаптар мен нормаларға сәйкестілік деңгейінің сипаты.

Жоғары білім беру сапасын бағалау – өзіндік қасиет өлшемдерінің сапаның этолондық деңгейі, нормаларымен белгіленетін базаға сәйкестілігі ретінде көрінетін жоғары білім беру сапасының шамасы (сандық және семантикалық).

Жоғары білім беру сапасының мониторингі – жоғары білім беру сапасына қатысты бағалау мен болжауларға, оның жай күйі мен өзгерістеріне бақылау жасаудың кешенді жүйесі.

Жоғары білім беру сапасын басқару – жоғары білімнің барлық объектілері мен үдерістеріне қатысты сапаның болуы, қамтамасыз етілуі мен дамуына қолдау көрсетілу үдерістеріне басқару субъектілері тарапынан әсер ету, кері байланысты орнату.

Білім беру ұйымдарын аккредиттеу – білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны жетілдірудің тиімді тетіктерінің бар екенін растау мақсатында аккредиттеу органының олардың белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану рәсімі.

Білім беру сапасы дегеніміз – білім берушімен білім алушының ортақ мақсатқа оң нәтижелерге қол жеткізуі, ұсыныс пен сұраныстың қанағаттандырылу деңгейі.

Білім беру сапасын ішкі бағалау – мекеменің стратегиясына сай бітіруші түлектердің құзыреттіліктерге ие болып, маман ретінде қалыптасу деңгейінің өсуі.

Білім беру үдерісі – бұл білім, білік және дағдыларды мемлекеттік білім беру стандарттарынан төмен емес деңгейде игеруді қамтамасыз ететін тұлғаның өз бетінше білім алуымен бірлікте ұйымдастырылған оқу-тәрбие

және оқу-танымдық процестер арқылы оқыту, тәрбиелеу және тұлғаны дамытуға бағытталған мақсатты іс-әрекет.

Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру.

Оқыту әдістері – бұл мұғалім мен білім алушылардың білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бірлескен іс-әрекет әдістері.

Әдістеме – теориялық (ойлау) және практикалық қызметтің құрылымы, логикалық ұйымдастырылуы, әдістері мен құралдары туралы ілім; оларды ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдерінің жүйесі.

Модельдеу – оларды алмастыратын таным объектілерін зерттеу-нақты немесе идеалды модельдер; нақты объектілер мен құбылыстардың, атап айтқанда білім беру жүйелерінің модельдерін құру. Бұл жағдайда модель астында жүйенің кейбір маңызды қасиеттерін қайталайтын объектілер немесе белгілер жүйесі түсініледі-түпнұсқа, модельдің прототипі.

Модель – бұл белгілі бір шындықтың бейнесі, онда білімнің осы түрі үшін маңызды белгілер көрсетілген.

Технология – бұл қызмет нысанасын өнімге айналдыру процесін білдіретін қызмет нормасы, сонымен қатар түрлендіру әдістері мен құралдары.

Білім беру бағдарламасы – әрбір білім беру сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша алынуы тиіс білімнің, оқытудың, дағдылар мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Құзыреттілік – адамның әр түрлі жағдайларда мәселелерді шешуге қажетті білімін немесе іс-әрекетін көрсету қабілеті, білім мен өмірлік жағдаяттар арасында байланыс орнату қабілеті.

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

р/с	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Абдраманова Н. Ш.	Психология кафедрасының аға оқытушысы	8 702 901 32 22

Қысқартулар:

БСІҚЖ - Білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі
ОПҚ - Оқытушы-профессорлар құрамы
ОӘК – оқу-әдістемелік кешен
ЖОО – Жоғарғы оқу орындары

1. Оқытушы-профессорлар құрамына арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсының бағдарламасы

«ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсы жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған. Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру сапасын арттыруға, педагогикалық процестің тиімділігін жоғарылатуға және сапаны ішкі бағалау жүйесін жетілдіруге арналған. Бағдарлама ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес дайындалған және кафедра мәжілісінде бекітілді.

Жоғары білім беру жүйесін дамыту бүгінгі таңда оның қызмет етуінің жаңа формалары мен әдістерін іздестірумен, ұсынылатын білім бағдарламаларының нұсқаларының ұлғаюымен сипатталады. Жоғары білім беруді дамытудағы оң сипатты үдерістер университеттер автономиясы мен көпарналы қаржыландыру мүмкіндіктерінде, білім берудің жаңа мазмұнында, элективті пәндерді жобалауда, оқыту технологиясы мен академиялық нәтижелерді бағалау жүйелерін таңдау кезіндегі оқытушылардың дербестігінен көрініс табады. Қазіргі заманауи университет аймақтағы әлеуметтік-экономикалық сұраныстарға айқын жауап қайтара алатын ашық, дамушы жүйеге айналады. Білім беру саясатын жүзеге асыру кезіндегі шынайы бәсекелес ретіндегі университет мәртебесін көтеруде білім беру сапасын бағалау жүйесін қамтамасыз етудің басқарушылық және ұйымдастыру-педагогикалық негіздері де маңызды.

2. Бағдарламаның тақырыптары

Модуль атауы	Тақырыптар
Модуль 1. ЖОО дамыту құралы ретіндегі білім беру сапасын бағалау	***Тақырып*** 1. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесі жөніндегі ережені құруға арналған нормативті-құқықтық база
	Тақырып 2. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің шет елдік модельдері
	Тақырып 3. БСІҚЖ мақсаты, міндеттері мен қағидалары. Білім беру сапасын бағалау тәсілдері мен іс-шаралары.
	Тақырып 4. Аккредиттеу көрсеткіші ретіндегі білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесі
	Тақырып 5. Өзін-өзі бағалауға тиесілі ұйым қызметінің көрсеткіштері.
Модуль 2. Заманауи жағдайларда ЖОО қызметін ішкі бағалау: негізгі компоненттер (білім беру статистикасы; мониторинг; ЖООішілік бақылау).	***Тақырып*** 6. Білім беру сапасын бағалауға қоғамдық қатысу. Стейкхолдерлермен өзара байланыс.
	Тақырып 7. Білім беру сапасын басқару құралы ретіндегі ЖОО ішілік бақылау
	Тақырып 8. Мониторинг білім беру сапасын басқару құралы ретінде
	Тақырып 9. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызмет ету тәртібі
	Тақырып 10. Білім беру сапасын басқаруды бағалау, үдеріс сапасы (ерекше мұқтаждығы бар білім алушылардың меңгеру нәтижелері), нәтиже сапасы (білім беру қызметтерін жүзеге асыруды бағалау), жағдайлар сапасы (білім беру қызметі жүзеге асырылатын жағдайларды бағалау)
Модуль 3. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің мазмұндық компоненттері: білім алушылардың дербес жетістіктері; білім беру сапасын бағалау; педагогикалық жұмыскерлер сапасын бағалау.	***Тақырып*** 11. Жоғары білім берудің білім бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде бағалау материалдарын әзірлеу ерекшеліктері
	Тақырып 12. Білім алушылардың практикасын өткізу үдерісін ұйымдастыру
	Тақырып 13. Құзыреттілікке бағытталған оқу сабақтарын жобалау ерекшеліктері
	Тақырып 14. Білім берудегі сандық технологияларды пайдалану
	Тақырып 15. Мемлекеттік аккредиттеу, халықаралық аккредиттеу, аккредиттеуші мониторинг, бақылау және қадағалау

3. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бұл арнайы курс білім беру сапасын басқару тиімділігін жоғарылату бағыттарының бірі ретінде білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесін ұйымдастыру ерекшелігі жөнінде оқытушылардың хабардар болуын жоғарылатуға бағытталған. Тұтастай алғанда, біздің біліктілікті жоғарылату бағдарламамыз қазіргі стандарттарды ендіру мен бағалаудың ішкі жүйелерін дамытуға бағытталған кешенді тәсілді дамыта отырып, оқытушы-профессорлар құрамы өкілдерін оқыту үшін құрастырылған.

Курс мақсаты: білім беру сапасын ішкі бағалау саласында ОПҚ кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, бағалау шараларын жүргізу, білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамсыздандыру әзірлемелері саласында кәсіби дамыту.

Курс міндеттері:

1. Құқықтық негіздерді, басқа да нормативті құқықтық актілерді сапаны бақылаудың әдістемесі мен аспаптарын, табысты тәжірибе мен жиі кездесетін қателіктерді қосқанда, жоғары білім берудегі сапаны бағалаудың шешуші аспектілерін қарастыру.

2. Жоғары білім беру сапасын бағалау бойынша іс-шараларды жоспарлау мен ендіру тәжірибесін талдап қорыту;

3. Бағалау шараларын талдау мен тұжырымдау, бағалау әдістері мен формаларын жобалаստыру.

Курс тыңдаушыларының кәсіби құзыреттілігін арттыруға арналған бағдарлама мазмұнын талдау.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) ***Түсінеді:***

- Білім беру сапасын бағалаудың негізгі заңдары, стандарттары мен нормативтік-құқықтық негіздерін.
- Әлемдік және ұлттық деңгейдегі білім сапасын бағалау модельдері мен ішкі жүйе қағидаларын.
- Аккредиттеу үдерісінің мазмұны мен ішкі бағалау жүйесі арасындағы өзара байланысын.
- Мониторинг, өзіндік бағалау және ішкі бақылау жүйелерінің құрылымы мен маңызын.
- Қоғам, стейкхолдерлер және білім алушылардың сапаны бағалаудағы рөлін.
- Цифрлық технологиялар мен құзыреттілікке негізделген бағалау тәсілдерінің ерекшеліктерін.

2) ***Қолдана алады:***

- Шетелдік тәжірибелерді бейімдеп, білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды жоспарлайды.
- Аккредиттеу талаптарына сай ішкі бағалау есептері мен дәлелдемелерді әзірлейді.
- Өзіндік бағалау мен мониторинг жүргізіп, сапа көрсеткіштерін талдайды.
- Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесіп, тиімді кері байланыс жүйесін ұйымдастырады.
- Сабақ пен практикалық жұмысты құзыреттілікке және SMART қағидаларына сай жобалайды.
- Сандық технологиялар мен интерактивті құралдарды оқу процесінде тиімді қолданады.

3) ***Бағалайды:***

- Білім сапасын бағалау модельдерінің тиімділігі мен олардың ұлттық жүйеге сәйкестігін.
- Бағалау тәсілдері мен мониторинг нәтижелерінің сапасы және сенімділігін.
- Университеттің аккредиттеу көрсеткіштеріне сәйкестік деңгейін және жетілдіру мүмкіндіктерін.
- Ішкі бағалау жүйесінің тұрақтылығы, тиімділігі және нәтижелілігін.
- Оқу процесі мен бағалау материалдарының мазмұндық және әдістемелік сапасын.

- Сандық технологиялар мен қоғамдық қатысудың білім беру сапасына әсерін.

Күтілетін нәтижелер:

«Сапа» ұғымының қолданыстағы анықтамалары жөніндегі ұғым-түсініктерді, білім беру сапасын бағалаудағы тәсілдер, білім беру сапасын бағалау әдістері, бағалауға қойылатын талаптар, мониторинг ұғымы, оны жүргізуде қолданылатын құралдарды жүйелеуге қабілетті;

Мектептегі білім беру сапасын бағалаудағы тәсілдерді талдауға, мониторинг жүргізу бағдарламаларын даярлауға даяр;

Басқарылатын жүйені дамытудың жалпы және өзіндік заңдылықтарына сай менеджменттің инновациялық технологияларын пайдалана отырып, басқарушылық үдерісті қарастыруға, ұйымдастыру мен бағалауға даяр;

Бағдарламаның өлшемдік-бағдарлы мазмұны мен бақылау-өлшеу материалдарын жобалауға қабілетті;

Жоғары білім беру сапасын дамыту міндеттерін шешу үшін командалық жұмысты ұйымдастыруға даяр;

Білім беру қызметінің нақты жағдайларын есепке ала отырып, жоғары оқу орнындағы мониторинг бағдарламасын жобалау дағдыларын игерген.

4. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымы 3 модульден тұрады:

1. ЖОО дамыту құралы ретіндегі білім беру сапасын бағалау
2. Заманауи жағдайларда ЖОО қызметін ішкі бағалау: негізгі компоненттер (білім беру статистикасы; мониторинг; ЖОО ішілік бақылау).
3. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің мазмұндық компоненттері: білім алушылардың дербес жетістіктері; білім беру сапасын бағалау; педагогикалық жұмыскерлер сапасын бағалау.

5. Оқу процесін ұйымдастыру

Арнайы курсты өткізу формасы: онлайн, офлайн сабақтар.

Күндізгі және қашықтықтан оқыту барысында курс тыңдаушыларының білімін бақылау және бағалау мақсатында бейнесабақтарды дайындау және шағын сабақты қорғау ұйымдастырылады. Курс тыңдаушылары бейнесабақ пен шағын сабақ тақырыбын оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес еркін таңдай алады.

Курсты қашықтықтан оқытуды арнайы платформаларда жүргізуге болады:

Оқу процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: аралас оқыту, практикалық сабақтар, кейс-оқыту.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін оқытушылар құрамы бағдарламаның мазмұнын игеру және бағалау критерийлерін әзірлейді және курстың оқу жоспарын ұсынады.

6. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1: «ЖОО дамыту құралы ретіндегі білім беру сапасын бағалау»

Модульдің құрылымы:

Ұзақтығы – 20 сағат (дәріс – 5 сағат, практикалық сабақ – 5 сағат, СӨЖ - 10 сағат)

Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты:

Жоғары оқу орнының институционалдық дамуын қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде білім беру сапасын бағалау жүйесінің теориялық және тәжірибелік негіздерін зерделеу, сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін ЖОО стратегиялық басқару процесіне кіріктіру жолдарын анықтау.

Модульдің міндеттері:

- Білім беру сапасын бағалаудың нормативтік-құқықтық базасын талдау;
- Сапаны бағалаудың ішкі жүйесін жобалауда қолданылатын шетелдік модельдерді салыстырмалы тұрғыда қарастыру;
- БСІҚЖ мақсаты, міндеттері мен қағидаларын айқындау;
- Аккредиттеу көрсеткіші ретіндегі ішкі бағалау жүйесінің орнын анықтау;
- Ұйымның өзін-өзі бағалау көрсеткіштері мен ішкі есеп жүргізу тәсілдерін қарастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Білім беру сапасын бағалаудың құқықтық-нормативтік негізін біледі және қолданады;
- Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жобалау және жетілдіру принциптерін түсінеді;
- Шетелдік сапа менеджменті модельдерінің артықшылықтарын саралап, ЖОО тәжірибесіне бейімдей алады;
- Аккредиттеу және өзіндік бағалау көрсеткіштері арқылы сапаны басқарудың тиімділігін бағалайды;
- Білім беру сапасын арттыруға бағытталған ішкі бағалау жүйесінің құрылымын жобалай алады.

Модульдің қысқаша мазмұны:

Модульде білім беру сапасын бағалаудың теориялық және нормативтік негіздері қарастырылады. Тыңдаушылар Қазақстан Республикасының білім беру сапасын қамтамасыз етуге арналған негізгі заңнамалық және әдістемелік құжаттарымен танысады.

Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің (БСІҚЖ) мақсаты мен құрылымы, оны ЖОО басқару жүйесіне енгізудің артықшылықтары мен тәуекелдері талқыланады. Шетелдік тәжірибелер мен сапаны қамтамасыз ету модельдері (ESG, EFQM, ISO, TQM) салыстырмалы түрде қарастырылып, олардың ұлттық контексте бейімделу жолдары талданады.

Сондай-ақ, аккредиттеу көрсеткіштерін орындауда ішкі сапа жүйесінің маңыздылығы мен өзіндік бағалау есептерін жүргізудің әдістемесі түсіндіріледі. Практикалық сабақтарда тыңдаушылар өз университетінің мысалында ішкі бағалау құрылымын жобалап, даму стратегиясына енгізу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Модуль 2: «Заманауи жағдайларда ЖОО қызметін ішкі бағалау: негізгі компоненттер (білім беру статистикасы; мониторинг; ЖООішілік бақылау).»

Модульдің құрылымы:

Ұзақтығы – 22 сағат (дәріс – 5 сағат, практикалық сабақ – 5 сағат, БӨЖ – 12 сағат)

Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты:

Жоғары оқу орны қызметінің сапасын басқарудағы ішкі бағалау жүйесінің құрылымдық компоненттерін — білім беру статистикасын, мониторингті және ЖОО ішілік бақылауды — тиімді ұйымдастырудың теориялық және практикалық негіздерін меңгерту, сапаны бағалау үдерісінде қоғамдық қатысу мен стейкхолдерлермен өзара әрекеттестікті дамыту.

Модульдің міндеттері:

- Білім беру сапасын бағалауға қоғамдық қатысудың рөлін және стейкхолдерлердің маңызын анықтау;
- ЖОО ішілік бақылау жүйесінің мақсаттарын, кезеңдерін және құралдарын талдау;
- Мониторинг пен білім беру статистикасын сапаны басқару тетігі ретінде қолдану тәсілдерін көрсету;
- Ішкі бағалау жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызмет ету тәртібін сипаттау;
- Үдеріс, нәтиже және жағдайлар сапасын бағалау өлшемдерін жүйелеу және талдау.

Күтілетін нәтиже:

- ЖОО ішкі бағалау жүйесінің негізгі компоненттерін (бақылау, мониторинг, статистика) біледі және қолдана алады;
- Білім беру сапасын бағалауға стейкхолдерлерді тарту және қоғамдық қатысуды ұйымдастыра алады;
- Ішкі бағалау үдерістерін басқару, бақылау және талдау әдістерін қолданады;
- Үдеріс, нәтиже және жағдайлар сапасын бағалап, жетілдіру бағыттарын анықтайды;
- Мониторинг пен ішкі бағалау нәтижелерін университеттің стратегиялық дамуын жоспарлауда пайдалана алады.

Модульдің қысқаша мазмұны:

Модульде заманауи жоғары оқу орындарында ***ішкі бағалау жүйесін ұйымдастырудың практикалық аспектілері*** қарастырылады. Тыңдаушылар білім беру сапасын бағалауға қоғам өкілдерін, жұмыс берушілер мен түлектер қауымдастығын тартудың тетіктерін зерттейді.

ЖОО ішілік бақылау жүйесінің мақсаттары мен құрылымы талданып, оның білім сапасын басқарудағы функциялары қарастырылады. **«Мониторинг»** және **«білім беру статистикасы»** сапаны бағалаудың дәлелдемелік базасы ретінде түсіндіріліп, олардың нәтижелері бойынша шешім қабылдау механизмдері үйретіледі.

Модуль 3: «Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің мазмұндық компоненттері: білім алушылардың дербес жетістіктері, білім беру сапасын бағалау, педагогикалық жұмыскерлер сапасын бағалау»

Модульдің құрылымы:

Ұзақтығы – 22 сағат (дәріс – 5 сағат, практикалық сабақ – 10 сағат, БӨЖ – 12 сағат)

Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты:

Білім беру сапасын бағалаудың мазмұндық компоненттерін айқындау, білім алушылардың оқу жетістіктерін, педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын кешенді бағалау тәсілдерін меңгерту.

Модульдің міндеттері:

- Жоғары білім бағдарламаларының оқу нәтижелеріне сай бағалау материалдарын әзірлеу ерекшеліктерін қарастыру;
- Білім алушылардың практикасын ұйымдастырудың сапалық көрсеткіштерін анықтау;
- Құзыреттілікке бағытталған сабақ үлгілерін жобалау және бағалау тәсілдерін үйрету;
- Білім беру сапасын арттыруда цифрлық технологиялар мен заманауи құралдарды қолдану жолдарын талдау;
- Мемлекеттік және халықаралық аккредиттеу үдерістерін, бақылау және мониторинг механизмдерін түсіндіру.

Күтілетін нәтиже:

- Білім беру сапасын бағалаудың мазмұндық компоненттерін (оқу жетістіктері, кадр сапасы, бағдарламалар сапасы) түсінеді;
- Бағалау материалдарын құрастырып, оқу нәтижелерін талдай алады;
- Білім алушылардың практикасын ұйымдастыру мен бағалаудың тиімді тәсілдерін қолданады;
- Құзыреттілікке бағытталған сабақтарды жобалап, бағалау критерийлерін анықтайды;
- Цифрлық технологияларды және автоматтандырылған бағалау жүйелерін тиімді пайдаланады;
- Аккредиттеу және мониторинг үдерістеріне қатысып, сапа менеджменті стандарттарын сақтайды.

Модульдің қысқаша мазмұны:

Модуль білім беру сапасын бағалаудың мазмұндық аспектілерін қамтиды: білім алушылардың академиялық жетістіктерін, оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын анықтау.

Тыңдаушылар **«бағалау материалдарын әзірлеу қағидаттарымен»**, оқу нәтижелерін өлшеудің валидті және сенімді тәсілдерімен танысады. **«Білім алушылардың практикасы»** оқу сапасын бағалаудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, оның ұйымдастырылу кезеңдері мен нәтижелерін талдау әдістері зерттеледі.

Модуль аясында **«құзыреттілікке бағытталған сабақтарды жобалау»** және сабақ мазмұнына бағалау компонентін енгізу жолдары үйретіледі. Сонымен қатар, білім беру сапасын қамтамасыз етуде **«сандық технологиялар, LMS жүйелері, жасанды интеллект элементтері»** мен аналитикалық платформаларды пайдалану мысалдары талданады.

Қорытынды бөлімде тыңдаушылар **«мемлекеттік және халықаралық аккредиттеу»**, **«ішкі мониторинг және бақылау»** рәсімдерінің талаптарымен танысып, ЖОО қызметін бағалауда сапа стандарттарының рөлін анықтайды.

7. Бағдарламаның жобалық мазмұны

Тақырып атаулары	Сабақтағы сағат саны	СӨЖ
Модуль 1. ЖОО дамыту құралы ретіндегі білім беру сапасын бағалау		
Тақырып 1. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесі жөніндегі ережені құруға арналған нормативті-құқықтық база	2	2
Тақырып 2. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің шет елдік модельдері	2	2
Тақырып 3. БСІҚЖ мақсаты, міндеттері мен қағидалары. Білім беру сапасын бағалау тәсілдері мен іс-шаралары.	2	2
Тақырып 4. Аккредиттеу көрсеткіші ретіндегі білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесі	2	2
Тақырып 5. Өзін-өзі бағалауға тиесілі ұйым қызметінің көрсеткіштері.	2	2
Модуль 2. Заманауи жағдайларда ЖОО қызметін ішкі бағалау: негізгі компоненттер (білім беру статистикасы; мониторинг; ЖООішілік бақылау).		
Тақырып 6. Білім беру сапасын бағалауға қоғамдық қатысу. Стейкхолдерлермен өзара байланыс.	2	2
Тақырып 7. Білім беру сапасын басқару құралы ретіндегі ЖООішілік бақылау	2	3
Тақырып 8. Мониторинг білім беру сапасын басқару құралы ретінде	2	2
Тақырып 9. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызмет ету тәртібі	2	2
Тақырып 10. Білім беру сапасын басқаруды бағалау, үдеріс сапасы (ерекше мұқтаждығы бар білім алушылардың меңгеру нәтижелері), нәтиже сапасы (білім беру қызметтерін жүзеге асыруды бағалау), жағдайлар сапасы (білім беру қызметі жүзеге асырылатын жағдайларды бағалау)	2	3
Модуль 3. Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің мазмұндық компоненттері: білім алушылардың дербес жетістіктері; білім беру сапасын бағалау; педагогикалық жұмыскерлер сапасын бағалау.		
Тақырып 11. Жоғары білім берудің білім бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде бағалау материалдарын әзірлеу ерекшеліктері	1+2	3
Тақырып 12. Білім алушылардың практикасын өткізу үдерісін ұйымдастыру	1+2	3
Тақырып 13. Құзыреттілікке бағытталған оқу сабақтарын жобалау ерекшеліктері	1+2	3
Тақырып 14. Білім берудегі сандық технологияларды пайдалану	1+2	3
Тақырып 15. Мемлекеттік аккредиттеу, халықаралық аккредиттеу, аккредиттеуші мониторинг, бақылау және қадағалау	1+2	3
Барлығы:	35	37

8. Өзіндік жұмыска тапсырмалар

1. Білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі үлгісін әзірлеңіз.
2. Өз пәніңіз бойынша қорытынды бақылау үшін құзыреттілікке бағытталған тапсырманы әзірлеңіз.
3. Пән бойынша студенттердің оқу жетістіктерін бағалау рубрикаторын әзірлеңіз.
4. Білім алушылардың академиялық және тұлғалық жетістіктерін бағалау өлшемдерін даярлаңыз.
5. Құзыреттіліктерді бағалау матрицасы мен жаңа білім беру бағдарламасын әзірлеңіз.
6. Білім алушылармен кері байланыс анкетасын даярлаңыз.

Барлық БӨЖ сілтемелер мен әдістемелік нұсқаулар көрсетіліп, кем дегенде 10 слайдтан тұратын презентация түрінде ұсынылады.

9. Бағалау жүйесі мен критерийлер

Бағалау екі кезеңде жүргізіледі: аралық және қорытынды бақылау.

Аралық бағалау: қатысу белсенділігі, тапсырмаларды орындау, презентация.

Қорытынды бағалау: жеке жобаны (ішкі бағалау моделі) қорғау және тестілеу.

Бағалау критерийлері:


- Мақсаттың нақтылығы және өзектілігі;
- Оқыту мен бағалау әдістерін дұрыс таңдау;
- Дәлелдемелер мен рефлексия сапасы;
- Презентация сапасы және уақытты тиімді пайдалану.

10. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курс аяқталған соң қатысушыларға онлайн форматта әдістемелік және кеңестік қолдау көрсетіледі. Қатысушылар Zoom, Telegram, WhatsApp платформалары арқылы тәжірибе алмасады. Тренерлер курстан кейінгі 1 ай ішінде қатысушыларға әдістемелік кеңес беру жүргізеді.

Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Разработка силлабуса: от качества силлабуса к качеству обучения. Методическое пособие / Дуйшон Шаматов, Зумрад Катаева, Джейсон Спаркс, Аида Сагинтаева – Нур-Султан: Высшая школа образования Назарбаев Университета, 2022 – 68 с.
2. Звонников В.И., Челышкова М.Б. Контроль качества обучения при аттестации: Компетентностный подход. М.: Университетская книга; Логос, 2009. 272 с.
3. Муганов, Г. М. Управление, ориентированное на результат / Г. М. Муганов, Ж. Д. Мамыкова, С. К. Кумаргажанова. — 4-е изд. — Алматы: Дарын, 2023. — 121 с.
4. Управление качеством в высшем учебном заведении. / Г.М. Мутанов, А.К. Томилин, Ю.Е. Кукина и др. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2011. – 116 с.
5. Жиркова, З. С. Управление качеством образования. Учебное пособие для магистрантов высш. учеб. заведений / З. С. Жиркова. –СПб.: Наукоемкие технологии, 2022 – 137 с.
6. Управление качеством образования: практикоориентированная монография и методическое пособие / М. М. Поташник [и др.]. - М.: Педагогическое общество России, 2000. - 448 с.
7. Качество образования: инновационные тенденции и управление: монография /В.П. Панасюк, Н.В. Третьякова. - Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2018. - 201 с.
8. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ САПАСЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ НӘТИЖЕЛЕРІ: АРТТА ҚАЛУ СЕБЕПТЕРІН ЗЕРТТЕУ: ТАЛДАМАЛЫ ЕСЕБІ/ С.Ә. Ырсалиев. - «Белес» талдау және стратегия орталығы, 2020 – 308 б.



https://youtu.be/w5W5R14v5Bs

ҚОСЫМША Ж

Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері сыни тұрғыда ойлауын дамыту оқу құралы



Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (Оқу құралы)

УДК 37.0
ББК 74.00
А14

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент - ***Молдасан Қ.Ш.***
Педагогика ғылымдарының кандидаты – ***Қойшиев Қ.Е.***

Абдраманова Н.Ш.
Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың психологиялық- педагогикалық негіздері. Оқу құралы. - Алматы, Басма, 2021.-192 б.

ISBN 978-601-7968-06-9

Оқу құралында білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың негізігі бағыттары мен мазмұны сипатталады. Сапа ұғымы және оның негізгі кезеңдері мен білім сапасының мазмұны, білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың параметрлері мен негізгі теориялары, әдіснамалық тұғырлары және бағалаудың әдістері мәселелері карастырылған.
Оқу құралы студенттерге, оқытушыларға, магистранттарға арналады.

УДК 37.0
ББК 74.00

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Оқу-әдістемелік кеңесі шешімімен 26 06 2019 ж бекітілді және басылымға ұсынылды, хаттама №6

ISBN 978-601-7968-06-9
© Абдраманова Нұрсұлу Шермаханбетовна
© ИП «Білімгер»

Мазмұны

АЛҒЫ СӨЗ....4-6
1. САПА, БІЛІМ САПАСЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ....7-52
1.1 Сапа ұғымы және оның негізгі кезеңдері....7-13
1.2.Білім сапасы мәселелерінің ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде зерделену жайы....14-21
1.3 Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың теориялық негіздері....22-29
1.4 Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың әдіснамалық тұғырлары....30-36
1.5 Жоғары оқу орындарында білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың педагогикалық тұжырымдамалары....37-42
1.6 Жоғары оқу орындарында білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың психологиялық тұжырымдамалары....43-52
2 БІЛІМ САПАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР....53-112
2.1 Шетелдік және отандық тәжірибесінде жоғары оқу орындарында білім сапасын ішкі және сыртқы бағалау....53-61
2.2 Қазақстандық жоо-лардың сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тенденциялары....62-66
2.3 Жоғары оқу орындарында білім сапасын ішкі және сыртқы салыстырмалы бағалаудың параметрлері....67-77
2.4 Білім сапасын бағалау моделі....78-92
2.5 Білім беру сапасын зерттеу жұмыстарының болашағы....93-102
2.6 Білім беру сапасын жоғарылату бойынша әдістемелік ұсыныстар....103-112
Қорытынды....113
Пайдаланылған әдебиеттер....114-126

ҚОСЫМША 3
Эксперименттік жұмыстардың сипаттамасы

Эксперимент кезеңдері	Бағалау объектілері	Қолданылған әдістер мен жұмыстар	Мақсаты
Айқындаушы кезең	Білім алушылар	Білімгерлерге арналған экспресс сауалнама	Білім беру сапасына қатысты бастапқы көзқарастар мен қанағаттану деңгейін анықтау
	Оқытушы-профессорлық құрам (ОПҚ)	Білім беру мекемесінің оқытушы-профессорларына арналған арнайы сауалнама	ОПҚ-ның білім сапасын ішкі бағалауға қатысу дайындығын анықтау
	Сарапшылар	Сараптамалық сұхбат	ЖОО-дағы ішкі бағалау тәжірибесін сапалық тұрғыда талдау
	Студенттер	«Аяқталмаған әңгіме» әдісі	Оқу мотивациясын және өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін анықтау
	Оқытушылар	Оқытушылардың кәсіби дайындығы мен тұлғалық сапаларын диагностикалау сауалнамасы	Кәсіби және тұлғалық сапалардың бастапқы деңгейін анықтау
Қалыптастырушы кезең	ОПҚ	ЖОО білім беру сапасын ішкі бағалау моделі бойынша арнайы курс өткізу (біліктілікті арттыру)	ОПҚ-ның ішкі бағалау саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру
	Білім беру бағдарламасы	«Педагогика және психология» ББ мазмұнына «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәні бойынша тақырыптар енгізу	Білім беру мазмұнын жаңарту және сапа менеджментін кіріктіру
	Студенттер	«Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәні бойынша студенттік өзіндік жұмыстарды әзірлеу	Студенттердің практикалық және аналитикалық дағдыларын дамыту
	Білім алушылар	«Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» атты элективті пән бағдарламасын әзірлеу	Білім сапасын бағалау бойынша теориялық және практикалық білім қалыптастыру
	ОПҚ	ПОҚ даярлығы бойынша әдістемені қолдану	Оқытушылардың әдістемелік даярлығын жетілдіру